Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 070:502 (574)

Қолжазба құқығында

КАРИМОВА БИБИГУЛЬ ЖУМАШОВНА

Ақпараттық кеңістіктегі экологиялық мәдениет қалыптастыру жолдары: шетелдік тәжірибе және ұлттық үлгі

6D050400 – Журналистика

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер:
Шетелдік кеңесші
PhD докторы,
профессор Э. Фридман
АҚШ, Мичиган штаты

Отандық ғылыми кеңесші
филология ғылымдарының
докторы,
профессор Б.Ө. Жақып

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2019

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР 3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР 4
КІРІСПЕ 5

1 ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК МЕДИАКЕҢІСТІКТЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР КӨРІНІСІ 14

1.1 Экологиялық мәдениет қалыптастыру негіздері 14
1.2 Қазақстан мен шетелдердегі экологиялық білім беру жүйесі 25
1.3 Экологиялық журналистика мәселелері 38

2 ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ 50
2.1 Экологиялық ақпараттардың БАҚ дискурсындағы көрінісі 50
2.2 Отандық және шетелдік тәжірибедегі ортақ траекториялар 64
2.3 Семей полигоны: ғаламдық ядролық қауіпсіздік мәселелері 84

3 ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ: ЭТНОЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ НЕГІЗДЕРІ 91
3.1 Адам экологиясының этникалық аспектілері 91
3.2 Экологиялық мәдениет қалыптастыруда халық шығармашылығының орны 100
3.3 Адам және табиғат үйлесімділігі 113

ҚОРЫТЫНДЫ 127
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ 132
ҚОСЫМШАЛАР 140

АНЫҚТАМАЛАР

Экологиялық мәдениет – әлеуметтік ортаның әртүрлі топтарының өзіндік қызметтері, деңгейлері, құрылымды құрушы элементтері арқылы дараланатын әлеуметтік-мәдени болмыс.

Экологиялық мониторинг – бұл қоршаған орта жағдайын болжау, бағалау, талдау мен бақылау жүйесі.

Экологиялық білім беру – адамзат қауымының, қоғамның табиғаттың және қоршаған ортаның үйлестігінің ең тиімді жолдарын ұрпаққа түсіндіру.

Экологиялық таным – экологиялық мәдениеттің маңызды компоненті. Тұлғаның қоршаған ортамен қарым-қатынасы.

Экологиялық қызмет, әрекет – белгілі бір нысанға бағытталған үдеріске адамның белсенді қатысуы немесе ықпал етуі.

Экологиялық құндылық – тұлғаның мінез-құлқы мен адамдардың өзара қарым-қатынасын реттейтін маңызды фактор.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АҚШ – Америка Құрама Штаты
АТББ – Арал теңізі бассейніндегі елдерге көмек көрсету жөніндегі іс-қимыл бағдарламасы
БАҚ – Бұқаралық ақпарат құралдары
БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы
ЕХРО – Халықаралық мамандандырылған көрме
Қазгидромет – Қазақстан гидрометеорологиясы
ҚР – Қазақстан Республикасы
РИО+20 – Бразилияның Рио-де - Жанейро қаласында өткізілген конференция
ТОП-21 – Ақылды қалалар рейтингі
ТМД – Тәуелсіз мемлекеттер достастығы
ХАҚҚ – Халықаралық Аралды құтқару қоры
ЭКО АСАР – «Экологиялық Асар» экологиялық акциясы
ЭКО-тв – Экологиялық телеарна
ЮНЕСКО – Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым, мәдениет мәселелері жөніндегі халықаралық, үкіметаралық ұйымы

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Адам баласы өз ақыл-ойымен дүниеге әкелген техникалық, технологиялық үдерістің талай ғаламат апатты жетектей келгенін соңғы он жылдықта айқын сезіне бастады. Атмосфера, топырақ, су ластануда, орман оталуда, қазба байлық кемуде, адамзат генеқоры нашарлауда. Әлемдегі экологиялық ахуалдың күрт төмендеуі турасында жұртшылық, мемлекеттік емес ұйымдар, жеке адамдар дабыл қағуда. Ғалымдар оның антропогендік, техногендік астарына үңіліп, себептерін адамның өз іс-әрекетімен байланыстыруда. Осындай көкейтесті экологиялық мәселелерді оңтайлы шешу мен жақсарту, әлеуметтік және мәдени өмірінің жарасымды болуы ең алдымен адамның тарихи жады мен дәстүріне, оның өмір сүретін ортасына тікелей қатысты. Микро және макроайналаны өзіне жайлы етіп жасау мен сақтау да адамның өз қолында. Сондықтан халықтың ғасырлар бойы жинақталған тәжірибесіндегі табиғатты аялау, оған ұқыпты қарау, қорғау мен үндестікте өмір сүру басты өмір дағдысы екендігі күн тәртібіне қайта қойылып отыр.

Адамның табиғи ортаға деген саналы көзқарасы мен оны жақсартуға өзіндік үлес қосуы, экологиялық білім мен тәрбие мәселелерін ұштастыра отырып экологиялық мәдениет қалыптастыруға негіз болады. Сөйтіп, биосфералық мәдениет ноосфералық түйсікке барып ұласады. Ал, ғылыми жұмыстағы экологиялық проблемаларды қарастыратын ақпараттық, сараптамалық, ықпалдастық дискурсы осы биосфера мен ноосфера мұнтаздығынан бастау алады.

Адам мен табиғат арасындағы өзара қарым-қатынаста мәдени-танымдық байланыстың жоғары деңгейі орын алатын болса, экологиялық таза орта қалыптасады, дамиды. Мәдениеттің бір парасы – адам мен табиғатты үйлестіру. Қоғам мен табиғат арасындағы үйлесімділіктің орнауы экологиялық мәдениеттің қалыптасу деңгейінен аңғарылады.

Адам – қоғам – табиғат жүйесінің өзара сабақтастырылуы арқасында экологиялық мәдениеттің қалыптасу векторлары айқындалады. Солардың қатарынан шетелдік және ұлттық деңгейде бірлескен ұйымдар, тиісті мекемелер, ортақ жобалау траекториялары көрініс береді. Бүгінгі қоғамдағы экологиялық білім беру жүйесі мен тәрбие бағытындағы экологиялық мәселелер туралы сөз қозғағанда, алдымен атқарылған іс-шаралардың тәжірибелік маңызы мен нәтижелері көрсетіледі**.**

Экологиялық білім беру жүйесі аясында атқарылып, жоспарланып отырған бірқатар шаралар қатарына БҰҰ мен бірнеше мемлекеттің адам және қоршаған орта туралы жаңа бағыттағы білім жүйесін, биосфераны сақтап қалуға бағытталған, энергияны және ресурстарды үнемдейтін технологияларды енгізуді міндеттейтін тұрақты даму стратегиясын қабылдауын атап өтуге болады.

Экологиялық білім мен тәрбие берудің дүниежүзілік даму кезеңдеріне келсек, ең алдымен БҰҰ аясында ЮНЕСКО ұйымы 1971 жылы «Адам және

биосфера» атты құжат қабылдады. Алғаш рет халықаралық деңгейде биосфера ресурстарын қорғау және тиімді пайдалану туралы бағдарламаның экологиялық сипаты айқын көрініс берді.

Қазақстанда экологиялық мәселелерді түбегейлі шешу аймақтық, мемлекеттік, халықаралық сабақтастыққа ұласты.

Бүгінгі қоғамда адам араласуы салдарынан пайда болған экологиялық дағдарыстан шығу үшін жоспарланған шаралар қатары молаюда. Оның бастылары – қоршаған ортаны қорғау, ауасы таза, суы мөлдір, жасыл желекті елге айналу, өндіріс қалдықтары мен радиация қалдықтарынан арылу, қазақстандықтардың тіршілік ету жағдайын, денсаулығын оңалтуға, экологиялық ортаны жақсартуға арналған «Қазақстан – 2030» стратегиясын, жаһандық бастама ретінде танылған «Жасыл көпір» бағдарламасын атап айтуға болады. *Бұл бағдарламаны 2012 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының «РИО+20» саммитінде барлық ел мақұлдады.*

Баламалы энергия көздеріне және «жасыл» технологияға арналған EXPO-2017 көрмесінің «Болашақтың энергиясы» деп аталғаны да, оның біздің ел астанасында өткізілгені де бекер емес.

Қазақстанда экологиялық білім беру мен тәрбиелеудің жолдарын мектепке дейін және мектеп жасынан қолға алу қалыптасса, мәселен, арнайы пәндерден экологиялық мәселелерге арналған үйірмелер, ғылыми жобалар, зерттеулер, табиғатты қорғау акциялары жүйелі өткізілер еді.

Ал көптеген шет елдерде, мәселен, Еуропа елдерінде экологиялық мәдениетті қалыптастыру бағытындағы көптеген шаралардың бірі – балалар жабайы және үй жануарларына үй жағдайында қамқор болуды мақсат етеді. Экологиялық білім беру бағдарламаларының да нысан ретінде алынуына баса назар аударады. Яғни, теория мен практика ұштаса жүреді.

Экологиялық білім беруді жетілдіру мақсатында оқытушылар мен еріктілердің арнайы білімдері болумен қатар, белгілі бір мамандықтарға қатысты экологиялық білім қорларының болу қажеттілігі байқалады.

ҚР-ның 2007 жылғы (№ 21) 9 қаңтардағы экологиялық кодексінің 181-бабында: «Экологиялық білім беру мен ағартудың, мамандардың біліктілігін арттырудың мақсаты және негізгі міндеттері» атты тармағында: «Экологиялық білім беру мен ағартудың мақсаты – орнықты даму қағидаларына негізделген азаматтардың белсенді өмірлік ұстанымын және қоғамдағы экологиялық мәдениетті қалыптастыру болып табылады» деп атап көрсетілген.

Экологиялық білім беру мен экологиялық мәдениет қалыптастыру жолында дәстүрлі басылымдар мен жаңа медианың рөлі арта түсті. Бүгінгі БАҚ әлеуметтік, экономикалық, экологиялық жағдайды батыл да табанды сөз ете бастады. Бұқаралық ақпарат құралдары қоғамның, қоғамның белсенді мүшесі – жастардың білім, ғылым, мәдени таным қажеттілігін қанағаттандыратын жаңа медиаөнімдер ұсынуда. Интернеттің қарқынды дамуы ақпаратты дербес пайдалануға, мәтінге жеке бақылау жасауға мүмкіндік берді. Сол себептен көпшілік қауым масс-медианы түйткілді мәселелерді халыққа жедел жеткізер сенімді ақпарат көзі деп есептейді.

Жалпы бүгінгі қоғамдағы экологиялық мәдениетті қалыптастыруға ықпал ететін басылымдардың жаратылысты қорғау тақырыбындағы бағдарламалар мен жарияланымдар ұсыну тізбегінен, тақырып мазмұны, аудиторияның (тыңдарманның, көрерменнің) әлеуметтік желілерде контент таңдау көрсеткішінен экологиялық мәселелерге деген ынтазарлықты анық байқауға болады.

Сондықтан әлеуметтік сұранысқа орай, бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі арта түсті, мүмкіндігі шексіздікке ұмтылды, ауқымдылығы анағұрлым еселенді. Соның арқасында қазіргі кезде экологиялық ақпараттану адамдардың күнделікті өміріне белсенді түрде дендей енді. Мұның бәрі, түптеп келгенде экологиялық сананың қалыптасуына барынша ықпал ете бастады.

Ғалымдардың, әлеуметтанушылардың пайымдауынша, экологиялық түйсіктің, көзқарастың, мінез-құлықтың, жауапкершіліктің орнығуы экологиялық мәселелерді шешудің оңтайлы жолын қалыптастыруға мол мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде бүгінгі жас буынды қауіпсіз өмірге дайындай алатын білімнің экологиялық үлесін арттыруға, атап айтқанда, болашақ журналистерді экологиялық біліммен жан-жақты қаруландыруға жол ашады. Бұл – қазіргі заман талабы. Сондықтан болашақ журналист мамандарға экологиялық білім беру – экологиялық мәдениетті қалыптастыру негіздерінің бірі де бірегейі.

Осы ретте бүгінде әлемнің басым бөлігінде «кенттену үдерісі» қарқынды жүріп жатқаны мәлім. Себебі қазіргі кезде ірі қалалар мен өнеркәсіптік орталықтарда аса қолайсыз экологиялық жағдай орнаған. Соған орай экологиялық ахуалды жақсарту мақсатымен іске асырылып келе жатқан «Ақылды қала» жобасының да маңыздылығы мен қажеттілігі орасан зор. Аталмыш жоба Нұр-Сұлтан мен Алматы сияқты үлкен мегаполистерде оң нәтиже беруде.

Экологиялық сананың қалыптасуының ең қарапайым сатысы – ол өз отбасы мен ауласындағы, көшесіндегі тазалық пен үнемшілдік, ысырапшылдыққа жол бермеу сынды қасиеттерді әсіресе жас ұрпақтың бойына дарыту. Адаммен егіз табиғат құбылысының құпияларын ұғындыру, барды бағалау. Осы ретте адамды табиғатпен байланыстыратын – мәдениет пен әдеп.

Экология тақырыбы әрқашан да елеулі. Оның бірден-бір айғағы – ретроспектива, сонау «Дала уалаяты» сынды алғашқы басылымдардан бастау алатын экологиялық жарияланымдар мән-маңызының ортаймауы, журналистік өнегенің бүгінге дейін жалғасып келе жатуы.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазіргі күні адамзат баласын толғандырып отырған экологиялық мәселелердің өзі аса өзекті. Ал осы мәселелердің тиімді, қауіпсіз шешілуіне жіті назар аударып, мониторинг жасап отырған БАҚ құралдарының материалдары жариялылық пен пікір еркіндігі арқылы сол өзектілікті бедерлей түседі. Ал, әлемдік және ұлттық медиакеңістіктегі экологиялық мәселелердің күн тәртібіне қойылуына назар аудара отырып, қоршаған ортада экологиялық апаттарға жол бермеу, болжампаздықпен экологиялық білім мен тәрбие арқылы экологиялық

мәдениет қалыптастыру шаралары мен оны жүзеге асыру жолдары, игі бастамалардың нәтижесін көрсету, жинақталған тәжірибені бөлісудің заманауи әдіс-тәсілдерін зерттеу – ғылыми жұмыстың көкейтестілігі де, өзектілігі де.

Бүгінгі қоғамдағы экологиялық мәдениеттің қалыптасуы табиғи кеңістікте, әлеуметтік және рухани тіршілік ету жағдайында экологиялық таным және экологиялық білім мен тәрбиені жетілдіру қажеттілігін талап етуде. Барлық білім беру мекемелерінің, қоғамдағы экологиялық сауаттылықты жетілдіру бағытындағы мемлекеттік органдар және қоғамдық бірлестіктердің, бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі айрықша мәнге ие болатындығын атай келе, атқарылып жатқан оңды істердің санатына бағам жасадық, шетелдік үлгімен салыстырмалы зерттеулер жүргіздік.

Шетелдік және ұлттық медиакеңістікте орын алатын саяси-әлеуметтік, экономикалық, экологиялық т.б. мәселелер жайында сауатты ақпаратпен қамтамасыз ететін бұқаралық ақпарат құралдары мен маманданған журналист біліктілігіне қойылатын нақты талаптарды сипаттадық, БАҚ өкілдерінің кәсіби даярлық жүйесін жетілдіруде атқарылатын шаралар қатарын нақтыладық, толықтырдық. Біздіңше, бұл да қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің қатарынан орын алуға тиіс.

Зерттеу нысаны. Жеке адам, қоғам өміріндегі табиғат қорғауға қатысты ұлттық таным көздері, отандық және шетел БАҚ-тарындағы экологиялық мәдениетті насихаттау, нақты осы мәселеге арналған халықаралық нормативтік құжаттар негізінде экологиялық мәдениетті насихаттау жолдары мен ұлттық тәрбиедегі экологиялық мәселелерді оң шешудің экологиялық шараларына талдау жүргізу.

Зерттеу пәні. Отандық және шетелдік медиакеңістіктегі экологиялық мәселелер.

Зерттеу жұмысының дереккөздері. Зерттеу жұмысында тұжырымдалған қорытындылар мен ұсыныстар отандық және шетелдік экологиялық мәселелерге қатысты дереккөздерге негізделген.

Зерттеу жұмысының әдістері. Диссертацияны жазу барысында сипаттама, салыстырма, контент талдау, әлеуметтік сауалнама және жүйелеу әдістері қолданылды.

Сипаттама әдісі арқылы қоғамда орын алып отырған экологиялық ахуалдар мен оны шешу бағытындағы шаралар қатары көрсетілді.

Салыстырма әдісі арқылы шетелдік және отандық БАҚ материалдары өзара салыстырыла бағамдалды.

Сандық талдау (контент) көрсеткіштері арқылы экологиялық мәселелерге БАҚ тарапынан қандай деңгейде көңіл бөлініп, оған қоғам мүшелерінің назарының қандай екендігі байқалды.

Студент жастардың экологиялық мәселелерге көзқарасы мен экологиялық мәдениет қалыптастыру турасындағы ойларын білу мақсатында сауалнама жұмыстары жүргізілді.

Қарастырылған мәселелерді жүйелей қарастыру тәсілі арқылы зерттеу аясы жинақталып, тұжырымдалды.

Сонымен қатар пәнаралық әдістің негізінде тарих, әлеуметтану, саясаттану, әдебиеттану, философия, педагогика салаларына жүгіну арқылы бірнеше ғылым саласындағы экологиялық мәселелердің қойылуын қамтимыз.

Зерттеу жұмысының әдіснамалық негіздері. Диссертациялық жұмыстың әдіснамалық негізін жалпы тәжірибеде қолданылатын зерттеулердің бүгінгі заманның ғылыми технологияларына сай объективтілік қағидасын қамтитын теориялық тұжырымдар құрайды.

Экологиялық мәселелерді түрлі бағыттарда қарастырушы: Б. Жақып, А. Құрманбаева, Н. Омашев, Ғ. Майкотова, Н.Т. Жұртбай, Г.С. Оспанова, Г.Т. Бозшатаева, Н. Джумагазиева, Қ. Олжай, Л.В. Передельский, В.И. Коробкин, О.Е. Приходченко, С. Залыгин, Н. Киселев, О.К. Дреиер, В.Г. Лось, В.А. Горелоз, М.С. Годэ, Ж.Л. Фабиани, Ф. Рамад, К.С. Лосев, В.И. Данилов-Данильян, Дж.Н. Якубов, М.А. Маслов, A. Hansen, L. Lester, C. LaMay, E. Freedman, E.E. Dennis, D.S. Jeffrey, J. Norman зерттеу еңбектері негізге алынды.

Зерттеу жұмысының мақсаты. Шетелдік және ұлттық деңгейдегі экологиялық мәселелерді шешу және қауіпті мәселелерді болдырмау бағытындағы басты міндеттердің бірі – масс-медиа әлеуеті арқылы экологиялық мәдениет қалыптастыру жолдарын нұсқау, бүгінгі бұқаралық ақпарат құралдары мен қоғаммен байланыс тетіктері арқылы экологиялық мәдениет қалыптастыратын салалардың қолжетімділігін арттыру, экологтар одағының нақты және перспективалық мүмкіндіктерін анықтау, оларды өзара ортақ істерге жұмылдыру, сөз пәрменділігін жетілдіру, апаттың алдын алу шараларын жүзеге асырудың жолдарын қарастыру, өзара тәжірибе алмасу.

Зерттеу мақсатының негізгі міндеттері: Жоғарыдағы мақсатқа қол жеткізу мынадай міндеттерді қамтиды:

– отандық және шетелдік медиакеңістіктегі экологиялық мәселелер көрінісін сипаттауда экологиялық мәдениеттің қалыптасу жолдары мен осы бағыттағы жұмыстар қатарын бағамдау;

– Қазақстан мен шетелдердегі экологиялық білім беру жүйесінің барысына шолу жасай отырып, электронды БАҚ арқылы ғаламдық экология мәселелерін оқыту қажеттілігі туындайтындығын назарға алу;

– нақты сандық көрсеткіштерді беру арқылы БАҚ дискурсындағы экологиялық ақпараттарға контент талдаулар жасау;

– отандық және шетелдік зерттеу аясында экологиялық мәдениет қалыптастыру бағытындағы шараларға бағам жасау арқылы ортақ тұстарын көрсету;

– ұлттық этикалық нормалардың экологиялық таным контексінде қалыптасуын ұлт ерекшеліктерін ескере отырып сипаттау;

– экологиялық мәдениет қалыптастыру жолдарын көрсетуде экологиялық тұрғыда білімді, тәрбиелі жеке тұлғаның жекелік, адами қасиеттерін атай отырып, тұлғаның экологиялық мәдениетін қалыптастыру моделін ұсыну.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы:

– отандық және шетелдік медиакеңістіктегі экологиялық мәселелер көрінісін сипаттауда экологиялық мәдениеттің қалыптасу жолдары бағамдалды;

– ұлттық экологиялық ұғым мен халықаралық экологиялық терминологияның мағыналық тұтастығы байыпталды;

– жоғары білім беру деңгейінде журналистерді даярлайтын оқу орындарында экологиялық білімнің теориялық-әдістемелік негізін жетілдіру бағытындағы «Медиа және ғаламдық экология мәселелері» пәнінің оқу-жұмыс жоспарының жобасы ұсынылды;

– нақты сандық көрсеткіштерді алға тарту арқылы БАҚ дискурсындағы (газет, радио, телевизия, интернет портал) экологиялық ақпараттарға контент талдау жасалды, қажетті тұста шетелдік БАҚ-қа да бағам жасалды;

– ұлттық және халықаралық деңгейлерде экологиялық саясатты әзірлеу және іске асырудағы кешегі мен бүгінгі медиакеңістікте жүргізіліп отырған кешенді мәселелердің ортақ траекториялары анықталды;

– экологиялық мәдениет қалыптастырудың ұлттық негіздеріне баса назар аударылды, ұлт дүниетаным мен тәрбиеге ықпалының танымдық аспектілері тұңғыш рет ғылыми тұрғыдан жүйелі қарастырылды;

– экологиялық мәдениет қалыптастыруда экологиялық тұрғыда білімді, тәрбиелі тұлғаның өзіндік ерекшеліктері айқындалды, тұлғаның экологиялық мәдениетін қалыптастыру моделі ұсынылды.

Зерттеудің теориялық мәні. Экологиялық мәдениетті қалыптастыру жолдарының негізгілері – бұқаралық ақпарат құралдары екендігін баса айта отырып, экологиялық ақпараттардың берілуін, экологиялық мәселелерді қарастыру мен алдын алуда шетелдік тәжірибелермен астастыра сабақтасуын көрсету және қазақ халқының табиғатты танудағы ерекшеліктеріне, өзіндік қалыптасқан болмысына пайымдау жасау арқылы зерттеу жұмысының теориялық маңыздылығы арта түспек.

Зерттеудің тәжірибелік мәні. Диссертациялық еңбектің тәжірибелік маңызы зерттеу барысында талданған экологиялық ақпараттардың қойылымы мен контент талдаулар салыстырма жасау арқылы бедерлене көрінбек, әрі шетелдік тәжірибе сипатын ұлттық дәстүр ерекшеліктерімен сабақтастырып тұжырымдау арқылы да арта түспек.

Әлеуметті экологиялық мәселелермен ақпараттандыруда БАҚ-тың рөлі айрықша екендігін көрсететін диссертациялық еңбек:

– экологиялық бағыттағы саяси ұйымдарға, мекемелерге ақпарат беретін құрал ретінде;

– экология тақырыбында стратегиялық қалыптасқан ұстанымы бар баспасөз қызметтеріне;

– БАҚ өкілдерінің экология тақырыбын жариялау бағытындағы шығармашылық, журналистік шеберліктерін шыңдауға;

– жоғары оқу орындарындағы журналистика факультетінде жүргізілетін арнайы курстарға қосымша оқу құралы ретінде;

– шетелдік және мемлекеттік ұйымдардың экология тақырыбында ұйымдастырылған мәжілістер, баспасөз мәслихаттары мен семинарларда, жарыссөздерде бағыт беруші бағдар ретінде;

– арнайы экологиялық құбылыстарды зерттейтін сараптамалық орталықтарға;

– экология мәселелерін жан-жақты зерттеушілерге дереккөз ретінде пайдалануға септігін тигізеді.

Қорғауға ұсынылған тұжырымдар:

– отандық және шетелдік ақпараттық кеңістіктегі экологиялық мәселелерді өзге ғылым салалары аясында да (биология, психология, әлеуметтану, философия т.б.) қарастыра отырып, экологиялық мәдениеттің қалыптасу барысында табиғат пен адамзат арасындағы қарым-қатынасты үйлестіруге (экожүйеге адамның әсері) көңіл бөлінеді;

– журналист мамандар даярлайтын ұлттық білім беру кеңістігінде бар «Экологиялық журналистика» пәнімен қатар «Медиа және ғаламдық экология мәселелері» пәнін енгізу – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі;

– БАҚ қоршаған орта мен оны қорғау туралы экологиялық мәселелермен қоғамды құлақтандырып қана қоймай, халық арасына насихаттап, таратып, экологиялық танымның қалыптасуына үлес қосады. «QAZAQSTAN» ұлттық арнасы, «Хабар», «Евразия 1-арна» телеарналарындағы экологиялық тақырыптағы бағдарламалармен қатар «24 хабар», «ЭКО-тв Ресей» телерналарында берілген экология тақырыбындағы телебағдарламалардың көрілім санына жасалған салыстырмалы зерттеулер, сондай-ақ интернет порталдардағы экология тақырыбындағы жарияланымдар көрсеткіші өзіндік мәнге ие;

– «Азаттық» радиосындағы экология тақырыбына арналған жаңалықтар көрсеткішіне (2016, 2017, 2018 жылдар) назар аудара отырып, «Атамекен», «Егемен Қазақстан», «Жас Алаш», «Ана тілі» газеттеріндегі экология тақырыбындағы мақалалар санына контент талдау жасалынып, орыс тілді «Central Asia Monitor», «Inform БЮРО Мегаполис», «Аргументы и факты», «Время» сынды басылымдар да зерттеу нысанына алынды. «Семей таңы», «Atyraý», «Ońtústik QAZAQSTAN», «Атбасар», «Шу өңірі» атты аймақтық басылымдардағы экологиялық мәселелердің қойылысы да аймақтық экология мәселелерінің әлеуетін танытады;

– елімізде белең алып отырған кез-келген экологиялық мәселе ғаламдық экологиямен тығыз астасып жатқандықтан, Қазақстан мен шетелдік (экологиялық ұйымдар мен экология мәселелер) тәжірбиелердің арасында ортақ түйісетін тұстарын (бірлесіп өткізілген конференциялар, ұйымдар, мәселен, «Жасыл көпір» халықаралық бағдарламасы, Ақылды қала» жобасы, шетелдік әрбір елдегі (Ресей, Германия, АҚШ т.б.) экологиялық шаралар, кезекті жұмыс реті, ғаламшардың экологиялық мәселелеріне арналған заманауи фильмдер қатары т.б.) атап өтудің маңыздылығы зор;

– табиғат құбылыстары мен табиғаттың тылсым күштерін бағалап, білуде ұлттық әдеп нормаларын, нақтырақ айтсақ, ұлттық дүниетаным, мінез,

болжағыштық, байқағыштық қассиеттермен қатар белгілі бір ырымдар мен тыйымдардың экологиялық таным контексінде көрініс табуы ұлттық болмыс ерекшеліктерін байқатады;

– әрбір адамның экологиялық мәдениетін қалыптастыруда өзіндік экологиялық білімі, экологиялық тәрбиесі, экологиялық танымы, экологиялық әрекеті, экологиялық құндылықты дәріптей білуі, табиғатқа деген сүйіспеншілігі сынды қасиеттерінің орныгуы тұлғаның экологиялық мәдениетін қалыптастыр моделін құрайды.

Зерттеу жұмысының жариялануы мен мақұлдануы.

Жұмыстың тезистері автордың жариялаған мақалаларының тізімінде көрсетілген.

Scopus мәліметтер базасында:

1. Ecological development through mass media // MII-MII(-SP) - Man In India (ISSN00251569-India-Scopus), 2017, 97(6): 135-150.

2. Ecological Problems in Mass Media in Kazakhstan//JPSR-PP - Journal of Pharmaceutical Sciences and Research (ISSN09751459-India-Scopus) 10(6), 2018.

Халықаралық конференцияларда:

1. Тұлғаның экологиялық мәдениетін қалыптастырудағы психологиялық байланыстың мүмкіндіктері // «Тұрақты даму мақсатында (ТМД) Халықаралық журналистиканы оқыту модельдері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. – Алматы, 8 сәуір, 2016. – Б. 119-121.

2. Mass Media about the consequences of a nuclear explosion in Semey // «Қолданбалы психология: ықпалдастыру және пәнаралық зерттеулер» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция. – Өскемен, 4 желтоқсан, 2016. – Б. 61-66.

3. Ecological problems in Mass Media and Human Psychology // «QAZAQTAN» Еліміздің телеэпопеясы: ұлттық арнаның даму моделі» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция. – Алматы, 15-16 ақпан, 2018. – Б. 161-168.

4. Формирование экологической культуры студентов // «Инновации в современном оразовании: украинский и мировой контекст». III Международной научно-практической конференция. – Умань, 28 сентябрь, 2018. – С. 268-274.

ҚР БЖҒ Білім және ғылым саласындағы комитет тізіміне енетін басылымдардағы жарияланымдар:

1. Экологиялық мәдениет қалыптастыру – ұлттық тәрбиемен сабақтас // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. Хабаршы, Журналистика сериясы. – Алматы, 2016. – № 2(40). – Б. 196-199.

2. Америка және Қазақстандық басылымдардағы экология мәселесінің көтерілуі // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. Хабаршы. Журналистика сериясы. – Алматы, 2018. – № 1(47). – Б. 105-111.

3. Экологиялық проблемаларды жазудағы кемшіліктер // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. Хабаршы. Журналистика сериясы. – Алматы, 2018. – № 1(47). – Б. 151-159.

4. What is fake news? And how do we teach students about it? // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. Хабаршы. Журналистика сериясы. – Алматы, 2018. – № 4(50). – Б. 4-8.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, негізгі үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұрады.

1 ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК МЕДИАКЕҢІСТІКТЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР КӨРІНІСІ

1.1 Экологиялық мәдениет қалыптастыру негіздері

Ғылымда «Мәдениет» сөзі жиі ұшырасады. Бұл ұғымға берілген анықтамалар қатары да көптеп кездеседі. Өткенге шегініс жасасақ, «қайта өрлеу» кезеңінде «мәдениет» түсінігі білім ретінде қарастырылды. Сонымен мәдениетті барлық адамзатқа тиесілі, оның ілгері эволюциялық дамуына жағдай жасайтын әмбебап құбылыс ретінде танимыз. Мәдениет – адам баласының ішкі байлығының этикалық көрсеткіші ретінде қоғамдық қатынаста жеке тұлғаның рухани әлемінің деңгейін танытатын қасиет. Сондай-ақ рухани мәдениет белгілі бір қоғамның өмір кеңістігінде адамдар арасында қалыптанған қатынас рөлін атқарса, жеке ұлт өкілдері арасында этикалық, танымдық, эстетикалық және ұлттық құндылықтар ретінде сол халықтың ұлттық ерекшелігі, ұлттың өзіндік нақышы тұрғысында бағаланады. Мәдениеттің адам психологиясын басқаруда өзіне есеп бере білу, өзін іштей қадағалау қызметінде де мәні зор болғандықтан, ол түсіну, тану, бағалау сынды психологиялық мотивациялар арқылы жүзеге асады. Бізге білінбейтін адамның «туа біткен мәдениеті» болады, ол адамның ішкі рухани тыныштығын, тазалық, адамгершілік және экологиялық сипатын қалыптастырады. Қазіргі мәдениеттің үлгісі қалалық негізді басшылыққа алады, ал басқа халықтардың жетістіктері оған қосалқы бөліктер ретінде енді. Осыдан шыға отырып, дүниежүзілік мәдениетке тұрмыстық мәдениеттің түрлерін (азық, киім, аспап, мекенжай), бос уақытты толықтырудың түрлерін (туризм, спорт, қызықты әуестіктер), әлеуметтік мінез-құлық үлгілерін жатқызуға болады. Адамдар мәдениет арқылы өздерінің әртүрлі ортада өмір сүру жағдайын қалыптастырады. Мәдениеттілік көптеген адамдарды ортақтастырып, сезімдері мен ойларының, жалпы болмысының мазмұнын құрайды.

Мәдениет – адам жасаған орта, әрі оның табиғатпен қатынасы күрделі. Алайда ғылым мен техника жетістіктері, бұқаралық ақпарат құралдары, ұлттық тағамдардың дайындалу әдістері, сән мен үлгілердің ағымдары мемлекеттік шекарадан асып, мәдениет топтары мен қауымдастықтарды бөлетін қалқандарды бұзуда. Интернет әртүлі мәдениеттерді біртұтастыққа түзуде. Әрине мәдениеттердің айырмашылықтары бүгінгі күнде де сақталады, бірақ негізгі мақсат олардың бұл айырмашылығын жою емес, қайта сол әртүрлілікті біріктіру. Адам өз ортасының дәстүрінде қалыптанған тәрбиенің жемісі болғандықтан, ол өзінің ішкі мәдениетін ғана емес, қоғамды жетілдіруді, ішкі белсенділігін арттыруды да мақсат етуі қажет.

Мәдениеттің бірегейлік функциясы, оның әлеуметтік топтарды, халық пен ұлттарды, мемлекеттік мәдениетті бірізге түсіріп, қалыптастыруымен ерекшеленеді. Сөйтіп бірегей мәдениет, біртұтас мемлекеттің рухани көрсеткішіне айналады. Ол өз кезегінде сол мемлекеттің материалдық мәдениетінің де өлшемі болады.

Мәдениет – іргелі ұғымдардың бірі. Мәдениет арқылы адамның ортада өзін ұстай білуі, қалыптасуы көрінеді. Мәдениет арқылы адам өзін іштей психологиялық тұрғыдан да қадағалап отырады. Адамның өзіне ғана тән о бастан қалыптасқан мәдениеті болады, ол арқылы адам өзінің адамгершілік сынды сипаттарын қалыптастырады. Ал қазіргі мәдениеттің үлгісі қалалық негізді басшылыққа алады.

Мәдениет – уақыт пен кеңістікте адамдар тобын біртұтас адамзат өрісіне біріктіреді.

«Мәдениет» ұғымына берілген анықтамалар қатары көптеп кездеседі. Әрі бұл термин алғашқыда білім мағынасында қолданылғаны туралы да мәліметтер бер. Зерттеу еңбектерде: «Мәдениет термині ішкі мазмұны, білімнің бірнеше салаларындағы қолданысы тұрғысынан да бөлінеді» [1] деп жазылған.

Кез келген адамның істеген әрекеті арқылы мәдениеттілігі көрінеді. Адам күнделікті өмірінде заттарды қолдана білу арқылы айналасындағы құбылыстарды, бүгінгі өзекті деген нәрсені өз күйінде және өзі арқылы көре біледі.

Оның өзі басқа бір мәдениеттің бөлігі болып келеді және ол өзге мәдениетті зерттей отырып, әр уақытта өз мәдениетінің символдарымен және мәндерінің тілімен тұрақты түрде арақатынасын белгілеп отырады. Сондықтан біз тіпті өз мәдениетіміздің ішінде болғанының өзінде де біз онымен тұрақты диалогта болып отырмыз.

Барлық қарастырылған анықтамалардың өзіндік орны бар, олар әрбір мәдениеттің маңызды жақтарын көрсетеді. Мәдениет – бірнеше халықтарды, оның ішінде қалыптасқан әлеуметтік топтарды, тіптен мемлекеттерді біріктіреді. Мықты мәдениет бірлігі арқылы мемлекеттің беріктігі көрінеді. Мәдениеттің рухани түрі өзге мәдениеттермен әрқашан байланысты.

Қазіргі дамуда мәдениеттердің бірігуі біршама жоғары деңгейде, әрі олардың бір-бірімен өзара қарым-қатынасы, әсері күшеюде. Мәселен, қоғамдағы түрлі жетістіктердің арқасында бұқаралық ақпарат құралдары, түрлі әлеуметтік қызмет көрсету түрлері мемлекеттік деңгейден де жоғары бөлікке көтеріліп, бастамаларға ықпал етуде.

Әртүрлі мәдениеттерді біртұтастыққа бағыттауда интернеттің қызметі зор. Әр мәдениет түрінің өзара айырмашылықтары үнемі сақталады, соған орай олардың айырмашылықтарын әртүрлілікті біріктіру. Демек мәдениет – адамдарды біріктіріп, тұтастыққа бағыттайды. Мәдениет – адам өмір сүретін ортасы арқылы да көрінеді, әрі оның табиғатпен қатынасы күрделі болғандықтан, үнемі өзара байланыс болуы заңды. Адамдардың өмір сүру дағдысы мен өзін рухани дамытуы арқылы мәдениеттілігі байқалады. Сондай-ақ, мәдениет – адамдардың әрекеттерін, қоғамға және табиғатқа қатынастарын реттейді.

Қазақ халқының өткен ғасырлардағы белді тұлғаларының бәрі де өздері өмір сүрген ортасының шындығын тілге тиек, ойға өрнек етіп, рухани жетіліп отырғандығын көрсетеді. Олар сол қоғамдағы орын алған әлеуметтік өзекті мәселелерді ашық айта да, жаза да білді. Ұлт болашағын ойлады, келешекке

мол сеніммен қарады. Атқарған әрбір істерінен отансүйгіштік, халқына деген сүйіспеншілік, оның мүддесі және болашағын жан-жақты көрсете білетіндік айқын байқалып отырды.

Мәдениеттің «бұқаралық мәдениет» деп аталатын түрі жиі қолданыста. Ол бұқаралық ақпарат құралдары арқылы көрінеді. Аталған мәдениеттің мазмұнын бүгінде кино, теледидар, кітаптар, газет-журналдар, спорт, туризм және т.б. құрайды. Әрі қоғаммен тікелей байланысты. Ғылыми-техникалық прогресс адамзаттың бос уақыттарының көбеюіне және қоғамдағы бұқара халықтың бос демалыс уақытын өткізуге өз ықпалын жасады. Бұқаралық мәдениеттің басты ерекшелігі – демалыс уақытын мәдениетті тұрғыда өткізу.

XX ғасырдың ортасынан бастап бұқаралық ақпарат құралдары барша адамдарға қолжетімді болып қана қоймай, оларды пайдаланудың белгілі бір стандартты мерзімі қалыптасты. Ол өз кезегінде адамдар арасындағы әлеуметтік-мәдени ерекшеліктер шекарасын жойып, біріктіріп қана қоймай, мәдени таным айырмашылықтарын белгілі бір қалыпқа бағыттады. Сөйтіп қазіргі журналистика лексиконында орныққан «бұқаралық мәдениет» ұғымының орнығуы бұқаралық ақпарат құралдары қызметімен тығыз байланысты. Алғашқыда полиграфиялық өнеркәсіптердің техникалық мүмкіндіктерін қолданды, арзан әрі танымал болған газет-журналдар, сонымен қатар кітапшалар т.б. пайдаланылды. XIX ғ. соңынан бүгінге дейін бұқаралық өнердің маңызды құралы болып келген киноматография пайда болды. Сондай-ақ бұқаралық мәдениеттің тағы бір бөлімі жеңіл музыканы туғызған граммофон пайда болды.

1960 жылдары бұқаралық мәдениеттің техникалық мүмкіншіліктері дамып, халық теледидар мен қосалқы құралдарды қолдана бастады. Соңғы кезде бұған арнайы компьютердің мүмкіншіліктері, интернет желілері қосылды.

Мәдениеттің жұмыс жасау тәсілінің өзгеруін білдіретін бұқаралық мәдениет – мәдениеттің тағы бір үлгісі. Әрі мәдениет адамдардың қоршаған ортаға бейімделуін қамтамасыз етеді. Адам өзінің қажеттіне орай өзіне қолайлы ортасын жасайды. Адамдарға қай кезеңде болмасын суық пен ыстықтан, жауын мен қардан, жыртқыш аңдар мен көзге көрінбейтін жаулардан қорғану қажет болды. Сол кезде мәдениеттің дамуы күнделікті тұрмыстағы баспана, қару-жарақ, киім-кешек, дәрі-дәрмек, әртүрлі тағам жасау арқылы олардан қорғануға мүмкіндік туғызды.

Мәдениет адамдарға қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Мәдениет – адамдар қатынасының әрекеті мен нәтижесі. Мәдениет – адам қатынастарының алаңы. Ол адамдарды байланыстырады, біріктіреді. Сондықтан адамзат мәдениетінің тарихындағы байланыстылық маңызды болып келеді.

Ағылшын ғалымы Энтони Гидденстенің пікірінде, экологиялық мәдениеттің құндылығы адамдардың, кейбір топтардың жасаған нормаларынан, өмір талаптарынан пайда болған идеялардан тұратындығы айтылған.

Жалпы мәдениет терминін кездестіргенде, оның ішкі мазмұнын, білімнің қай саласына жататындығын анықтаған жөн. Мәдениетті болу – бұл «қолдан

келтіру». Көптеген заттарды қолдана білу, ғасырлар бойы қалыптасқан құбылыстарды, бүгінгі өзектілікті өз күйінде және өзі арқылы көре білу.

Мәдениет деңгейлері – құрылымды құрушы элементтері арқылы да дараланатын әлеуметтік-мәдени болмыс. Экологиялық мәдениет ұғымымен қатар қолданыстағы экологиялық апат терминінің де ауқымы кең. Табиғи капиталдың жұтаңдалуы, ауыз судың ластануы, азық-түліктің құнарсызданып сапсызданuы экономиканың алдыңғы орынға шығуынан пайда болады. Экологиялық дағдарыс – адамның белсенді әрекетінің нәтижесінде пайда болатын қайтымды күй болса, экологиялық апат – қайтымсыз құбылыс (мысалы, қуаңшылық, малдың жаппай қырылуы т.б). Табиғат жаратылысына ұшқан құсқа, жүгірген аңға, өктемдік танытып қаскөйлік жасаймыз.

Республикамызда табиғи байлық қоры мол екені аян. Бізде мыңдаған көлдер мен өзендер бар. Өсімдік және жануарлар әлеміне бай. Алайда осы бар байлықты адамзат игілігі үшін тиімді пайдаланып, аса зор қамқорлықпен қараған орынды. Олай болмағанда, экологиялық түйткілді мәселелер қатары күннен-күнге ушыға түсіп, жаһандық қауіп-қатер деңгейіне дейін жетіп отыр. Барлық тіршіліктің өмір сүруін қолайлы ету үшін табиғат байлықтарын орынды тұтынуды назардан тыс қалдырмаған жөн. Орын алған қайшылықтарды өзгертудің маңыздылығы жоғары. Бұл бағытта көптеген жұмыстар іске асырылуда.

Адамзат қауымының неше мыңжылдық күреске толы ұзақ тарихында жануарларды үй хайуанына айналдырып, ат, түйе, піл, ит, бұғы, есек жегумен қоса механикалық көлік түрлерін қажетіне жаратып, тұрмысында пайдаланғаны мәлім. От жағу құпиясын меңгерді. Суды буға айналдырып, қол күшін арттырды. Ең соңында электр энергиясын игерді. Ертегідегідей айшылық алыс жерлерден жылдам арада хабар алатын болдық. Бүгінгі ұялы байланыс арқылы алыстағы адамыңмен қасында отырғандай сөйлесу күнбе-күнгі тіршілікке айналды. Паровоз қозғалысының сарт-сұрт тарсылы мен айғайы, бүгінде жүйрік электровоздарға жол берді. Аспан әлемінде де күміс қанат ұшақтар ғана емес, ұшқыр зымырандар ұшатын болды. Осылардың ішіндегі ең ғажабы – энергия қуатының сарқылмайтын жаңа көзін ойлап табуы. Алайда мұның барлығын игеруде экологиялық мәдениеттілікті сақтауды үнемі назарда ұстаған абзал деп білеміз.

Бүгінде экономикалық өсім мен адамдардың өміріне қолайлы ортаның қатар болуы дамыған мемлекеттердің басты белгісіне айналып отыр.

Экологиялық мәдениет қалың бұқарадан бастап мемлекеттік органдарға дейін таралуы тиіс. Мемлекеттік деңгейде қабылданатын кез-келген шешім туған жердің ауасы, суы мен топырағына аса үлкен жауапкершілікпен оған залал келтірмейтіндей болуы қажет.

Ол адамдардың табиғатты, қоршаған әлемді қабылдауы мен өзіндік ұстанымдарын дұрыс бағалауы дегенге саяды.

Аталмыш термин туралы А.Н. Захлебный өз тұжырымын ұсына отырып: «Экологическая культура – одно из целостных свойств личности, которые обусловливает направленность ее жизнедеятельности, накладывает свой

отпечаток на мировоззрение, нравственные требования к ориентации, готовность к созидательному труду, свободу творческой деятельности, определяющей активную жизненную позицию человека» [2, с. 15] деп жеке тұлғаның экологиялық мәдениетінің қалыптасуы өмірлік белсенді құлшыныстарымен байланысты екендігін айтады.

Қоршаған ортадағы адам мен мәдениеттің өзара байланысы туралы сөз болғанда адам өзін «Екінші табиғат» деп атайтындығы туралы да айтылады.

Көп қырлы сипаттары мен атқарар қызметтеріне сай экологиялық мәдениет түсінігі – кең ауқымды ұғым. Аталған ұғымға В. Захаров:

«Экологическая культура – понятие системное...

Экологическая культура – понятие уровневое…

Экологическая культура – понятие деятельностное, поведенческое...

Экологическая культура – понятие социальное...

Экологическая культура – понятие информационное» [3, с. 157] деген анықтамалар берген.

Экологиялық мәдениет ауқымды ұғым болғанымен, экологиялық білім беру мен экологиялық тәрбиеге негізделеді. Сондықтан экологиялық мәдениет деңгейі осымен айқындалады. Қоршаған ортаны қорғау – қоғамды сақтаудың негізі. Ол арқылы адам мен табиғаттың арасында үйлесімділік орнатылады.

Адам мен табиғат арасындағы үйлесімділік бұзылған жағдайда экологиялық апаттың туу мүмкіндігі артады. Ал бұл терминнің БАҚ-тардағы қолданыс аясының мәні табиғат байлығын тиімді, орынды пайдаланудың орнына, оны материалдық пайда көзі деп қараған экономикалық мақсаттан шыққандығы аян. Оған жер қыртысының құнарсыздануы, су ресурстарының азаюы, тыңайтқыштарды шамадан тыс қолданудың кесірінен жердің топырақ қабатының эрозияға ұшырауы, өндіріс қалдықтарының ауаны ластауынан атмосфера құрамының өзгеру үдерісінің тірі ағзаларға теріс әсері сынды жағымсыз экологиялық жайлар жатады. Десек те адам факторының әсерінен орын алған экологиялық дағдарыстарды белсенді күрес негізінде қалпына келтіруге болатын болса, экологиялық апат – қалпына келтірілу мүмкіндігі жоққа тән құбылыс (мәселен, қуаңшылық, малдың жаппай қырылуы т.б). Адамдар табиғат жаратылысына ұшқан құсқа, жүгірген аңға, өктемдік танытып қаскөйлік жасаймыз. Ол қоғамда үлкен сын-қатарге алып келуі әбден мүмкін.

Осындай жағдайға байланысты Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н. Назарбаев XXI ғасырдың жаһандық он сын-қатерін атап көрсетеді [4].

Қоғамды толғандырып отырған экологиялық мәселелер көп. Бүгінгі таңда табиғат үлкен қауіптің алдында тұр. Болжауларға қарағанда әлемнің дамыған елдері 2050 жылдары үлкен экологиялық апатты бастан кешуі, жер бетіндегі халықтың саны 10 миллиардқа жетіп, халық ауыз су тапшылығын көретіндігін айтады. Сондай-ақ ауа ластанып, адам денсаулығына орасан зор қауіп келуі мүмкін деседі. Бұл дүниежүзін су алу қаупін туындатады делінеді.

Ғалым Ғ. Майкотова халықаралық қауымдастық 1980 жылдан бастап ғаламдық жылыну мәселесіне назар аудара бастағанын атап көрсетеді [5, б. 118].

Осындай жылыну үдерісі ауа-райының тұрақсыздануына, экологиялық құбылыстардың ауысуына, желдің жиі соғуына, жануарлар мен өсімдіктердің қатарының жылдам кемуіне әкеліп соғады деген де болжам бар.

Сондықтан қазірден бастап экологияға зиян келтіретін мәселелердің алдын алуымыз керек. Әлемнің көптеген елдері бұған кірісіп те кетті. Шетелде экологиялық мәселені бірінші кезекке қояды.

Қазақстан мұнайлы өлке болғаннан кейін елімізде өндіріс орындары баршылық. Олардан шығатын зиянды қалдықтары өзен, көлдерімізді лайлап жатыр. Су тасып, жер, ауаның тазылығы сын көтермей кетті. Мұның барлығы айналып келгенде халықтың денсаулығына зиян. Сондықтан біз адамзатқа зиян келтіретін барлық нәрселерден бас тарып, еліміздің экологиясын сақтап, әрбір адамның санасына экосауаттылықты сіңіруіміз керек.

Олай болса, табиғатқа деген қатерлерді алдын-ала болжап, міндетті түрде шешу жолдарын табу қажет, өйтпегенде ол экологиялық апатқа алып келуі әбден мүмкін. Бұл тұрғыдан қоғам тарапынан атқарылып жатқан істер аз емес. Соңғы жылдары мемлекеттік және халықаралық экологиялық мәселелер бойынша өткізілген негізгі деген іс-шаралар (заңнамалық ұйымдар, жобалар, стратегиялар) қатарына назар аударды қ, олар төмендегідей болып келеді:

– 1991 жылы 29 тамыз күні Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығымен Семей полигоны жабылды.

– 1992 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-сессиясында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Арал теңізінің апаттық жағдайына әлем назарын аударды.

– 1993 жылы Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан президенттерінің бастамасымен Халықаралық Аралды құтқару қоры (ХАҚҚ) құрылды.

– 2008 жылы желтоқсан айында өткен БҰҰ Бас Ассамблеясының 63-сессиясында Халықаралық Аралды құтқару қорына (ХАҚҚ) бақылаушы мәртебесін беру жөнінде қарар қабылданды.

– 2010 жылы сәуір айында БҰҰ-ның бас хатшысы Пан Ги Мун Орталық Азия елдеріне сапары барысында «Арал теңізінің тартылуы планетадағы ең қорқынышты экологиялық апаттардың бірі болып табылатындығы» туралы мәлімдеді.

– 2009 жылдың сәуір айында Алматы қаласында Орталық Азия мемлекеттері ХАҚҚ құрылтайшылары басшыларының Саммитінде қол қойылды.

– 2010 жылдың 17-18-мамыры аралығында Қызылорда қаласында Халықаралық Аралды құтқару қорының Қазақстан Республикасындағы Атқару Дирекциясы Астанадағы Орталығымен бірлесіп «Арал өңірінің Қазақстандық бөлігінің су және экологиялық қауіпсіздігінің қазіргі проблемалары және оларды шешудің жолдары» деген тақырыпта дөңгелек үстел өткізді.

– Халықаралық Аралды құтқару қоры (ХАҚҚ) Атқарушы Комитеті 2011-2015 жылдардағы кезеңге арналған Арал теңізі бассейніндегі елдерге көмек көрсету жөніндегі іс-қимыл бағдарламасын (АТББ) жасады.

– «Жасыл көпір» бағдарламасы алғаш рет III Экономикалық форумда Елбасы Н. Назарбаевтың тарапынан ұсынылды.

– 2011 жылы 21 қыркүйек күні Астанаға жиналған Еуропа елдерінің экология министрлері әлемдік экологияның өзекті мәселелерін талқыға салды.

– «Еуропа үшін қоршаған орта» тақырыбындағы экология министрлерінің VII конференциясы аясында жиналғандар қыркүйектің 23 күні Қазақстанның «Жасыл көпір» бағдарламасын қабылдады.

– 2007 жылғы 9 қаңтарда ҚР -ның экологиялық кодексі бекітілді.

– 1971 жылы БҰҰ көлемінде (ЮНЕСКО) «Адам және биосфера» атты бағдарлама қабылданды.

– 2015-2025 жылдар аралығын қамтитын «Адам және биосфера» атты бағдарлама негізінде жол картасы дайындалды.

– 1992 жылы Еуропалық Одақ Кеңесі Экологиялық таңба құру туралы шешім қабылдайды.

– 2007 жылдан бастап 290-нан астам компаниялар «гүл» белгісімен өз өнімдерін таңбалауға құқық алған.

– Қазақстанда EXPO-2017 көрмесі жоғары дәрежеде өткізілді.

– Интеллектуалдық қауымдастық форумының (АҚШ) рейтингі бойынша 2016 жылы «ТОП – 21» ақылды қалалар тізіміне енді.

– Мәскеу мұражайларының бірінде Арал теңізі мен Үстіртке арналған фотокөрме ұйымдастырылды.

– 2013 жылдың 5-маусымы мен 10-тамызы аралығында «Табиғат – тал бесік» деген атаумен Қазақстан Республикасының Қоршаған орта министрлігі мен ҚАЗ гидромет республикалық мемлекеттік кәсіпорны болжау орталығының ұйымдастырумен фотокөрме болды.

– Қазақстанда «Digital Kazakhstan» жобасы аясында экологиялық мәселелерді сандық технологиялармен шешу жобасы іске асырылуда.

– Астанада «ЭКО АСАР» экологиялық акциясы ұйымдастарылды.

Елімізде экологиялық бағыттағы әртүрлі ұйымдар мен мекемелер баршылық. Соңғы он жылдықта бүкіл әлемде экологиялық мониторинг жасауды жүйелі қолданысқа енгізу дәстүрі қалыптасқан. Аталмыш термин анықтамасында: «Мониторинг – қоршаған табиғи орта жағдайының антропогендік факторлардың ықпалынан өзгеруін болжау, бағалау, бақылау жүйесі» [6] деген мағына береді.

Қоршаған ортада «бақылау» ұғымына қосымша ретінде қалыптасқан мониторинг ұғымы болды. Ол арқылы бақылаулар жүргізіледі. Оның төмендегідей түрлері бар: Геоэкологиялық мониторинг, ұлттық мониторинг, халықаралық мониторинг, ғаламдық мониторинг [7, б. 39]. Бірқатар халықаралық мониторингтік жүйелер өзара бірлесіп, тұтас ғаламдық мониторингтік (БҰҰ бағдарламасына сәйкес) жүйе жасайды. Бұл жүйеде бағалау әлемдік деңгейде жүреді. Бүгінде экологиялық қауіпсіздіктің алдын-алу

әрбір Қазақстандықтың болашағына, денсаулығына, өмір сүру дағдыларына ықпал етеді. Кез-келген мемлекеттегі адамның қауіпсіздігінде негізгі қауіп-қатерлер басты назарда болады. 2003 жылы елімізде экологиялық мәселелер Қауіпсіздік Кеңесінің отырысында тұңғыш Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың басшылығымен талқыланып, 2003 жылғы 3 желтоқсандағы Жарлығы бойынша 2004-2015 жылдар аралығындағы Қазақстанның экологиялық қауіпсіздігінің жаңа тұжырымдамасы бекітілді. Аталған тұжырымдамада (Қазақстан Республикасының 2014-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасы) экологиялық қауіпсіздік турасында айтады [8]. Себебі ол бүгінгі қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі ретінде танылып отыр.

Қазақстан Республикасының Конституциясында ел табиғатын қорғау, қоршаған орта экологиясына жауапкершілікпен қарау кез-келген қазақстандық азаматтың басты міндеті екендігі атап көрсетілген. Әрі қазақстандық әрбір азаматтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі, экологиялық ахуалы турасында Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н. Назарбаев «Қазақстан - 2030» Жолдауында да баса айтты [9].

Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздігімен тұрақты өсіп-өркендеуі елдің саяси бағыттарының стратегиялық даму аясында да жан-жақты қамтылған. Ондағы экологиялық қауіпсіздік шаралары ұлттық және аймақтық деңгейлерді қамтиды. Сондай-ақ қоршаған ортадағы өзекті мәселелерді шешу мемлекеттік саясат, экономика сынды бағыттарды есепке алуды қажет деп біледі.

Қоршаған ортаның бұзылуы мен табиғи қорлардың кемуі сынды мәселелер жеке адамдардан бастап бүкіл бір мемлекеттің қауіпсіздігіне қауіп төндіруші факторлардың бірі ретінде атап көрсетілуде. Мәселен, XX ғасырдың соңына таман бұзылған экожүйелер 63,8% құрайды деген мәліметтер В.И. Данилов-Данильян, К.С. Лосев сияқты орыс ғалымдарының зерттеулерінде кездеседі [10, б. 122].

Демек табиғи жүйелердің қорғалуы ең алдымен адам мен табиғат арасындағы байланыстың экологиялық талаптар шегінде сақталуы және экомәдениеттің әрбір қоғам мүшесінің санасында берік орнығуына байланысты.

Осыған кереғар экологиялық қылмыстардың қоғамда белең алуы, әлде де болса экомәдени сауаттылықтың төмен екендігін дәлелдейді. Оның өзіндік жалпы да, арнайы себептері бар.

Табиғатқа қастандықтардың молдығы және табиғи шығындардың өздігінен қалпына келуі жайындағы тұжырымдардың болуы, айналаға зиян келтіретін жағдаяттарға ден қоймау, сонымен қатар адам мен табиғат арасындағы өзара байланыс турасындағы қабылданған ережелерді шектен тыс бұзу сынды факторлардың ықпалы болатыны сөзсіз.

О.Л. Дубовик пен А.Э. Жалинский зерттеулері де қоршаған ортада адам мен табиғат арасындағы болатын қолайсыздықтар турасында айтады [11].

Қоршаған ортада экологиялық қылмыстардың болуының бірнеше себептері бар. Бұл турасындағы пікірлерде экологиялық қылмыстарға жол беруде, табиғатқа зиян келетіні сөзсіз [12, б. 43]. Бағамдағанымыздай қай

кезеңде болмасын мәселенің туындауы адам және адамның іс-әрекеті нәтижесінде болатыны белгілі. Адам – биологиялық тіршілік иесі. Адам мен табиғат бірлігінің танымдық түп негізі жайында Е.А. Стерлигова «Экологическая психология» атты еңбегінде: «История экологических представлений людей уходит корнями в глубокую древность. Знания об окружающей среде и характере взаимоотношений с ней приобрели практическое значение еще на зареразвития человеческого вида» деп атап өтеді [13, с. 6].

Көпшілікке мәлім, адамдар табиғатты өзгерте отырып, жаңа қоршаған орта қалыптастырады. Бұл турасында ғалымдар қоршаған ортаның ықпалы мен оның әлеуетін көтеру күрделі мәселе екендігін айтады [14].

Адам мен табиғат байланысы адам экологиясын қалыптастырады. «Адам экологиясы» арнайы сала ретінде көптеген зерттеулерге арқау болды. Қоғамдағы адамдар бір-бірінен уақыт, кеңістік, болмыс, әрекет жағдайында ерекшеленеді. Тіптен жас ерекшеліктеріне, мәдениеттілігінің деңгейіне қарай да бөлек болады.

«Экология человека – это наука, изучающая закономерности взаимодействия человека как биосоциального существа со сложным многокомпонентным окружающим миром, с динамичной, постоянно усложняющейся средой обитания, проблемы сохранения и укрепления здоровья» [15, с.11].

Адамның өмірге деген пайымдаулары, білімі, таным-түсінігі ол ғұмыр кешкен табиғи ортамен білікте қалыптасатыны аян. Яғни адамның барша өмірі табиғат пен қоғамдық ортаға байлаулы. Адам осы ортада өсіп-жетіліп, айналасына әрекет жасау арқылы ықпал етеді. Кейде адамның іс-әрекеті экожүйені бұзуы, жойып жіберуі немесе бейімделмеген жаңа түрлерді енгізуі де мүмкін.

Аталған экологиялық жүйелер туралы ұғымға мынадай мәліметтер келтірілген: «экологиялық жүйе туралы алғаш рет 30-шы жылдары А. Тенсли (1934) түсініктеме жазды. Ресейде осыған жақын биогеоценоз туралы ұғымға 1944 жылы Н. Сукачев (1880-1967) анықтама берді [16, б. 53].

Кейде адамның іс-әрекеті экожүйені бұзуы, жойып жіберу немесе бейімделмеген жаңа түрлерді енгізуі де мүмкін. Мәселен төменде көрсетілген адам әрекеттері арқылы жағымсыз факторлар орын алып отырғандығы турасында жиі айтылып жүр. Олар:

– мұнай мен көмірдің жануынан пайда болған қышқылды жаңбырдың жаууы;

– синтетикалық химикаттардың топырақ пен мұхиттарға енуі;

– орманды кесудің салдарынан топырақ, аңызақ желдердің жиі болуы;

– мұнайдың төгілуі;

– шектен тыс балық аулау.

Осындай әрекеттер нәтижесінде «адамның табиғатқа мұқият қарауына» деген көзқарастарға елеулі өзгерістер еніп, әлемдік өркениеттің экожүйесінің жетістіктерін түбегейлі қайта қарастыруға бет бұрғанын байқауға болады.

Демек адамның қоршаған ортаға деген көзқарасын кеңейтуге деген қажеттілік бар.

Қоршаған ортадағы аса бір өзекті мәселе – ауаның ластануы. Ауаның ластануына тікелей әсер ететін зауыт, фабрикалардан шығатын зиянды қалдықтар. Мысалы, бір ғана ауаға көтерілген шаңның жоғары болуынан өкпе ауруларының қатары ұлғаятын көрінеді. Ал жоғарыда аталған қышқылды жаңбырлардың да саны көбейіп кетті. Ол қалаларда 70-90%-ды құрайды.

Қала және ауылдардың ауасын жақсартуда ең алдымен жасыл ағаштардың көп болуы түрлі зиянды заттардан арылтатын биологиялық сүзгі болып табылады. Ауаның ластануы бүгінде халықты қынжылтып отыр.

Кейбір өндіріс орындарының түтіні салдарынан болса керек жапырақтардың түсуі немесе құстардың қырылуы байқалған.

Жердің де тозу үдерісі байқалады. Бұл турасында айтылып жүрген мәліметтер қатары көп. Бұлар да қоршаған ортаның бұзылуындағы өзекті мәселе. Экологиялық мәдениет деңгейі сол қоғамдағы экологиялық мәселелердің туындауының артуына немесе кемуіне де байланысты болады [17, б. 17].

Экологиялық мәдениет қалыптастырудың құқықтық-нормативтік негіздері мемлекеттік заңнамалық құжаттарда жазылған. Сондай құжаттардың бірі – Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексі. Аталған заңнамалық құжат 2007 жылдың 9 қаңтарында (№ 212) қабылданған. Осы Кодекске сай Қазақстан Республикасында қоршаған ортаның мониторингін жасаудың бірыңғай жүйесі енгізілген және оны орындау мерзімі үш кезеңге белгіленген:

Бірінші кезең – 2004-2007 жылдар аралығы

Екінші кезең – 2008-2010 жылдар аралығы

Үшінші кезең – 2011-2015 жылдар аралығы [18].

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының «Міндетті экологиялық сақтандыру туралы» Заңы 2005 жылы бекілген болатын. Экологиялық білім беруде мамандардың біліктілігін арттырудың мақсаты және негізгі міндеттері» деген 181-бабында экологиялық білім беру турасында айтылады [19].

Адам баласы қоғамды жетілдіруге, арттыруға атсалысады. Экологиялық мәселелерге байланысты «1 студия» телебағдарламасында эфирге шыққан, елімізде арнайы қабылданған экологиялық Кодекс туралы сөз етіп, бүгінге дейін 63 рет түзетулер мен толықтырулар жасалғаны айтылды. Өзгеріс негізінен «Улы газдарды ауаға жібермеу», «Ағынды суларды реттеу», «Қоғамдық тыңдалым өткізу», «Қалдықтарды сақтау және жою» сынды төрт бағытта көбірек жасалатыны айтылған. Бұл өзгертулер дүниежүзілік ынтымақтастық және даму ұйымының талаптары және әлемдік тәжірибедегі қолданыстағы заңнамалар негізінде екені айтылған болатын [20].

Осы аталған Кодекс баптарын негізге ала отырып, Қазақстанда экология мәселелеріне қатысты шаралар жан-жақты іске асырылып жатқандығын көруге болады.

1997 жылы «Қоршаған ортаны қорғау туралы» Заң қабылданды [21]. Экологиялық білім беру мен экологиялық қауіпсіздік мәселелері экология

бағытында қабылданған заңнамалық құжаттар негізінде мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуымен де сабақтас.

Экология бағытындағы зерттеу еңбектердің бірінде: «Экология обоснованно считается научной базой инженерной охраны окружающей среды. В последнее время получили распространение такие понятия, как «инженерня экология» дейді [22, с. 8]. Демек экологиялық білім аясының кең қолданысы байқалады.

Балаға экологиялық тәрбие беруде тіршілік иелеріне қамқор болуға мүмкіндік берумен қатар экологиялық білімдерін жетілдіру қажеттілігін көрсетеді. Осы ретте ғылыми еңбектердің бірінде: «Для повышения эффективности экологического воспитания необходимо:

– дать ребенку вожможность ухаживать за растениями и животными;

– организовать мини экологические мероприятия: очистку родника, уборку мусора;

– самим родителям, самостоятельно пополнять и расширять свои биологические природоохранительные знания;

– часто показывать мультфильмы и детские фильмы в целях эмоционального воздействия на уровень восприятия экологической информации» [23, с. 57] деп көрсетеді.

Бүгінгі жас ұрпаққа гүлдің желмен желбіреп үлбіреген жапырағын алақанымен аялап сипап, әдемілігіне, нәзіктігіне тәнті болып жан-жүрегімен тебірену сезімі таңсық. Ал адамзат бар болғаны сол табиғаттың перзенті ғана.

Экомәдениетті қалыптастырудың бір жолы, қоғамдағы коммуникативті қатынас десек, оның маңызы жайлы «Қарым-қатынас тұлға психикасының және оның мінез-құлқының мәдени, саналы түрде қалыптасуы мен дамуында үлкен рөл атқарады. Жеке адам белсенді қарым-қатынасқа түсе отырып, ол өзі тұлға болып қалыптасады» [24] деп тұжырым жасалған.

Жер бетінде адам санының көбеюі, олардың түрлі кеңістікте тарап, орналасуы, адамдар арасындағы байланысты жеделдету мен жақсартудың нәтижесінде қоғамда жазу және оны жеткізу жолдары қалыптасты. Бұл үдеріс қоғамда коммуникация деп аталады.

Коммуникация – қарым-қатынас жасау, ой, мағлұмат алмасу, танымдық-еңбек қызметіндегі адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасын танытатын ерекше форма. Коммуникацияда тіл басты қызмет атқарады.

Осы ретте ғалым К. Қамзин әлеуметтік коммуникация теориясында тұлғаралық қарым-қатынастың үш типін атап көрсетеді: а) императивтік немесе нұсқамалық (директивалық), авторитарлық; ә) манипулятивтік; б) диалог.

Императивті (императив – бұйрық, пәрмен: «сен міндеттісің». Онда субъект пен объект қарым-қатынасы жоғарыдан төмен жүреді.

Манипулятивті қарым-қатынас – субъект пен объект қарым-қатынасы әріптестер тең жағдайда болса – биязы, мәдениетті, әріптестердің бірінің мәртебесі жоғары болса – өктем, өркөкірек. Әріптеске әсер ету астарлы, астыртын жүргізіледі.

Диалогтық (адамзаттық-гуманистік) қарым-қатынас – бұл әріптестердің тепе-тең пікірлесуі. Әркім өз позициясын қорғай алады, өз пікірінде қала алады.

Экологиялық мәселерге қатысты атқарылатын іс-шаралар қатары адамдардың барлық мүмкіндіктерін назарда ұстайды. Бұл орайда табиғи рессурстарды орынды пайдалану – басты мәселе.

Сондықтан Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында: «Алтыншы сын-қатер – табиғи ресурстардың сарқылуы. Жердің табиғи ресурстарының шектеулігі, түгесілуі жағдайында адамзат тарихындағы теңдесі жоқ тұтынудың өсуі әр бағыттағы, келеңсіз де, оң да үдерістерді үдете түседі. Біздің еліміз бірқатар артықшылықтарға ие. Жаратқан бізге көп табиғи байлық сыйлаған. Бізге өз табиғи байлықтарымызға деген көзқарастарымызды ой елегінен өткізудің принципті маңызы бар. Біз оларды сатудан қазынамызға кіріс құя отырып, оларды дұрыс басқаруды, ең бастысы еліміздің табиғи байлығын орнықты экономикалық өсуге барынша тиімді кіріктіруді үйренуіміз керек» [4] деген.

Экологиялық мәдениет қалыптастыруда экологиялық ойлаудың маңыздылығын О.В. Макарова, О.В. Николаева «Экологическое мышление и экологическая культура в российском образовании» атты еңбекте: «Экологическое мышление – это такой образ мыслей, чувств и обусловленных действий, для которого характерны: убежденность во всех космических, геологических, биологических и социальных процессов; представление о неразрывной целостности природы и общества» деп түсіндіреді [25, с. 48].

Бұдан басқа да психологиялық ерекшеліктердің болуы мен ықпалы маңызды. Экологиялық сананың экологиялық мәдениет қалыптастырудағы қызметі турасында: «Особое внимание при обсуждении экологической культуры заслуживает понятие экологическое сознание. Само определение экологического сознания весьма многогранно» делінген [26, с. 55].

Қоғамдағы адам мен табиғат арасындағы қайшылықтар өз ретімен шешімін табады. Ол үшін адамдардың санасына ықпал ете отырып, олардың өзі тіршілік етіп отырған ортасына деген құлшынысын арттыру қажет. Көптеген елдер күн сайын осы бағытта өздерінің күш-жігерін біріктіріп жұмылуда.

1.2 Қазақстан мен шетелдердегі экологиялық білім беру жүйесі

Экология мәселесі тек бүгінгі мәселе емес. Ол бірнеше ғасырлар бойы негізгі зерттеу нысаны болып келген. Экологиялық білім мен тәрбие беру тіптен сонау әл-Фараби, Ж. Баласағұн, М. Қашқари еңбектерінен бастау алатыны туралы айтылып та, жазылып та жүр. Оның өміршеңдігі ұрпақ болашағымен де сабақтас.


Экологиялық білім беруде алдымен халықтық білім берудің қызметі айрықша. Бұл турасында жұмысымыздың кейінгі тарауларында толығырақ тоқталатын боламыз. Бір ғана қазақ халқының бас ақыны Абай Құнанбаев табиғаттың ерекше құбылыстарын өз шығармаларына арқау ету арқылы этноэкологияның негізін қалады. Сонымен қатар А. Байтұрсынов, М. Дулатов,

М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов сынды ұлт зиялылары табиғатты қорғау мен салауатты өмір салтын сақтаудың ғылыми алғышарттарын жасап берді.

Ал бүгінде жоғары және жалпы орта білім беретін мекемелерде экологиялық бағыттардағы зерттеу еңбектердің қатары біршама көбейген.

Аталмыш бағытта атқарылып отырған шараларға назар аудара отырып, нақтылау мақсатында төмендегі көрсетілген кестені ұсынып отырмыз.

Кесте 1 – Экологиялық білім беру бағыттары



Қоршаған орта табиғаты адам тіршілігімен тығыз байланысты болғандықтан, оның экожүйесін білу – экологиялық сауаттылықты талап етеді. Сондықтан экологиялық білім беру дегеніміз – адамзат қауымының, қоғамның, табиғаттың және қоршаған ортаның үйлестігінің ең тиімді жолдарын ұрпаққа түсіндіру. Оның ішінде қоршаған орта мен оның табиғи ресурстарын тиімді пайдалану барысында табиғатты қорғай алатын, аялай білетін, адамгершілігі мол, ізгілікті экологиялық білім мен мәдениеті жоғары жаңа ұрпақты тәрбиелеудің маңызы зор [27, б. 21].

Бұл ретте білім беру тұрғысынан ғана емес, болашақ мамандарды тәрбиелеудің маңызды бөлігі екендігін, жоғары деңгейде қалыптасқан экологиялық мәдениет кепілі табиғат байлығын қастерлеуде екендігін айтады. Экологиялық білім әрбір адамға тиесілі екені ерте кезеңдерден айтылған [28].

Әлемнің көптеген елдерде 15 сәуірде экологиялық білім күні аталып өтеді. Бұл үрдіс Қазақстанда 1992 жылы жолға қойылса, Ресейде 1996 жылдан бастап қолға алына бастаған.

Экологиялық білім беру тәсілдерінің бірі – экологиялық диктант жаздыру. Экологиялық диктант жаздыруда тек экологиялық-биологиялық білімдерін тексеру мақсаты ғана емес, сонымен қатар қатысушының ойлау деңгейін, шығармашылық қабілеттерін байқау да ескеріледі.

Экологиялық білім беру қоршаған ортадағы адам мәселесіне тікелей қатысты. Осы тұста адамдардың табиғи байлықтарды тиімді пайдалануы мен қорғалуы туралы бағдарлама ұсынылған. Осы турасында нақтырақ тоқталсақ: «С 1971 года программа «Человек и Биосфер» (МАБ) работает над улучшением отношений между людьми и окружающей средой. Стратегия МАБ на 2015-2025 гг. разрабатывалась в устойчивому использованию и сохранению биологического разнообразия и природных ресурсов» делінген [29].

«Адам және биосфера» атты бағдарлама негізінде жол картасы дайындалды. Онда: «В результате расширенного процесса консультаций с участием многих государств-членов Стратегия МАС на 2015–2025 гг. Была принята на 38-й сессии Генеральной конференции ЮНЕСКО. В марте 2016 года четвертый Всемирный конгресс по биосферным заповедникам в Лиме, Перу, собрал более 1100 участников из 115 стран и рассмотрел вопросы, связанные с реализацией Стратегии МОМ, в частности Повестки дня в области устойчивого развития на период до 2030 года» делінген [30, с. 336]. Аталған бағдарлама негізінде атқаруға жоспарланған шаралар қатары жолға қойылды. Осы бағдарлама негізінде көптеген игі істердің куәсі болып келеміз.

Қазақстанда экобілім беру жүйесі басқа шетелдердегі тәрбие мен білім беру қағидаларына ұқсас. Көптеген шетелдерде, мәселен, Еуропа елдерінде балалар жабайы және үй жануарларына үй жағдайында қамқор болуды мақсат етеді. Бұл тәжірибе Қазақстанда да жолға қойылған. Балалар көктемгі уақытта құстарға ұя жасаудан бастап, жануарларға арналған түрлі қорықтар мен зообақтарға бару мен қамқор болу т.б. бағыттарда игі бастамалардың ортасында жүреді.

Адамға экологиялық білім отбасы, жұмыс, оқу орындарында да (мұнда да өз үйіндегі сияқты шағын ғимараттың өзінде қарапайым ережелерді сақтауды үйрену мен көп көңіл бөліну қажет) берілетіндігі баса айтылады [31, б. 26].

Экологиялық білім беру ісінің маңыздылығы мен қажеттілігі заман ағымына да байланысты болады. Солардың бірнешеуін нақтылап айта кетсек. Мәселен, Австрияда арнайы мектеп жобалары экология бағытында жұмыстар жүргізеді. Мұндай жұмыстар қатары біздің еліміздегі білім беру мекемелерінде де қолға алынуда. Тіптен арнайы таңдау ретінде «Өлкетану» пәні енгізілген. Әрі осы бағыттағы жұмыстарды нығайтуға басты назар аударылады.

Шетелдік деректер мен мәліметтерге қарағанда 60-70-ші жылдары Германия тазалығы нашар деп есептелсе, кейіннен біршама жақсарғандығы айтылады. Бұл ретте мемлекет экологиясына көп қаржы бөлініп, тазалығына аса зор мән берген дейді. Мәселен, ең қарапайымы күнделікті ортада тазалықты сақтау мен өз ортасына сүйіспеншілікпен қарауға бағыттады.

Ирландиялық экологиялық білім беру жүйесі жастарды экологиялық мәселелерге қызығушылықтарын арттыруды көздейді.

Жапонияда экомәдениеттің қалыптасуы кәсіптік білім берудің әртүрлі бағыттарымен де байланысты. Экожүйелер бойынша білім беру бағдарламалары жүзеге асырылуда.

Америка Құрама Штаттарындағы орта мектептерде экологиялық мәселелер айырықша назарда. Экологиялық білім барлық негізгі пәндер мен жұртшылықтың мазмұнында экологиялық этика мақсаттарының кеңінен жүзеге асырылуымен сипатталады. Сол себепті де Америкадағы экологиялық білімнің жетекші бағыты оқушылардың экологиялық сауаттылығының жоғары деңгейде екендігін танытады.

Дегенмен бірнеше ғалымдар АҚШ пен Германияның мемлекеттік экологиялық саясатында және халықаралық экологиялық ынтымақтастықта бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуымен нақты проблемамен айналысады. Оған шетел зерттеушілері қатысады. Мысалы, Р. Барлетт, П. Куриан және басқа да авторлар экологиялық іс-шараларға бөлінетін әлемдік қаржы қорларына ұлттық бұқаралық ақпарат құралдарының әсерін арнайы зерттеу нысанына алса, Д. Грабердің еңбектері АҚШ-тағы журналистиканың осы бағыттағы жарияланымдарына талдау жасауға бағытталған. Ал германиялық психолог Д. Дернер елдегі экологиялық сауаттылық мәселесін арнайы қарастырумен айналысады. Неміс сарапшылары V. Donsbah, M. Enichke, H.M. Kepplinger, B. Pfetch, V. Tishler, O. Yarren мемлекеттік билік құрылымдарымен негізінен бұқаралық ақпарат құралдарының өзара іс-қимыл тетіктерін талдаумен айналысады. Американдық сарапшылар D. Dennis және Д. Меррилл американдық БАҚ-тардың қызметі туралы ең таралған сұрақтарға тоқталуда. Л. Колдуэлл қоршаған орта саясатының аясында ғана медиа проблемаларына қатысты деген пікірге саяды.

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі Халықаралық ынтымақтастық ұйымы, сондай-ақ АҚШ, Батыс Германия сынды өнеркәсібі жоғары дамыған мемлекеттердің экология саласындағы саясаты мен қоғамдағы экологиялық мәдениетті қалыптастырудағы іс-шараларына бұқаралық ақпарат құралдарының қатысу, ықпал ету мүмкіндіктерін зерттеу барысында БАҚ-тардың бұл саладағы рөлінің жоғары екендігін, яғни заманауи Батыс қоғамында экология мәселесінде бұқаралық ақпарат құралдарының маңызы толық абсолюзациясымен сипатталатыны анықталды. Осыған байланысты бұқаралық ақпарат құралдарына айрықша маңыз беріледі, олар техникалық жетілдірілген ақпарат таратушысы ретінде танылады. Сондай-ақ Батыс қоғамында өзекті мәселелер бойынша негізгі ақпараттарды обьективті және сапалы таратушы БАҚ ретінде демократиялық талап тұрғысынан жоғары баға береді.

Дамыған Батыс демократиялық елдердің саяси салаларында бұқаралық ақпарат құралдарындағы БАҚ-тың үстемдігі байқалады. Дәстүрлі саяси институттар көптеген елдерде, өз ұстанымдарын тапсырғанын немесе дерлік саяси күн тәртібін анықтау, олардың маңыздылығын жоғалтады. Бұл функцияларды бұқаралық ақпарат құралдары сәтті түрде ұстанады. Оларсыз саясаткерлер кең ауқымды қоғамдық қолдауға ие бола алмады. Осыған байланысты заң шығарушы, атқарушы және тіпті кейбір дәрежеде сот жүйесі табылды.

Дегенмен олар өз мақсаттарына жету үшін оларды қолданады және саяси үдерістің әртүрлі сатыларында, ол әлсіз сілтеме өте алыс саяси шешім қабылдауда нақты қатысу болып табылады.

1979 жылы алғаш негізі қаланған Қытай экологиялық білім беру ассоциация комитеті ашылды. Онда алға қойған шаралардың мақсаты мен міндеттері айқын болды.

Норвегияда табиғатты қорғау қоғамы оқушыларға арналған бағдарламалар жасау арқылы танылады. Аталған бағдарлама аясында оқушылар қоршаған ортаға зиянсыз, қауіпсіз әрекеттермен ықпал ету мәселелерін жаһандық көлемде бақылауды қарастыратын, мәселен, энергия қызметтерінедеген қажеттілікті қалай қанағаттандыра аламыз деген сауалға жауап іздеу бағытында болды. Бұл бағдарламаға Еуропадағы көптеген елдерде 50 мыңнан астам мектеп оқушылары тартылған.

Осындай экологиялық мәдениетті қалыптастыру бағытындағы жоспарланған шаралар білім беру нысандары аясында әртүрлі формаларда өткізіліп отырды.

Мәселен, салыстырмалы түрде бағамдасақ, шетелдік зерттеу мақалалардың бірінде (Eric Freedman and David Poulson. Real-World Learning of Public Affairs and Environmental Journalism: Two Models): «The first is the enhanced portfolio that demonstrates the students' skills and differentiates them from other new graduates entering the job market.The second and most important recognition comes in the tangible form of jobs and internships for participants who parlay these real world-type academic experiences» деп атап көрсетеді [32, p. 214].

Экологиялық білім беру ісінің маңыздылығы мен қажеттілігі заман ағымына байланысты болады.

Қоғамдық өмір сүру ортасында кез-келген адамның табиғатты көзінің қарашығындай қорғау мен сақтау туралы білімі болуы, қалыптасуы заңды. Ғылымда экобілім беру ісінің қолға алынуы турасында Н.В. Калинина атап өте келе, биология ғалымдарының негізінде қалыптасып, әлеуметтік-экологиялық мәселелерді қамту аймағына еніп отырғандығын айтады [33].

Бүгінде қабілетті, жоғары білікті экологиялық мамандар қажет. Бұл үшін жоғары экологиялық білім беру жүйесіне түбегейлі реформалар жасалу, әрі жетілдіру бағытында жұмыстар атқару қажеттілігі туындайды.

Ақпараттар ағыны дәуірінде экологиялық ақпарттардан үнемі хабардар болып отыру қызметі әлемнің әр елдерінде қалай, қандай тұрғыда жүзеге асырылып жатқандығы БАҚ арқылы да көрініс тауып отырады.

Сондықтан көпшілікке экологиялық білім берудің бірден-бір жолы – БАҚ болып табылады. «The role of ecological culture as an indicator of sustainable development of relations between society and nature» атты еңбекте мынадай тұжырым берілген: «Cultural ecology explores certain cultural features of society, especially catering and other natural resources, arising from the adaptation of a specific culture to the natural environment» деп түсіндіреді [34].

Әлемдік ақпарат құралдарында экологиялық журналисткаға, кәсіби білімге баса көңіл бөлінетіндігі турасында A. Howarth «…Participatory politics,

environmental journalism and newspaper campaigns» атты зерттеу мақаласында: «In articulating the newspaper's position on an issue, editorials also serve as an organizing fulcrum around which the tone and content of news stories will be structured. While alternative viewpoints may well be given space..» [35, p. 218] деген болатын.


Германия мен Ресейдегі экологиялық журналистиканың жай-күйі туралы A. Davydova «From the Field: The State of Environmental Journalism in Germany and Russia» атты мақалада былайша өзара салыстырмалар жасаған: «Yet, in spite of the differences mentioned above, reporting on climate change both in Germany and Russia comes across a number of very similar challenges...» [36, p. 274].

Сондай-ақ Швециядағы БАҚ өкілдерінің жұмысы, журналист шығармашылығы, логикалық талдаулар жасау турасындағы ойлар «Inside, outside, and beyond media logic: journalists creativity in climate reporting» атты мақалада «...The results consist of three ways of conceptualizing the climate issue among the journalists: as inside, outside, and beyond media logic…» [37, p. 465] деген.

Жоғарыда берілген бірнеше пікірлерге назар аудара отырып, қай елде болмасын кез-келген әлеуметтік топ өкіліне қазіргі заманғы технологиялық қоғамда өмір сүріп, жұмыс істеу үшін қажетті сараптама және экологиялық бағдар дағдыларын игеру міндеттері қойылуда.

Аталмыш міндеттерді бүгінгі жастар, оның ішінде студент жастар қалай жүзеге асыруда деген сауалға жауап алу мақсатында Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті студенттерінен сауалнама алынды. Сауалнамаға 100 адам қатысты.


Зерттеудің мақсаты – жастардың экологиялық мәдениетінің деңгейін анықтау. Келесі реттегі жүргізілген сауалнама төмендегідей сұрақтарды қамтыды және нәтижесі шығарылды.



Сурет 1 – Қазақстандағы ең таза қала


«Қазақстандағы ең таза қала деп қай қаланы атайсыз?» деген сұрақ бойынша басым көпшілік жауап берушілер Нұр-Сұлтан қаласын ең таза қала ретінде белгілесе (53 пайыз), сауалнаманың жауабында берілген өзінің таза

қала деп есептейтін қаланы көрсетіңіз деген сауалға бірнеше қалаларды (Қостанай, Талдықорған, Көкшетау, Павлодар), оның ішінде көпшілігі Қостанай қаласын (27 пайыз), Павлодар (20 пайыз) қаласын атаған.




Сурет 2 – Экологиялық таза қала болу үшін не істеу керек?

«Қазақстанда экологиялық жағынан таза қалалар қатарын көбейту үшін қандай шаралар ұйымдастырылу қажет деп санайсыз?» деген сауалнамаға жауап берушілердің басым көпшілігі Қазақстанның экологиясын жақсарту үшін экологиялық мәдениетті қалыптастыру керек десе (79 пайыз), түрлі насихат жұмыстарын жүргізу (14 пайыз), экологиялық білімдерін жетілдіруді қолға алу керектігін (7 пайыз) көрсеткен.




Сурет 3 – Табиғатты таза ұстау үшін мәдениетті болу керектігі

«Табиғатты таза ұстау үшін мәдениетті болу керек пе?» деген сауалнама бойынша жауап берушілердің 53 пайызы «иә, әрине» деп жауап беріп, таза болу үшін мәдениетті болу керек екендігін айтады. Жауап берушілер арасында бастысы мәдениетті болу емес екендігін де айтқандар (27 пайызы міндетті емес десе, 20 пайызы білмедім деп жауап берді) кездесті.



Сурет 4 – Экологиялық іс-шараларға қатысу

«Экологиялық бағытта өткізілген шараларға қатысасыздар ма?» деген сауалға жауап берушілердің 73 пайызы «иә, әрине» деп жауап берсе, 13пайызы – «ұйымдастырылса қатысар едім», 7 пайызы «міндетті емес, қатысып көрмедім» деп жауап берді.



Сурет 5 – Экологиялық білім жетілдіру қажеттілігі

«Экологиялық біліміңізді жетілдірудің қажеттілігі бар ма?» деген сұраққа экологиялық білімімді жетілдіру қажет деушілер қатары 93 пайыз, қажет емес деушілер – 7 пайызды құрады.

Сауалнама жүргізу барысындағы нәтижелерде бүгінгі жастарға аталмыш бағытта атқарылатын іс-шаралар қатарын көбейту қажеттілігі байқалды.

Экологиялық білімді жетілдіру мен үнемі дамытып отыру арқылы апаттар мен қауіптердің алдын алуға болады. Бүгінгі қоғамдағы зауыт-фабрикалардың шығаратын улы қалдықтары мен түтіндері, ауыз су мөлшерінің әлемдік деңгейдегі азаюы, өзендер мен көлдердің тартылуының адамзат үшін қауіпті екені баршаға аян.

Белгілі ғалым Н. Омашев заманауи білікті журналист мамандар дайындауда журналистің білуі тиіс бірнеше міндеттерді: «...журналистік қызметте ақпарат көзімен жұмыс жасау, экологиялық жағынан сауатты болуы үшін қабылданған заңнамаларды білу, заманауи технология жетістіктерін меңгеру, білімін үнемі жетілдіріп отыру, өз ана тілімен қатар өзге шет тілін де меңгеру қажет болады» [38, б. 25] деп атап көрсетеді.

Болашақ маман ретінде шыңдалуда осындай қажетті ақпараттар үнемі назарда болуы тиіс. Сондай-ақ бүгінгі БАҚ-қа, әсіресе телевизия саласына жаңаша бастамалар мен көзқарастар, тың жобалармен толықтырып отыратын мамандар қажет-ақ. Журналистік қызмет журналистік дара стиль мен өзіндік жұмыс істеу ерекшелігінің, өзіндік журналистік қызмет тәсілінің болуы керек екендігі аян [39].

Журналистикада қоғаммен байланыс мәселелерін жан-жақты білу мен әлеуметтік тұрғыда зерттеулер жүргізе алу маңызды.

Қазақстанда экологиялық мәселелерді түбегейлі шешу экологиялық мәдениеттендіруді қажет етеді. Бұл бүгінгі жас буынды, елдің ертеңін таза, қауіпсіз ортада өмір сүрулеріне жағдай жасау дегенге саяды. Оның ішінде төртінші билік иелері журналистердің экологиялық біліммен қаруландыру қазіргі заманның талабы. Қазіргі қоғамдағы экобілім жас ұрпақтың мәдениетті болу талаптарына сай емес деген пікірлер де кездеседі. Бұл қаржының жеткіліксіздігімен, ақпаратты жеткізуші білікті журналист мамандардың аз болуымен, материалдық-техникалық база деңгейінің нашарлығы себептерімен түсіндіріледі.

Жұмысты жазу барысында бүгінгі студент, ертеңгі маман журналистердің кәсіби шеберлікке үйрену мен салалық бағытта жұмыс істей алу қабілеттерінің деңгейін бақылау мақсатымен зерттеу-бақылау жұмыстарын жүргіздік. Экология тақырыбындағы мақала медиамәтініне сыни талдау алгоритімін жүргізу мақсаты қойылды. Студенттер материалдарды талдай отырып, берілген тақырыптың мазмұнын түсініп, тапсырмаларды орындай алды.


Зерттеу нысанына «Атамекен» республикалық-қоғамдық экологиялық газетінің 2016 жылғы 18-шілде № 13 санында жарияланған Ә. Ұзақбайдың «Қоқыс жәшігіндегі ұлттық сана» атты мақаласын алдық [40]. (Қосымшада берілген).

Қысқаша мақала мазмұны төмендегідей: Алматы қаласының әкімдігі қала тұрғындарын тұрмыстық деңгейден бастап ұлттық рухта тәрбиелеуді қолға алмақ. Қала билігі мұндай жоғары материалды мақсатқа жетуге 170 миллион теңгеден астам қаржы жұмсамақ.

Кесте 2 – «Қоқыс жәшігіндегі ұлттық сана» медиамәтініне сыни талдау алгоритмі

№	Мақала медиамәтініне сыни талдау алгоритмі
1-кезең	Медиамәтінмен (экология тақырыбындағы мақала) мұқият танысып шығу. Шағын мақаланы мұқият оқып шықтым. Мазмұны түсінікті.
	Мақала туралы ақпарат. Мақалада берілген негізгі ақпарат – қала тазалығы. Қоқыс жәшіктері турасында.
	Мақаладан алынған өзіндік әсер. Мақаланың тақырыбы бірден назар аудартады.
2-кезең	Мәтіндік талдау. Мәселенің өзектілігі. Мәселенің өзектілігі орынды. Келелі мәселе.
	Фактілік талдау. Фактілік материалдар, нақты цифрлық деректер кездеседі.
	Мағыналық байланыс, логикалық сәйкессіздік, сәйкестік. Мақала өзара байланысқан бірнеше ойдан құралып, мағыналық, логикалық жағынан тұтастыққа құрылған.
3-кезең	Жалпы мақалаға беретін өзіндік бағаңыз. Мақала маған ұнады. Дегенмен де әсерім керемет емес. Жақсы деңгейде жазылған деп бағалаймын.

Зерттеу барысында ұсынылған «Қоқыс жәшігіндегі ұлттық сана» медиамәтініне сыни талдау алгоритмінің нәтижесін төменде берілген диаграммадан көруге болады.



Сурет 6 – «Қоқыс жәшігіндегі ұлттық сана» медиамәтініне сыни талдау

Ұсынылған медиамәтінге сыни талдауды журналистика мамандығында білім алушы 50 студент орындап шықты.

Нәтижесінде студенттердің 70 пайызы ұсынылған медиамәтінмен толық таныса отырып, берілген негізгі ақпараттардан хабардар болды. Мақаладан алған өзіндік әсерлерімен бөлісті. Мақала тақырыбының ерекше назар аудартатындығын, көтеріліп отырған мәселенің өзекті екендігін айтты. Мәтінде қолданылған фактілік материалдар, нақты цифрлық деректердің қолданысын бағамдады. Мақаланың өзара байланысқан бірнеше ойдан құралып, мағыналық, логикалық жағынан тұтастыққа құрылған мәтін екендігіне көз жеткізе отырып, ұнағандарын айтты. Мақалаға өзіндік пікір білдіре алды.

Студенттердің 20 пайызы мақалада берілген негізгі ақпараттардан хабардар болды, мазмұнын түсінді. Тақырыптың бірден назар аудартатындығын айтты. Мәтінде қолданылған фактілік материалдар, нақты цифрлық деректердің қолданысына назар аударды. Алайда мақалаға пікір білдіріп, өзіндік әсерлерімен бөлісе алмады.

Студенттердің 10 пайызы берілген медиамәтінмен толық танысты. Дегенмен, өзіндік пікірлерін толық жеткізе алмады. Қызығушылық туғызбады.

Осындай әлеуметтік зерттеулер жүргізудің маңыздылығы зор. Британдық социолог Герберт Спенсер әлеуметтік зерттеу түріндегі әлеуметтік институт терминін алғаш рет ұсынған болатын. Осы негізде қоғамға қызмет ететін дін, білім беру, отбасы, саясат, экономика деген бес түрін атап көрсетеді.

Әрбір заңды түрде құрылған мекеме немесе ұйым болсын белгілі қалыптасқан құқықтар мен міндеттерін негізге ала отырып қызмет атқарады. Сондай бағыттағы қызмет көрсететін әлеуметтік институттардың да өз міндеттері мен мақсаты белгіленеді.

Әлеуметтік институттың негізгі зерттеу бағыты – көпшілік қауым, әлеумет, адамдардың әлеуметтік жағдайы. Әлеуметтік институттар бүгін ғана қалыптасып қойған жоқ. Ол кеше де бүгін де қолданысқа ие.

Әлеуметтік мәселелер турасында жұртшылыққа ақпарат беретін ең алдымен журналистер. Журналистика – тек ақпараттандырып қана қоймай, тәрбие құралы, қоғамдағы адамның санасына әсер ете отырып, адамдардың рухани дүниелер алуға мүмкіндік беретін байланыс көзі.

Осындай міндет қойып, белгілі мақсатқа жету жолында аянбай қызмет көрсететін журналистердің білімі мен білігі сай болғаны орынды.

Осы тұста ғалым Н. Омашев бүгінгі журналистерге қажетті ерекше қабітеттермен алған білімді тәжірибемен ұштастыруды, шығармашылық қабілетін шыңдауды, егер БАҚ аудиториясының көңілінен шыға білсеңіз, онда сіздің шыңдалғаныңыздың көрінісі болатындығын айтады [38, б. 28].

Бүгінгі заманда ақпарат құралдарының ішінде өзінің таралу аясының әлемдік кеңістікке шығуы, қолжетімділігі және ең бастысы заманауи қолданысының бесаспаптығы жағынан интернет ең тиімді де кең тараған құрал. Сондықтан қазігі журналистиканы ақпараттық қоғам, ноосфера және ноосфералық өркениет, ақпараттық кеңістік және киберкеңістік, ақпараттық орта, виртуалдық реалдылық контексінде қарастыру керек. Мәселен, АҚШ радиосына 50 миллион адамы бар аудиторияны аузына қарату үшін 38 жыл кетті. Телевизия сол жолды 14 жылда жүріп өтті. Ал Интернет тек 4-ақ жылда

әлгі межені бағындырды. Масс-медианың мұндай ғаламат жылдамдығына сарапшылар мен зерттеушілер әрең-әрең ілесуде. Жаңалықтардың жедел тарауында жалған ақпараттар тарауда, бұл да қоғамды алаңдатып отырған мәселе. Осы ретте «Unfortunately, the problems of fake news, manipulation, and propaganda will never disappear. In the recent Freedom House (2018)'report that 'if democracy is to survive the digital age, technology companies, governments and civil society must work together to find real solutions to the problems of social media manipulation» [41, p. 5] деген пікірді айтуға болады.

Ғалым Ж. Бижан журналистер дайындауда әлеуметтік журналистика пәнінің үлес-салмағын көрсетеді [42, б. 193]. Адамдар арасындағы ақпарат алмасу тарихы талай ғасырларды бастан кешті. Петроглифтен әліпбиге, дыбыстық хабар таратудан телеграф, желілік байланысқа, өзіндік ақпарат алудан, өзгелермен коммуникацияға түсудің технологиялық жетістіктеріне жетуге дейінгі кезеңдерден өтті. Сөйтіп реципинеттің (лат. *recipens* – алушы, қабылдаушы) өзі сапалық биікке көтерілді. Ақпараттық кеңістік коммуникациялық тұрғыда әртараптанып, түрлі коммуникациялық институттар ашылып, аясы кеңіді. Бір сөзбен айтқанда, әлеуметтік қарым-қатынас тарихы – адамзат мәдениеті мен өркениетінің даму тарихының көрсеткіші болды.

Жалпы технологиялық детерменизмді қолдаушылар пікірінше, коммуникация саласындағы ілгерілеу, сапалық даму үш кезеңге жіктеледі. Оның алғашқысы баспахана ісінің дүниеге келуімен сабақтас ақпараттың молаюы, кең тарауына жол ашса, екінші коммуникациялық революция XYII ғасырдан басталған баспасөздің туып, сапалық даму тарихымен байланысты болды. Газет, журнал, радио және телевидениенің коммуникация құралына айналуымен орай, журналистика ақпаратты өндіру мен таратудың тың техникалық жетістіктеріне аяқ басты. Ал үшінші техникалық төңкеріс өндіруші мен тұтынушы арасында тікелей байланыс орнатып қана қоймай, журналистиканың басты белгісі ақпаратты жедел жеткізуге мүмкіндік тудырды.

Әлеуметтік журналистиканың ауқымдылығы мен қолданысының сипаты басымдылық танытып отыр. Шетелдік тәжірбелерде де бұл мәселе турасында былайша пайымдайды: «Traditionally, U.S. journalism majors gain professional experience before graduation through two principal avenues, internships and part-time or summer jobs. Those positions are generally with news organizations, public relations agencies, and the communications offices of government agencies, nonprofits and trade organizations, and businesses» [43, p. 187].

Коммуникацияны жинақтап, біртұтас ғылыми жүйеге айналдыратын – медиатану. Біріктіруші, интегративті ғылым болғандықтан, оның басты функциясы жалпылық мәні бар коммуникологиялық әлеуметтік-гуманитарлық, жаратылыстық-ғылыми және техникалық білім кешенін жинақтау болып табылады. Ал әлеуметтік, био, зоокоммуникациялар мен техникалық ғылымдар коммуникациясының теориясы медиатехнология, коммуникологияның құрамына енеді.

Осының ішінде адамдар арасындағы қарым-қатынас басты нысанасы болып табылатын коммуникация – гуманитарлық-әлеуметтік коммуникология.

Оның объектісінің өзі де сол әлеуметтік коммуникация мәселелері. Медиатанудың пән ретіндегі, ғылым ретіндегі мәртебесі (статусы) туралы алғаш рет шетел ғалымдары Р.Т. Крейг, Э. Роджерс сөз қозғаса, олардың бұл позициясын орыс ғалымдары И.П. Яковлев, О.Л. Гнатюк, Г.П. Бакулев өз еңбектерінде қолдап жазды. Бұл орайда И.П. Яковлев жаратылыс, техникалық және гуманитарлық пәндердің зерттеу нысаны жаратылыс, техникалық және әлеуметтік-мәдени коммуникациялар. Ал ғалым О.Л. Гнатюк медиа технологияның бір саласы – коммуникология туралы былай дейді: «коммуникология – ол қоғамдағы, табиғаттағы және техникалық жүйелердегі коммуникациялар туралы жалпылық мәні бар инегративті (яғни оның дамуы, құрылымы, коммуникациялық үдерістер туралы) ғылым. Коммуникология өз бойына әлеуметтік-гуманитарлық, жаратылыс-ғылыми және техникалық білімдер кешенін жинақтайды. Сонымен қабат коммуникология органикасында әлеуметтік коммуникация теориясымен бірге био-зоокоммуникациялар, техникалық ғылымдар коммуникациясы теориясының өрнектері бар. Соны медиатехнологиялар мүмкіндігі виртуалды және нақты коммуникация қоғамның өмір сүру мүмкіндігін ақпараттық жағынан қамтамасыз етіп отырады.

Бұқаралық коммуникация түрлерінің барлығына тиесілі әмбебап әлеуметтік функцияларды 1940 жылы американдық саясатанушы, бұқаралық коммуникацияны зерттеуші Гарольд Дуайт Лассуэлл айқындап берді. Ол аталған функцияларды өзіндік құрылымы мен жалпы бағыты бар, кез-келген жүйенің тепе-теңдігіне, балансына негізделетін әлеуметтік үдеріс деп бағалаған.

Экологиялық журналистика функциялары төмендегідей айқындалады:

– экожурналистиканың ақпараттық қызметіне экожүйенің жай-күйі мен оның тұрақтылығы және адам денсаулығына қауіп тудыру ықтималдығынан хабардар ету;

– экожурналистиканың білім беру қызметіне білім алушыға экожүйенің басты заңдылықтарымен, табиғатқа антропогендік әсердің салдарларымен, әлемдік экожүйедегі жекелеген оқиғалармен, климаттық, ауа қабаттарындағы және адам денсаулығына әсері бар экологиялық жайлармен таныстыру жатады;

– экожурналистиканың ұйымдық қызметіне екі түрлі міндеттер енеді: алғашқысы, экологиялық мәселелерге қатысты жұртшылықты белгілі бір іске шақыру; екіншісі, қоршаған ортаны қорғауға байланысты халықтың құқығын қорғап, олардың үкіметтік деңгейде орындалуын талап етіп, осы тарапта бақылаушылық функция атқару.

Сыртқы дүниені шолу: «медиа танымы көкжиегін кеңейтеді» – ақпараттық функциясы.

Қоғамның әлеуметтік құрылымын түзету (корреляция), оған әсер ету және кері байланыс арқылы бір мезгілде оны тану – түзету (корреляциялық) функциясы. Ол ақпараттық хабарламаларды түсіндіру, интепретациялаудан, билікті және оның нормаларын қолдауды қамтамасыз етуден көрінеді.

Экологиялық журналистиканың танымдық-мәдениеттанушылық қызметінің бір қыры оның мәдени мұраны өткеру мен табыстауынан көрінеді.

Экологиялық білім беруді жолға қойып, осы бағытта тың бастамаларға жол ашуда білім берудің заманауи бағыттарында түрлі әдістер қолданылуда.

Осындай бастамаларға экологиялық психология саласына байланысты зерттеулер де қатысты болады. Өзге шетелдерде экологиялық білім беру концепциясы негізінде 1977 жылы Москвада, 1987 жылы Тбилисиде («Тбилиси + 10») халықаралық конгресінде экология мәселелерінің кешенді негіздері қаланған болатын.

В «Деклорации конференции Организации Объединенных Наций о средечеловека», принятой в Найроби (1982 г.), говорится о значении образования вусилении общественного осознания важности экологических проблем. В 1983 г. в «Бечской декларации», выработанной 60 экспертами из 15 стран пообразованию и политике в области среды, указывается, что экологическоеобразование должно из дела исключительно специалистов стать делом общественности [44, с. 50].

Қоғаммен үнемі байланыста болатын журналистерге адамдар психологиясын үнемі назарда ұстау маңыздылығы ерекше.

Психология ғылымы бүгінде қырқынды дамуда. Қай саланың болмасын негізгі нысандарына кіретін психологияның журналистика саласындағы қызметін зерттеу мақсатымен XX ғасырда американдық ғалым У. Липман ғылыми зерттеу жүргізеді. Өзіндік мақсат, міндеттер қояды.

«Программа формирования экологической культуры, здорового и безопасного образа жизни в соответствии с определенными стандартами должна быть рассчитана на все слои общества» [45, с. 269] деп атап көрсетілгендей, бүгінгі журналистік қызметтің атқаратын жауапкершілігі арта түсуде. Қоғамдағы кез-келген келелі мәселе ақпарат арқылы құлақтандырылып, шешімін табады. Бұл ретте журналистке деген жауапкершілік те бірнеше есеге артады.

1.3 Экологиялық журналистика мәселелері

Бүгінде журналистиканың салалық түрлеріне қажеттілік артып отырғандығы байқалады. Атап айтар болсақ, қоғамдағы экология тақырыбы өзектілігімен көрінуде. Өзекті тақырыпты жан-жақты меңгеруде экологиялық бағыттағы журналистиканың дамуы орын алып отырған мәселелерді шешуге септігін тигізеді. Осы тұста аталмыш бағыттағы орталықтар мен ұйымдардың қызметі де маңызды.

Сондай орталықтардың бірі MEDIANET. MEDIANET – халықаралық журналистика орталығы, 2004 жылы құрылған. Орталықтың мақсаты – Қазақстан мен Орталық Азия елдерінде медиалық білімді дамыту. Ол отандық және шетелдік ақпарат саласына мамандар дайындау міндеттерін қояды. Аталмыш орталықта «Экологиялық журналистика» бағытында көптеген кітаптар жарық көрген.

Дегенмен де экология тақырыбына арналған қазақ тілді кітаптар қатары аздық етеді. Бұл мәселе жайында айтылып та жүр. Тіпті бірнеше себептерін де көрсетуде. Онда экологиялық бағытта жазатын журналистердің жазу стиліндегі кемшіліктерді атаумен қатар интернеттегі материалдарды аударумен ғана шектелетіндігін, экология тақырыбын жазуда сарапшы мамандарды дұрыс таңдамаумен, белгілі ұйымдар мен мекемелермен тиімді байланыс орната алмауымен де байланысты деп көрсетеді.

Табиғи орта экожүйесінің адам өміріндегі маңызы жайлы бұқаралық ақпарат құралдары түрлі ақпараттық хабарларды өз бағдарламаларына енгізіп, үздіксіз насихаттауда. Бұл тараптағы журналистердің оқырман, тыңдарман, көрермен аудиториясын журналистиканың барлық жанрларында тартымды да, қызықты материалдар негізінде экологиялық мәдениет қалыптастыруға жұмылдырудағы еңбектері өте зор. Әлемде экологиялық өзекті мәселелер өрши түсіп, ақпарат құралдарының экомәдениет бағытындағы жұмыстары күннен күнге көкейтесті мәнге ие болуда. Алайда нарықтық экономиканың қатал заңы бәсекелестік ортада дәл бүгінгі күннің сұранысына қажет өнімді талап ететіні анық. Сондықтан еліміздеге экологиялық орта, оның жай-күйі, проблемалары сынды отандық, жалпы адамзаттық экология мәселесінен гөрі, көбіне баспа орындары пайда көздеп, қазіргі күннің өтімді тауарларын өндіруді құп көретіні жасырын емес.

Ұлттық психологияда күнделікті тұрмыста адамдардың басым көпшілігі өзі өмір сүріп отырған табиғи ортаның экологиялық жағдайына көп көңіл бөле бермейді. Оны өзіне тікелей қатысы жоқ мәселе деп немесе мемлекеттік деңгейде шешілетін жай деп есептейді. Десек те бізді қоршаған табиғи ортаның экожүйесі біздің оған деген қарым-қатынасымызға байланысты екенін ұмытпағанымыз абзал.

Журналистиканың ең бір нәзік те адамзатқа ортақ жаһандық мәселесімен айналысатын саласы экологиялық журналистика жылма-жыл жаңа тың зерттеулермен толығуда. Атап айтсақ, экологиялық журналистика нысанындағы шетелдік зерттеуші ғалымдар: Anders Hansen «Environment, Media and Communication» [46], Anders Hansen «Media and the Environment» [47], Libby Lester «Media and Environment» [48], Stuart Allan, Barbara Adam, Cynthia Carter «Environmental risks and the media» [49], Alison Anderson «Media, Culture and the Environment» [50], Alison Anderson «Media, Environment and the Network Society» [51] зерттеулері, экологиялық тақырыптың баспасөзде қамтылуының құрылымдық түзіміне арнайы зерттеу жүргізген John Blewitt «Media, ecology and conservation: using the media to protect the world's wildlife and ecosystems» [52], L. La May Craig, E. Everette Dennis «Media and the environment» [53] салыстырмалы зерттеулері, экологиялық саясаттың аймақтық қызметінің аспектілері туралы Jeffrey D. Sachs «The Price of Civilization: Reawakening American Virtue and Prosperity» [54], Jeffrey D. Sachs «The End of Poverty: Economic Possibilities for Our Time» [55], J. Vig Norman, E Michael. Kraft «Environmental Policy» [56] еңбектері, экологиялық журналистика теориясы бойынша жарық көрген М. Фридман Шарон, А. Фридман Кеннет

«Пособие по экологической журналистике» [57], L.J. Thomas «This Incomparable Land: A.Guide to American Nature Writing» [58], О.А. Берлова, А.Л. Кочинева, В.Б.Колесникова «Экологическая журналистика» [59], M.J. Lewis, B.M. West, M.R. Greenburg, D.B. Sachsman, R.M. Rogers «The Reporter's Environmental Handbook» [60], Л.А. Коханова «Экологическая журналистика, PR, реклама Юнити Дана» [61], Л.В. Сизова., Н.Г. Давыдова «Советы начинающим журналистам. Краткое пособие для молодых журналистов-экологов» [62] еңбектерін атауға болады.

Экологиялық журналистиканың алғаш қалыптасуын ғылыми журналистиканың пайда болуымен байланыстырады. «Өсімдіктер мен қоршаған орта», «Дала геоботаниясы», «Биоценология» сынды алғашқы экологиялық журналдар жарық көрді. Алайда бұл басылымдар оқырман үшін қолжетімсіз болды.

Кеңестік кезеңдегі ақпараттық кеңістікте, мәселен, басылым беттеріндегі қоршаған орта жайындағы ақпараттар адамдардың психологиясына кері әсерін тигізді деген ойлармен жариялануға шектеу салынды. Мұндай ақпараттар адамдарға жағымды әсер бермеді, бұл жағдайдан шығудың нақты жолын көрген жоқ. Өйткені дағдарыс, қоғам, қорқыныш және үмітсіздік жайлаған еді. Жағдаяттан шығу үшін әрине тұлғаның дамуына әсер етіп, қызығушылық, экологиялық қызығушылық тудыру қажет болды.

Заманауи техника жетістіктерін меңгеру мен ақпараттандыру кезеңінде ақпаратты таратуда ақпарат құралдарының қоғамға қызмет ету көрсеткіші жоғары болып отыр. Жеке тұлғаның мәдениетін қалыптастыруға, әсіресе жастарға, олардың құндылық бағытына, мінез-құлық нормаларына ықпал етуде БАҚ-тың қызметі айрықша.

БАҚ-тың әлеуметтік институт ретінде қалыптасуына қоғамда жиі қайталанатын коммуникативтік шаралар әсер етеді. Сонымен қатар БАҚ-ты саяси институт ретінде қарастыра келе, төмендегідей қызметтерін көрсетуге болады:

1. Қоғамдық пікірді қалыптастырады;
2. Ақпараттық қоғамда басқару құралы қызметінде;
3. Қоғамдық санаға әсер ете отырып, манипуляция жасау құралы.

Бүгінде БАҚ жаңаша сипатта үрдіс алған. Әсіресе қоғамның беделді мүшесі жастардың қажеттіліктерін қанағаттандыратын жаңа медиаөнімдер ұсына бастады. Олар арқылы ақпараттық желілердегі ақпараттарды жылдам әрі қолжетімді пайдаланып, кейбір медиамәтіндерге жеке бақылау жасай алады. Сол себепті болса керек бүгінгі қоғамдағы түрлі ақпарат кеңістігін жиі пайдаланушылар ретінде жастар басымдылық танытып отыр.

Экологиялық журналистика экологиялық саясатпен де байланысты дамуда. Сондықтан экологиялық журналистика үздіксіз, жүйелі жергілікті маңызы бар қоршаған ортаны қорғау мәселелерін қарастырады.

Қоршаған ортаны қорғау тақырыбы өткен ғасырда күн тәртібіне шыға бастады. Сол кезеңде «Табиғатты қорғау», «Жануарлар әлемі», «Жас натуралистер» атты журналдар жарық көріп тұрған болатын.

Мәселен бір ғана Ресей мемлекетінде 1990 жылдардың бас кезінде 160-тан астам экологиялық басылымдар жарық көрген. Атап айтар болсақ, 1990 жылы «Жасыл әлем» апталық газетінің алғашқы саны жарық көреді.

1991 жылы ТМД аймағы көлеміндегі «Құтқару» атты газет шығады. Аталмыш газет адамның рухани әлеміне, дін, ар, адам құқығы, отбасы мәселелеріне арналды. Материалдық қиындықтарға байланысты газет жабылып қалды.

Шетелдерде бұқаралық ақпарат құралдары қоршаған ортаны қорғау мен экологиялық саясатты іске асыруда ерекше маңызға ие.

Мәселен, Д. Грабер еңбектері американдық БАҚ-тың қоғам өміріндегі рөліне баса назар аударады. Неміс психологы Д. Дернер қоғамдағы экологиялық сананың қалыптасуына үлес қосқан. Неміс сарапшылары V. Donsbah, M. Enichke, H.M. Kepplinger, B. Pfetch, V. Tishler, O. Yarren мемлекеттік билік құрылымдарымен негізінен бұқаралық ақпарат құралдарының өзара іс-қимыл тетіктерін талдаумен айналысады. Американдық сарапшылар D. Dennis және Д. Меррилл американдық БАҚ-тың қызметі туралы кең таралған сұрақтарға тоқталуда.

Жалпы БАҚ-тағы экологиялық мәселелердің берілу қатарының сиреуі бүгінгі қоғамдағы өзге ойын-сауық бағдарламаларының көбейіп кетуінің салдары болса керек. Бұл турасында мына бір пікірді келтіре кетсек. Wiebke Rogener and Holger Wormer: «Defining criteria for good environmental journalism and testing their applicability: An environmental news review as a first step to more evidence based environmental science reportin» атты ғылыми мақалада экологиялық мәселелерді жазуда журналистердің осалдығын және экологиялық тақырыптардың ғылыми көзқарасы мен маңыздылығын сипаттайды: «While the quality of environmental science journalism has been the subject of much debate, a widely accepted benchmark to assess the quality of coverage of environmental topics is missing so far» [63, p. 143].

Әдемі, көркем де тартымды табиғи орта жасау адам қолынан келетін іс. Шетелдерде адамдардың экологиялық мәдениетін көтеруде тұрғындар тарапынан табиғи ортаны көркейтуге арналып істелген барлық жұмыстар БАҚ-тарда кең насихатталып, экомәдени білім беруге журналистика да өзіндік үлес қосуда. «Environmental journalism in Bangladesh» атты мақалада Бангладештегі экологиялық журналистика турасында сөз ете келіп, басылымдардағы материалдарға сандық талдаулар жасалады: «The content analysis was conducted in two stages: firstly, abroad mapping of items in the selected newspapers was conducted to identify theissues at stake about the river» [64, p. 245].

Өкінішке орай бүгінгі күнде экология тақырыбы БАҚ-тарда сирек орын алатыны жасырын емес. Оның бір себебі аталған тақырыптағы материалдардың көбі экологиялық ситуацияға қатысты жайларды құрғақ баяндаумен немесе интернетте жарияланған материалды баспасөзге аударып басумен ғана шектеледі. Соның кесірінен оқиғаның себебі, келешек салдары, оның қоршаған орта мен адам денсаулығына кері әсері, сондай-ақ мұндай жайлардың алдын

алу шаралары терең талданып, көрсетілмегендіктен материалдың ақпарат қабылдаушыға жеткілікті дәрежеде әсері болмай, тез ұмыт болады [65, б. 4].

Кемшіліктердің көбі экологиялық тақырыптарды беруде суреттемелердің берілуі айқын емес деген пікірлермен астасады.

Сонымен экологиялық материалдардың берілуіне байланысты айтылған газет бетіндегі ақпарттардың бірнешеуіне назар аударып, ой қорыта отырып, журналистика саласында экологиялық білім беруді жандандыруда бірқатар атқарылар шаралар мен міндеттер қатарын қою қажетілігі туындайды.

Осындай қажеттіліктерді шешуге аз да болса септігін тигізер деген мақсатпен жоғары оқу орындарындағы журналистика мамандығы студенттеріне арналған экологиялық бағыттағы оқу жоспарының бағдарлама жобасын ұсынып отырмыз. Ол: **«Медиа және ғаламдық экология мәселелері»** деп аталады. Оқу бағдарламасы журналистика мамандығы студенттеріне арнала отырып, оларды әлемдік экология мәселелерінен хабардар етеді, әрі заманауи БАҚ-тың ұтымды тұстарын түсіндіру мақсатын қояды.

Міндеттері:

– ғаламдық экология мәселелерімен танысу, шолу жасау;

– Қазақстандағы телекоммуникациялық даму мен экоақпараттармен жұмыс бағыттарын атау;

– экологиялық мәдениет қалыптастыруда дәстүрлі және жаңа медианың ортаның рухани-мәдени өміріне ықпалын бағамдау.

Материалдармен таныса отырып, берілген тақырыптар негізінде түрлі жанрдағы, мәселен, эссе, мақала, сұхбат, хабарлама мен рецензия жазу, студенттің өзіндік жұмыстарын дайындау барысында тезис құра білу сынды тапсырмаларды орындай алады.

Бүгінде жоғары оқу орындарында журналист мамандар даярлаудағы қолға алу қажет тұстардың бірі – салалық журналистиканы дамыту мәселесі. Ол қоғам сұранысы болып отыр. Осы бағыттар бойынша білім бағдарламаларында тың бастамалар алға қойылуда.

XXI ғасыр – жаңашыл бастамаларға толы, ақпараттар ағынының қарқыны дәуірлеп тұрған кезең десе болды. XXI ғасыр «ақпараттандыру ғасыры» деп аталып, 2013 жылы Қазақстанда «Ақпаратты Қазақстан – 2020» мемлекеттік бағдарламасы қабылданған [66].

Халықты экологиялық ақпараттармен қамту және экологиялық білімді кең тарату – барлық қоғамдық институттардың жұмыла атқаратын өткір мәселесі болуы керек. Ол іске БАҚ-пен қатар, әлеуметтік институттар, қоғамдық ұйымдар, білім беру мекемелері, жалпы көпшілік қауым атсалысуы қажет. Бұл бағытта тұрақты да қарқынды даму үдерісіне көшкен Қазақстан Республикасында экологиялық білім беру ісі елімізде туындаған экологиялық проблемаларды шешу тұрғысында жолға қойылған. Десек те елімізде әлі де болса журналист мамандар дайындауда медиа мүмкіндіктерді пайдалану жағы бәсең қалыпта екендігі айтылып келеді.

Бүгінде ақпараттар алмасу жылдам дамуда. Ақпараттар алмасуды ғылыми зерттеу алғаш рет 1960 жылдар қалыптаса бастаған [67, б. 10].

Ақпарат ағыны дүниежүзілік деңгейде қоғамның негізгі тірек болатын бірнеше салаларына тікелей қатысты.

Ақпараттық қоғамда «өндіру тәсілі» деген ұғымның орнын, «ақпарат тәсілі» деген түсінік алмастырып келетіндігін айтады [68, б. 33].

Көптеген адамдар әлі күнге дейін қоғамның алдында тұрған экологиялық мәселелерге қатысты үстірт және жиі бұрмаланған пікірлерден зардап шегеді деген ойлар кездеседі. Алайда қазіргі оқырман тарапынан айтылған пікірлерде экологиялық басылымдар оқырманға қызықты емес. Оның бірнеше себептерінің негізгісі – кәсіби журналист мамандардың жетіспеуі. Мәселен, журналистикадағы жанрлық ерекшеліктерді білмеу экологиялық ақпараттың сапасын төмендетуге апарады делінген.

Журналист Қали Сәрсенбайдың «Шал мен шындық» атты кітабында: «…Газет тілшісі жан-жақты организмнің белгілі функциясын еркін атқаратын бір бөлшегі болып қана саналады. Оның бірі болған жағдайдың тарихын егжей-тегжейлі жазуы мүмкін. Экономист болса бір жайды болдырмаудың жай-жапсарын қарастырады. Алайда осы бір мәселенің өзін ол жан-жағынан қарастыруы мүмкін, оның жергілікті көлемде де немесе мемлекеттік кең көлемде қаралуы мүмкін. Сөйтіп, баспасөз өмірге тікелей араласу үстінде ғана шындық түгел ашыла түсетін болады» деген пікірін келтіреді.

Зерттеушілердің пайымдауынша, бүгінде экологиялық жарияланымдардың басым бөлігін очерктер мен ғылыми мақалалар құрайды деп атап көрсетілген.

Практикалық кеңестер Қазақстандық БАҚ-та көтеріліп жүрген экология тақырыптарын төмендегідей бірнеше топтарға бөліп көрсетеді:

– **Қоршаған ортада орын алған оқиғалар мен апаттар.** Экологиялық қауіп тудыратын кез-келген оқиғалар кезінде журналистерді зардап шеккендердің саны, қаржылық шығын көлемі, зардап шеккендерге көмек пен өтемақы көлемі сынды сандық көрсеткіштір алу мақсаты тұрады.

– **Мемлекеттік бағдарламалар.** ҚР-да әр саладағы Үкіметтің белсенділігі қажетті бағдарламаларды жүзеге асыруымен байқалады.

Іскерлік басылымдарға бағдарламаның жүзеге асыру кезеңдері, жоспарланған қаржы көлемі, жауапты мекемелер мен күтілетін нәтижелер туралы ақпараттар беріледі.

– **Болашақта пайда болуы мүмкін мәселелер.** Көп жағдайда проблемаларды шешуді жекелеген тұлғалар мен ұйымдар (ҒЗИ, ҮЕҰ редакциялар) ұйымдастырады. Әдетте экологиялық мәселелерді шешудің механизмдері талқыланып, баға беріліп болған соң балама әдістер ұсынылады.

– **Экологиялық әсер етуші бизнес жобалар.** Бизнес – іскерлік басылымдардың басты нысаны. Көп жағдайда бизнес табиғатқа зиян келтіруші болып қарастырылады. Олар: өндірістік қалдықтар, құрылыс нысандарын салу. Журналистердің міндеті – бизнесмендердің әрекеттерін, қаржыландыруын заңға сәйкес екендігін байқау.

– **Жер байлығын өндіруші мен мемлекет арасындағы дау-дамайлар.** ҚР-да жер байлығын өндірушілер іскерлік басылымдардың жағымсыз

қаһармандары. Қоршаған ортаны қорғау туралы занды бұзу үлкен көлемді айыппұл төлеуге мәжбүрлейді. БАҚ өкілдері үшін айыппұл көлемін білу өте қызықты. Сонымен қатар бұл жерде жер байлығын өндірушінің табиғатты қорғау мақсатында қанша ақша жұмсайтыны, жобаның мерзімі қызықтырады.

– **Ірі экологиялық шаралар**. Журналистер оқиғаның барысы туралы әңгімелеп, оның көлемі мен экономикалық әсеріне баға береді.

Журналист ақпарат беруде жалаң деректерді берумен ғана шектелмей, сараптама, талдау, салыстыра отырып, құбылыстарды бағалап, мәселені шешуге тырысады. Көптеген адамдар әлі күнге дейін қоғамның алдында тұрған экологиялық мәселелерге қатысты үстірт және жиі бұрмаланған пікірлерден зардап шегеді деген ойлар кездеседі. Алайда қазіргі оқырман тарапынан айтылған пікірлерде экологиялық басылымдар оқырманға қызықты емес. Оның бірнеше себептерінің негізгісі – кәсіби журналист мамандардың жетіспеуі. Мәселен, журналистикадағы жанрлық ерекшеліктерді білмеу экологиялық ақпараттың сапасын төмендетуге апарады.

Экология тақырыбында жазылған кітаптар др экологиялық мәдениетті қалыптастырудың негізгі көзі. Сондай экологиялық кітаптардың бірі – Қайнар Олжайдың «Жер мен аспан арасындағы дастан» атты еңбегі атауға болады [69].

Аталмыш кітап экологиялық очерктерден тұрады. Очеркте түрлі тіршілік тынысы туралы айтады. Онда табиғатқа, түрлі тіршілік иелеріне аяушылықпен қарауға үндейді. Сондай-ақ табиғат құбылыстарының сырын ұғынуда төл әдебиетімізді қазақтың ақындық, жыраулық поэзиясымен байланыстырады. Ортақ ұқсастықтарды да байқауға болатыны айтылады.

Осындай экологиялық бағытта очерк сынды туынды жазуға қалам тартқандардың бірі – Есенғали Раушанов болды. Оның натуралистік очерк тұрғысындағы «Құстар – біздің досымыз» атты еңбегін айрықша атауға болады. Еңбек құстар туралы мәлімет бере отырып, ұлттық дүниетанымның көрінісін пайымдайды [70].

Ғалым К. Қамзин аталмыш еңбектің танымдық қызметінің жоғары екендігін, журналистиканың өзі таным құралы, оның жанрлық материалдары таным үдерісінің белгілі бір кезеңі, кейде фактілер, деректер, цифрлар образдың орнынан жүретіндігін, құбылыстың, заттың характерін ашып беретіндігін айтады [71].

Белгілі жазушы С. Мұқановтың «Халық мұрасы» атты тарихи-этнографиялық шолуының да орны айрықша. Еңбекте аңшылыққа байланысты мылтық шыққанға дейін аңшылар қолданатын тәсіл қапысын тауып ұстау, көне заманның тағы бір әдісі – апан екендігін, аңдарды ұстау үшін тау арасынан ені тар қоршау жасап, оларды тұс-тұстан қамайтындығын, мұнан кейін аңдарды айдап келіп осы қоршауға енгізетіндігін, тасқа қашалу арқылы бізге жеткен аңшылық өнердің белгілері түрлі бейнелер арқылы көне замандардан бізге жеткендерінің аз емес екендігін, қазақтың аңшылық өнерінде көне заманнан бүгінге дейін ең көп қолданалатын әдіс – ит жүгіртіп, құс салу екендігін жазады [72, б. 46].

Аңшылық туралы зерттеуінің соңында С. Мұқанов жалпы аңшылықтың қай түрі болса да қазақтың ұлттық сипатының бір түрі екендігін, ол жөнінде өлең, жыр, музыкалық шығармалар көптеп кездесетіндігін, соның ішінде арғы-бергі қазақ поэзиясында аңшылық туралы ең әдемі жазылғаны Абайдың «Қансонарда бүркітші шығады аңға» деген өлеңі екендігін баса айтады. Дегенмен де экологиялық мәселелер туралы ақпараттың таралуы мен мән-жайы БАҚ-қа да байланысты. Ал жоғарыда айтылған экология тақырыбындағы кітаптардың, олардың ішінде очерктердің де өз орны бар.

БАҚ-тың экологиялық мәселелерді берудегі маңыздылығы мен тәрбиелік мәні турасында Е.В. Колесова «Проблема развития экологического сознания умолодежи» атты мақалада: «Точкизрения законов психологии чувство любви к природе, формируется у ребенка, прежде всего, по типу реакции имитации, по подражанию. Поэтому оченьважно, чтобы это отношение к природе имело место в поведении взрослых и очень важно, чтобы это отношение формировалось средствами массовой информации – через научно-популярные и художественные передачи» деп нақты сипаттайды [73, с. 125].

Кез келген ақпарат бұқаралық ақпарат құралдарының дискурсы арқылы ауызша, не жазбаша түрде тікелей оқырманға, не тыңдаушыға бағытталатындығын білеміз. Мұндағы дискурс термині латын тілінде қозғалыс, әңгіме, ұласу, кеңес дегенді білдіреді. Сөйлеу – тілдік әрекеттің үдерісі, ойды жеткізудің тәсілі, жолы. Дискурс термині соңғы онжылдықта сөйлеудің дәстүрлі ұғымын түрлендіріп, мәтін, диалог, стиль, тіл ғылымы салаларында кеңінен қызмет ете бастады [74, б. 12].

Қоршаған орта мәселесі әрқашан өзекті бола береді. Оның бірден-бір айғағы сонау алғашқы басылымдардан бастау алатын экологиялық жарияланымдардың бүгінге дейін жалғасып келе жатуы.

Баспасөз қай кезенде болмасын өміршең. Баспасөз арқылы елдің бүгіні мен болашағы айқындалады. Баспасөз – қоғамдағы ахуалдарды халыққа құлақтандырып отыратын ақпарат құралы. Баспасөз – күнделікті қоғамдағы болып жатқан оқиғалардың тізбесін жеткізуі.

Ақпарат беру, ақпарат алмасу қай қоғамда, қай кезеңде болмасын өміршеңдігін жоймай түрленіп отырады. Қарастырып отырған экология мәселесі де уақыт алмасуына қарамастан өзекті болғандығын сонау өткен ғасырдағы «Дала уалаяты» газетінің бетінде жарық көрген мақалалар қатарынан-ақ байқауға болады.

Ғалым А. Құрманбаева 1892 жылдың өзінде «Дала уалаяты» газетінің он бірдей санында «Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз»деген тақырыпта проблемалық очерк жариялағанын, «экология» терминін жұрттар біліп жарытпаса да сол білдірген пікірлер кеңінен аталмыш табиғатқа жанашырлық очеркте қозғалғандығы турасында айтады [75, б. 5].

Қазақ баспасөзінің тарихында өзіндік орны бар «Дала уалаяты» газетінің қоғамдық қатынастағы оқиғаларды дер кезінде дәл, жүйелі жариялауына, шығармашылық топтастыруларды жіті беруі байқалады.

1888-1902 жылдар аралығында қазақ, орыс тілдерінде шығып тұрған тұңғыш баспасөздегі экологиялық тақырыпта жарияланған мақалалардың басым көпшілігі кең сахара тіршілігіндегі көшпелі халықтың шаруашылық қалпына сай, табиғи ортаның экологиялық жайы, су ресурстарының жыл мезгілдері мен климатқа тәуелді өзгеру процестері, оның халық тұрмысына әсері, ауа райындағы өзгерістер сынды мәселелерге арналды. Бұл басылымдарда жарияланған қазақ жеріндегі экожүйеге арналған материалдардың көпшілігі танымдық сипаттағы шаруашылыққа қажет экомәліметтері мол ағартушылық және ғылыми бағыттағы мақалалар болды. Онда сел, тасқын, дүлей (смерчь), қуаңшылық, жыл атына қарай «аққоян», «мешін», «доңыз», «ақсүйек» деп аталған даладағы апаттарды тудыратын жағдайлар мен одан сақтанудың жолдары жер бедеріне, табиғат ерекшеліктеріне байланысты мәселелер қозғалды. Табиғатты қорғау мен оған зиян келтірушілерге арнайы қолданылатын шаралар мен ережелер туралы түсіндірілді [76, б. 23].

Аталған газет қазақ елінің тарихи белестерін сараптауға ұмтылыс жасаған. «Дала уалаяты» газетінде адамзат құндылығын бағалау, оның әлеуметтік мәні қоғамдағы рөлі жайында ойтүрткі материалдар жарияланып отырған.

Мәселен, «Дала уалаяты» газетінің 1892 жылғы 37-санындағы «Әр түрлі ағаштар турасынан» деген мақалада бау-бақшаның тәрбиелік мәні баяндалған. Ата-бабаларымыз ағаштардың пана болып, адамның жетілуіне, өсуіне пайдасы болғандығын, жалпы өсімдіктерді өте бағалағандығын айта келе, соңғы кезде адамдар қара басының пайдасы үшін ағаштарды құрта бастағандығы мақаланың негізі болған. Мақалаға тереңірек үңілсек:

– өсірілген ағаш, жабайы өскен ағаш та адам сезіміне жақсы әсер береді, ал жеміс беретін ағаштар адамның сана-сезімін жаңғыртады, адамгершілікті, жүрекке зор жақсы үміт ұялатады, адамның ойлауын жетілдіріп, еңбектің мәнін сезіндіртеді;

– ежелгі адамдар жалпы ағаштар мен жеміс беретін ағаштар және өсімдіктердің пайдасын ғылыми түрде білмегенімен, тәжірибе жүзінде сезді. Ал білім мен ғылымның маңызын біліп, соған аса зор мән бере бастаған тұста табиғат сыйлығын пайдаланудың зор мәні бар;

– өсімдіктер жаратылысы – адам өмірінің таңдаулы үлгісі;

– мектеп – адам табиғатындағы жабайылыққа жақын қасиетті игілендірудің, үйренудің сәулесін түсіретін ағартушылық көшеті;

– бау-бақшада жабайы өскен ағаштардың өзіне мол жеміс беріп, оның түрлерін көбейтуге, ағаштардың өсу организмін жетілдіруге зор мүмкіндік жасау қажет;

– көктемде жеміс ағаштары гүлмен көмкеріледі, ал күзде мол өнім береді.

– мектепте балалар білім гүліне оранады, ал есейген шағында балаларға қажетті жемісін береді, яғни, кемелдендіріп, қайырымды адам болуға жеткізеді [77, б. 101].

Демек адам мен табиғат арасындағы өзара байланысты нығайту мәдениеттіліктің кепілі бола алады.

Сонымен қатар 1895 жылғы «Дала уалаяты» газетінің № 2, 3 сандарында «Қазақтардың аң аулауы» атты қазақ еліндегі саятшылық туралы айтылатын мақала жарық көреді. Мақала барысында аңшылық өнердің қыр-сыры туралы бірнеше кезеңге бөліп қарастырады:

– ең алдымен әрбір адам мықты, батыр, тапқыр, ширақ, әрі түрлі әдістерді меңгерген болады. Олай болмағанда өзін қорғай алмас, жерін сақтай алмас еді. Аңшылық халық әндерінде айтылғандай, ерекше бір жетістік саналғаны, бос уақыттарын қазақтар далада аң аулап, өздері тәсілқойлыққа, шыдамдылыққа, батылдыққа төселіп, аттарының да бағын сынайды. Сондықтан тыныш отыруды ұнатпайтын. Қызық оқиғаға құштар жігіттерді, аң аулау жайларын жақсы білетін тәжірибелі аңшылардың бірін басшы қылып «Салбурын» деп аталатын партияларға топтанады. Аштыққа, күннің ыстығы мен суығына төзімді, жартқыш аңдардан қорықпайтын аңшыларды жақсы аңшылар деп атаған;

– кәсіп ретінде қалыптасқан құсбегілік пен ол кезде аң аулайтын тазыны қолда ұстау мен саятшылықты көбінесе ақсүйектер мен байлар айналысқанын, бұл кезең екінші дәуірде екенін айтқан;

– үшінші кезеңде аңшылықтың қыр-сырын толық меңгеріп, тіпті сүйікті кәсіптеріне де айналдырып үлгерген. Нәтижесінде түрлі аң терілері құнды зат ретінде сатылып, мол пайда берген.

Аталған мақалада аңшылық табиғатты қорғау заңдылығын сақтамай жасалуынан көптеген бағалы терілі аңдар тым азайып кеткені, енді бөкендерді маралдарды, киіктерді және қырғауылдарды құрта бастағандығы жайында деректер келтіреді. Ол деректерде аңшылардың көпшілігі бөкендердің жуас екендігін біледі, олар күзде және қыста табын-табын болып жайылады және су ішуге барғанда, бір жолмен бірінің соңынан бірі топтанып жүреді. Келе жатқан бөкендер мылтықтың дауысын естігенде күрт кейін бұрылады, екінші рет мылтықтың дауысын естігенде мылтық бірінші атылған жаққа қарай ауысады. Осылай бір аңшыдан қашып, екінші аңшының оғына түсетін бөкендерді тегіс атып алу оңайға түседі. Бөкендер аңшының өзін көргенде ғана тым-тырақай жан-жаққа бытырап қашады екен. Мұндай жағдайда олардың көпшілігі аман қалады. Ал қыстыгүні аңшылар бөкендердің су ішетін жерін және жолын байқап алады. Содан соң ортасынан үлкен ор қазып, бетін шыбықпен немесе шөппен жауып қояды да, өздері шұңқырға жақындау жол бойына жасырынып, бөкендер жақындаған кезде айғай салып, оларды қоршап қазылған орға құлатады.

Қазақтар аңды пайдалы кәсіп ретінде қолданып қана қоймай аңшылық кезінде ескерілу қажет қағидаларды бұлжытпай орындап отыруға бейімделген. Аңға шыққанда қасына көп адамдарды ертіп жүретіні, дәстүр рәсімі бойынша құрмет етіп, қасындағылардың жасы үлкеніне аулаған адал ірі аңды сыйлайтыны, шөппен қоректенетін адал аңдарды атып алғанда мергенші терісін, төсі мен оң санын алатыны, қалғандарын аңшының жолдастарына

байлайтыны, олардың үлкендеріне молырақ үлес тиетіні, мұны «мүше алмақ» деп атағаны этнографиялық деректерде айтылады.

Көне қариялардың айтуынша, құндыздардың болған, бірақ құрып кеткені, құндызды атып алған мерген терісін иеленетіні, бауыр терісін жолдастарына беретіні, бірақ аң аулауға бірінші болып шыққан аңшы жаңа мылтықпен атып алатыны кездеседі.

Көптеген мәліметтерде аңшы жаңа мылтықпен атқан олжасын біреуге бермей, өздері ырым қылыпалатын болған деседі, тіпті жаңа атқан аңның қанын мылтығының ұшына жағып, алған иті мен құсына олжасынан ауыз түйгізіп, үйіне әкеп олжасын сол жақ босағаға тастайтын болған, содан кейін олжасын керегенің басына іліп қойған деседі.

Қазақ аңшылық өнерінде аңшы аңға шығатын уақытын нақты анықтап белгілемейтін, реті келгенде аңға шыға берген деседі. Тек көнекөз ауыл қариялары аңшылыққа белгілі бір уақыттарда, мәселен, құстар мен аңдар балалаған кезде шықпауын жіті қадағалаған.

Аңға шығудың уақыттық сыры, жыл мезгілдеріне де қатыстылығы ерекше айтылады. Солардың бірнешеуі: жазғытұрым қазақтар қаршығаларын құсқа салады, тазыны баптайтыны; жаздыгүні аңшылар бағалы терілі және шөппен қоректенетін аңдарды аулайтыны; күз аяғында аңшылар мылтықтарын, қақпандарын және аңшылық кезіндегі пайдасы мол үйретілген қыран құстарын алып, аңдардың қымбат бағалы терілері үшін аңдарды және шариғат бойынша рұқсат етілген арқар, тауешкі, киік, бөкен, бұғы, қоян сияқты шөппен қоректенетін аңдарды және суда жүзетін барлық адал құстарды аулайтыны жөнінде деректер кездеседі.

Осындай деректердің түпнегізі қазақтардың үлкенге құрмет, кішіге ілтипатпен қарауға тәрбилейтін халықтық педагогикада жатыр. Мысалы, ел ішіндегі қалыптасқан «Аң таппаған атынан көреді, ата алмаған мылтығынан көреді», «Жаман мерген теке атқан жеріне үш барады» сынды мақал-мәтелдердің қалыптасып айтылуы да аңшылық өнердің қыр-сырын жіті таныңандықтарын байқатады.

Болашақ журналист мамандардың экологиялық білімдерін жетілдіруде білім беріп қоймай, сонымен қатар түрлі ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысуға бағыттап, іс-тәжірибеден өту барысында тікелей дереккөздерімен жұмыс істеуге дағдыландыру нәтижесінде барлық адами қырлары үйлесім тапқанда ғана көрсеткіш жоғары болмақ.

Сондай-ақ журналистердің экология ғылымы мен қоғамның арасын байланыстыратынын күш екені айқын. Алайда кез-келген экологиялық түйткілді мәселені ашып көрсету тиімді әдістеме қажет болады. Ол әсіресе сауатты сипаттама жасай алу арқылы көрінеді. Соған орай журналистердің жұмыстарына басымдылық берілуі орынды. Мысалы журналист кез-келген экологиялық мәселеден зардап шеккен тұрғындардың жағдайын баяндау арқылы үлкен мәселені көрсете алады.

Экологиялық журналистиканы дамыту бағыттарындағы игі бастамалар қатарына белгілі әлемнің ең таза 200-топ университетінің әл-Фараби атындағы

Қазақ университетінің енуі – «жасыл дамудағы» жоғары жетістіктер мен мүмкіндіктер дәлелі. Аталмыш шараға қатысуда жоғары оқу орнының экологиялық білім беру, ғылыми қызмет, энергия мен су ресурстарын үнемді қолдану, табиғатты тиімді пайдалану, қалдықтарды сақтау және қайта өңдеу, экологиялық таза көлік қолдану, студенттік кампус аймағында жас көшеттер отырғызу шаралары есепке алынды. Мұндай бастамаларды өзге жоғары оқу орындары шеңберінде де өткізуді дәстүрге айналдырса, жастардың экологиялық ортаға қосқан аз да болса үлесі болар еді.

Бірінші тарау бойынша тұжырымдар.

– Адам мен табиғат арасындағы қайшылықтарды шешуді қоғам өзі реттейді, оның қызметі – адамдардың санасына ықпал етумен әрі адамдарға экологиялық білімі қажет.

– БАҚ-тың атқаратын қызметі де жүктейтін жауапкершілігі мол болғандықтан, бүгінгі журналист мамандар даярлауды негізге ала отырып, осы бағыттағы таңдау пәндерін енгізудің қажеттілігі сұранысты қанағаттандырады деп білеміз. Сондай-ақ бұл экожурналистика мәселелері шетелдерде де қолдау тауып, қолданысқа ие болуда.

– Әрбір адамның экологиялық мәдениетінің қалыптасуы экологиялық санаға тікелей байланысты.

– Бүгінде отандық экологиялық басылымдардың оқырман қызығушылығын тудырмауы алаңдатады. Соған орай оқырман қатарын арттыру мақсатында арнайы қосымша қызықты деректер қосу арқылы ынталандыру бағыттары жолға қойылған.

– Экологиялық бағыттағы кітап шығару ісінің де кенжелеп қалуы жаңаша, тың ізденістерді қажет етеді.

– Қазақстанда экологиялық мәселелерді болдырмау мен шешу экологиялық мәдениеттілікке байланысты. Бұл бүгінгі жас буынды, елдің ертеңін таза, қауіпсіз ортада өмір сүрулеріне жағдай жасау дегенге саяды.

– Қоғамда жастардың рөлі басым. Соған орай жас мамандардың, журналистердің экологиялық біліммен қаруланууы қазіргі заманның талабы.

– Қазіргі қоғамдағы экобілім деңгейінің төмендегін қаржы мәселесімен, ақпаратты жеткізуші білікті журналист мамандардың аз болуымен, материалдық-техникалық базалардың жетіспеушілігімен түсіндіріледі.

2 ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ

2.1 Экологиялық ақпараттардың БАҚ дискурсындағы көрінісі

Экологиялық журналистика экологиялық мәселелерге бағам жасап отыруымен маңызды. Экологиялық журналистика адамзат баласының экологиялық көзқарасы мен мәдениетінің қалыптасуына ықпал етуші. Алайда адамзат баласының барлығының қабылдауы мен түйсінуі бірдей емес. Оны ретке келтіретін әрбір адамның өзі.

Күнделікті экологиялық тақырыптағы мәліметтерден көптеген игі шаралардың атқарылып жатқандығын, тың бастамаларды көреміз. Кей ретте ғана құпия ұстауы тиіс ақпараттар ғана жарияланбай, жабық түрде қарастырылады.

Заманауи техника жетістіктерін меңгеру мен ақпараттандыру кезеңінде ақпаратты таратуда ақпарат құралдарының қоғамға қызмет ету көрсеткіші жоғары болып отыр. Жеке тұлғаның мәдениетін қалыптастыруға, әсіресе жастарға, олардың құндылық бағытына, мінез-құлық нормаларына ықпал етуде БАҚ-тың қызметі айрықша.

БАҚ-тың жаңаша сипаты үрдіс алған. Әсіресе БАҚ қоғамның белді мүшесі жастардың қажеттіліктерін қанағаттандыратын жаңа медиаөнімдер ұсына бастады. Олар арқылы ақпараттық желілердегі ақпараттарды жылдам әрі қолжетімді пайдаланып, кейбір медиамәтіндерге жеке бақылау жасай алады. Сол себепті болса керек бүгінгі қоғамдағы түрлі ақпарат кеңістігін жиі пайдаланушылар ретінде жастар басымдылық танытып отыр.

Ақпарат құралдарының ішінде газет-журналдар, телебағдарламалар, интернет ресурстардағы экология тақырыбында ұсынылған өнімдердің тақырыптық, мазмұндық сипаттары мен көрермен, оқырман, тыңдармандар көрсеткішін бағамдау мақсатында төмендегідей зерттеулер мен салыстырмалы талдаулар жүргіздік.

Ең алдымен телеарналардың аталмыш мәселені қойып, ұсына білуі сипаттама, сараптама кестелер арқылы нақты көрсетілді. Олар төмендегідей:

Кесте 3 – Телеарналардағы экология тақырыбындағы бағдарламалар көрсеткішіне талдау (2017 жыл)

Экология тақырыбындағы бағдарламалар атауы	**қаңтар**	**ақпан**	**наурыз**	**сәуір**	**мамыр**	**маусым**	**шілде**	**тамыз**	**қыркүйек**	**қазан**	**қараша**	**желтоқсан**	**барлығы**
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
«Qazaqstan» Ұлттық арнасы (2017 жыл)													

3 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
Жаңалықтар	11	12	19	16	17	12	20	17	18	18	14	13	187
Бағдарламалар: Мәселе, Басты тақырып, Айтуға оңай, Елден хабар, Менің Қазақстаным	-	-	1	-	-	-	2	1	3	3	2	2	14
Журналистік зерттеу	-	-	-	-	-	-	-	-	1	-	-	-	1
«Хабар» арнасы (2017 жыл)													
Жаңалықтар	27	10	21	28	34	32	51	32	23	42	56	38	394
Қазақ тілінде	16	7	12	14	21	18	33	15	12	20	26	19	213
Орыс тілінде	11	3	9	14	13	14	18	17	11	22	30	19	181
Бағдарламалар: По сути, Негізінде													
Қазақ тілінде	1	-	-	3	-	-	2	-	-	-	1	1	8
Орыс тілінде	1	-	-	-	1	1	-	-	2	1	-	-	6
Евразия 1-арна													
Жаңалықтар	24	15	10	18	21	19	17	14	10	6	17	25	196
Қазақ тілінде	8	5	4	8	6	7	8	6	6	4	7	8	77
Орыс тілінде	16	10	6	10	15	12	9	8	4	2	10	17	119
Бағдарламалар: Светлая полоса, Правда, Апта, Басты патруль, Кешкі кездесу													
Қазақ тілінде	1	-	1	-	-	-	-	-	-	-	2	3	7
Орыс тілінде	-	2	-	-	-	-	-	-	-	-	-		2

Кестеде ұсынылғандай бірнеше телеарналардағы («Qazagstan» Ұлттық арнасы, «Хабар» арнасы, Евразия 1 арнасы) экология тақырыбындағы «Басты тақырып», «Айтуға оңай», «Елден хабар» («Qazagstan» Ұлттық арнасы), «По сути», «Негізінде» («Хабар» арнасы), «Светлая полоса», «Правда», «Апта», «Басты патруль», «Кешкі кездесу» (Евразия 1 арнасы) бағдарламаларында қозғалатындығын бағамдадық. Қазақ тілді бағдарламалар қатары әлдеқайда басым екені байқалады.

«Qazagstan» Ұлттық телеарнасындағы 2017 жылы берілген экология тақырыбындағы бағдарламалардың мазмұндық топтамасына назар аударды қ. Онда көрерменнің көкейінде жүрген көптеген сұрақтардың жауабын боямасыз, дәлелді сюжеттермен табуға тырысатын, халықты не алаңдатса, сол мәселе дереу, терең танымдық тұрғыда талданатын, халықтың қордаланған мәселесін

эфир барысында шешіп беруге тырысатын, түйткілді тақырыптардың шешімін оңтайлы табудың жолдарын нұсқайтын, әлеуметтік-сараптамалық жанрға жататын, ұзақтығы 30 минут көлемін қамтитын «Мәселе» бағдарламасында ұсынылған экология тақырыбындағы мәселелер қатары төмендегідей болып келеді:

– Ағаш пен аң жоғалса жердегі тіршілік тоқтайды.

– Браконьерлер енді қанша жылға сотталады?

– Қара суды үнемдеп пайдаланудың арнайы тәртібі жасалды.

– Табиғатты таза ұстау үшін өзге елдер қандай әдіс-тәсіл қолданады?

– Көшенің ортасына қоқыс лақтырған адамды көрсеңіз не істейсіз?

Сонымен қатар аталған телеарналарда 2016, 2017 жылдары берілген экология тақырыбындағы журналистік зерттеулер де кездеседі.

– Қорғалжын қорығы. Журналистік зерттеу, 2016 жыл.

– Су қоймалары. Журналистік зерттеу, 2017 жыл.

– Аралға араша. Журналистік зерттеу, 2017 жыл.

Кесте 4 – «Хабар» телеарнасында берілген экологиялық тақырыптағы телебағдарламалардың көрілім көрсеткіші (2017 жыл)

«Біздің назарда» бағдарламасында қамтылған экология тақырыбындағы мәселелер	**ЮТУБ каналына жүктелген ақпаратты көргендер саны**
«Жасыл аймақ» мекемесінде. Менингококк инфекциясының белең алуына не себеп? 2018 жыл, мамыр.	596 көрілім
Балық аулауға тыйым бар, бірақ тыйылу жоқ. 2018 жыл, мамыр.	119 көрілім
Көктемгі киік санағы. 2018 жыл, мамыр.	445 көрілім
Батыс Қазақстан облысы, Бөрілі ауылындағы жағымсыз иіс. 2018 жыл, мамыр.	257 көрілім
Тасқынсудың алдын алу. 2018 жыл, ақпан.	859 көрілім
Қызылорда облысында сексеуіл саудасы қызып тұр. 2018 жыл, қаңтар.	1,5 мың көрілім
Өндірісті қалалардағы экологиялық ахуал. 2018 жыл, қаңтар.	244 көрілім
Қорықтағы қырылған киіктер. 2018 жыл, қаңтар.	822 көрілім
Сырдарияның суы арнасынан асуы мүмкін. 2017 жыл, желтоқсан.	520 көрілім
Сексеуіл неге азаюда? 2017 жыл, тамыз.	802 көрілім
Суға түсу маусымы. 2017 жыл, маусым.	160 көрілім
Заңсыз қоқыс полигондары. 2017 жыл, маусым.	291 көрілім
Аңшылыққа шектеу қоюға асықпай жүрген кімдер? 2017 жыл, мамыр.	148 көрілім
Қоқыс тастауды қылмыс деп қарастыру қажет пе? 2017 жыл, сәуір.	3,5 мың көрілім

Кесте 5 – «24 хабар», «ЭКО-тв Ресей» телеарнасында берілген экология тақырыбындағы телебағдарламалардың көрілім көрсеткішіне салыстырмалы талдау

«24 хабар» телеарнасы «Жасыл экономика телебағдарламасы	**ЮТУБ каналына жүктелген ақпаратты көргендер саны**	**«Эко-тв» телеарнасы телебағдарламасы**	**ЮТУБ каналына жүктелген ақпаратты көргендер саны**
Жасыл экономика Урбанизация қалалардың тұрақты дамуын қаншалықты жеделдетеді? 2018 жыл, маусым.	24 көрілім	Земля – наш дом	6,5 мың көрілім
Жасыл экономика климаттың жылуы. 2018 жыл, мамыр.	22 көрілім	Сохраним землю нашим детям	3,4 мың көрілім
Жасыл экономика. «мериолиз» технологиясы 2018 жыл, маусым.	25 көрілім	Экологические проблемы, загрязнение окружающий среды	103 көрілім

ЭКО-тв Ресей» телеарнасында берілген экология тақырыбындағы телебағдарламалардың көрілім көрсеткіші әлдеқайда басым екенін аңғаруға болады. Демек экологиялық тақырыптағы бағдарламалардың тақырып атауларына да көрермен талғаммен қарайтынын көруге болады.

Кесте 6 – Интернет порталындағы экология тақырыбындағы бағдарламалар көрсеткішіне контент талдау (2017 жыл.)

Сайттар атауы	**тілі**	**қаңтар**	**ақпан**	**наурыз**	**сәуір**	**мамыр**	**маусым**	**шілде**	**тамыз**	**қыркүйек**	**қазан**	**қараша**	**желтоқсан**	**барлығы**
Abai.kz	қазақ	-	2	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	2
Ust-kamenogorsk.city	орыс	-	1	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	1
Alashinform.kz	қазақ	-	-	-	1	-	-	-	-	-	-	-	-	1
Altyn-orda.kz	орыс	1	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	1
Alma-ata.city	орыс	-	1	-	1	-	-	-	-	-	-	-	-	2
Caravan.kz	орыс	-	2	1	-	1	1	-	-	-	-	-	-	5
Nur.kz	орыс	-	-	-	-	1	-	-	-	-	-	-	-	1
Zakon.kz	орыс	2	3	1	13	10	6	2	-	-	-	-	-	37
365info.kz	орыс	1	1	1	4	6	1	-	-	-	-	-	-	14
kaztag.kz	қазақ	2	3	2	3	6	2	-	-	-	-	-	-	18

Сандық деректерге қарағанда интернет ресурстардағы экологиялық мәселелер 2017 жылы 2027 материалды, 2018 жылдың қаңтарынан шілде айына дейін – 895 материалды құраған.

Сондықтан экологиялық мәселелер қоғамның барлық топтарында дерлік шешілуі, қарастырылуы тиіс мәселелердің бірі ретінде орын алып отырғандығын байқауға болады.

Экологиялық мәселелерді қамтыған кезде теледидар аудиториясының құрамына дұрыс көңіл бөлінуі керек. Осылайша (мысалы, «Жануарлар әлемінде») көрермендердің барлық аудиториялары үшін берілетін бағдарламалармен қатар, белгілі бір мақсаттағы экологиялық бағдарламаларды құру қажет. Сондай-ақ өте жылдам бағдарламаны құру маңызды.

Теледидар мен радионың да экологиялық мәселелерді алға қоюы назар аудартады. Мысалы, радиоарналардағы экологиялық мәселелердің берілуін бағамдайтын болсақ, тұрақты айдармен берілетін арнайы бағдарламалардың болмауы айқын аңғарылады.

Кесте 7 – Экология тақырыбындағы «Азаттық радио» жаңалықтары (2018 жыл.)

Экологиялық жаналықтар	**Уақыты**
Теміртаулықтар Әлия Назарбаеваға петиция жолдамақ	10 қаңтар, 2018 жыл.
Тәжікстанға ескі көліктерді кіргізуге тыйым салынады	3 ақпан, 2018 жыл.
Ғалымдар: Үлкен қалаларда озон қабаты ыдырап барады	7 ақпан, 2018 жыл.
Теміртауда экологтар кәсіпорын «қалдығы сынамаларын» тексеріп жатыр	28 ақпан, 2018 жыл.
Билік Березовка балалардың «токсиннен уланғанын» терістеді	26 сәуір, 2018 жыл.
Германияда Audi концертінің басшысы қамалды	19 маусым, 2018 жыл.
БҰҰ-да қазақ-қырғыз шекарасындағы жағдай талқыланды	21 қараша, 2017 жыл.

Кесте 8 – «Азаттық радиосындағы» экология тақырыбына арналған жаңалықтар көрсеткішіне салыстырмалы контент талдау (2016, 2017, 2018 жыл)

Жылдары	**қаңтар**	**ақпан**	**наурыз**	**сәуір**	**мамыр**	**маусым**	**шілде**	**тамыз**	**қыркүйек**	**қазан**	**қараша**	**желтоқсан**	**барлығы**
2016 жыл	2	-	3	3	2	3	5	2	1	-	1	-	22
2017 жыл	4	-	1	3	2	4	2	2	2	1	3	1	25
2018 жыл	1	6	2	2	4	3	2	1	2	-	-	-	23

Бүгінде әрбір адамды экология мәселелерімен ақпараттандыруға радионың қызметінің де зор екендігін, мүмкіндігінің шектеусіз, ауқымдылығын

байқаймыз. Мұның бәрі түптеп келгенде экологиялық сананың қалыптасуына жетелейді.

Қоршаған орта мәселесі әрқашан өзекті бола береді. Оның бірден-бір айғағы артқа шегініс жасап көз жүгіртсек, жоғарыда атап өткендей, сонау алғашқы басылымдардан бастау алатын экологиялық жарияланымдардың бүгінге дейін жалғасып келе жатуынан байқауға болады.

Баспасөз қай кезеңде болмасын өміршең. Баспасөз қызметі арқылы елдің бүгіні мен болашағы айқындалады. Баспасөз – қоғамдағы ахуалдарды халыққа құлақтандырып отыратын ақпарат құралы. Баспасөз – күнделікті қоғамдағы болып жатқан оқиғалардың тізбесін жеткізу.

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы баспасөздің рөлі айрықша. Алайда радио мен теледидарға қарағанда өзіндік хабар тарату ерекшеліктері арқылы дараланады. Егемендік алған жылдары мерзімді баспасөз үшін, сол кеңестік орталық қалдырған зардаптарды жария етуге кеңінен мүмкіндік туды. Солардың негізгілерінің бірі – экология тақырыбы болды. Аталмыш мәселелерге үлкенді-кішілі мерзімді басылымдардың соқпай кеткені болмады.

Елдегі ең бір өзекті мәселе – Арал тағдырына қатысты өз ойын алғаш жазғандардың бірі – Қызылордалық Ә. Әлжанов болды. Оның проблемалық мақаласы алғаш «Социалистік Қазақстан» газетіне «Проблема. Пікір. Ұсыныс айдарымен жарияланды» [75, б. 10].

Диссертацияда 2016-2017 жылдары газет, журналдарда жарияланған публицистикалық материалдардағы экология тақырыбы, ондағы көтерілген мәселелердің орындалуы мен нәтижесі қарастырылды. Солардың бірі «Атамекен» газетіндегі экология тақырыбына жазылған мақалалардың берілуіне назар аударсақ.

Кесте 9 – Экология тақырыбындағы «Атамекен» газетіндегі жарияланымдар көрсеткішіне контент талдау (2016 жыл)

Басылым атауы	**қаңтар**	**ақпан**	**наурыз**	**сәуір**	**мамыр**	**маусым**	**шілде**	**тамыз**	**қыркүйек**	**қазан**	**қараша**	**желтоқсан**	**барлығы**
Атамекен газеті 2016 жыл	7	9	10	6	5	2	4	6	3	2	14	17	85

«Атамекен» газетінің бір жылдағы көрсеткіш саны 85 мақала болды. Көктемгі, күзгі мезгілдерде табиғат жанашырларының саны артатынын байқадық. Бұл ерекшелік барлық басылымдарда айқын көрінеді.

Кесте 10 – Басылымдардағы экология тақырыбындағы жарияланымдар көрсеткіштеріне контент талдау (2017 жыл)

Басылым атауы	**қаңтар**	**ақпан**	**наурыз**	**сәуір**	**мамыр**	**маусым**	**шілде**	**тамыз**	**қыркүйек**	**қазан**	**қараша**	**желтоқсан**	**барлығы**
Егемен Қазақстан газеті 2017 ж.	15	11	16	11	13	13	10	15	7	15	13	12	151
Жас Алаш газеті, 2017 ж.	-	1	3	2	-	-	3	6	2	5	2	3	27
Ана тілі газеті, 2017 ж.	2	1	1	-	1	1	1	-	1	1	1	-	10
Төртінші билік, газеті, 2017 ж.	1	-	-	-	-	1	-	-	1	1	1	-	5
Айқын газеті, 2017 ж.	3	2	8	13	6	11	10	7	4	6	6	4	80
Ақиқат журналы, 2017 ж.	-	1	-	-	-	1	-	-	-	-	-	-	2
Жас қазақ газеті, 2017 ж.	1	-	1	5	5	3	3	2	2	1	4	-	27
Қазақстан заманы газеті, 2017 ж.	1	1	1	2	-	4	6	8	1	1	6	1	32
Қала мен дала газеті, 2017 ж.	-	2	2	2	1	-	-	1	-	5	3	2	18

Экология тақырыбына арналған орыс тілді басылымдардағы жарияланымдар көрсеткішіне контент талдаулар жасай отырып, салыстырмалы талдаулар нәтижелері жасалды.

Кесте 11 – 2017 жылғы экологиялық мәселелерге арналған орыс тілді басылымдардағы материалдар көрсеткіштеріне контент талдау.

Басылым атауы	**қаңтар**	**ақпан**	**наурыз**	**сәуір**	**мамыр**	**маусым**	**шілде**	**тамыз**	**қыркүйек**	**қазан**	**қараша**	**желтоқсан**	**барлығы**
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
Central Asia Monitor газеті (орыс тілінде) 2017 жыл	2	-	-	1	-	1	-	-	4	8	-	-	16

11– кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
Inform БЮРО Мегаполис газеті (орыс тілінде) 2017 жыл	-	-	-	4	5	2	3	5	-	1	3	2	25
Аргументы и факты газеті (орыс тілінде) 2017 жыл	1	3	4	1	1	2	3	1	1	-	-	1	18
«Время» (орыс тілінде) 2017 жыл	3	4	9	6	11	13	7	10	7	6	15	9	100

Кесте 12 – Аймақтық басылымдардағы экология тақырыбындағы мақалалар көрсеткішіне контент талдау (2018 жыл)

Басылым атауы	**қаңтар**	**ақпан**	**наурыз**	**сәуір**	**мамыр**	**маусым**	**шілде**	**тамыз**	**қыркүйек**	**қазан**	**қараша**	**желтоқсан**	**барлығы**
Семей таңы газеті	3	1	4	5	5	4	1	3	1	4	4	1	36
Atyrau газеті	4	3	6	5	3	4	-	1	2	-	-	3	31
Onturustik QAZAQSTAN	5	4	7	5	3	4	-	5	3	4	5	3	48
Атбасар газеті	1	2	-	4	3	4	-	1	2	-	2	3	22
Шу өңірі газеті	2	2	5	4	3	4	-	2	2	4	2	3	33

Ақпарат мәліметтеріне сүйенсек (2017 жыл), республикалық басылымдарда – 1624, аймақтық басылымдарда – 921 материал ұсынылған.

Ғылыми жұмыста 2017 жылы «Жас Алаш» газетінде жарияланған публицистикалық материалдардағы экология тақырыбының көтерілу жайына контент талдау жүргізіліп, ондағы тақырыптардың қойылу ерекшеліктері талданып берілді. Олар:

– Ұйқылы ауылдың ұнжырғасы түсіп тұр.
– Ақтөбедегі Нұрдәулеттен нұр тайғандай.
– Түтін, түтін...Астанадан кет!
– Текелі тазарғысы келеді.
– Superman.
– 5 тонна өлі балық табылды.
– Президент ашқан саябақты бұзақылар тас-талқан етті.

– Көкжайлауды ақша жымқыру үшін сала ма?
– Қызылордаша ағаш егу.
– Балқаштың тынысын кім ашады?
– Жағымсыз иіс үшін Сапарбаевтан сөз естіді.
– Құдықтағы судың азаюына мүдделі емеспіз.
– Құдалар салатын қоқыс зауыты қайда?
– Бір грамм қоқыста миллиард микроб бар.
– Қызылорда мұғалімдері күн сайын көше сыпырады.
– Наразылық білдірді.
– Атырау ауа құрамын тексеретін құрал ала алмай отыр.
– Қырғыздар суқоймасымен қыр көрсетіп отыр ма?
– Ноғаев ашқан саябақтың реңі қашып тұр.
– Орманшының өзі ағашты заңсыз отаған.
– Ізмұхамбетов қасқырлардың ізіне түсті.

Жоғарыда берілген көрсеткіштер – баспасөздің бір жыл аралығындағы ұстанымдары мен ықпалын, қабылдаған шаралардың өзара нәтижесі мен салдарын бағамдауға мүмкіндік береді.

Қазіргі «Егемен Қазақстан», «Жас Алаш», «Түркістан», «Заман Қазақстан», «Атамекен» тағы басқа басылымдарда табиғатты қорғау туралы проблемалық мақалалар баспасөз бетінен белді орын алды.

Экологиялық журналистика мерзімді баспасөзде де заңды түрде түрлі жанрларда қажетті туындылар жариялап жатса, демек оны зерттеуге сұраныс бар.

Сондай-ақ оған қандай деңгейде көңіл бөлінетіндігі байқалады. Елімізде экология мәселелерін арнайы қозғайтын экологиялық Альянстың «Таза ел» атты газеті жарыққа шыққан болатын. Бас редакторы – Сейдахмет Рысқожаұлы Құттықадам. Аталмыш басылымда экомәселелер, экошаралар, экожобалар қамтылған.

Швед телевизиясындағы экология мәселелерінің берілуіне сараптама жасаған Моника Джерф-Пьер «Жасыл метатескалар: 1961-2010 жылдар аралығындағы экологиялық жаңалықтар туралы репортаждардың назарын аударылуы» атты мақаласында 1961-2010 жылдар аралығында Швецияда теледидар жаңалықтарының циклындағы беріліп отырған қоршаған ортаға назар аударып, экология мәселелеріне бағам жасайды, зерттеуге бөлінген уақыт аралығында нақты сандық көрсеткіштер арқылы салыстырмалы талдаулар қолдану, өсу, шарықтау шегі, кему деңгейлерін анық көрсетеді. Швецияның мемлекеттік қызметі телевизия жаңалықтарындағы қоршаған орта мәселелерін қамтығанын көрсеткен. 1982, 1991, 1999 және 2003 жылдары бұл мәселеге назар аудару қатары сирей бастағанын былайша сипаттайды: «Environmental reporting started at a very low level in the first years of the 1960s, but has since displayed three major peaks in attention: 1986, 1979 and 2007. However, 1967, 1969, 1972, 1977, 1984, 1988, 1997 and 2001 were also years when attention too a jump and reached high levels. On the other hand 1982, 1991, 1999 and 2003 are years when attention dropped considerably. There is clear evidence of recurring metacycles

of attention to environmental issues, as the waves in attention come and go quite regularly over the 50 years that were analyzed» [78, p. 450].

Ғылыми еңбектерде экологиялық білім беруде бұқаралық ақпарат құралдарының айрықша екендігі айтылып жүр. Солардың бірінде: «Так как современные средства массовый информации (СМИ) играют важную роль в распространении экологических знаний среди населения, журналистика занимает ведущее место в формировании экологизированного мировоззрения широкой читательской и зрительской аудитории. С каждым годом становится все актуальнее культурообразующая, воспитательная функция СМИ, по мере того, как мир начинает осознавать важность и сложность экологических проблем» деп көрсетеді [79, с. 243].

Жаңартылған энергия көздері туралы қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізудің концептуалдық негіздерін талқылау барысында «Байтақ Болашақ» РҚБ президенті Азаматхан Әміртай экология бағытында жұмыс атқаратын телеарна ашуды қолға алғанын, телеарнаның негізгі контенті жастарға бағытталатынын айтады. Сондай-ақ автор пікірін: Ойымызды жүзеге асыру үшін ел алдында беделі бар, қоғамға танымал тұлғаларды өзімізге тартып, олардың сөздері арқылы біз қоғамға өз үнімізді жеткізуді көздеп отырмыз. Осы мақсатта жақында экоальянстың жанынан ақылдасу органы ретінде Ақылдастар кеңесін құрдық. Оны «Невада – Семей» қозғалысының негізін қалаушы, белгілі ақын Олжас Сүлейменов басқарады. Оның құрамында Тоқтар Әубәкіров, Ирак Елекеев, Төрегелді Шарманов секілді елімізге сыйлы азаматтар бар. Әрі қарай республика көлемінде ақсақалдар институтын дамытсақ дейміз. Болашақта ауа мен судың тазалығын зерттейтін, ғылыми жобалармен айналысатын зертханалар да ашсақ деген жоспарымыз бар. ГМО мәселесіне қатысты пікірталас алаңын ұйымдастырдық, - деп жалғастырды [80, б. 56],

Қоршаған ортаны қорғау, табиғатты аялау мәселесіне жұртшылықтың көңілін аудару мақсатындағы «Таза ел» атты газет бар. Басылымда белгілі экология саласы мамандарының пікірлері, олармен ашық сұхбаттар беріледі. Алайда бүгінгі таңда арнайы терең сұхбаттар мен сараптамалық ғылыми құнды дүниелер жазылмауда. Бұл бір жағынан экология саласына терең бойлай алатын, эколог-журналистердің жетіспеушілігінен туындауда. Солардың бірі ретінде экология тақырыбында қалам тербейтін журналистердің тағы бір кемшілігі – түсініксіз терминдерді көп қолданатындығы айтылады [81, б. 153].

Қоршаған ортаны қорғау жайлы ақпараттарда әр кезеңде мәселен, Кеңестік кезеңде әкімшілік қолдануға рұқсат етілді және кейбір аймақтарда облыс немесе қаладағы экологиялық ахуалдың нашарлауы келтірілген. Баспасөз беттерінде «жаман» ақпаратқа ашық түрде рұқсат етілмейді. Кезінде-ақ журналистер оқырманға қоршаған ортаның жай-күйі турал ақпараттарды жеткізуге, техникалық заңдарды бұзуға және Glavlit (кеңістік цензура) олардың материалды ұсынуға мүмкіндік алды.

Дегенмен сол кезеңдегі ақпараттық кеңістікті, мәселен, басылым беттеріндегі теріс ақпараттар адамдардың психологиясына кері әсерін тигізді

деген ойлар кейбір зерттеулерде кездеседі. Сондай-ақ адамдарға газет және теледидардағы ақпарат жағымды әсер бермеді, бұл жағдайдан шығудың нақты жолын көрген жоқ. Өйткені дағдарыс, қоғам, қорқыныш және үмітсіздік жайлаған еді. Мұндай жағдаяттан шығу үшін әрине тұлғаның дамуына әсер етіп, қызығушылық, экологиялық қызығушылық тудыру қажет.

90-жылдардың басында Ресейде 160-тан астам өз еркімен жұмыс істейтін экологиялық басылымдар болған. 1990 жылы сәуір айында алғаш рет апта сайын шығып тұратын «Жасыл әлем» атты экологиялық газеттің бірінші саны жарық көреді. Аталмыш басылым әлі де өміршеңдігін жойған емес. Сонымен қатар 1990 жылдары жоғары сапалы «Экос хабаршы» атты орыс және ағылшын тіліндегі журнал жарық көрді. Осы аталған журналдар бүгінде де оқырмандарына жол тартуда. Сонымен қатар бірнеше экологиялық ақпарат агенттіктері құрылды. Ең табыстыларының бірі – Волга экологиялық ақпарат агенттіктігі (Волга облысы). Кейін Санкт-Петербург қаласында, Повольже, Башқұртстан, Мәскеу қалаларында бірнеше бірлестіктер құрылған. Соның ішінде Мәскеу қаласындағы әлеуметтік ақпарат агенттігі үнемі қоршаған орта тақырыбындағы материалды саралап, беріп отырған.

Баспасөз, радио және теледидардағы табиғаттың тылсым күштері мен табиғат таңғажайыптары туралы қызықты материалдар беруден Ресейдегі түрлі каналдар мен бағдарламалар үздіктер қатарынан көріне білді. Алайда соңғы бірнеше жылда дағдарыс әсерінен айналымы да күрт төмендеді деп атап көрсетуде. Басты орынға шексіз сериалдар, экшн-фильмдер және ток-шоулар шықты. Біздің еліміз «әлемдегі ең көп оқылым» ретінде беделін жоғалтты деген де пікірлер кездеседі.

«Аргументы и факты» газеті тұрақты түрде жаңа ғажайып шөп, табиғи негізді дәрі-дәрмектер жайлы жариялайды. Осы мақалалардың авторлары шөптер және басқа да табиғи өнімдерді пайдалана отырып, ескі орыс рецептін немесе «әженің» кеңесі жайлы материалдарды жариялап отырды.

Барлық экологиялық мәселелермен тығыз байланысты экологиялық құқық тақырыбы Ресей баспасөзі беттерінде жиі естіледі. Адамдар күнделікті қауіп туралы ғана емес, сондай-ақ мемлекет пен өндірушілердің яғни, Ресей Федерациясының Конституциясымен кепілдендірілген қолайлы орта үшін оларды құқықтары туралы жауапкершілігін білу керек дегенді назарда ұстайды. Телебағдарламалары тың идеяларға құрылып, «Орел и Решка» тәрізді саяхат жасайтын немесе киелі жерлерді аралайтын ғана бағдарламалар іске асып келеді.

Зерттеу мәліметтеріне қарағанда, мәселен, Америка басылымдарының бірінде әлемдегі экологиялық таза мемлекеттердің рейтингі жарияланған. Онда 140 мемлекеттің экологиясы 25 критериймен бағаланған және критерийлерге толық сай келген Швейцария – ең таза ел деп танылған. Бұл мемлекет зерттеу барысында судың тазалығы бойынша ең жоғарғы көрсеткіш танытып, 8 критерийге жауап берген.

Бүгінде экологтар зерттеулері де өзара салыстырулар мен деректердің өзгерісіне назар аударады.

Мәліметтерде экологтар қазірде екі ғасыр бұрынғыға қарағанда тірі организмдердің ескі түрінің 10 000 есеге жоғалғанын, 15 589 түрдің жойылу қаупі барлығын айтады.

Экологиялық журналистиканың саяси мәселелерге де қатыстылығы танылып отыр. Өйткені бұлардың бәрі экологиялық саясатпен де байлыныста дамуда. Сондықтан экологиялық журналистика үздіксіз, жүйелі жергілікті маңызы бар қоршаған ортаны қорғау мәселелерін қарастырады.

Қазір дүниежүзіне белгілі болған Чернобыль атом элекр станциясындағы апатты алайық. Оның негізгі отыны теорий элементінен құралған. Бұл өте күшті радиоактивті элемент. Ол ыдыраған кезде ядросынан көптеген радиоактивті сәулелер бөлініп шығып, айналадағы тірі организмдерге зиянын тигізеді. Семей полигонында болған ядролық сынақтарда да тап осындай болған.

Заманымыздың көрнекті ақыны Олжас Сүлейменов «Известия» газетіндегі «Мараторийді халық жариялады» деген көлемді мақаласында ол шеті мен бұл шетіне көз жетпейтін қазақ елінің жазира даласында 1945 жылдан 1989 жылғы желтоқсанның 31-ші жұлдызына дейінгі аралықта 642-і атом және термоядролық сынақтар өткізілгенін, әрбір сынақ кезінде 25-30 миллион сом ақша жұмсалғанын, жалпы қазақ жеріне атом және термоядролық сақтау қондырғылары 1945 жылдан бастап салына бастағанын, және осы жылдан бастап сынақ жұмыстары жүргізіле бастағанын, ол кезде бұл халыққа құпия болғандығын айтады. Әрине бұл жылдары Семей ядролық сынақ полигоны жайлы, оның мемлекеттік сипатын, ядролық жарылыстардың әсерінен болған апаттарды жариялауға тыйым салынған болатын.

Экологиялық жарияланымдардың жанрлық формаларынан дәстүрлі жанрлар жаңа жанрларды қажет қолданумен қатар, журналистер оңтайлы шешімдерді талап ете отырып, жанрдағы «патша» эссеге ерекше назар аударуды талап етеді. Осылайша бұқаралық ақпарат құралдарының жанрлық сипатын байыту туралы сөз қозғауға болады. Соған қарамастан көптеген адамдар әлі күнге дейін қоғамның алдында тұрған экологиялық мәселелерге қатысты үстірт ақпарат алып, кей жағдайда тіпті бұрмаланған деректерге де ұшырасып қалып жатады. Экология тақырыбына маманданған білікті журналистердің аздығынан экологияға араналған кәсіптік басылымдардағы материалдар қарадүрсін жазылып, жанрлық тартымдылығы төмен болғандықтан, оқырманды өзіне тартпайды.

Қоршаған орта мәселелері бойынша мерзімді басылымдары (баспасөз материалдары) жанрдағы аспектілер бойынша табиғат қорғау органдарының өкілдерімен және ғалымдармен сұхбаттардың, есептер, мақалалардың басым екенін көрсетті. Сараптамалық мақалалар, сарапшылардың сөздері, журналистік зерттеулер сынды жанрлардың әлі де кемшін тұстарының бар екендігін байқауға болады. Сонымен қатар экологиялық мәселелер бойынша журналистік зерттеу материалдардың жанрлық әртүрлілігі жаңа технологиялардың пайда болуына байланысты жаңа формаларды талап етеді.

Өкінішке орай, эссе іс жүзінде орталық телеарналардан, телевидениеден және радиодан жоғалып кетті. Редакторлар тұрақты дағдарыс «біздің тез өзгеретін әлемде» деп, саяси, экономикалық, рухани – құстар мен ұсақ жануарлар туралы ешқандай орын бермеді. Апта сайынғы елеулі газеттер саясат, экономика, мәдениет, спорт тақырыбындағы проблемалық мақалаларды жариялағанына назар аударайық. Дегенмен бұқаралық ақпарат құралдары бүгінгі күні жергілікті экологиялық проблемаларға назар аударады.

Экологиялық мәселелердің ішіндегі ең өзекті тақырыптардың бірі – ауыз су мәселесі. Бүгінде өнеркәсіп, кәсіпорындар қалдықтарының салдарынан судың сапасы төмендеп, адамзатты алаңдатып отыр. Судың сапасына қатысты жарияланымдар көбінесе (суды ішуге болмайды, су обьектілерінде жүзуге болмайды) ұсыныстармен («сүзгілер сатып алыңыз!») шектеледі.

Адам өмірін қалай қорғауға болатыны туралы ақпарат міндетті түрде маңызды, бірақ судың сапасын жақсарту мәселесін шешуге іс жүзінде ешқандай материал ұсынылмайды.

Баспасөздегі экологиялық мәселелерді талқылаудың нәтижесінде кейбір маңызды мәселелер оң өзгерістер әкелді. Мәселен, жылдар бойы көптеген зерттеулер мен қоғамдық пікірді қалыптастырып, өзекті болған – Ыстықкөл мәселесі. Ыстықкөл мәселелері оқырмандарға Бішкектегі кешкілік шығатын басылымдар арқылы беріліп отырған.

Қырғызстандағы баспа қызметінде, атап айтсақ, экологиялық басылымдарында ақпараттық-аналитикалық жанрлар басым. Бұл жөнінде «Спектр обсуждаемых экологических проблем в кыргызской печати с каждым годом расширяется, происходят изменения и в характерних освещения. В последнее время экологические проблемы особенно актуальны. В журналах по сравнению с газетами появляется аналитическая информация. Научно-технические и научно-аналитические издания ориентированы на научные проблемы» [82, с. 89] деп ерекшелеп айтады.

Американдық зерттеуші ғалым Эрик Фридман «Қырғызстан мен Қазақстандағы экологиялық журналистика жайында, экологиялық мәселелерді шешу мен іс-шаралар турасында былайша сипаттайды: «..This article focuses on the environmental report of domestic mass media in Kazakhstan and Kyrgyzstan. This does not mean that not all journalists have substantial knowledge or skills to report environmental and environmental news. On the contrary, most will do so despite political, financial, institutional and other obstacles» [83, p. 320].

Жанрлар арасында ерекше орын алатындары – проблемалық сипаттағы сұхбаттар, есептер, аналитикалық мақалалар. Көркем журналистік жанрдағы жанрлардың бірі – эссе сирек қолданылады.

Атақты журналист А. Ермоловтың аналитикалық мақалаларының бірі 1997 жылы «Слово Киргизстана» газетінде жарық көрген «В объятиях черного дракона» атты мақаласы болды. Мақалада шағын қалалардың және қалдық қоймалардың мәселелерін шешуге үлес қосу туралы болды. Бұл материал көтерілген мәселелерді шешуде кеңінен жауап берді.

Мерзімді баспасөзде экологиялық мәселелерді қамту әрдайым маңызды. Оған қоса бұл мәселе қоғамның өндірістік дамуымен, шаруашылық кәсіппен, сондай-ақ технологиялық жаңалықтардың кәсіпорындарға енгізілуімен байланысты. Сондықтан да осыдан он-он бес жыл бұрын экожүйе үшін қауіп төндірмеген өндірістегі өзгерістер қазірде өзекті экологиялық проблемаларға айналып отыр. Мәселен соңғы жылдарда су ресурстарын басқару, климаттың өзгеруі, ауаның ластану мәселелері Қырғызстандағы басылымдарда кең түрде көрсетілуде.

Тәжікстанда да экологиялық мәдениет қалыптастыру бағытындағы жұмыстар жолға қойылған. Ол экологиялық мәселелерді ақпарат құралдарында және ғаламторда жариялау бойынша зерттеулер жүргізіп, «экологиялық журналистика» терминінің пайда болуына себеп болды.

Тәжік ғылымында алғаш рет экологиялық журналистика 1991-2009 жылдардағы зерттеулердің хронологиялық негіздерімен зерттелді. Бұл кезеңде Тәжікстанда тәуелсіздік жылдарында бұқаралық ақпарат құралдарында қоршаған орта туралы материалдар жарық көрді.

Аргентинада да БАҚ-тың маңызы, қандай рөл атқарып тұрғандығы турасындағы зерттеулерде төмендегідей сипатталады: «...All were included in the quantitative content analysis; a sub-sample of 186 news articles was included in the textual analyses to identify generic frames. We begin with results from the newspaper Clar´ın since it enjoys the higher circulation in Argentina....» [84, p. 198].

Жаһандық экология бойынша проблемалық мақалалар, біздің ойымызша, қоғамдық-саяси БАҚ-қа оралуы тиіс. Апта сайынғы елеулі газеттер саясат, экономика, мәдениет, спорт тақырыбындағы проблемалық мақалаларды жариялағаны оң іс болар еді.

Германиядағы неміс тілінде ақпарат беретін бұқаралық ақпарат құралдары турасындағы зерттеулерде: «Furthermore, we present results from the monitoring of 50 environmental reports in German media. According to these preliminary data, the lack of context and the deficient elucidation of the evidence pose major problems in environmental reporting» [63, p. 145] делінген.

Десек те әр ел мен аймақтарда жекелеген табиғи орталардағы экожүйелердің жай-күйі, ондағы экологиялық өзгерістер БАҚ-тардың назарынан тыс қалған емес.

Экологиялық мәселелердің ұлттық немесе мемлекеттік шегі болмайды. Бір елде туындаған экологиялық проблема келесі елде де өзекті мәселеге айналуы ғажап емес. Өйткені адамзатқа ортақ табиғи ортадағы өзгерістер белгілі бір аймақпен шектелмейтіні анық. Сол себептен де БАҚ-тардағы экологиялық мәселелердің көтерілу жайына қатысты шетелдік және отандық ортақ тәжірибелерді өзара біріктіру қажет.

Экологиялық білімі бар сауатты адам өзі айналысатын ісін мейлі ол мемлекет қайраткері, басшысы болсын, мейлі ол елдің құқық саласын білетін заңгер болсын, мейлі ол ата-ана болсын сауатты жүргізе алады.

Бүгінде экологиялық білімі бар сауатты журналист қана көпшілікке экологиялық мәселелер турасында дұрыс, нақты ақпарат бере алады. Олай

болса қоғамның дамуының, ілгерлеуінің кепілі – қоршаған ортаны сақтау мен қорғау, бұл ретте қоғамның әр мүшесінің жоғары экологиялық мәдениеттілігі болғаны абзал.

2.2 Отандық және шетелдік тәжірибедегі ортақ траекториялар

Бүгінгі таңда әлеуметтік мәселелерді БАҚ арқылы үнемі назарға алып, қарастырып отыру заңды құбылыс. Осы ретте Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н. Назарбаев жыл сайынғы кезекті Жолдауларында әлеуметтік жағдайларға басты назар аударды [85].


Қоғамдағы осындай мәселелер әлеуметтік жауапкершілік жүктейді. Әлеуметтік жауапкершілік ұғымының да аясы ауқымды. Теория ретінде алғаш рет XX ғасырда АҚШ-та қалыптасқан термин. Мұнда ақпараттандыру, келеңсіздіктерді талдау мен алдын алу мақсаттары қойылған. Алайда ғылыми-техникалық ілгерілеушіліктің басым болуының кері тұстары да жоқ емес. Мұндай үдеріс қоршаған орта жағдайына ықпал етіп, нақтырақ айтатын болсақ, нашарлатып, адамдардың денсаулығына орасан зор зиян келтіруде. Бұл бағытта түрлі салалармен қатар денсаулық сақтау саласында атқарылып, жоспарланып жатқан шаралар қатары жетерлік.

Денсаулық сақтау саласын дамытуға байланысты арнайы қабылданған бағдарламалар да бар. Солардың бірі – «Халық денсаулығы» деп аталды. Онда халық денсаулығын жақсарту негізгі мақсат етіп қойылған. Бағдарлама 1998-2008 жылдарды қамтиды. Бағдарламада халыққа медициналық қызмет көрсетуді жақсарту, медициналық қызмет көрсетуді заманауи бағытқа, нарыққа бейімдеу, жауапкершілікті арттыру сынды қағидалар ұсынылады. Сондай-ақ бағдарламада өзге де қоршаған ортадағы әлеуметтік және экологиялық мәселелер қойылған [86].

Түрлі аурулар қатары көбеюде. Табиғатқа адамның өзі үлкен қауіп төндіруде. Сондықтан адамдардың іс-әрекеті биосфераның негізгі қызметтерін сақтаудағы талаптармен шектеледі.

Қазақстан Республикасында денсаулық сақтау саласына қатысты бағдарламаның тағы бірі – 2016-2019 жылдар аралығын қамтиды. Аталған мемлекеттік бағдарламада 2014-2019 жылдар аралығындағы сандық көрсеткіштер берілген. Мәселен, ауыз су мәселесі мен оны пайдалану мүмкіндігін қала мен ауыл халқын өзара салыстырған [87].

Аталған бағдарламада сараптама жасалған. Сараптама бұл салада жылдан жылға ілгерілеу, толысу, жаңару мен жақсару бағытындағы басымдықтың молайып келе жатқанын көрсетті.



Сурет 7 – Адам денсаулығына әсер етуші факторлар

Қазақстанда 2011-2015 жылдарға арналған «Салауатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асқан болатын. Бағдарлама аясында өлім-жітімнің азайғанын, түрлі туберкулезбен және иммун тапшылығынан зардап шегушілердің санының біршама кемігені байқалады. Қоғамдағы адамдар денсаулығының индекс көрсеткішінің де жоғарылағаны, медициналық көмек көрсету сапасының жақсарғаны туралы мәліметтер ұсынған.

Атап айтқанда ол ауаны ластайтын заттардың, радиациялық дозаның, тұрмыстық химияның және өндірістегі зиянды құбылыстарды зерттейді.

Медициналық экология терминін алғаш 1901-1982 жылдары микробиолог Рене Дюбо қолданған. Медицина мен экология пәндері аралығында пайда болған «экологиялық медицина» саласы XX ғасырдың 70-жылдары жаңа бағыттағы жұмыстарға бет алды. Осы тұста дамыған елдердің басым көпшілігі туындаған экологиялық мәселелерді шешуге ұмтылды.

Медицинадағы қолданысқа енгізіліп жатқан жаңа диагностикалық емдеу тәсілдері адам денсаулығына кері әсер беретін экологиялық тұрғыдағы өзгерістердің салдарынан туындаған аурулардың алдын алуда [88, б. 37].

1946 жылы арнайы мамандандырылып, адам денсаулығын қорғау мен жақсарту мақсатында құрылған дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы өз міндетін абыроймен орындауда. Аталған ұйым белең алып отырған қауіпті аурулармен күресуді жолға қойды. Медициналық бағыттағы түрлі ағарту жұмыстарын да халық арасына насихаттап отырды. Дәрілердің сапасын бақылауды да назардан тыс қалдырмады. Қоршаған ортаны қорғау жөнінде зерттеулер ұйымдастырды.

Сондай-ақ ұйым қоршаған ортаны сауықтыру, оның ішінде таза сумен және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды жүзеге асыруды көздейді.

Ұйымының штаб-пәтері Женева (Швейцария) қаласында орналасты. Сонымен қатар «Әлем денсаулығы» деген атпен журнал да шығарылды. Журнал орыс тілінде де жарық көрді.

Қоршаған ортадағы адам денсаулығы ең негізгісі болғандықтан адамның күнделікті тіршілігіндегі тұтынатын заттарының да зиянсыз болуы үнемі назарға алынып отыру керек. Бұл басты назарда. Айналадағы зиянды заттардан тіршілік иелері ең алдымен адам мен жан-жануарлар зардап шегеді.

Айталық, бір ғана түрлі пластикалық қалдықтар әсерінен көптеген аң-құстар, жан-жануарлардың кеміп, тіптен сүтқоректілердің тұқымдарының құрып бара жатқаны туралы ғалымдар пікірі кездеседі.

Көп жағдайларда жан-жануарлар пластикті тамақ деп жұтып қоятын көрінеді. Ал жұтылған пластикті асқазан, ішектері қорыта алмай іштері түйіліп өлетінін айтады. Осындай апатқа ұшырап жатқандардың тізімінде теңіз тасбақасы, итбалық және кит сынды тіршілік иелері бар делінген.

Ал бәрімізге таныс бұрынғы кендір жіптен жасалған дорбаларды тасталған зат ретінде есептесек, ол бірнеше жылда шіріп, қайта топыраққа айналатын көрінеді. Ал ғалымдар полиэтиленнің ыдырау уақыты – 400 жыл деп көрсетеді.

Осы пластик бұйымдарды жағу тұрмыстағы қолданыстан да аса қатерлі болады деседі. Себебі жанған заттан ауаға улы заттар бөлініп, айналадағы бүкіл тіршілік иелеріне зардабын тигізеді екен. Тіптен жанған күлінде ауыр металдар ұшырасады делінген. Осындай ауыр металдармен былғанған шөпті мал жейді, малдың етін, сүтін адамдар пайдаланады да мұның соңы түрлі ауруларға, әсіресе қатерлі ісікке алып келуі мүмкін.

Мұндай зияндық белгілерін біліп, қолданыстан алып тастаған Швед халқы целлофан, полиэтилен, пластик пакеттер мен қаптамаларды мүлде қолданбай, орама қағаздарға көшкен екен.

Ілгерілеу жағдайындағы ғылым мен білім адамзатты жыл сайын дамытып келеді. Алайда дамумен қатар екінші жағы – зиян келтіретін тұстары да бар.

Журналист Қ. Олжай өзінің жоғарыда атап өткен экологиялық очеркінде мынадай бірнеше елдердегі зерттеулер жайында суреттейді: Неміс ғалымы Ганс фон Пехманн тәжірибе жасау барысында шыны ыдыста пайда болған шөгіндінің қалдығынан полиэтилен жасалғаны туралы деректі келтіреді. Өндіріс қалдықтарынан химиялық қоспалар целлулоид ойлап табылған. Одан киноға қажетті пленка жасау қолға алынған. Ол өте қауіпті болған. Ал өндіріске қауіпсіз целлофан 1911 жылы жасалған екен. Кейін целлофан өңдеудің тиімді жолы ашылып, 1927 жылдан бастап тек тағамдарды орау мен тасуда қолданылған. Мысалы, бір полиэтилен пакетті шығаруға автокөлікпен 115 шақырым қуат кететіндей пайдалынады екен. Демек пакет топырақты ластаса, одан ауа ластанады делінген.

Жер шары бойынша XXI ғасыр басында 5 триллион дана пластик пакет өндірілсе, оның ішінде Қазақстанның да үлесі болған деседі.

Сондай-ақ 2012 жылдан бері сусын шығаратын өндіріс ошақтары пластикалық құтыларды өндіре бастады. Тіптен сусын түрлерін құятын

құтының өзін әртүрлі қылып жасайды. Оны қалыптастыратын станоктың қымбатын Германия мен Италиядан, арзанын Қытайдан әкеледі деседі.

Бізге сусын құятын желіні жөнелтіп жатқан Италияның кейбір қалаларында қазір пластик бөтелкелерге тыйым салынған. Айталық Легурия жағалауына жолатылмайды. Соңғы 2011 жылы курортты аймақта дем алушылардан 2 000 000-нан астам пластик ыдыстар қалған деседі. Тіптен сол жылдың тамыз айында Генуя қаласында 400 мың шыны жинап алынған. Осындай табиғатқа келген шығынды тоқтату үшін темір құты шығаруды қолға алған. Немесе оның орнына 1 евроға темір құты сатылады. Содан ауыз суды соған арнайы шүмектен құйып аласыз.

1994 жылдан бері Данияда пластик құты мен пакетті пайдалануды мәдениетті түрде шектеген. Өндірушілердің экологиялық сауаттарын ашу арқылы ықпал еткен. Әрі қаржылық жолмен қарастырылған. Сатушыларға пластик ыдыс пен пакет үшін көп мөлшерде салық салу арқылы 90 пайызға азайтқан.

Пластик пакеттер Парижде де кездеспейді. Оған бұрын қалдығының өзі 8 мың тонна, оны өңдеуге 1 жарым миллион евро жұмсайтын еді.

Ал ағылшындардың супермаркеттерінде «Бізге өз дорбаларыңызбен келіңіздер!», «Табиғатқа қамқорлық жасаңыз!» деген жарнамалар ілінген. Тіптен қызықты жайт – Ребекка Хоккинг деген әйел 43 дүкеннің иесін шүберек дорбаға көндіріпті. Ең соңында Премьер-Министр Джордж Гордон да барлық дүкендерді пластик пакеттен қағаз қапшыққа көшуге шақырады.

Жер-көкті басып кеткен пластикті Қытай елі бір аптада жинатып алды. Жұқа 0,025 миллиметрлік полиэтиленді шығаруға тыйым салды. Тіпті бұл ел пластик стаканды құртыпты. Бейжинде метро мен дүкеннің алды-артына, тіптен ішкі бөлігіне қаз-қатар автоматтар қойылған. Онда бүктеулі қағаз стаканды аласыз. Бүктелгенін жазып, бір тетігін жазсаңыз, стаканға таза су құйып береді. Ішіп болған соң қайта бүктеп автоматтағы келесі тетікке сұғып кетесіз. Су газсыз, ыдыс пластиксіз.

Австралияда да қоршаған ортаны және мәдени мұраларды қорғау барысында полиэтилинді тіптен дүкендерде тегін берілу тұрмақ сатуға рұқсат бермейді. Сондықтан осы ел әлемде алғаш полиэтиленнен арылған аймақ болып жарияланады.

«Пластиктен азат аймақ» деп заң қабылдаған Үндістанның Раджастхан штаты 2012 жылдың 1 тамызынан бері штатқа пластиктен зат апарған адамға көлемді айыппұл салынып, тіпті 5 жыл түрмеге отыру жазасы белгіленген.

Руанда мен Эритрея сияқты Африканың елдері өндірмек түгілі ішке жолатпайды. Затыңды пластик пакетпен көтеріп баруға тыйым салады.

Руанда қаласында бүкіл пакетті бір сенбілік арқылы ғана тазалап шығыпты. Кімде-кім жасырын әрекет жасаса, белгілі мөлшерде айыппұл төлеп, 1 жыл түрмеге жабылады.

Әлемдік тәжірибеде жиналып қалған полиэтилен қоқысты өңдеудің небір әрекеттері қолданылған. Тіптен Филиппинде полиэтилен қалдықтарынан

арнайы қайық жасаған. Бұл топан су кезінде тұрғындарды құтқаруда таптырмайтын құрал ретінде қызмет атқарған.

Ғалымдардың пайымдауынша, әлем бойынша жағалаудағы елді мекендердің қоқыс қалдықтарын көбінесе су шайып, әлемдік мұхиттарға апарып, ірі көлемде табиғатқа залал келтіруде деген тұжырымдар бар.

Мәселен, Данияда Торбьерн Анкерстьерне деген дизайнер пластик қалдықтардан көп рет қолдануға болатын себет жасап шығарған. Себет ағылшын әліпбиіндегі әріптерден өрілген екен. Мәліметтерге қарағанда жыл сайын Ұлыбританияда 6 миллиард пластик пакет қолданылады екен. Оның қоршаған ортаға зияны көп. Сондықтан қамқорлық жасаңыз. Осы қорапты ұдайы пайдаланып, сақтаңыз, мәтін шығады делінген.

Шетелдерде мәселен, бір ғана Ұлыбритания ғалымдары әлдеқашан өздігінен жойылып, ыдырап кететін биологиялық пакет жасап шығарған деседі. Ыдыраған күйінде 4 жыл ішінде су мен көмір қышқылына бөлініп кететінін айтады. Өндіріске енгізілді.

Норвегияда дүкендер жүгерінің шырынынан жасалған пакеттерге салады. Әрі ауыр салмаққа шыдамды.

Польшада бір топ студент қоқыстағы пластик қалдықтарды теріп, одан өздеріне гитара, дауылпаз және басқа да музыкалық аспаптар жасаған.

Мексикада да осындай қоқыстан құтылудың амалын тауып, пластик құтыларды, басқа да полиэтиленнен жасалған бұйымдарды қайта ерітіп, үй құрастырады. Іргетасы 18 шаршы метр баспананы салуға 1,7 тонна пластик жұмсалады. Мұндай құрылыс материалдарының тапшылығы сезілмейді. Себебі ай сайын қоқыс төгілетін жерден 3 мың тоннадай пластик жиналады.

Стокгольмде 15 мың тұрғынға арналған экологиялық аудан салынды. Мөлтек аудандағы тұрмыстық әртүрлі сапасына орай жинастырылады. Мәселен, қалдық әрбір үйден түріне орай органикалық, пластик, әйнек және темір болып төртке бөліп жинастырылады. Осы қалдықтардың әрқайсысы үйдің жер астындағы төртке бөлінген құбырлар арқылы ваккумдық тәсілімен сорылып әкетіледі екен. Ал қалдықтар өңделіп қайта беріледі. Алайда түтіні зиянсыз, ауаға тарамайды, керісінше қуатты күн батареяларынан алады.

Біздің елімізде керісінше шыны бөтелкелерді қайталап пайдаланудан бас тартып, тазалыққа жатпайды деп есептейді.

Ал көршілес Өзбекстанда соңғы жылдары пластик құтыларды жинау жолға қойылған. Ташкент облысынан шыққан қалдықтарды өңдейтін Янигул қаласында зауыт бар екен. Онда қайта өңдеп, көкөніс пен жеміс салатын жәшіктер шығарады деседі. Бәріміз пайдаланған ағаш пен темір жәшіктен қолайлы болған соң дикандар жаппай алу үстінде дейді.

Келесі ақпарат бойынша, Оралдағы (Қазақстан) жергілікті кәсіпкер пластикалық бөтелкелерді компрессор қондырғысына салып, салмағы 12 кг болатын текше шығарыпты. Дегенмен кем дегенде он пластикалық шыныаяқ қажет. Олар жылына 80 мың тоннаға жуық тұрмыстық қалдық шығарады дейді. Бұл Жайықтағы зиянды қоқыстардан тазартудың бір әдісі болса керек.

Отандық және шетелдік ғалымдар экологиялық апатты жағдайлардың туындауы тікелей адамның іс-әрекетінен, халық санының артуында деседі. Экология саласындағы зерттеулердің бірінде: «В связи с экспоненциальным ростом численности человечества, развитием техники и все большим стремлением к повышению уровня потребления у среднего жителя Земли к концу XX в. возникли предпосылки экологического кризиса, т.е. перехода биосферы к неустойчивому состоянию» деп атап көрсетеді [89, с. 8].

Экологиялық апат салдарынан жер шарының физикалық, химиялық, биологиялық сапасы төмендеп, күрделі өзгерістерге алып келуде. Ірі дауылдар, су тасқындары, жанартау атқылауы, жер сілкіну, теңіздер мен мұхиттар деңгейінің көтерілуі немесе төмендеуі, қуаңшылық, өрт сияқты апаттардың орын алуына жол берілуде. Жер шарында қоршаған ортаның химиялық ластануынан дүниежүзілік экологиялық мәселелер жиі байқалуда.

Ұлыбританияда жиі еститін бір дүние – Green, экологиялық таза өнім, қоршаған ортаны ластамау. Ол біздегідей бірнеше адамның аузымен айтылатын жай ғана сөз емес. Мемлекеттің стратегиясы. Біз жиі айтатын отандық өнімді, ауыл шаруашылығын солай қолдап отыр. 2008 жылы UK 'Climate Change act' деген стратегия қабылдайды. Бизнес иелерінен кәсібін қоршаған ортаға зиян келтірмейтіндей етіп құруды талап етеді. Бұл стратегия бойынша бес жылдық бюджет қабылданады. Негізгі мақсаты – отандық компаниялардың экологиялық таза өнім өндіруін қамтамасыз ету. Ұлыбританияда шетелдің азық-түлігі жоқтың қасы. Ауылшаруашылығы фермалары мен ірі супермаркеттер арасында келісімшарт жасалады. Олар өздерінің адал өнімдерін ұсынады. Есесіне халықтың отандық өнімге деген сенімі артқан.

Біздің дүкендегі 6 ай сақтауға жарайтын сүтті алуға жүрегіміз дауаламайды ғой. Өйткені сүттің қайда, қандай жағдайда дайындалғанынан хабарымыз жоқ. Саудагерлер тауарын өткізуді ғана ойлайды. Тұтынушының сенімі ол үшін түк те емес. Ал мұндағы әрбір тауарда өнімнің құрамы егжей-тегжейлі жазылған. Өнім құрамымен танысқаннан кейін, сатып алу, сатып алмау туралы шешімді өзіңіз қабылдайсыз.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында XXI ғасырдың жаһандық он сын-қатердің бірі – төртінші сын-қатер – судың жетіспеушілігі деп көрсетеді.

Кейінгі жарты ғасырдан астам уақыт ішінде әлемде ауыз суды пайдалану 8 есе өскендігі, дүние жүзінде су ресурсының күннен-күнгі сарқылып бара жатқаны, соның кесірінен XXI ғасырдың аяғына қарай кейбір мемлекеттер суды өзге елдерден импорттауы мүмкін екендігі де әлемдік экожүйеге төнген қауіп ретінде Жолдауда аталып өтті [4].

Аталмыш мәселенің саяси мәселелермен де қатыстылығы көрінеді. Мәселен, шекара аймағындағы өзендердің суын пайдалануда өзара келісім мен ортақтастық орын алуы заңды.

Мұхит суы болсын, жерасты суы болсын қандай түрі болмасын ластанады. Олар ластанудың әртүрлі дәрежесіне ұшырайды.

Сондай-ақ ластануға жауын-шашын ықпалы болатыны дәлелденген. Сулардың ластану үлесі де жоғары болып отырғандығын айтып дабыл қағуда.

Мәліметтерге қарағанда қазір мұхиттың суына жыл сайын мөлшерден тыс мұнай төгіледі екен.Төгілген мұнай суға әсер етіп, су бетінің шағылыстыру қабілетін өзгертеді. Мұның салдарының тағы бірі – жылу қалпының өзгеруі мен ғаламдық жылынуға әкеліп соқтырады.

Экологиялық мәселелерді беруде БАҚ рөлі басым. Елімізде белең алып отырған кез-келген экологиялық мәселе ғаламдық экологиямен тығыз астасып жатады.

Осы ретте өзара сабақтасып келіп ортақ бір нүктеде түйісетін ғаламдық экологияның бір қыры ретіндегі халықаралық экологиялық таңбалаудың (маркировка) маңыздылығы зор.

1992 жылы Еуропалық Одақ Кеңесі Экологиялық таңба құру туралы шешім қабылдайды. Оның графикалық символы болып гүл белгіленген. Осы күнге дейін бұл белгі эко – таңбалау елдерін біріктіреді. 2007 жылдан бастап 290-нан астам компаниялар өз өнімдерін «гүл» белгісімен таңбалайтын болған.



Сурет 8 – Халықаралық экологиялық (маркировка) таңбалау

Экологиялық таңбалау белгіленген тәртіппен сәйкестігі растаудан өткен өнімге ғана «экологиялық таза өнім» белгісі беріледі.

Қазақстан Республикасының экологиялық Кодексінің 32-бабында (Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы № 212 Кодексі) экологиялық таңбалауды пайдаланушы адамдардың кез-келгенінің айналаға зиянын тигізетін өнімдерді өте сақтықпен пайдалануды, ал зиянсыз өнімдерді қолданысқа енгізуді, отандық өнімдерді қолдау мен шетелге шығарылуына үлес қосуды, қабілеттілікті таныта білуге атсалысу сынды қызметтерді атап көрсете

отырып, экологиялық таңбалау кезінде адамдардың денсаулығына зиянсыз екеніне көз жеткізіп барып, тиімді екендігі ескерілетінін айтады.

Сондай-ақ өндірушілер өз өнімін сәйкестігі расталғаннан кейін экологиялық таза өнім белгісімен ерікті негізде таңбалайды. Өнімді экологиялық таңбалауда тиісті заңнамалық құжаттармен ретке келтіріледі [90].

XX ғасырдың 60-жылдарынан бері адам әрекеті барысында әлемдік дамуда ғаламдық рухани және экологиялық дағдарыстың пайда болуының белгісіз фактісі белең алды және ол бүкіл планетаға әсер етті деседі. Осы тұста адамзат алдында тұрған өткір мәселелердің бірі – өнеркәсіптік қызметтің даму қарқынын жеделдету мен қалдықтарды кәдеге жаратуға байланысты «тірі жануарларды жою мәселесі» қойылды. Сондай-ақ адамдар бірінші кезекке өз қалауы мен мұқтаждықтарын қойып, барлық тірі жануарлардың табиғи мекендеу орындарын бұзып, «техносфера» деген жасанды ортаны қалыптастыруға ұмтылды. «Адам – табиғат патшасы» деген қағидамен, адам өз іс-әрекеттерін ойланбай табанды құруы әлемнің «технологияланған» суретін жүзеге асыруға себеп болды дейді.

Адамның әлеуметтік және мәдени өмірінің қолайлы болуы ең алдымен қоршаған ортасына тікелей байланысты екені белгілі. Ал қоршаған ортасын өзіне жайлы етіп жасау мен сақтау әрбір адамның өз қолында. Кезінде ғалым, зерттеуші В.И. Вернадский «Биосфера және ноосфера» атты еңбегінде: «Болашақтың әрқашан көп бөлігін жасаушы адамның өзі болып табылады» деген. Демек табиғаттағы апаттар адамның өз қолымен жасалып жатыр.

1983 жылы дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау және дамыту жөніндегі комиссия құрылған. Қоршаған орта мәселелеріне арналған дүниежүзілік климат бағдарламасы – 1979 жылы құрылды, ол дүниежүзілік метеорологиялық ұйымдардың сегізінші конгресінде қабылданған бағдарлама болды. Бағдарламада адамдардың экожүйенің жай-күйі туралы тұрақты ақпараттануы, бұл саладағы деректердің жүйелі базасының болуы мен қолжетімділігі, табиғи ортада болуы мүмкін өзгерістерді ұзақ мерзімді болжау әдістерін әзірлеу міндеттері қойылған. Сонымен қатар жердің климаттық ресурстарының жай-күйін және оны пайдалануды зерделеу де қамтылды.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан – 2030» атты Қазақстан халқына Жолдауында барлық қазақстандықтардың өмір сүру жағдайларын, денсаулығын, экологиялық ортаны жақсарту мәселелерін де атаған болатын [9].

Сонымен қатар 2018 жылғы 5 қазандағы Қазақстан халқына Жолдауында да «өмір сүруге жайлы орта қалыптастыру» дегенді айтады [91].

Экологиялық дағдарыстан шығу үшін жоспарланған шаралар қатары молаюда. Осы бағытта қолға алынған істердің бірі – еліміз бойынша жаһандық бастама ретінде танылған «Жасыл көпір» бағдарламасын атауға болады.

«Жасыл көпір» – халықаралық бағдарлама. Оны 2010 жылы Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев ұсынды. Бағдарламаны 2012 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының «РИО+20» саммитінде барлық елдер құптады. Қазір ол жоғары қарқынмен жүзеге асырылып келеді [92].

Конференцияда сөз сөйлеген Нұрсұлтан Назарбаев: – Біз Сеулдің «Жасыл өсім» бастамасын дамытудың жалғасы ретінде, Астана атынан «Жасыл көпір» атты бастама көтеріп отырмыз. Бүгінгі конференцияда «жасыл экономикаға» өту бойынша болашақта аймақтық механизмдердің біріне айналатын «Жасыл көпір» серіктестік бағдарламасын (ЖКСБ) қарап шығуды ұсынамыз. Біздің бастамамыз Еуропа, Азия мен Тынық мұхиты елдері арасындағы серіктестікті нығайтады әрі өзге де аймақаралық бағдарламаларға дем береді деген сенімдеміз, - деп атап өткен болатын [93].

Еліміздің бас қаласында 2011 жылы EXPO-2017 көрмесін өткізу жөніндегі жоспар құрылды. Осы жоспарланып, қолға алынған EXPO-2017 көрмесін өткізу шарасы өз деңгейінде өтті. Көрме туралы былай жаздық: «At the world specialized exhibition in 2017, the participating countries will demonstrate the achievements and prospects in the field of renewable energy sources and their advantages, such as environmental cleanliness, low operating costs and harmlessness to the environment» [94, p. 166].

Сондай-ақ Қазақстан шетелдік тәжірибемен бөлісу, өзара алмасулар жүргізу мақсатында 2017-2018 жылдары ұйымдастырылған бірқатар шараларға бастамашы болған.

Қоғамда адамдар табиғатты, өзін қоршаған ортасын, денсаулығын қалай бағалай білетіні маңызды. Табиғатсыз адам да, ешбір мәдениет те болмас еді. Ал бірақ қазірде керісінше мәдениетсіз табиғат болмайды, қорғалмайды.

Экологиялық журналистика мәселелері турасында шетелдік зерттеулерде: «Journalism about the environment and climate change sits at a complex of intersections between politics, business, science, nature and culture, in between, the individual and the common but also in between the local, regional and global levels...» деп қоршаған ортаға климаттың әсерін айтады [95, p. 166].

Сондай-ақ тұңғыш Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына 2018 жылдың 10 қаңтарында «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауын жариялады. Жолдаудың 10-тарауында әлемде инвесторлар үшін қалалар бәсекеге түседі деген болатын [96]. Бұл Ақылды қала турасында айтылған ойлар. Ақылды қала – бұл, қазіргі заманғы өмір қала тірлігіндегі жаңашыл бастамаларға арналады. «Ақылды қала» – болашақтың жобасы» атты мақалада деректер мен мәліметтерге жүгіне отырып, ақылды қалалардағы электр жарықтарының, жылуды тұтынудың, қалалық көліктердің қызмет көрсету жағдайының үнемділігі турасында атап өте отырып, ақылды қалалардың рейтингісі бойынша Астана қаласының алдыңғы орынды иеленгенін айтады [97].

Алайда бүгінде үлкен қалаларға, үлкен мегаполистерге қатысты экологиялық проблемалар жаһандық деңгейдегі назар аударарлық күрделі мәселелердің қатарына жатады. Әсіресе өркениеттің ошағы ретінде алдыңғы қатардан орын алып, белсенді тіршілік көзі ретінде сансалалы (өнеркәсіп, транспорт, экономика, су және жылу жүйелері, атмосфера тазалығы, тұрмыстық тұтыну, адам факторы т.б.) мүдделерді тоғыстырған, сонымен қатар

адамдар барынша тығыз шоғырланған қалалардың экологиялық жағдайы өте алаңдатарлық дәрежеде екені анық.

Бүкіл дүние жүзінде кенттену үдерісі қарқынды жүруде. Қазіргі кезде ірі қалалар мен өнеркәсіптік орталықтарда өте қолайсыз экологиялық жағдай орнағандығы айтылып жүр [98].

Жоғарыда атап өткен «Ақылды қала» жобасы бойынша еліміздің әр аймақтарында бірқатар шаралар жоспарланып, атқарылуда. Осы бағыттағы жұмыстардың алғашқылары Нұр-Сұлтан, Алматы, Ақтөбе, Қарағанды қалаларында енгізіліп, жоспарлы жұмыстар атқарылуда. Олардың жұмыстағы нәтижелерін aktobegazeti.kz, zakon.kz, aqmeshit-aptalygy.kz, ontustik.gov.kz сайттарынан көруге болды.

Мәліметтерге сүйенсек, «Ақылды қала» жобасы әлем бойынша 2500 қалаға енгізілген. Олардың алдыңғы қатарында Дания астанасы Копенгаген қаласы. Бұл қала технологиялық жағынан үздік шаһарлар қатарынан табылып отыр. Одан кейінгі орындарда – Сингапур мен Стокгольм.

Осындай тәжірибені біздің елімізде де жан-жақты жүзеге асыру қолға алынып отыр. Әсіресе Нұрсұлтан мен Алматы сияқты үлкен мегаполистер үшін ұтымды. Аталмыш жоба «Ақылды қала» халқының әл-ауқаты мен экологиялық таза қала болуына бағытталатындығын байқауға болады.

«Common Sense» қоғамдық қоры көптеген алматылықтарға өздерінің қала тіршілігін жақсартуға байланысты бастамаларымен жақсы таныс. Алматының жатын аудандарының бірінде қордың көмегімен ашылып, бүгінде көршілер жиналып, концерттер мен қоғамдық іс-шаралар өткізілетін орынға айналған коммьюнити-парк қала тұрғындарының көңілінен шықты. Алматының жастарына Apple Hero экологиялық қосымшасы ұнады, ол квест-ойынға ұқсайды, онда қала – қазына картасы ретінде көрсетілген де, ал ерлік – әркімнің күнделікті өмірде қолынан келетін денсаулыққа auagroup.kz – экожүйені қорғаудың адам өміріндегі маңызы және экологиялық мәселелерге қатысты жанашырлық іс-әрекеттердің бастамашылары ретінде 46 қоғамдық қатысым қаланың экологиялық мәселелерін шешуге арналған жоба ұсынды. 2015 жылдың қарашасында Common Sense жұртшылық назарына өзінің жаңа жобасы - AUA (Almaty Urban Air - http://almatyurbanair.kz) мобильді қосымшасы мен сайтын ұсынды, онда қаланың ауу қабаттарындағы қатты бөлшектердің адамның тыныс алу жолдарына тигізетін зардаптары көрсетіліп, ауадағы ауыр металдардың шоғырлануы мен өзгеру аймақтарын анықтап отыруға мүмкіндік туды [99, б. 49].

Қазіргі цифрлы технология мен өркениеттің адам тұрмысын жеңілдітудегі ғылыми жетістіктерінің адамдардың өмір сүру ортасына ықпалы зор. Цифрлы даму БАҚ аудиториясының қабылдауына да қолайлы, жүргізушімен байланыс жасап немесе белгілі бір хабар туралы сұрағын қойып, пікірін білдіре алады. Барлық коммуналдық қызмет көрсету түрлеріне де тиімді болып отыр.

2017 жылдың 31 қаңтарында Қазақстанның тұңғыш Президенті Н. Назарбаев «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге

қабілеттілік» атты Қазақстан халқына арналған кезекті Жолдауында цифрлы дамуға көшу туралы айтып өткен болатын. Бұл Жолдауда Елбасы Үкіметке «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын әзірлеп, тапсырма ретінде халықтың жаңалықты дұрыс қабылдауына ықпал жасай отырып, қоғамның басқа да салаларында цифрландыру жүргізуді тапсырған болатын. Сонымен қатар IT саласын дамыту мәселесін жолға қоюды ұсынды.

Жолдауда сонымен қатар электронды үкімет технологиясын қолға алу мен жетілдіру жұмысын да негізгі міндеттердің бірі ретінде айтты. Цифрлы жүйеге көшуде электронды үкімет жұмысының маңыздылығын түсіндірді [100]. Қоғамдағы әрбір екінші тұлғаның өзара ақпарат алмасуы мен өзара байланысының электрондық түрде іске асуының тиімділігі басым.

Жаңа технологиялардың қарқынды дамуына мультитехнологиялардың қолданысы өзара ақпарат алмасудың, сұхбаттасудың жаңа түрін туғызып отыр. Оның тиімділігін арттыру әсіресе электронды үкімет жұмысы арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстандағы электронды үкімет дамуының кезеңдерін ғалым Р. Нұртазина бастапқы кезең, екінші кезең, үшінші кезең, төртінші кезең деп топтастырады.

Атап айтсақ, бірінші кезеңді – ақпараттық кезең деп ол 2003-2006 жылдар аралығын қамтитынын айтады. Бұл уақытта электрондық үкіметтің порталы іске қосылып, ақпараттармен толыққан. Мәселен, мемлекеттік ұйымдар мен мекемелердің жұмыс барысын жұртшылыққа көрсетіп отыратын мүмкіндіктер туралы ақпарат пайда бола бастады. Осы бағытта нормативтік құжаттар дайындалды.

2004 жылы Қазақстанда «электрондық үкімет» құрудың тиімділігі мен көпшілікке көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді пайдалана алу мүмкіндігін қамтамасыз ететін бағдарлама қабылданды. Сол кезеңде халыққа қызмет көрсету орталықтарының тиімділігін танытатын, мәселен, бір ғана анықтама алатын (жылжымайтын мүлкінің бар-жоғы туралы анықтама) қызмет көрсету түрлерін көрсететін «бір терезе» ұстанымы жүзеге асырылды.

Интернет порталдармен жұмыс істеу мүмкіндігі болғаннан бері мемлекет қызметкерлерінің де уақытты үнемдеу тиімділігі мен халықтың портал арқылы мемлекеттік қызметкерлер жұмысына деген сенімділік пен ашықтық арта түсті.

Интерактивті кезең деп аталатын екінші кезең 2006-2007 жылдар аралығын қамтыды. Аталған уақыт аралығында электрондық қызмет көрсету түрі енді қолға алына бастаған болатын. Порталдарды пайдаланушыларға үйде отырып анықтама алу сынды мүмкіндіктер туды. Мұндай интерактивті қызметтер уақытты үнемдеу үшін анағұрлым тиімді болды.

Үшінші кезеңді транзакциялық (ымыралық) кезең деп атайды. 2008-2010 жылдар аралығы кіреді. Бұл кезеңде адамдар мемлекеттік салықтар мен алымдарды, айыппұлдар мен коммуналдық қызметтерді ғаламтор арқылы сатып алып, төлеу мүмкіндігіне ие болды.

Түрлендіру кезеңі төртінші кезең ретінде 2011-2014 жылдар аралығын қамтыды. Бұл кезеңде адамдарға қызмет көрсету ең жоғары жеделдікке ие болды [68, б. 156].

Мемлекет тарапынан әлеуметтік мәселелерді мобильді түрде шешуде электронды үкімет порталдарын енгізудің тиімділігі бүгінде айқын көрінуде. Оған қоса қазірде қызмет көрсету саласы электронды форматқа ауысуда. Сондықтан төрт кезеңнен тұратын Қазақстан Республикасының электрондық үкіметін қолданудың іске асырылу барысын алдыңғы қатарлы шетел үкіметтері де оң қабылдап, жоғары бағалады. Түрлі халықаралық және республикалық көрсеткіштерде, конкурстар номинацияларда оның жоғары орындарды иеленуі осының айғағы.

Елімізде жасыл экономикаға көшу жөнінде бағдарлама бар. Экологияны қорғау үшін жасыл экономиканы дамыту жөнінде тұжырымдама да жасалды. Экологиялық кодекс арқылы да бірталай мәселенің алдын алуға болады. Алайда осындай құжаттарда айтылған мәселелерді қозғау, орындау жағы кемшін тұр. Оның бір себебі жұртшылықтың санасына адамзаттың экологиялық қауіп алдында тұрғаны әлі жетпей жатыр. Қазір елімізде жасыл экономикадан гөрі цифрлық индустрия алға шықты. Бағдарламаны жүзеге асыруға атсалысып, халықтың әрбірінің назарын осы маңызды мәселеге аударуға жұмыла жұмыс істейтін уақыт жетті.

Жасыл экономиканы дамытуға Қазақстанның қауқары жетеді. Келешекте біз экологиялық таза өнімге деген сұранысты арттыруға күш жұмсауымыз қажет. Қазіргі таңда әлем халықтарының 2 пайызы ғана табиғи таза тағамды іздейді екен. Енді бір 10-15 жылда бұл көрсеткіш 10 пайызға ұлғаюы мүмкін. Бірақ ол кезде бәрі кеш болып қалмас үшін қазірден экологиялық сананы қалыптастыруға жұмыс істеуіміз керек. Ол үшін мемлекет тарапынан қолдау қажет.

Ақпараттық технология мен робот техникасы әлемдік ғылым кеңістігінде өзінің қарқынды дамуымен өзге ғылым салалары арасында авангардтық рөлге ие болу үстінде. Бұл үрдістен шет қалмаған біздің елімізде жаңа индустрияны өркендету жолында өз саясатын цифрлық технологияға бағыттауда. Әрине бұл кешенді міндеттер экономика саласын жаңа сипатта дамытуға мүмкіндік береді. Алайда әлемдік сарапшылар цифрлық индустрияның, робот техникасының дамуына байланысты адамзат үлкен қауіптің алдында тұрғанын ескертеді. Себебі жасанды интеллект соңғы он жылда таңқаларлық жетістікке жетті. Тіпті роботтар адамдармен бәсекеге түсе бастады. Келешекте роботтар басым түсіп, адамзат олардың тасасында қалуы мүкін. Өйткені адам қолы жетпеген мүмкіндіктерге темір қондырғылар арқылы қол жеткізіп отыр. Олар түбінде қырып-жою қаруы ретінде пайдалануы ғажап емес. Өйткені адамзат жасаған нәрсесін міндетті түрде сынап көреді. Кезінде атом бомбасын ойлап шығарды. Оны сынап көру үшін әлемнің көптеген елдерінде ядролық сынақтар болып, адамзат оның зиянын тартты.

Кейінгі зерттеулерде Қазақстан электрондық үкіметке көшуінде ілгерілеушіліктер басымдылығы байқалады. Оны жасалған сараптама, зерттеулер айғақтайды.

Күнделікті тұрмыста кең қолданыстағы цифрлы мүмкіндіктер арқылы, мысалы, қарапайым ғана теледидарының алдында отырып, кез келген тауарға, қызметке тапсырыс бере алу мүмкіндігі бар. Тіптен қарапайым банк қызметтері электронды түрде орындалуда, адамдар өзара электронды хат арқылы хабарласады, теледидар арқылы өзара ақпарат алмасады.

Экологиялық мәселелер туралы халықтың хабардар болуы маңызды рөл атқарады, «In the light of the Aarhus Convention, public awareness on environmental issues must play an important role in environmental education of the population. In the transition of the Republic of Kazakhstan on the model of sustainable development, environmental education and training is a priority» [101, p. 137] деп жазылған.

Экологиялық ақпарат беруде басылымдардың қызметі турасында бағамдағанда шетелдік басылым мен Қазақстандық басылымға салыстырма жасадық. Салыстырмалы түрде алынған Башқұртстан Республикасында шығатын «Табиғат» журналының бірнеше сандарының ішіндегі 2016 жылғы ақпан айындағы № 1 санына назар аударсақ.

Аталған журнал (2016 жылғы ақпан айындағы № 31) 32 беттен тұрады [102].

Құрылымдық берілуі төмендегідей:

– Коллегия. Активность сохраняется. Итоги прошлого года подвели министерство природопользования и экологии РБ и управление Росприроднадзора по РБ 18 февраля на совместном заседании коллегии.

– ТКО. Новые линии. В Бирске и Белорецком районе завершилось строительствомусоросортировочных комплексов. Оба проекта реализуются по принципу муниципально-частного партнёрства и охватывают близлежащие к основным городам населённые пункты. Переходим на оранжевые. В течение года в Башкирии установят 10 тысяч экобоксов для утилизации ртутьсодержащих ламп, градусников и батареек. 10 вопросов. Вилоре Горохольской, руководителю Башкирского управления по гидрометеорологии и мониторингу окружающей среды.

– Мнение учёного. Болота знают ответ. 1 февраля – День болотных угодий. Василий Мартыненко раскрывает новые подробности проекта, посвящённого сохранению и восстановлению торфяников в республике. Арктике в помощь.Уфимские ученые разработали уникальную технологию удаления нефтяных загрязнений из-под арктических льдов. Птицы и люди (на рус. и баш. яз.) 19 февраля – День орнитолога. В Башкирии он ассоциируется с Евгением Каревым, который защитил кандидатскую диссертацию по орнитофауне Уфы. Учёт пернатых (на рус. и баш. яз.) В январе в республике, как и по всей России, состоялась акция «Серая шейка», когда любой желающий мог посчитать зимующих водоплавающих и околоводных птиц.

– Закон. Одной проблемой меньше. В этом году все скотомогильникиреспублики будут приведены в надлежащее состояние. 14 Платный вход Госдума РФ рассматривает законопроект о введении платы за посещение природных парков регионального значения.

– Акция. Спасли рыбу от замора. Обильные снегопады и мороз стали настоящей бедой для обитателей озёр. Три тысячи жителей Аургазинского района вышли с ледобурами на местные водоёмы.

– Туризм. 7 проектов для китайцев. В развитии внутреннего туризма в Башкирии серьёзная ставка делается на Китай. Представляем вашему вниманию топ-7 проектов, которые госкомитет по предпринимательству и туризму РБ презентовал туристической корпорации провинции Цзянси.

– Охрана природы. История одного переезда (на рус. и баш. яз.) Почти два месяца семья научных сотрудников живет на отдаленном кордоне биосферного резервата «Башкирский Урал». Какие задачи они решают, как обустраивают свой быт и какие планы строят на будущее?

– Экопросвещение. От Ика до Яика (на рус. и баш. яз.) Один из двух грантов Русского географического общества, доставшихся Башкирии в прошлом году, выиграл преподаватель из Туймазов Игорь Данилко. Как он распорядился деньгами, хватило ли 150 тысяч рублей, чтобы осуществить проект?

– Башкирский бренд. Нелёгкий путь мёда. Как размножаются пчёлы? Какими средствами их лечить? Где лучше размещать пасеки? Это лишь часть вопросов, которые поднимались на пятой конференции пчеловодов 6-7 февраля в Институте биологии УНЦ РАН.

Басылым бетіндегі барлық айдар саны – 10. Әр айдарда кестеде көрсетілгендей, 1, 2, 3 мақала қамтылған. Журналдың мұқабасы да көз тартарлық. Өзіндік (акция, конкурс) ерекшеліктері байқалады.

Ендігі ретте салыстырмалы мақсатпен Қазақстандық «Атамекен» республикалық басылымының 2016 жылдың 13-желтоқсанындағы № 22 санына назар аударсақ [103].

«Атамекен» республикалық қоғамдық-экологиялық газет 1991 жылдың 17-қаңтарынан бастап шыға бастады. Бүгінде «Экологический курьер int» газетіне қосымша шығатын «Атамекен KZ» газеті мыңдаған авторлардың ортақ басылымына айналып отыр. Газет 2006 жылдың ақпан айынан бері екі тілде шыға бастады. Бүгінгі таңда экологиялық жаңалықтарды республика оқырмандары екі тілде оқиды.

Кесте 13 – «Атамекен» республикалық қоғамдық-экологиялық газетінің 2016 жылдың 13-желтоқсанындағы № 22 саны.

Айдарлар	**Мақалалар**
1	2
Адамзат және қоршаған орта	Қазақстан мұнай өндіру көлемін қысқартады. Ауыз су мәселесі шешілмек. Альпинистердің Тәуелсіздікке тартуы.

13 – кестенің жалғасы

1	2
Мәселе	Е. Нысанбаев. Браконьерлердің киіктерді атуы тыйылар емес. Көмір өртенді. Қай қалада үй қымбат? Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 25 жылдығының қорытындысы.
Экология	Еліміздің экологиялық жағдайы әлсіреп кетті. (А. Әміртай). Заңдастыру – басты міндет. Мұнай ауаны ластайды.
Ақпарат айдары	Өмір сүруге қолайсыз елдер. Айдан су табылды. Ақ аюдың халі мүшкіл. Қазақстан – туристер үшін қолайсыз орта. Жаңа қан топтары анықталды.
Мәдениет	Әлем көз тіккен қазақ мұрасы.
Әлеумет	Қазыналы қартың қайда?
Керек дерек	Әке тәрбиесінің жөні бөлек. Ақшам артсын десеңіз... Тамақты талғап жейсіз бе?
Ұзынқұлақ	Қайраттың табысы қанша? «Нұр-Мұқасан» тарады ма? «Қазақ аруы» атты фильм түсіріледі. Меруерт неге мұңайды? Гүлбану – «Қазақстан аруы».

Қазақстандағы экологиялық мәселелерді қамтитын бірден-бір басылым – «Атамекен» газеті. Газеттегі экология тақырыбындағы мәселелердің берілуіне назар аудара отырып, контент талдау жасадық. Сандық көрсеткіштер түрінде ұсындық. Атап айтатыны басылымның негізгі бағыты экологиялық басылым болса да, өзге де әлеуметтік, отбасылық мәселелер де қамтылып отырады. Тек белгілі бір кезеңде, маусымдық алмасуларда экологиялық ақпараттар жиі беріледі. Нәтижесін көрсек, басылымдарда басқа әлеуметтік желілер мен теледидарға қарағанда бәсеңдік байқалады.

Ақпараттық кеңістікте экологиялық білім беру, тәрбие ісі айрықша маңызға ие. Экологиялық сананың қалыптасуының ең қарапайым сатысы – ол өз отбасы мен ауласындағы, көшесіндегі тазалық пен үнемшілдік сынды қасиеттерді бойларына сіңірту. Адаммен егіз табиғат құбылысының құпияларын ұғындыру, барды бағалау. Осы ретте адамды табиғатпен байланыстыратын – мәдениет.


Белгілі экологиялық мәдениет аясында білімі бар тұлға ең алдымен өз денсаулығы мен қоршаған ортаға қамқорлық көрсетеді. Тіптен болашақта елдегі және тұтастай алғанда экологиялық ахуалдың жақсаруына әсер етуі мүмкін.

Экологиялық ахуалдың жақсаруы аясында атқарылып жатқан бірқатар шаралар қатарында өзара бірлескен, бірнеше елдер ортақтасқан, ортақ траекторияларда жанасқан рухани бағыттағы іс-шаралардың енді бірі – экологиялық фотокөрмелердің ұйымдастырылуы. Мысалы, Мәскеуде Арал теңізіне арналған фотокөрменің маңызы ерекше деуге болады. Фотокөрме жайындағы толық ақпаратта көрмені ұйымдастырушылар осы іс-шара арқылы көпшіліктің назарын экологиялық апатқа аударып, Аралдың табиғи әсемдігін көрсетуді мақсат еткен. Бұл 60 шақты пейзаж көрмесі Аралдың көктемгі табиғаттың ояну кезін көрсетеді [104].

Мұндай фотокөрмелер мен фотобайқаулар өзге елде ғана емес біздің елімізде де орын алып келетінін байқауға болады. Солардың бірі «Табиғат – тал бесік» деп аталған фотобайқаудың жеңімпаздары Астанада өткен салтанатты жиында анықталды. Ал жеңімпаз суреттер арнайы көрмеге қойылды. Көрме «Қазгидромет» РМК бастамасымен ұйымдастырылған [105].

Сонымен қатар Аралдың жағдайы туралы да түрлі халықаралық деңгейде конференциялар да ұйымдастырылуда. Арал теңізінің зардабын Орта Азия мен Қазақстан ғана емес, Шығыс елдері де тартуы мүмкін деген болжамдар да жоқ емес. Нақтырақ айтсақ, бұл экологиялық мәселе әлемдік климаттың өзгеруіне де ықпал етеді деген де пікірлер кездеседі.

Осындай экологиялық жүйенің нашарлауы Арал теңізінің нашарлауына әкелді. Бұл жайттың көрінісін төменде берілген суреттен байқауға болады.



Сурет 9 – Арал теңізінің континентальды климатының көрінісі

«1992 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-інші сессиясында» Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Арал теңізінің апаттық жағдайына әлемнің назарын аударып отырғанын, тартылып бара жатқан Арал теңізі – халықаралық шұғыл және ауқымды көмекке зәру

экологиялық апат аймағы екендігін, алабының шөлдену үдерісі жылына 150 млн. тонна тұз шаңының шығуымен қосылып, 30 млн. астам халқы бар зор аймақтың экологиясын күрт нашарлатқанын, экономикасы мен жұрт денсаулығына жағымсыз зардаптарының әсерін ұлғайтатындығын айта келе, егер бүгін бұл он мыңдаған адамдардың қасіреті болса, ертең, БҰҰ шұғыл араласпайынша, миллиондаған адамдардың қасіретіне айналатындығын айрықша атап көрсетті.

Арал проблемаларын шешуге, Аралды құтқаруға, Арал өңірін экологиялық сауықтыруға бағытталған бірлескен әрекеттерді, бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыру мақсатында Орталық Азия аймағы елдерінің күш-жігерін біріктіру үшін 1993 жылы Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан президенттерінің бастамасымен Халықаралық Аралды құтқару қоры (ХАҚҚ) құрылғанын, 2008 жылы желтоқсан айында өткен БҰҰ Бас Ассамблеясының 63-ші сессиясында ХАҚҚ-на бақылаушы мәртебесін беру жөніндегі қарар қабылданғанын, 2010 жылдың сәуірінде Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Пан Ги Мун Орталық Азия елдеріне сапары барысында «Арал теңізінің – тартылуы планетадағы ең қорқынышты экологиялық апаттардың бірі болып табылатындығы туралы мәлімдегенін айтты [76, б. 84].

Арал теңізін құтқару жөнінде бірнеше ғылыми жобалар мен болжамдар бар екені атап көрсетілуде. Олардың қатарында:

1. Қазақстанға Сібірдің өзендерін бұру арқылы;
2. Сырдария мен Әмудария өзендерінің сулары арқылы;
3. Теңізді жартылай сақтап қалуға жағдай жасау;
4. Каспий теңізінің суын жасанды жолмен Аралға әкелу;
5. Жер асты суларын жасанды жолмен Аралға қосу;
6. Арал теңізінің суын табиғи реттелуін және толысуын күту жобалары бар.

Халықаралық Аралды құтқару қоры Неміс техникалық ынтымақтастық агенттігімен бірігіп, құны 180 млн. АҚШ доллары болатын үлкен жобаны жүзеге асыруға жұмыс істеуде. Жобаның негізгі мақсаты – ХАҚҚ-ның құрамына енетін өңірлік ұйымдардың байланысын арттырып, ғылыми-зерттеу негіздерін күшейту және бағдарламаның дайындық жұмыстарына көмек көрсету [5, б. 8].

Арал қасіреті ғаламдық ортақ мәселеге айналып отыр. Арал теңізін қалпына келтіру бағытында көптеген іс-шаралар мемлекеттік деңгейде де, халықаралық көлемде де жасалып келеді, жасала береді де. Сағит Ибатуллин өзінің «Егемен Қазақстан» газетінде берген «Арал апатына арашашы» атты сұхбатында баса тоқталып өтеді [105].

Апатты аймақ Семей полигоны болған жерлерде де тұрғындардың әлі де тұрақтанып отырғандары баршылық. Ол турасында: «And although the law «On Rehabilitation of the Population Affected by Nuclear Tests» was passed in 1992, it does not work to the fullest extent due to the difficult economic situation in the

country. The remote consequences of nuclear tests, transmitted from generation to generation, are increasingly detrimental» [106, p. 62] деп жазылған.

Бүгінде бірқатар экологиялық мәселелердің шешілуі заманауи цифрлы технологияларды пайдаланумен де де байланысты дамып келеді. Солардың бірі ретінде елімізде Азия аймақтық экологиялық мәселелерді шешу орталығын атауға болады. Мұнда «Digital Kazakhstan» жобасы аясында экологиялық мәселелерді сандық технологиялармен шешу жобасы іске асырылуда. Мәселен, онда ұялы телефондар арқылы қоқыстан қалай арылуға болады деген мәселелерге тиімді жол табу қойылған [107].

Экологиялық келелі мәселелерді шешуде Нұр-Сұлтан қаласында ұйымдастырылған «ЭКО АСАР» экологиялық акциясы жалғасын тапты. Бұл бастама жұртшылық көңілінен шыққан. Осындай бастамалар үлкен қалаларда экологиялық автотұрақ сынды іс-шаралардан көрініс береді.

Тәрбие басы, білім көзі тек балабақшада немесе мектепте ғана емес, сонымен бірге бірінші кезекте отбасында жүргізіледі. Экологиялық ағарту және білім беру саласы бойынша 1995 жылдан бастап «Жасыл қорғау» Жаршысын шығарады, ал 2000 жылдан ағылшын тілінде «Green Salvation» Herald қосымшасы шығады.

«Жасыл қорғау» экологиялық қоғамы Жерді сақтап қалу үшін ынтымақтастық жасауға шақырады. Экобағдарламалардың қатысушысына айналған мектептер көмекші материалдар, бағдарламаға қатысушы халықаралық сертификат, бағдарламаның Ұлттық Операторынан ақпараттық және моралдық қолдау алады.

Қазақстанда қоршаған орта үшін Жас репортерлер бағдарламасын (Young reporters for the enviromnent) екі жылдан астам «Эко өмір салты» Қоғамдық бірлестігі жүзеге асыруда. Қазақстандағы Қоршаған орта үшін Жас репортерлер клубына Қарағанды қаласы мен Қарағанды облысының 11 мектебінің 38 оқушысы қатысқан.

Ресейдегі экология мәселелері мен осы бағыттағы атқарылып жатқан жұмыстар қатары жайында көптеген зерттеу еңбектерінде көрсетіліп жүр. Солардың бірінде тұрақты даму концепциясы мен 1994 жылғы 4 ақпандағы Ресей Федерациясы Президентінің Жарлығы турасында айтылған [108].

Қайта құру кезінде Горбачевтің жаңа реформалары аясында экологиялық қозғалыс мәселесі күшейді. Себебі осы кезеңде теңдессіз Чернобыль апаты (26 сәуір 1986 жыл), басқа да ауқымды экологиялық апаттар (Печора өзені бассейнінде 100 мың тонна төгілген мұнай, мысалы Усинск мұнай апаты) белең алған болатын.

Ресейде жарық көретін «Экологическая культура» журналының (№ 44, 2008) кезекті санында аймақ бойынша атқарылатын экологиялық шаралар, кезекті жұмыс бағыттары көрсетілген. Ал мақалалар мазмұнында әр аймақ бойынша жеке-жеке зерттеу материалдары толықтырылған. Мәселен, «Бургеры в Санкт-Петербурге: экологи»; «Экологическая инициатива школьников Ленинграда»; «Прическа Калуги – это научно-исследовательская и региональная экологическая культура, основанная на собственном опыте»;

«Устойчивая Осетия – Алания регион, Бешшача»; «Экологическое образование, которое я практикую»; «Саратовские прически и экзотическое экологическое воспитание»; «Дома престарелых в Свердловске, программы по воспитанию и образованию экологов»; «Югорское образование, Бойшаша, Эгоистическое образование, которое я получаю на князя»; «Алтай-Саянский экологический эксперимент: экологи – биоразнообразие и источники существования» атты мақалаларда айтылған [108, с. 42]**.** Осы саладағы оң бастамаларға арналған. Журналда берілген мақалалардың берілу реті мен мазмұны да ерекше құрылымды болып келеді.

Қытайдағы экологиялық мәселелеріне бағытталған зерттеулер жүргізу жұмыстары туралы былай делінген: «The study finds that the participants need to possess four types of knowledge in order to understand the topics they report on: expert, experiential, schematic and judgmental knowledge» [109, p. 776]**.**

Экологиялық саясаттың мәселелерімен 1990 жылы ұйымдастырылған Еуропа Комиссиясы, Еуропалық Парламент айналысқан. «Біріккен Ұлттар ұйымдарының ұйымдастыруымен болған экологиялық форум ауқымды жаһандық мәселелерге арналды» [110, б. 25]**.** Форумда бұқаралық ақпарат құралдарының экологиялық мәдениет қалыптастырудағы қызметін жан-жақты айтқан болатын. Бұл бағытта бұқаралық ақпарат құралдарының қызметі аса зор жауапкершілікке ие. Экологиялық мәдениеттің қалыптасуында бұқаралық ақпарат құралдары маңызды рөл атқарады [111, б. 107]**.**

Экология мәселелері қай кезде болмасын өзекті әрі үнемі назарда. Мәселен, өсімдіктер мен жануарлардың сирек және жоғалып бара жатқан түрлерінің Қызыл және Жасыл кітаптары шығарылып және қайта басылып отырады.

Қырғызстандағы алғашқы мерзімді баспасөз беттерінде экологиялық мәселелерді қамтудың бастапқы кезеңі бірқатар ғалымдар, ағартушылар, ақындар мен жазушылардың журналистік қызметімен байланысты болды деген пікірлер бар.

Қырғыз Республикасының азаматтарының өмір сүру сапасын жақсартатын ұлттық экономикалық кешендер ерекше маңызға ие. Денсаулық жағдайы, адамның әл-ауқаты қоршаған ортаның жай-күйімен тікелей байланысты. Сондықтан қоршаған ортаның жай-күйі туралы ақпарат халықпен жоғары деңгейде қабылданады.

Экологиялық мәдениет қалыптастыруда БАҚ-тың құрамдас бөлшегі кино өнерінің, деректі фильмдердің де маңызы айрықша.

Кино – техника мен өнердің қосындысы, туындысы, әдебиет пен музыканың, бейнелеу өнері мен актерлік ойынның басын қосқан құдірет. Кино – синтетикалы өнер, онда әдебиет те, сахналық-актерлік өнер де, музыка да, сурет те бірігіп бас қосады. Солардың бас қосқан жерінен бүгінгі ұлттық мәдениеттің хал-жағдайын, халықтың өткені мен бүгінін көруге болады. Оның ішінде адами құндылықтарға бағытталатын қазақстандық деректі фильмдерді ерекше айтуға болады. Бұл фильмдерде табиғаттың адам өмірімен байланысы, табиғи ортаның әсері, олардың бір-біріне өзара ықпалы мен бірлігі суреттеледі.

Қазақ киносында табиғат және адам тақырыбы жақсы қамтылған. Мұндай күрделі экобайланыс, қоршаған ортаның адам тәні ғана емес, адам жанына да тигізер терең әсері, кино өнеріндегі әлем және адам, жер ана, туған өлке, ата мекенге деген махаббат сынды мәңгілік тақырыптарды көтерген Ж. Құсайнованың «Нан, от, су, күн… өмір» (1997), М. Мусиннің «Құмдағы аң» (1998), В. Завицкийдің «Сондай ұзақ өмір» (1998), Н. Балмановтың «Өмір бойы» (2002), Т. Бейсеновтің «Бірінші айғайдың жаңғырығы, «Махаббат және үміт көлі: Марқакөл» (2003) атты көркем және деректі фильмдері С.М. Каупенбаеваның «Қазақстанда экологиялық мәдениеттің қалыптасуы мен дамуының үрдістері мен негізгі бағыттары» атты диссертациясында атап өтілді. Сондай-ақ «Ғаламшардың экологиялық мәселелеріне арналған заманауи 10 фильм» атты мақалада да қоршаған ортаны қорғау маңызды мәселе екендігі айтылған [112].

Ғаламшардың экологиялық мәселелеріне арналған заманауи 10 фильм туралы төмендегі кестеде берілген.

Кесте 14 – Ғаламшардың экологиялық мәселелеріне арналған заманауи фильмдер

Фильм атауы	**Уақыты**	**Мемлекеті**	**Жанры**
Жоғалған өзендер	2018	Канада	деректі фильм
Климаттық сценарий	2017	Испания	деректі фильм
Лора Белоиванның итбалықтары	2015	Ресей	деректі фильм
Адам	2017	Франция	деректі фильм
Ертеңгі теңіз	2016	Қазақстан	деректі фильм
Ақырғы теңізге	2016	Қазақстан	деректі фильм
Бүркітті аңшы	2016	Ұлыбритания, Монғолия, АҚШ	деректі фильм
Леонардо Ди Каприомен бірге ғаламшарды құтқару	2016	АҚШ	деректі фильм
Қанды азулар	2016	Кения, Ресей, Франция	деректі фильм
Удэхе мемлекет	2015	Ресей	деректі фильм

Бүгінгі киноның жағдайы мүлде жаңа бағыттарға бет бұрды. Дегенмен осынау өнер түрінің Қазақстанда дамуы баяулап, сапасы да төмендеп кетті деген пікірлер де бар.

Ал бүгінгі кино қуатты құралға айналып барады. Соңғы жылдары отандық киноларға деген көзқарас түбегейлі өзгеруде. Бұл – қазақ экранындағы жаңа кезең десе болады. Әрі олар жаңаша бастамаларға толы. Өткен тарихымызды түгендеу. Ең бастысы – ұлттың рухын көтеретін туындылар жасауға батыл қадам жасалып жатқанын байқауға болады.

Адамдар бір-біріне, табиғатқа деген тәуелділіктен арыла, еркіндікке қол жеткізе отырып, өздерін жоғалтып алуда. Оның тәуелсіздігі әлемге қажет болмай қалуына әкеледі. Байланыстарды қалпына келтіру оңайға соқпайды. Бүгінде адамдардың көзқарастары дәл қазіргі уақытты негізге алады.


Адамзат дамуының жолын өзгертуші рухани күшті талап ететін қозғалыс, оған сай бола аламыз ба деген адамдарда күмән туады.

Ондай жаңаруларды енгізу үшін көзқарастың шектеулігін еңсеру, «мұнда» ғана емес, «жақында», «алыста», «барлық жерде», тек қазіргі уақытта емес, өткен шақта, болашақта адам өмір сүретін және мәдениет дамитын, кеңістік пен уақытты тұтас қарастыруды қайта қалпына келтіру керек.

2.3 Семей полигоны: ғаламдық ядролық қауіпсіздік мәселелері

Семей полигоны жайлы 90-жылдардан бастап жазылып та, айтыла да бастаған болатын. Полигон салдары тек Семей аймағын ғана емес, Семеймен шектесіп жатқан Павлодар, Қарағанды, Жезқазған сынды аймақта да көрініс берген. Радиоактивті жарылыстың ең жоғары аймағы Семей облысы болғаны, одан өзге де көршілес аумақтарды қамтығаны туралы «The Ministry of Armed Forces also selected the location because of its relatively low population density. However, over 20,000 residents lived in more than a dozen villages situated along the border of the test site, and the Polygon displaced several more villages» деген деректер келтіреді.

Семей полигонында жасалған сынақтарды дайындауға, жүзеге асырып және бақылауға мыңдаған адамдар қатысқан. Арнайы бекіністе отырып әртүрлі өлшеулер, ғылыми эксперименттер жүргізгендер де жүздеген. Алайда көрген-білгенін жазып, баспасөз бетінде жариялағандар көп болмады. Бірақ бұл түсінікті жайт еді. Себебі сол жерде жұмыс істеген мамандар мен әскери қызметкерлердің бәрі де осы полигонды көргенін, жұмыс істегенін айтпауға, жазбауға қолхат берген... Егер құпияны ашқан жағдайда қатаң ескерту алған. 1990 жылға дейін бұл ережені ешкім бұзған жоқ.



Сурет 10 – Ядролық сынақ салдарының көрсеткіші

Алғашқы сынақ туралы деректердің бірінде: «Semipalatinsk nuclear test site was established by the USSR Council of Ministers' decision of 21 August 1947. For nuclear experiments from the national economic turnover was seized 18,500 sq. km of land. The landfill is situated on the territory of Semipalatinsk, Pavlodar and Karaganda regions. August 29, 1949 was carried out the first test at the Semipalatinsk nuclear test site. From that day on MIC USSR he led an undeclared war against the people of Kazakhstan. This was the beginning of Kazakhstan's nuclear tragedy, which lasted more than 40 years. Almost the entire country into a nuclear test site - tests were carried out in all areas, from the Caspian to Altai. August 12, 1953 was tested thermonuclear weapons, and November 22, 1955 the world learned about the super-power of the Soviet hydrogen bomb, which was created by Academician Andrei Sakharov» дейді [113, p. 204].

1949 жылы 29 тамызда алғаш рет «Первая молния» немесе «бірінші жарықтандыру» деп аталған ядролық сынақ екені айтылады. Жалпы саны 456 сынақтың 340 жерасты, 116 ауада жүргізілді [114].

Сондай-ақ полигон зардаптары табиғатқа ғана емес, сол мекендердегі қоныстанған адамдарға үлкен қасірет болды. 1960 жылдары жарылыс нәтижесінде зардап шеккен аймақтағы халықтың санын деректерде сандық көрсеткішпен төмендегідей береді.

Кесте 15 – Аймақтағы халық саны

Ауыл атауы	Халық саны
Далон	906
Қарауыл	2335
Абралы	1 227
Қайнар	637
Саржал	832
Семей	176 135

Полигон қасіреті жайлы құнды еңбектердің бірі – жазушы Медеу Сәрсекенің 2016 жылы қазақ және орыс тілдерінде жарық көрген «Семей қасіреті», «Семипалатинская трагедия» атты хикаяттар жинағы. Кітаптың орысша нұсқасы әскери полигонның жабылуының 25 жылдығына орай орыс тіліне аударылады. Еңбек 952 бет көлемде болып жарық көреді. Кітап ағылшын және жапон тілдеріне аударылуда.

Аталған еңбекте М. Сәрсеке жүрекжарды сырын былайша сипаттайды: «Семей облысында 1987-1993 жылдардағы облыстық партия комитетінің бірінші секретары Кешірім Бозтаев бастаған әскери полигонның бейберекет әрекетіне қарсы күрестен сәл кейін, Қазақстан тәуелсіздігіне қолымыз жеткен уақытта, 1992 жылы «Семей ядролық полигонында зардап шеккендерді әлеуметтік қорғау» деп аталған заң қабылданғанда күллі Қазақстанда 1,5 миллион адам сол тізімге тіркелген. Семей қаласы бойынша осы тізімде 176 135

адам болған. Солардың қазірде үштен екісі жер жастанды. Ядролық сынақтан зардап шегуші семейліктердің бірі – мен, осы кітаптың авторы» [115, б. 15].

Бұл деректі тарихи хикаятта 1949-1989 жылдар аралығында ядролық жарылыстан зардап шеккен халықтың зардаптары туралы нақты айғақтар келтіреді. Әсіресе 1949-1963 жылдардағы сынақтар нәтижесінде түрлі аурулар түрі мен саны көбейіп, өлім-жітім қатарының өсуін баса айтады. Осы аймақта тұратын 1,5 миллиондай адам жазылмайтын ауруға оның ішінде әсіресе түрлі ісік аурулары, балалардың кемтар болып тууы т.б. сынды дертке шалдыққандары туралы да жиі айтылып келеді.

Жоғарыда аталған полигон қасіреті жайлы жазылған жазушы Медеу Сәрсекенің «Семей қасіреті» атты еңбегінде 1989-1991 жылдар аралығында республикалық, облыстық баспасөз беттерінде жарияланған естеліктерден үзінділер келтіреді. Солардың бірі – Бағдат Шахмерденов естелігін былайша көрсеткен.


Бағдат Шахмерденов, Абралы ауданы, «Доғалаң» кеншары: «Біздің кеншар орналасқан Алғабас ауылдық кеңесіне қарайтын аймақта 1984-1989 жылдар аралығында 12 бала мүгедек болып туды, 11 нәресте 1 жасқа жете алмай дүниеден қайтты. Соңғы бес жыл ішінде 11 боздақ обыр ауруынан қаза тапса, бір азамат асылып өлді. Сол жайтқа егіліп, төмендегі шумақтарды шама-шарқымша жоқтау ретінде жазған едім. «Аманатқа» соны жариялауды аманат етіп отырмын.

Қалғандаймыз кете алмай бір аралда ел-күнсіз,
Шарасызбыз, кей жандардың тірлігіндей дегбірсіз.
Талақ етіп бұл жалғанды небір жақсы жайсаңдар,
Атылып та, асылып та кетіп жатыр мезгілсіз.
Кім біледі, басқа жерде өмір сүрсе – өлмес пе?
Булығамын алған кезде қыршын кеткен ерді еске.
О, ағайын, осы обырдан тек бес жылда кейінгі,
Ауылымнан он бір бойдақ сапар шекті келмеске.
Жер қуарып, көл суарып, дала солып барады,
Мұңаяды, жабығады табиғаттың жанары.
Бейбіт күнде өлім құшты кеселінен сынақтың,
О, ғаламат, зират бізде қала болып барады..» [115, б. 513].

Радиациялық сәулелер әсерінен түрлі аурулардық ушығуы жантүршігерлік жағдайлар туғызды. Бұл турасында: «Radiation can cause changes in the brain tissue. Small blood vessels may slowly become scarred and blocked, reducing the blood supply to some areas of the brain. The symptoms radiation damage there is:

Problems thinking clearly
Difficulty managing tasks you previously found easy
Poor memory
Confusion
Personality changes
Headaches similar to migraines that come and go (called SMART attacks)

Radiation to the brain can cause these side effects:
Headaches
Hair loss
Nausea
Vomiting
Extreme tiredness (fatigue)
Hearing loss
Skin and scalp changes
Trouble with memory and speech
Seizures [116, p. 152] деген дәйектерден полигонның қасіреті әлі де барлығын, төмендегі суреттен адамға әсерін айқын аңғаруға болады.



Сурет 11 – Радиациялық әсер жолдары

Медеу Сәрсекенің жоғарыда атап өткен «Семей қасіреті» атты хикаяттар жинағында берілген Семей облыстық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі Ф.Ж. Әбдіқалықованың М.Н. Карпенкоға жолданған хат мәтінінен берілген үзіндіге назар аударсақ: «...1965 жылғы 16 қаңтарда біздің бөлім жасақтаған радиологиялық топ гаммафон мен кезекті жарылыстан түзілген радиоактивті заттардың мөлшері қалыпты деңгейден ерекше күшейгенін анықтады: мысалы, Семейдегі Павлов көшесі мен Комсомол даңғылы аралығындағы орамда

ертеңгілік сағат 10.30-да радиациялық фон кенеттен 1 250 мкР/сағ. көтерілді (қалыпты саналатын деңгей – 10-12 мкР/сағ). Одан әрі гаммафон былайша төмендеді:

16 қаңтар, сағат 11.30– 1150, 12.45-1050, 14.30 –1000 мкР/сағ

17 қаңтар, сағат 9.30-да –200 мкР/сағ

18 қаңтар, сағат 9.30-да – 200 мкР/сағ

21 қаңтар, 100мкР/сағ...

Уақытша көшірілген село тұрғындары 19 қаңтарда өз мекендеріне қайтарылған. Біздің мамандардың тексеруі де осы мезгілде жүргізілді. Нәтижесінде Сарапан тұрғындары гаммафоны өте жоғары деңгейге көтерілген аса қатерлі мекенге түсініксіз себеппен асығыс қайтарылған...

Біздің мамандардың радиоактивті заттардың қанша аймақты зақымдағанын нақты анықтауға шама-шарқы жетпеді. Сол себепті ең қатерлі елді мекендерді ғана тексерді. Сөйтсе де тексеруді аз күшпен тәулік бойы жалғастырды.

Күмәнсіз анықталған тексеруден соң төмендегі шараларды жүзеге асыру қажет деп білемін:

1. Сарапан елді мекеніндегі пішенмен малды қоректендіруге мүлдем тыйым салу;

2. Сол аймақтағы мал сүті мен етін тамаққа пайдалануға әзірше болмайды. 1965 жылғы 21 қаңтар, Семей» [115, б. 552].

Зор сынақтың қасіретті жақтарының бір бөлшегі ғана осылайша көрініс берген.

Семей полигонының қасіреті қаншама қазақ отбасына ауыр болды. Бүгінде сынақ аумағында тұрған адамдар ұрпағы ауыр дертке шалдыққан. Ұрпағының болашағына алаңдаған ұлт зиялыларының полигонды жабуы өз кезегінде үлкен жетістік болды. 1991 жылдан бері ресми Семей полигоны жабылғанымен, ондағы қырық жылдан аса уақыт жүргізілген ядролық жарылыстардың зардабы толық жойылды деуге әлі ерте. Жерге, су көздеріне, полигон аймағындағы өсімдіктер мен тірі ағзалардың бойына терең сіңген радиациялардың әсері бірнеше жылдарға созылатыны аян. Осындай полигон зардаптарының қазіргі Семей өлкесіндегі көріністері жергілікті баспасөздерде ғана емес, республикалық газет-журналдарда да ауық-ауық жарияланып тұрады. Бұндай материалдардың экологиялық білім беруде танымдық және тәрбиелік мәні зор. Бұл тақырып бойынша да бірнеше зерттеу мақалалары жарияланды. Солардың бірінде былай делінген: «Even today, people continue to live in the Polygon area. Since this has been one of the poorer regions of Kazakhstan, few people have been able to move away. Those who stayed continue to rely on contaminated local crops and water, and even dismantle structures of the Polygon to achieve scrap metal they can sell» [116, p. 156].

Ғалым Ғ. Майкотованың «БАҚ және экология» атты еңбегінде Семей полигонының зардаптары турасында: «Семей полигонындағы кезекті дүмпуден соң, сонда жұмыс істейтін, арнайы киімі бар, сақтық ережесін қатаң сақтай алатын мамандардың өздерін кезінде белгілі бір уақытқа (мысалы, 1 ай

көлемінде) жарылыс ошағына жолатпаған. Соған қарағанда адамға зияны жоқ деп есептелетін радиоактивті сәулелердің қалыпты жағдайынан бұл деңгей 1 000, 1 500 есеге жоғары болған. Ал радиациялық сәуле 17-26 микрорентген аралығында болса, оны қалыпты жағдай (фон) дейміз. Ядролық физика ғалымдарының есептеулері бойынша, әлгі қалыпты жағдайдан (17-26 микрорентгеннен) сәуленің күші 10 есеге артып кетсе, дереу дабыл қағылып, ол маңайға адамның келмеуін қатты қадағалау керек. Ал 17-26 микрорентгеннен 2-3 есе артық болса, ол тірі ағзаға аса қауіпті емес. 1949 жылдан (жер бетінде 1959 жылға дейін) 1989 жылға дейінгі 50 жылдық қаралы кезеңде ресми дерек бойынша, 500 рет дүмпу болған. Ал кейбір ғалымдар жарылыс санын 600-ден асырып тастайды. Радиоактивті ыдырау заңы бойынша, жартылай ыдырау кезеңі деген ұғым енгізілген [117, б. 48].

Бүгінде Семей атом полигонының зардаптары туралы БАҚ-та аз жазылып жүрген жоқ. Семей полигонының зардаптары мен жарылыс құпиялары туралы кешегі күнге дейін көп жайттар ашылмады, айтылмады. Әлі де қандай тұрғыдан болсын зерттейтін тұстары баршылық.

Полигон зардабын зерттеуші дәрігер-жазушы Қанат Қабдрахмановтың «Человеческие последствия испытания ядерного оружия в Казахстане» атты кітабынан алынған үзіндіні Медеу Сәрсеке «Семей қасіреті» атты еңбегінде келтіреді. Онда 1989 жылы 28 ақпанда Олжас Сүлейменовтың жазушылар үйіндегі жиналыстан кейін студент жастарға «Невада» қозғалысын құрғандығын, онда мынадай міндеттер жүктелгендігін атап өтеді.

1. Қазақстандағы барлық атомдық полигондарды жабу.
2. КСРО Денсаулық сақтау министрлігінің 3-Бас басқармасының қарауындағы құпия деректерді түгел ашып, радиациядан құрбан болғандардың саны мен адамдар есімін атауды талап етеміз...

«Невада» қозғалысының түпкі мақсаты – АҚШ-тың атом полигонын жабуды тілейтін ниеттестерімізбен тізе қоса қимылдау [115, б. 638].

Бүгінде Семей қаласында ядролық жарылысқа орай ескерткіш қойылған. Ескерткіш «Өлімнен де күшті» деп аталып, әлемдік деңгейде құрбандарды еске алу мақсаты болды. Бұл жайында жазылған «Semey, Kazakhstan – On a hill in East Kazakhstan stands an oblong monument with its center cut out to portray a mushroom cloud from a nuclear explosion» деген көптеген материалдар шықты [118].

Семей елінің сол жылдардағы дәрменсіз халін танымал ақын Есенқұл Жақыпбек «Қарауыл қайғысы» деген поэзиясында тілге тиек етеді.

«..Көрінсе Дегелеңнен алаша бұлт,
Жықпалға жығыл, жығыл бара салып.
Алдында бұл дүлейдің адам тұрмақ,
Тауың да кеткен бүгін аласарып.
Шұнтиып қалды тағы қара шұнақ,
Ақ сирақ, қолқа ауру, жаңа сынақ.
Асылып ағаш көрсе балаң өліп,
Келінің әлдекімнен бала асырып... [115, б. 587].

Осындай келелі экологиялық проблемаларды шешуде түрлі ұйымдар мен мекемелердің қызметі де айрықша. Сондай ауқымды шаралардың бірі – 1992 жылы Курчатов қаласында Семей ядролық полигоны толық жабылғаннан соң Ұлттық ядролық орталық құрылғанын атауға болады [119].

Ядролық қарудан бас тартқан қазақ елінің саясатын жер жүзі және БҰҰ ерекше жоғары бағалаған болатын. 2010 жылы Семейге арнайы іссапармен келген БҰҰ-ның бас хатшысы Пан Ги Мун сынақ алаңында өткен жиында: «Ядролық қаруға ие барлық мемлекеттерді ҚР-ның жолын өздеріне игі мақсат етуге шақырамын» деген болатын [115, б. 847].

Сондықтан қоршаған ортаны қорғау мен көркейту бүгінгі күн талабына сай туындап отырған келелі мәселе. Ештеңе шексіз емес екендігін күнделікті өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Осы тұста экологиялық білім беру мен экологиялық мәдениет қалыптастыруды қолға алу басты міндет деп білеміз.

Екінші тарау бойынша тұжырымдар.

– Бұқаралық ақпарат құралдарының, атап айтар болсақ, телевизия бағдарламаларының экологиялық мәселелерді атап көрсетудегі қызметі айрықша.

– Радиохабарларда да экологиялық тақырыптағы бағдарламаларды ұсыну сирек. Радионың табиғатына орай экологиялық ақпараттар қысқаша экологиялық жаңалықтар арқылы ғана ұсынылады.

– Қазіргі заманның экоситуациясы адамзаттық деңгейдегі мәселе болып отыр. Қоршаған ортаның түрлі экологиялық апаттардан, өндірістік ластаулардан нашарлауы, жалпы жер бетінің экологиялық жүйесінің адамның теріс әрекеттерінен өзгеру үдерістерінің белең ала бастауы саналы адамзат қауымының алаңдаушылығын туғызып отыр. Мұндай экологиялық ахуалдың күрт төмендеуі турасында жұртшылық, мемлекеттік емес ұйымдар, жеке адамдар дабыл қағуда. Алайда осы бағытта ортақтаса атқарылып жатқан, жоспарланған бастамалар қатары күн санап көбеюде. Шетелдер мен Қазақстанда ортақ экологиялық мәселелерді көтеру мен шешу жолдарын бірлесіп атқаруда өзара ортақ тұстары тоғысады.

– Аталмыш экологиялық нашар жағдайлардың антропогендік, техногендік астарына үңіліп, олардың орын алуы адамдардың теріс әрекеттерінен туындаған қоршаған ортаның ласстануынан болған жағдай екенін ғалымдар өз зерттеулерінде дәлелдеп отыр.

3 ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ: ЭТНОЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ НЕГІЗДЕРІ

3.1 Адам экологиясының этникалық аспектілері

Адам ғұмыры мен мәдени болмысы қоғам, қоршаған табиғи орта, әлемдік экожүйемен өзара тығыз байланысты.


Ал этностың экологиялық мәдени танымы мен тәрбиесінің өзегі – ұлттық дәстүр, ұлттық тағылым, ғасырлар бойына қалыптасқан ұлттық дүниетаным. Соңғы кезде әсіресе этноэкология мәселелеріне баса назар аударып келеді.

Қоғамдағы әрбір адам – жеке тұлға. Психологияда жеке тұлға деген ұғымға мынадай анықтама береді: «Жеке тұлға – әлеуметтік қатынастар мен саналы іс-әрекеттердің субъектісі ретіндегі индивид. Оның басты белгісі – әлеуметтік менінің болуы мен әлеуметтік қызметтерді атқаруы. Жеке тұлғаның саналылығы, жауапкершілігі, бостандығы, қадір-қасиеті, даралығы ең маңызды белгілері» [120, б. 3].

Адам экологиясын зерттеу биологиялық және әлеуметтік-мәдени бағыттарда қарастырылады. Адам баласы өз ортасында алған тәрбие мен білім қорын үнемі жетілдіріп, шыңдап отыруы орынды заңдылық.

Кез-келген тұлғаның дамуы бірнеше факторлар арқылы жүзеге асырылатыны белгілі. Олардың қатарына әлеуметтік орта, биологиялық даму, білім мен тәрбие негіздері кіреді. Осы тұжырым төмендегі кесте арқылы да көрсетілген.

Кесте – 16 Тұлға дамуына әсер етуші факторлар



Қазақ халқы бала тәрбиелеу мәселесіне айрықша мән берген. Тіптен баланы тек ата-ана ғана емес, бүкіл ауыл болып тәрбиелеген. Осы тұста «Қызды қырық үйден тыю» деген секілді мақалдар бекер айтылмаса керек. Сондай-ақ ертеде қолы бос, жай отырған ауыл ақсақалдары ауыл балаларын алыстан бақылап қарап отырған. Ауыл қариялары балаларға бақылау жасай отырып, «құдыққа түкірме», «малды теппе», «алыптай мықты болсаң да, әлсіз құмырсқаға күш көрсетпе», «қиянат жасама» деп үнемі ақылдарын айтып отырған.

Е.А. Рипачеваның айтуынша: «Говорят, что экологические проблемы должны начинаться, прежде всего, с внутреннего я и изменения человека» [121, с. 145]. Яғни, тұлға дамуы мен тәрбиесі кез-келген адамның өзіне байланысты. Бұл пікірмен астас ойлар педагогикада да жан-жақты қарастырылады. Педагогикада аталмыш бағытта теориялық зерттеулер қатары да біршама. Олар: педагогикалық аспектіде модельдеу О.А. Козырева, В.Г. Свинаренко, «Научное исследование по педагогике в структуре вузовского и дополнительного образования» [122], А.В. Бредихина «Некоторые особенности моделирования понятий «воспитание» и «самореализация» в структуре аксеологического подхода» [123], М.А. Голдобин «Теория и практика уточнения категории «воспитание» в структуре изучения современной педагогической методологии» [124], К.Д. Кочадзе, В.П. Зубанов «Возможности моделирования анкет в структуре изучения теоретических основ современной педагогики и социологии спорта» [125], И.В. Бойкова, А.Н. Ертышов, Т.А. Шишкарева «Возможности детерминации идей гуманизма в определении и решении задач развития личности обучающегося» [126], Н.Ю. Яценко «Некоторые особенности верификации качества педагогического моделирования в детерминации категории «воспитание» [127] сынды еңбектерде көрініс табады. Онда білім берудің теориялық және практикалық негіздерін басшылыққа ала отырып, құрылымдық-логикалық, құрылымдық-функционалды белгілерін көрсетеді.

Осындай зерттеулердің бірінде В.А. Штофф модельді зерделеуге болатын немесе материалдық тұрғыдан іске асырылған жүйе ретінде анықтайды, оны зерттеу объектісі ретінде бейнелейді немесе оны ауыстыра алады, зерттеу осы объект туралы жаңа ақпарат береді деп нақтылаған [128]. Зерттеулерде модель – өлшем, үлгі деген ұғымды білдіреді. Модельді кез-келген адам қолма-қол қажетінше өзгерте алмайтындықтан, журналистиканың бір моделін сол мәнінде екінші бір қоғамдық құрылыстағы моделімен ауыстыра алмайсың.

Педагогикадағы тәрбиенің басты қызметі көрсетіле отырып, қалыптасқан моделі де бар. Бұл турасында педагогикадағы модель терминін ғалым Г.Н. Каропаның зерттеуінде төмендегідей теориялық жағдайларды қамтитынын айтады:

1. Модель ғылыми таным негізі бола отырып, құрастырушы және болжаушы қызметтер атқарады және олар бір-бірімен байланысты, бір-біріне тәуелді.

2. Модель жалпылама белгілеріне орай алмастырушы және түпнұсқаның аналогы болып табылады.

3. Модель құрылымдық қатынастардың прототип сынды сипаттама береді.

4. Модельде түпнұсқадағы нақты ғылыми жұмыстың жоспары көрсетіледі.

5. Модель мазмұнының қызметі сипатталады [129, б. 58].


Кең ауқымда алғанда, үлгі *(модель)* дегеніміз – бұл кез келген объектінің, үдерістің немес құбылыстың, яғни модель түпнұсқасының (бейнелеу, суреттеу,

схема, сызба, график, план, карта түріндегі ойша немес шартты) бейнесі. Әр модель коммуникациялық үдерістің әр аспектісін тілге тиек етеді. Мәселен, ақпаратты беру үдерісі қалай өтеді; ол кімге, қандай адресатқа арналған; коммуникацияны басқарып, жөнге салып отыруға бола ма; ақпараттық іріктеуге-сұрыптауға кім ықпал етеді; вербалды және бивербалды ақпараттың өзара байланысы қалай; коммуникациядағы хабарламалардың функциясы қалай; ақпаратты қабылдау мен түсіну үдерісіне кім әсер етеді; коммуникация пәрмені мен тиімділігі қалай? Міне, осы сияқты сауалдарға жауап ізделінеді. Технологиялық, коммуникациялық үдеріс – бұл ақпаратты әртүрлі коммуникациялық құралдар (вербалды, бейвербалды және т.б.) арқылы бір адамнан екінші адамға немесе бір топ адамға жеткізу үдерісі. Білім мазмұнына халықтық педогогика негіздерін енгізу тұлғаның экологиялық мәдениетін қалыптастыру моделін жасауда маңызды.

Журналистика бойынша оқытуды дамыту нақты жағдайға сай болатын құбылысты пайымдауды көздейтінін білеміз. Журналистиканың моделі қоғамдық қатынастағы өзгерістердің мәнісін сараптап, қоршаған ортаның ықпалы оған жаңа түрлер әкеледі. Әлеуметтік-мемлекеттік құрылым, идеологиялық ағымдар, халықтың мәдени дәстүрі мен ерекшеліктері, өсу деңгейі, осыған сай журналистиканың өсуі журналистиканың моделін қоғамдық өзгерістерге сай ерекшелендіріп, жаңартып отырады.

Экология ғылымында адам экологиясы табиғи, мәдени және әлеуметтік салалармен байланыста зерделенеді. Бұл тұрғыда ұлттық тәрбие негізі фольклордан бастап, отбасы тәрбиесіндегі ұлттық дәстүрлерге сүйене отырып, адам табиғаттың бөлінбес бір бөлшегі, яғни жер ана баласы деген ұғымда жүргізілген.

Осы себепті де ұлттық тәрбие негізінде жүйеленген жеке адамның экологиялық мәдени болмысын сомдау тәрбие, білім, сана, әрекет, құндылық, сүйіспеншілік құрылымдарын бір модельге біріктіреді.



Сурет 12 – Тұлғаның экологиялық мәдениетін қалыптастыру үлгісі

Аталған модель құрайтын бірліктердің әрқайсысына жеке-жеке тоқталатын болсақ:

Қоршаған ортадағы адамның өмір сүруіне ең бір қажеттілік – **экологиялық тұрғыдағы білімінің** болуы.

Қоршаған ортадағы адамның табиғатқа деген көзқарасы мен қарым-қатынасында – **экологиялық санасының** болуы.

Қоршаған ортадағы адамның табиғатқа ықпал етуінде – **экологиялық әрекеті, қызметінің** болуы.

Қоршаған ортадағы адамның табиғатқа деген қарым-қатынасында философиялық, этикалық, әлеуметтік маңыздылықтарымен байланысты – **экологиялық әрекеті, қызметінің** болуы.

Қоршаған ортадағы адамның табиғатқа деген сүйіспеншілігі табиғатқа деген шынайы **сезімінің** болуы.

Адамның белгілі нысанға қатысы. Табиғатқа деген сүйіспеншілік – ұлы сезім. Ол адамдарды кеңпейілді, қайырымды, жауапты, шыншыл болуға бағыттайды. Экологиялық мәдениеттің қалыптасуының қайнар көзі – халықтың ғасырлар бойы жинақталған өмір тәжірибесі. Әрбір адамның табиғатты аялай білуі, оған ұқыпты қарауы, қорғауы мен үндестікте өмір сүруден бастау алады.

Адамның ішкі жан әлемінің қоршаған ортамен табиғи үйлесімді дамуы, оның мәдениетті, салауатты, сауатты тұлға ретінде қалыптасуына оң ықпал етеді. Сондықтан экологиялық білімнің рухани ішкі байлықпен толысуы қазіргі дамыған технология заманында зор мәнге ие.

Білімі ішкі рухына сай азамат экожүйенің жалпы өмір сүру заңдылықтарын, адам мен табиғат арасындағы экобайланыс негіздерін, қоршаған ортаның даму, өзгеру, өсу үдерістерін терең білуге әрқашан ынталы болады. Қоғам мен табиғат аясында үйлесімді әрекет етуге, алға қойған мақсатқа жету жолында әлеумет пен табиғатқа пайда әкелетін жоспарлы әрекетке машықтанады. Сөйтіп тұлғаның саналы қызметі өзін тану, өзінің іс-әрекеті арқылы қоршаған ортамен үйлесімділікте болу болғандықтан, оған жады, ойлау, сезу сияқты психологиялық құбылыстар негіз болады.

Әрбір жеке тұлғаның экомәдениеті оның атқарған істерінің әлеуметке тигізер пайдасымен өлшенеді. Сонымен қатар бұл жағдай қоғамның құрылымын сақтауға және ондағы қалыптасқан өмір сүру түрлерін қамтамасыз етеді. Қоғамдағы адамдар құрамы мен әлеуметтік топтар үздіксіз жаңарып, толысып отырады.

Тұлғаның мәдениетін қалыптастыру балалық кезеңнен басталады. Халықтың тұрмыстық тәжірибесінде баланың әрбір өмірлік қадамы назардан тыс болмаған. Әрбір ата-ана баласының ауру-сырқаудан аман, денінің сау болып өсуін ойлап қана қоймай, баланың жандүниесінің де үйлесім табуын, қоғамда лайықты орын алуын ерекше назарда ұстаған. Бала бірте-бірте өмірлік түсініктерін, өмір ережелерін жинақтайды. Осыған сәйкес сол қоғамда жеке тұлғаның өзіне деген сенімділігі туындайды.

Психологияда таным ұғымының қолданысы ерекше. Тек ғылыми тұрғыдан ғана емес, әдеттегі қолданыстағы таным жөнінде Абай Құнанбайұлы «Он тоғызыншы» қарасөзінде де айтқан [130].

Сана арқылы адамның танымдық деңгейі жыл сайын кеңейеді. Егер тұлғаның өсу үдерісінде сана өспесе, қоғам да дамымайды, ілгері жылжымайды.

Экологиялық дағдарысты тоқтату үшін адамдардың іс-әрекетін басқаратын өмірлік бағыттар мен жүйелік құндылықтарды өзгерту қажет. Ол үшін жоғары білім және жоғары экологиялық сауаттылық керек. Осы мәселеге қатысты қоршаған ортаны жақсарту және қорғау саласындағы білімге аса көңіл бөлу маңызды.

Отбасы адами қасиеттердің ең ізгісі – адамгершілік, ар-ождан сынды қасиеттерді баланың бойына жастайынан дарытады. Отбасындағы тәрбие, отбасындағы қалыптасқан тәртіп немесе қағидалар, нормалар (шектеу қою) негізгі отбасылық институтта қалыптасып дамиды.

Бала отбасында ненің жақсы, ненің жаман екендігін ажырата отырып, еңбек етуге, айналаға қамқорлық жасауға, тазалыққа, ұқыптылыққа, үнемділікке үйреніп, қалыптасып, дағдыланады. Баланың бойында жас ерекшелігіне орай өзіндік санасы қалыптасып, жетіледі. Осындай игі қасиеттерді бойын сіңірген бала ғана өз ортасында білімді, көрегенді, мәдениетті болып дамиды. Демек бірте-бірте тұлғаның мәдениеті қалыптасады.

Жеке тұлғаның ұйымдасқан және беріктілікке негізделген дағды жүйесінде жалпы әсерге сабырлы болып, дұрыс түйін жасауға қабілеті, ортаға бейімділігі қалыптасады. Жақсы дағды қалыптастыру, сол дағдыны күнделікті өмірде тұрақты әдетке айналдыру – саналы, жігерлі адамның бойынан табылар қасиет екені аян.

Адамдар бір-біріне түсіністікпен қарау арқылы оңтайлы қарым-қатынасқа түседі. Ол арқылы сөйлескен адамының психологиялық ерекшелігін, оның ішкі дүниесін бағамдайды. Соның негізінде олардың іс-әрекеттерін зерделеуге мүмкіндік алады.

Халықтық педагогика құндылықтарында адам тәртібі жақсылықтан қорек алатындығы байқалады. Қазақ ділінің мазмұнында жақсылыққа ерекше маңыз берілген.

Кісілік көрсету, жеке тұлғаның өзін-өзі тану қағидалары білімдену мен дәстүрлі тәрбиемен ұштасып жатқандығы бабалардың дүниетанымдық зерделеулерінен айқын сезіледі.

Мәселен, дамудың төменнен жоғарыға жылжу, қарапайымнан күрделіге серіппелі түрде ілгері басуының бастауы болған кезеңдегі жаңалықтар тарату қазақ тарихында шешендік өнердің ел мен жерді, тұтас елдікті қорғаудың кепілі данагөй, дуалы ауызды шешендердің бағамынын туындаған ақпараттардың кең тарауымен қабысады.

Солардың ішінен Қаз дауысты Қазыбек бидің қалмақтың Қонтажы ханының алдына келіп, тұтқынға түскен отандастарын алып қайтқандығы:

«... Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса, күң боламын деп тумайды. Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз. Сен қалмақ болсаң, біз – қазақ, қарпысқалы келгенбіз. Сен темір болсаң, біз – көмір еріткелі келгенбіз. Қазақ, қалмақ баласы, табысқалы келгенбіз. Танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз. Танысуға көнбесең, шабысқалы келгенбіз. Берсең жөндеп бітіміңді айт, не тұрысатын жеріңді айт!» [131, б. 76] деп айтқан өткір де әділ сөзі қазірге дейін жеке тұлғаны қалыптастырудың, патриоттық тәрбиенің тірегі болып келеді.

Ақпарат таратудың байырғы әдістері түркі тілдес халықтарға ортақ аңыз-әңгімелерде, батырлар жырында айшықты берілген. Ақпараттардың бұлағы:

– кейіпкерлердің мекенжайынан, көркем табиғаттан (мезгілдің барлық кезеңдеріндегі) әсер алу, түйсіну, тану, сондай-ақ табиғаттың кездейсоқ апаттарынан, қас жауларынан құтылудың, тойтарыс берудегі іс-әрекеттерін жасаудағы амалдары;

– қоғамдасудың алғышарттары – психологиялық заңдылықтарға орайлас адамдардың бірін-бірі түсінуге, ұғынысуға, қоян-қолтық өзара ынтымақ, көмек беруге икемделу үдерісінде адамтану, дүниетану көзқарастының қалыптасуы;

– рулық, туыстық қарым-қатынас беріктігі;

– «жалғыздық құдайға ғана жарасады» дейтін халық ұғымына тәуелдігі;

– ата-анасына, еліне, халқына адал, жауынгер ұрпақ өсіру, шаңырақты құрметтеу, үйдің алтын қазығы әйелдің пейілі мен сөзін сезіну.

Қазақ елінде ақпарат ауызша таралған. Ақпараттар легі кейін шежірешітарихшылар, дін таратушылар, гуманист-ағартушылар, жалпы зерттеуші ғалымдар арқылы да жеткізіледі.

Ақпараттың адамтану және қоғамтанудағы креативтік ықпалы жайында және ежелгі ойшылдар мен заманымыздың ғалымдарының пікірлері мен ұсыныстарын бүгінгі ұрпақ жаңарған дәуірдің әлемдік өркениет деңгейінде сұрыптап ғылыми негізде жан-жақты сараптау арқылы обьективті тұжырымдар жасауға мүмкіндік алады. Қазіргі заман ғалымдарының басым көпшілігі барлық кезеңдерде пайда болған ақпараттың шешуші мазмұнының ерекше екендігіне көз жеткізіп, тұрақты әлемдік ақпаратқа ден қойып отыр.

Ежелгі аңыздарға үңілсек, рудың ата-бабасы ұлы атасы әр адамның ақпараттық жаршысы болып саналады. Аңыз бойынша генийлер адаммен бірге туады және оның барлық ісіне басшылық жасайды.

Ежелгі гректер қоғамында ораторлар (бұл сөздің түбірі оракул – абыздар – киіз кітапшы, құдайдың атынан ғайыптан хабар таратушы) ақпараттардың тікелей негізін қалаушылар болып саналған.

Ғалымдардың көпшілігі шешендік өнер публицистиканың бастауы деп бағалап жүр. Нағыз журналистиканың негізін салушылар ежелгі Грецияда болған. Олар көркемсөз білгірлері, әрі сөзді айтушы шеберлер деп тұжырым жасаған.

Нақты фактіні келтірсек, ақпараттың шығу тарихын зерттеушілер ақпараттан көз жазбай тұрақты шұғылдану Цезарьдың билігі тұсында шыққан «Acta senatus» газеті арқылы сенат мәжілісінен алынған ресми мәліметтерді

ақпарат түрінде таратылу кезеңінен басталғанын дәйектегендігін айтамыз. Атаулы газетті шығару барысында мәтінді жетекші қаржы және сот қызметкерлері жазған. Оларды квесторлар деп атаған. Одан кейін ақпарат таратумен мемлекеттік қаржы мекемесінің префекторлары (Римдегі әкімшілік пен қызметтің аты) шұғылданған.

Газет материалдарын жалқы ұстауға мүмкіндіктері болған орта шаруасы бар салт аттылар сословиесінен шыққан шенеунік жинаған. Газет регионның Ежелгі Римдегі ең көп үлкен әскери бөлімінің жаршысы болған кезде салт аттыларға қадағалау құқығы берілген. Арнайы мамандандырылған мәтін жазатындар қатарын көбейтіп отырған.

Ауызша ақпарат таратудың алғашқы жолын ашушы жаршылар көп елде болды. Мәселен, Англияда кофеханада ақпараттар алмастырылған, оны таратушыларды кэддилер деп атаған. Германияда ақпаратты кезбе музыканттар-шпильмандар таратса, Францияда нувеллистер нағыз жаңалықтар қызметін атқарған. Л.Г. Свитич байырғы зерттеулерге сүйеніп осындай анықтама береді.

Ресейдің ірі қалаларында да тұрғындар көп жиналатын алаңдарда, базарларда ақпарат таратушы жаршылар болған деген мәліметтер бар.

Қазақ журналистикасын зерттеушілер публицистиканың алғашқы белгілері Күлтегін, Тоныкөк, Талас, Енисей ескерткіштерден көрініс береді деген де тұжырымдар жасайды.

Оқытуда халықтық педагогика құндылықтарын енгізу ұстанымын тірек ету негізінде көпұлтты қоғамдағы кез-келген өзгерістерге болашақ журналистердің бейімделуі, тіпті бұрынғы қоғамдық өмірден мүлде өзгеше қоғамдық құрылысқа ауысқанының өзінде журналистиканың әлеуметтік-педагогикалық мазмұнын айрықшалауды дүние-қоғамтанымдық деңгейде үйренетіні көзделеді. Осы салада жұмыс істейтін болашақ журналист, біріншіден, нақты психологиялық-педагогикалық ұғымдарды саралайды; екіншіден, адамдардың құндылық жүйесін, олардың бойында қалыптасқан дағдысын бағамдайды; үшіншіден, қоғамдық жағдайдың өзгерістерін бұқараға жан-жақты жеткізуді қарастырады; төртіншіден, қалыптасқан қоғамдық пікірді өздері де тыңдаушының танымдық ұғымында қалайтын бағыттарды жеткізетін деңгейде болады.

Демек оқыту-үйрету тәсілдерінде болашақ журналистерге журналистиканың әлеуметтік-қоғамдық сатыларын меңгертуде педагогикалық саладағы журналистика теориясы мен әдіснамасына сүйену абзал.

Табиғи ортаға түрлі деңгейде әсер етудің қатынасы экологияға байланысты болса, экологияға адамдар арасындағы қатынастардан басталатын этностар мәдениетінің әсері болады. Сол сияқты қазақтың да кісілік келбеті терең инфрақұрылымдық жүйелерден тұрады. Жігіттің үш бірдей жұртының болуы мен оған сай қатынас орнатуды талап ететін әлеуметтік мығым институт болатын.

Тіпті жеті атадан тұратын генеологиялық тазалық сақтау қағидасы да қазақ болмысының жан-жақты этно-экологиялық қағидадан туғандығын

байқатады. Қанның, тектің тазалығын сақтаған, әрі оны үнемі жадында ұстаған қазақ халқы өзінің қоршаған ортасының да таза болуын үнемі назардан тыс қалдырмаған.

Адамдық ұлттық ерекшеліктерді басты назарда ұстай отырып, «Адам – Табиғат – Қоғам – Ғалам» сынды күрделі құрылымның даму заңдылықтарын саралап, табиғи арақатынасын зерттеушілер оның бірнеше үлгілерін ұсынады, солардың ішінде кең таралған схема: биосфера – техносфера – ноосфера болып табылады. Зерттеуші Ә.С. Жақсыбеков қазіргі экологиялық жағдайдың нәтижесі батыстық өркениеттің жемісі болғандықтан, бұл арақатынасты үш кезеңге бөледі: дәстүрлі мәдениеттегі адам мен табиғаттың арақатынасы; индустриалды қоғамдағы экологиялық дағдарыс; ноосфералық мәдениет [132, б. 49].

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н. Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында қазақ халқының шаруашылық өмір салтына сай табиғатпен ажырамас бірлікте, өзара гармонияда ғұмыр кешкенін айта келе, Қазақстанның тұрғылықты халқының ежелден қалыптасқан көне дамыған мәдениеті, ішкі рухани жан байлығының мифологиядағы стильдік, образдық бейнесі «аң стилі» өнерінен анық көрінетінін атап көрсеткен [133].

Қазақ халқының ұлттық менталитетінің қайнар көздері – халықтың мінез ерекшеліктері мен ұлттық тағылымды тәрбиесінен бастау алады. Мәселен, сәби дүниеге келгенде оның кіндігін кесіп, «үйден ұзамасын» деген ниетпен табалдырықтың астына көмеді. Бұл қазақ халқының дүниетанымының тұлғамен байланыстылығын дәлелдейді.

Ұлттық қасиеттерді ашатын ұғымдардың бірі – ұлттық мінез. Жалпы ұлттық мінез – адамдарды біртұтас халық етіп жұмылдырушы, біріктіруші қасиетке ие. Қазақ халқының өзінің ғасырлар бойы қалыптасқан, қанынына сіңген ұлттық мінезі оның өмір сүрген ортасына, кең даласына, табиғат жағдайларына, мал-жанына, көші-қон тіршілігіне байланысты қалыптасты.

Ұлттық мінез – этнологтар мен әлеуметтанушылардың ойынша, ежелден бері қалыптасатын психологиялық сипаттамалардың тұрақты бірлігі, жиыны болып табылады. Олар әдеттегі әрекет-қылыққа, еңбекке, қарым-қатынасқа, қоршаған ортаға, этникалық жиынтықтарға деген қатынасынан көрінетін белгілі бір ұлт өкілдерінің әрекеттері.

Әлихан Бөкейхановтың «ұлтты сүю – мінезден» дегендей, жеке адамның ұлттық мінезі сол қоғамдағы мәдениеттің деңгейінен көрінеді [134].

Демек ұлттық мінез ең қарапайым түрдегі күнделікті тіршілігімізден бастап, мәдениет, дүниетаным, дәстүріміздің көрініс береді. Ұлттық мінез – ғасырлар бойы қалыптасып, сүйегімізге сіңген тұрақтылық кепілі.

Қазақ халқының бар болмыс-бітімі оның өмір сүрген ортасына, шаруашылық әрекетіне тікелей байланысты қалыптасты. Қазақ даланы ежелден жан-тәнімен сүйген. Оның әр тал шөбіне, тікенегі мен тасына, жалпы табиғатына сүйсінген. Өйткені, көшпенділік мәдениетін қалыптастырған халық қоршаған ортаның экологиялық ахуалының жылма-жыл сақталып отыруы адам

өмірінің нәрі екендігін жақсы түсінген. Сарыарқаның сазы мен сәні олардың өміршеңдігінің бастауы, оны әлпештеп күйлер мен әндер де жаздырған.

Үні әуезді сөйлеу ерекшелігі бар қазақ халқының сөйлеу мәдениеті төмендегідей көрініс тапты:

Ең алдымен қазақ халқы әңгімелескенде асықпай, әр нәрсенің мән-жайын жете түсінуді қажет еткен. Сөйлескенде әңгіменің түйінін іздеген. Мәселе көп немесе аз сөйлеуде емес, сол сөйлеген сөздің тобықтай түйініне мән берген. Қазақ елін әр дәуірде аралап, оның мінез-құлқы жөнінде пікір түйген шетелдік жолаушылар қазақ халқын «көп сөзді» деп түйіндеген.

Қазақ халқы табиғатынан сөзшең екендігі белгілі. Бірақ бұл оның сөзуарлығы емес, сөйлегенде әр сөзге мән беріп, ойланып сөйлеген. Сөзге мән бергені соншалық, қашанда уәжге тоқтаған. Сондықтан дәлелдеп, уәждеп сөйлеген адамды қатты сыйлаған.

Екіншіден, көп жағдайда сұраққа тез жауап бермеген. Естімеген немесе түсінбеген адамша үндемеген. Сырын білмеген адамдар оның бұл мінезін тыңдамады, естімеді деп ойлаған. Ал шын мәнінде айтылған сөзді талдап, пайымдап барып, жауап қайтаратын болған.

Үшіншіден, қазақ кешірімді, кеңпейілді болған. Ешқашан тарығып, таусылып сөйлемеген. Әр нәрсенің ақырын күткен. Жер қозғалса да қозғалмайтын сабырлылық қазақ халқының өзіне тән негізгі ерекшеліктерінің бірі болды [135, б. 82].

Ұлттық мінездің қалыптасуына бізді қоршаған географиялық ортаның ықпалы айрықша. Мысалы, қазақ халқының даналық ой айтып, көшпелі тұрмыс кешуі белгілі бір дәрежеде объективті әсер етті. Осындай халықтың сайын даланың төсінде еркін жайлауы даналық, ойлылық, сабырлылық, кеңпейілділік сынды қасиеттерді бойларына дарытты. Бұл қасиеттер бүгінгі ұрпақта әлі жалғастық тауып келеді.

Осындай қасиеттердің сақталуы, жалғастық табуында табиғат – әсемдікке, адамгершілікке баулитын қасиеттерге ие екенін көруге болады. Табиғатты аялау – тәрбие бастауы. Баланың бойына жастайынан жақсы қасиеттерді дарыту тәрбиеге тікелей қатысты.

Ұлтының ертеңгі болашағына алаңдаған аты аңызға айналған Бауыржан Момышұлының ұлттық тәрбиенің босаңсығанын байқағанда жаудан да, даудан да қорықпаған қазақ едім, енді қорқынышым көбейіп жүр деген екен. Сондықтан ұрпағымызды ұлттық тәрбиемен сусындатуымыз және соған бағыттауымыз қажет дүние.

Ұлттық өнерімізді, мәдениетіміз бен дәстүрлерімізді, бай тілдік қорымызды жас ұрпаққа насихаттап, рухани байытып, әлемдік өркениет қатарынан орын алу бүгінгі күн талаптарының маңыздысы.

Ғұлама ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидің: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деп, білім мен тәрбиенің біртұтас екенін айта отырып, екеуінің ықпалдастығы, олардың өзара бірін-бірі толықтырып отыратыны сөзсіз.

3.2 Экологиялық мәдениет қалыптастыруда халық шығармашылығының орны

Халықтың тұрмыстық тәжірибесінде сәбидің әрбір өмірлік қадамы ерекше ескеріліп, салт-дәстүрді сақтай отырып арнайы жол-жоралғылармен және олардың барлығы өнер тілімен жеткізіліп келеді.

Бұл әрбір адамның отбасымен, отбасылық өлең-жырлармен тікелей байланысты. Отбасында орындалатын өлеңдерінің бала тәрбиесіндегі маңызы ерекше болған. Сондай өлеңдерге тән көркемдік құралдардың бірі – символдық қолданыстар екенін ғалым К. Ісләмжанұлы «Қазақтың отбасы фольклоры» атты монографиялық еңбегінде атап өтіп, ғылымда символ туралы бірізді анықтама берілмей келетіндігін айтады.

Сондай-ақ символдардың басым бөлігі ежелгі дүниетанаммен байланысты екенін айта келе, ежелгі көне символға «Есіктің алды қара су майдан болсын, жар-жар-ау» дегендегі «қара су» символ болып табылатынын көрсетеді. Мұндағы «қара су» – өлімнің, қайғы-мұңның символы деген.

Сонымен қатар қазақ ауыз әдебиетінде орын алатын тойға арналған жырлар мен қазаға байланысты жырларда да символдық бейне ретінде – жылқы қолданылатынын, ол әсіресе қыздың сыңсу-қоштасуында жиі кездесетінін айтады.

Жағадағы жайқалған қалың жалбыз, жар-жар,
Қалың жалбыз өзіме мәлім жалбыз, жар-жар 136, б. 286],

Байқасақ, әрбір отбасылық ғұрып өлеңдерінің өзі табиғат құбылыстарымен астасып жатыр.

Автор мол ұшырасатын символдық бейне – құс екенін, құстың символдық мәні жоқтау жырларында жиі ұшырасатынын айта келе, төмендегідей мысалдар келтіре кетеді. Мысалы, «сұңқарым ұшты қасымнан», «тұғырдан ұшты лашын», «ақ сұңқарымды алдырдым» т.б.

Шешіліп ұшып ақ сұңқар,
Ғайып болды ұядан,
Іңкәр қылып ізіне,
Орын алды қиядан [136, б. 289],

Қазақ ауыз әдебиетіндегі отбасылық өлеңдерде психологиялық параллелизмдер орын алады.

Ал мұндай психологиялық параллелизмдердің жоқтау өлеңдеріндегі қолданысына назар аударсақ:

Дауыл соқты дүрілдеп,
Жаңбыр жауды суылдап.
Көкірекке толған қасірет,
Жүректі кетті талдырып.
Күн қараңғы түн болды,
Кең дала маған тар болды,
Басқа қайғы түскен соң,
Маған мұндай мұң болды [136, б. 290].

Психологиялық параллелизмдер жыраулар поэзиясында да кездеседі. Оған Шалкиіздің мына төменде берілген толғауын келтіре кетсек:

Жауынды күні көп жүрме,
Жар жағасы тайғақты!
Жаманға жақыным деп сыр айтпа,
Күндердің күні болғанда,
Сол жаман өз басыңа айғақты!

Ол әсіресе батырлар жырында кездеседі.

Күнді бұлт қоршайды,
Күн жауарға ұқсайды,
Басқа түскен қайғы көп,
Жүректі барып қыстайды.

Сондықтан біздің ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін, бойларына дарытатын асыл қазынамыз – ұлттық тәрбие. Табиғаттың тамаша тылсымдарын түсіну мен аса мән беріп, жауапкершілікпен қарай отырып, баланы әсемдікке, адамгершілік тәрбиелеу бағыты ұлттық салт-дәстүрден бастау алады. Бұл сабақтасық ізі ешқашан солғындамайды.

Көшпелі өмір салтының рухани ажары болған халық даналығы аңыз-әңгімелер, жырлар, ертегілер түрінде қазақ мәдениетінің негізі болды. Олар көпшілік жағдайда мифтік тұрғыда қалыптасты. Мифологияға батырлардың іс-әрекеті, дүниенің, жануарлардың, адамдардың пайда болуы туралы қазақтың байырғы қиял ғажайып ертегілері жатады. Олардың негізгі арқауы жаратылыс дүлейін, тізгіндеп, тұрпайы күштерді бас идіру болған. Мысалы: «Ер Төстік» ертегісінде мыстан баласы Шойынқұлақтың жаны тым алыста, Борықты бұлақ басында, қырық еліктің ішіндегі қайқы қара-кер еліктің қарнындағы қара сандыққа тоғыз балапан боп жасырынғаны еске түседі.

Адам баласы бірте-бірте сұрапыл табиғаттан, құбыжық қиянаттан өз үстемдігін асыра берген. Ертедегі адамдардың мифологиялық ойлау логикасы түсініксіз құпиялықпен (мистикамен) тікелей байланысты. Ол қазақ халқының тарихында бақсылық арқылы ғасырлар бойы халықпен бірге жасасып келеді. Сонымен қатар тек қазақ халқына ғана тән, оның ұлттық зәру зердесіне, тылсыммен тілдесе алар ұлттық болмысына сай тәндіктен туған ерекше құбылыс.

Бақсы халықтың санасында – рухани күш беруші, әзәзілді аластаушы, ажалдан арашалап қалатын емші, ертеңді болжаушы, сәуегей, бұлт шақырып, жауын жаудыратын күш иесі, көңілді әуенмен арбайтын сыршыл әуездігі, көрер көзге ғажайыптар жасайтын сиқыршы.

Қазақ халқының тарихында бақсылық арқылы ғасырлар бойы халықпен бірге жасасып келе жатқан табиғатқа табыну байқалады. Бақсы халықтың санасында рухани күш беруші, әзәзілді аластатушы, ажалдан арашалап қалатын емші, ертеңді болжаушы сәуегей ретінде қалыптасты.

Қазақ елі ішінде тәуіпшілдік те ерекше қасиет ретінде танылған. Түрлі ауруларда молдаға, бақсыға қаралған. Тәуіп емдерінің ішінде қауіптілері де

болған. Аурудың көбі желден деп есептеп шілде айында құмға, түзға түсіріп, қатты терлеткен.

Көптеген адамдардың ауруына шипа болатын шөптер де болған. Осындай шөптердің тағы бірі – жалбыз. Ол халықпен бірге жасасып, бірге өмір сүріп келе жатқан өсімдік. Жалбыздың су жалбыз, жапырақты жалбыз, арық жалбыз, бұйра жалбыз, кермек жалбыз деген түрлері кездеседі.

Жалбыз қазақ тұрмысында біте қайнасып қолданылып келе жатқан шөптесін өсімдік. Осыған орай тілімізде жалбызға байланысты қалыптасқан тіркестер де баршылық. Мәселен, жылан жалбыз қашады, жалбыз аузын ашады; көлден кетсе жалбыз мұң, елден кетсе жалғыз мұң; тауға біткен андызым, суға біткен жалбызым.

«Жалбызды жерде жан қалар» деп жалбыз өсімдігінің емдік қасиетін де жоғары бағалаған. Халық емшілігінде жалбызды дәрі ретінде де пайдаланған. Мысалы, ыстығы көтеріліп жатқан адамға су бойынан жалбыз әкеліп бірнеше сағатқа орап тастайтын болған. Сонда адамның ыстығы қайтады. Ылғалды жерде өсетін өсімдіктің адам бойындағы ыстықты тартып алатынын ата-бабамыз ертеден-ақ білген.

Сондай-ақ ата мекенінен жырақта қайтыс болған адамды ата қонысына әкелу үшін күн ыстық, жер шалғай болса мәйітті қалың етіп жалбызбен ораған. Осылай етіп жеткізілген мәйіт туған жеріне иістенбей жеткен.

Қазақ халқы жалбыздың ғана емес көптеген өсімдіктердің бойына тән қасиеттердің барлығын саралап өз өмірінде пайдалана білген. Халықтың өзімен бірге туып, біте қайнасқан дүние екендігі айқын.

Қазақ халқы үшін қастерлі, қасиетті шөптердің бірнешеуінің қатарына енетін – арша мен адыраспан. Халық арасында аршаның емдік қасиеттерін білгендіктен, түрлі ауруларға дәрі ретінде қолданған. Арша мен адыраспанды қазақ халқы үйдің ішіне көрнекілеу жерге іліп қоятын болған. Ол пәле-жаладан сақтайды деп саналған. Арша мен адыраспанды отқа тамызып, үйді аластаған. Тіптен бүгінде аршаны үйде отпен тамызып, түтінімен аластап, үйдегі тұмау микробтарын құрататын қасиеті де бар айтып жүр.

Демек бұл аталған өсімдіктермен аластау өсімдіктердің антисептік қасиетіне байланысты, микробтарды өлтіру үшін, иіс-қоңысты кетіріп, тазалық сақтау үшін, жын-шайтан оттан қорғады деген діни ұғымға байланысты қолданылған.

Адыраспанның киесі бар деп санап, адыраспанды пайдалану үшін арнайы дәрет алып, иіліп сәлем беріп барып алған. Ел ішінде «Адыраспан, адыраспан шыққан жерді сірә баспан» деп текке айтпаған.

Көшпелі қазақ халқы малдарды да көптеген ауруларден емдеген. Малдың көптеп қырылуын «жұт» деп атаған.

Айталық қазақ халқы тіршілігіндегі күнделікті тұрмыста қолданған құрал-саймандарының өзін түрлі ою-өрнектер арқылы безендірсе, сол ою-өрнектерде табиғатты, айналасындағы жан-жануарды бейнелеу жиі кездеседі. Мысалы, бәріміз білетін қошқар мүйіз, жыртқыш аңның имек азу тісі, кейбір

аңдардың тұяғы т.б. бейнеленген. Тіптен киіз, кілем, басқұр, қоржын сияқты мүліктерге де жоғарыда аталған сынды бедерлер жасаған.

Мұндай табиғаттың құдіретіне, кереметтеріне қандай құрметпен қарағанын бүгінгі ұрпаққа жеткізу үшін өткенді ұмытпай жаңғыртып отырған абзал деп ойлаймыз. Мұны ұлттық экологиялық мәдениетті қалыптастырудың алғышарты, түпнегізі деуге әбден болады. Табиғат құпияларын адамдар қалай бағалап, қадірлеу керек екендігі күнделікті тұрмыстағы тыйым сөздерден де көрініп отырған.

Қазақтың экологиялық тәрбиесінің бір көзі – тыйымдар. Тыйым сөздер мен әрекеттер қазақ баласын қоршаған ортаға жауапсыз қарауға мүмкіндік бермейді. Бұл жауапкершілік инфо-энергетикалық деңгейде талап етіледі. Жаман сөз айту өз алдына, тіпті жағымсыз ойлауға тыйым салған. Бұл танымға негізделген био-энергетикалық экология негіздері болып табылатын қазақи танымның тәрбие тетігі ретінде: «Ырым-тыйым мен ауыз-әдебиет үлгілерін экологиялық мәдениет қалыптастыруда пайдаланудың маңызы мен мағынасы аса зор болмақ» [137, б. 198] деген пайым дәлелдеуді қажет етпейді.

Күнделікті тұрмыста суға қатысты да түрлі ырымдар мен тыйымдар айтылып отырған. Әсіресе, судың таза болуын айрықша ескерген. Сондай ырым-тыйымдарда мәселен, суға түкірме, өйткені, бұл суды қайта пайдаланасың. «Су ішкен құдығыңа түкірме» деген нақыл сөз содан қалса керек. Судың таза болуы, яғни, ластанбауының адам өмірі үшін маңызы зор. Ал ағын су болса оны бұруға, бөгеуге болмайды деп тыйған.

«Тіршілік көзі – су» деп есептей отырып, баласына бастау басына, бұлақтың қасына дәретке отыруға тыйым салған. Әр нәрсенің киесі бар деп есептеген. Киесі атады деп сенген.

Өзен бойына барғанда суға төніп, етбетінен жатып ішуге болмайды т.б. тыйымдар бекер айтылмаса керек. Әрбір айтылған тыйым сөздің астарында үлкен мән болады.

Жерді де пайдалануда өзіндік тыйымдар болған. Қазақ халқы еш себепсіз жер шұқып, жер қазбайды. Жер шұқуды теріс қылық деп есептеген. Себебі оны өліммен, ажалмен байланыстырып, жаман ырымға балаған.

Қазақ тұрмысында өзінің өмір сүріп отырған ортасының үнемі ғажайып күйде болуын мақсат етіп қойған халық оған зиян келетін тұстарын үнемі назарда ұстап, ескертіп отырған. Көпшілігіміз естіп жүрген баласына «көкті жұлма, көк жұлсаң – көктей ораласың, қарғыс атады» деген тыйымдарының маңызы мен мәні құнын ешқашан жоймақ емес.

Табиғаттың тылсым күшін түсіндіре отырып жапан даладағы жалғыз ағашты кестірмейді, зақым келтірмейді. Бұл әрекет жалғыздыққа алып келеді деген тыйымды айтып, әрқашан табиғатты қорғауға тәрбиелеген.

Қолдан тоғай отырғызу да көне қоныстағы ежелгі тірліктің бірі болған. Қазақ халқының табиғатқа деген сүйіспеншілігі мен мейір шапағаты, жанашырлық сезімі күнделікті өмір салтынан, тұрмыс-тіршілігінен айқын сезіліп отырғандығын жоғарыда атап өткен болатынбыз.

Ғалым Ш. Сейітованың «Өсімдік атауларынан қалыптасқан тұрақты тіркестер» атты монографиялық еңбегінде әр өсімдіктің өсу ерекшелігін, өсетін жерін ұтымды суреттеген, жазып алынған өлең жолдарын былайша ұсынады. Ол «Ағаш өлең» деп аталып, 15 шумақтан тұрады, 45 ағаш атауы қамтылған. Өлеңнің бірнеше шумақтарын келтіре кетсек.

Қарағай бойлай-бойлай ұзын біткен,
Тобылғы ұялғаннан қызыл біткен.
«Қызымды қуарғанға бермеймін» - деп,
Сексеуіл қашып барып сазға біткен.
Қараған батыр болып мықты біткен,
Долана жау болып сырты тікен.
Қызыл тал доланадан тәлім алып,
Жеміссіз, іші қызыл оның біткен.
Самырсын бата алып жасыл біткен,
Аршалар тасқа шығып асыл біткен.
Торанғы «түнде ұрлық қыламын» - деп,
Сиықсыз, әрі жаман масыл біткен.
Ағаштан сұлу болып алма біткен,
Гүл атып бір талайы жылға біткен.
Үйеңкі көктерекпен ерегісіп,
Бой тартып, ұзын болып ол да біткен.

Келтірілген өлең жолдарынан байқағанымыздай, қыр-сырын әбден меңгерген өсімдік дүниесінің қазақ үшін маңызы зор екенін көруге болады. Әрі малдың бабын білетін қазақ халқы шөптің нәр алуына қарай шұрайлы да, шүйгін жер іздеп көшіп-қонып жүргені тарихтан белгілі.

Біздің ата-бабаларымыз жер бетіндегі өсімдік дүниесіне тым ерте кезден көңіл бөліп, әрбір шөпті танып, біліп қана қоймай, оның малға жұғымдылығын, я болмаса қай шөп зиянды екендігін ажырата білудің өмірлік мәні болғанын зерделей білген. Әрбір жер бетіне қылтиып шыққан өскінге, оның ерекше белгілерін дәл басып айқындайтын жеке-жеке ат қойып, айдар таққан. Өсімдікке ат қоюда қазақтан асқан шебер халық кемде-кем. Мәселен, оның сыртқы көрінісіне, түр-түсіне, иісіне, дабыс шығаруына, сыртқы ұқсастықтарына қарай мырза терек, сәмбі тал, кәрікыз, құртқашаш т.б. деген атаулар қойған.

Демек қазақ халқы үшін төрт түлікке күтім жасау арқылы бабын келтірудің қаншалықты маңызы болса, сол мүддеге сай жер бетінің түгінің құнарлылығын білуге де соншалықты мән берген.

Қазақ жер бетіне шыққан өскіннің бәрін «көк» деп атаған. Ағаштардың бой көтеріп өсуі, көктеуі, жазда жапыраққа жайып, күзде сарғая солуы алғашқы адамдарды таңқалдырған. Бұл құбылыстарға қарап ертедегі адамдар ағашты тірі жанға балағандарын көруге болады. Олардың ойынша, ағаш адам тәрізді сезіне біледі, ауырады, жылайды, тіпті ашу шақырып кектене де алады деседі.

Ертеректе алтайлықтар әсіресе ағаштарды жанды дүниеге балап, ерекше қастерлеген, өйткені онда адамға тән барлық қасиеттер болады деген сенім

болған. Ағаштар да адам секілді ауырады, бір-бірімен сөйлеседі деп ағаштарды жас балаларға теңеп, қиып, кестіруге жол бермеген.

Ағаштарды қастерлеумен қатар әрбір рудың өте киелі санайтын ағаштары болған. Ағаштарды қиюға тыйым салған.

Сондай-ақ халықтық ұғымда ағаштарды адамның қасиеттері арқылы салыстырып көрсету де болған. Мысалы, халық емен ағашының қасиеттерін адамның бойынан табылатын қасиеттермен салыстыра отырып, ер адамның беріктілігін, төзімділігін көрсете білген. Олар: емендей мықты, емендей қату, емендей ерегесу, мықыр емендей т.б. болып келеді.

Халқымыз қала мен дала сәні болған теректің, қайыңның, қарағай мен шынарды адамның сыртқы келбетімен байланыстырған.

Өсімдіктің өсіп тұрған кезіндегі тамырындағы қасиеттеріне, құрылыс материалына, азық ретінде тұтынуына байланысты да ұғымдар қалыптасқан. Мәселен, ағаштан көптеген тұрмысқа қажетті бұйымдар жасалады. Халқымызда күнделікті тіршілігінде тұтынып келе жатқан ағаштан жасалатын мүліктердің бірі – келі. Келі жасау үлкен өнер болған. Қазақ жерінде келіні әртүрлі ағаштардан дайындаған. Келі оюға таңдаған ағашты қысқа қарсы бойына нәр жинап, тас буын болып беріштенген кезде түбірімен қосып қазып алады. Ең алдымен келіге арнап кескен кеспекті жақсы кептіре білу керек болған.

Ағаштан жасалатын бұйымдардан келіден басқа да шаруашылыққа қажетті заттар болған. Мысалы, жыртылған жердің кесек топырағын майдалау үшін пайдаланатын тіс-тіс темір құралды көлікке тіркеп сүйрейтін жуан ағашты – мала ағаш деп атаған.

Айналасындағы әсемдікті сезіну арқылы баланы әдемілікке, әсемдікке тәрбиелеген. Бала табиғат сұлулығын сезіне отырып, талғампаздықты үйренеді. Ұшқан құстың әрқайсысына аса қамқорлық жасаған. Аққу – әдеміліктің символы болса, қарлығаш – бақыттың бастамасы, игіліктің иесі ретінде бағаланған. Бұлардың барлығында да табиғатпен етене байланыс бар, олар балаға рухани азық болады, байытады деп есептеген.

Тіршілік иесі құстарға да «құстар – біздің досымыз» деп аса мейірімділікпен қараған. Құстарды қорғауға байланысты да ырым-тыйымдарды да өте көп пайдаланған. Обал болады деп ежелден шектеген. Қыран құстарды атса киесі тиеді деп есептеген. Ал қарлығашты адамның досы деп бағалаған. Міне, осындай табиғатқа деген аялы сезім, жылылықтарын арнап, аса зор қамқорлық көрсете білгендігін, табиғат байлықтарын ұқыпты пайдалануға бағыттағанын көреміз.

Осындай ырым-тыйымдар баланы қоршаған ортада жақсы тәрбиеленіп, адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіруге, жаман әдет, жағымсыз іс-әрекеттерден аулақ болуға, мейірімділік сынды адами қасиеттерді бойларына дарытуға ықпал етеді.

Қазақ халқы ұрпағын «жаман болады», «ұят болады», «күнә болады» деген үш ауыз сөзбен текті қылып тәрбиелеген. Мәселен, күнделікті тұрмыста обал болады, сауап болады, не нәрсеге қанағат ету керек деген сынды

қағидаларды берік ұстаған. Бір-біріне қиянат жасамаған. «Обал» және «Сауап» деген ұғымдар да жиі қолданылған және бүгінде де сирек болса да айтылып отыр.

Қазақ халқы «обал болады» тіркесін айта отырып, әр нәрсенің қадірін білу, ысырапшылдық болмауын ескеріп отырған. Әрбір адам өзінің өмір сүріп отырған ортасына зиян келтірмей, орынсыз әрекеттер жасамауын үнемі ескертілген. Тірі жан иесіне кесірінді тигізбей «қиянат жасама» деген де жиі айтылады.

«Обал» сөзімен қатар «сауап» деген сөз де пайдаланылған, әлі де үнемі үнемі болмаса да естіліп отырады. «Сауапты іс жасау» деген үлкен іс істеу дегенді білдіреді дей келе, қазақ халқы көмекке зәру адамдарға қол ұшын беру, табиғаттағы тіршілік иелеріне қамқорлық жасап, аяушылық сезім білдіруді ескертіп отырған. Мәселен, жердегі нан қалдықтарын көтеріп алу – бұл сауап деп есептеген.

Қазақ тұрмысында ағаш егу мен орманды күтуге ерекше мән берген. Күнделікті тіршілікте адамның өсіп-өнуін, қалың ормандай болуын ерекше тілек ретінде айтып отырған. Ұлттық рухты да қалыптастырған.

Сондай-ақ адамның рухани дүниесінің аса қуатты көріністерінің бірі, жоғары деңгейдегі ойлау формаларына жататын тұрақты теңеу сөздер арқылы да табиғат пен адам бірлігін ұлттық болмыс аясында көрсеткендігін қолданыстағы төмендегідей мысалдардан байқауға болады.

Қуарған шөптей. Сақал мен шашы *қуарған шөптей*, Жартастай бетін көп әжім басқан (Ә. Тәжібаев).

Жапырағы үзілген бұтақтай. *Жапырағы үзілген бұтақтай боп*, Қалыпсың аз күндерде қуарып тез (С. Мәуленов).

Құйын қуған қаңбақтай. Мынауың *сексеуілдей қатып* қалған бірдеме екен ғой! - десті біреулер (С. Мұқанов).

Тас-томардай түйілу. Өз ішінде *тас-томардай түйіліп* жүрген бір күдікті осылай жадыратып, сыртқа шығарды (М. Әуезов).

Тобылғыдай майысу. Сыңғырлаған күлкі, биязы амандықпен бұратылады басып, *тобылғыдай майысқан* бойжеткендер (С. Жүнісов) [138, б. 168-171].

Осындай мысалдардан-ақ адам мен табиғат дүниесінің өзара байланысының, өзара сабақтастығының, өзара үндестігінің қатарын ұлттық болмысқа сай деген ойға келеміз.

Қазақ тұрмысында айтылып келген отбасылық өлеңдерде де «шыққан күндей», «толған айдай», «жымыңдаған жұлдыздай», «қарлығаштай» т.б. тікелей салыстырулар арқылы көрінетін теңеулер қатары кездеседі.

Бұрын ең көнелері – адамда айға, күнге, жұлдызға т.б. құбылыстарға теңеген.

Көлдегі аққу дауысты,
Ақ сұңқар құстай шалысты.
Ерегіскен дұшпанмен,
Айдаһардай алысты.
Немесе:

Сайраған бұлбұл сықылды,
Раушан жарық күндерім.
Кескен дарақ секілді,
Төгіліп қызыл гүлдерің.

Ғасырлар бойы қалыптасып, қауым жадында сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа рухани мұра болып келе жатқан мақал-мәтелдердің де адамның қоршаған ортада рухани дамуы мен баюуына ықпалы зор болғаны белгілі.

Ғылыми-теориялық еңбектерде мақал-мәтелдердің пайда болуын, қалыптасуын жан-жақты ашып көрсетеді. Солардың бірінде мақал-мәтелдердің пайда болып, қалыптасуын үлкен екі түрлі обьективті факторларға байланысты деп көрсетеді. Олар: ішкі фактор және сыртқы фактор.

Бұл мақал-мәтелдер ұлттық ерекшеліктермен және дүниетаныммен байланысты болса да, оларды көрнекті этникалық топтар, адамдардың табиғи тіршілік ортасы және басқа халықтармен рухани-мәдени байланыстары туралы мақал ретінде қарастырған жөн [139, б. 6].

Әрбір жеке тұлға өзін материалдық жағынан ғана емес, рухани байытып отыруы заңды құбылыс. Осындай рухани дамудың қайнар көзі, рухани мұра мақал-мәтелдердің де рөлі айрықша. Ойымызды нақтылау үшін бірнеше мысалдар келтіре кетуді жөн санадық. Олар төмендегідей:

Бір тал кессең, он тал ек
Гүлсіз болса – жер мұңды, күлкісіз болса – ел мұңды.
Жаманның тілі – ащы, көк мияның гүлі – ащы.
Жаңбыр жауса – жер тоқ,
Егін ексе – ел тоқ,
Бұлақ ақса – көл тоқ,
Еңбек етсе – ер тоқ.
Жұлдыз қалың болса – ертесіне күн ыстық болады.
Жұмсақ ағашты құрт басар.
Күн екіге бөлінбес,
Ай екіге жарылмас
Күн күркіресе,
арты не құрғаққа,
не сырғаққа айналады.
Күтімі жаман ағаштың бітімі жаман.
Сәуір болмай, тәуір болмайды [138, б. 74-76].

Мұндай мәндес мақал-мәтелдер ескі түркі жазба ескерткіштерінде де көптеп кездеседі. Солардың бірнешеуі:

Қураған ағаш иілмес,
Қураған шыбық иілмес (М. Қашқари)
Тұман ұзақ тұрмайды,
Тұманды күн серпілер
Тұманнан соң ашық күн тумай тұрмайды (Әбілғазы)
Тез гүлдеген шөп жылдам қурайды (Ю. Баласағұни)
Шөптің күші – сүттен мәлім (М. Әлі)

Көл мен өзен тасиды,

Шөп пен ағаш жасиды (Көне ұйғыр жазу ескерткіші) [140, б. 191].

Табиғат құбылыстарына қатысты адамдар тіршілігінде тұрақты тіркестер де кең орын алып отырған. Табиғаттың қыр-сырына қанық болған халқымыз аңғарымпаздығы мен байқампаздығының арқасында көптеген тұрақты тіркестер де қолданылған. Солардың бірқатарын атасақ.

Адамның жас ерекшелігін сипаттайтын тұрақты тіркестер: *он екіде бір гүлі ашылмаған*; *балы тамған жас қамыс*. Адамның іс-әрекетін, қалып күйін білдіретін тұрақты тіркестер: *күнбағыстай құбылды*; *жел соққан қамыстай солқылдады; қаңбақша қақты, бір тарының қауызына сыйдырды, ебелек қақтырды, саздау жердің ағашы, сабырсыз ердің сазасы*; *мал шөпке, адам сөзге тоқтайды; жақсы сөйлесе аузынан гүл төгіледі, жаман сөйлесе аузынан жын төгіледі.*

Адамның түр-тұлғасына байланысты тіркестер: *қаңбақ шал; жапырақтай жайқалу, жапырақтай солды; тауға біткен ырғайдай; кескен томардай*;

Адамның дене мүшелеріне байланысты тіркестер: *мойны ырғайдай; аузын құ шөппен сүртті; бидай өңді; шөп желке.*

Алғыс, қарғыс мәнді тұрақты тіркестер де қолданылған. Мәселен үй ішіне береке, амандық тілеу мағынасында: *«көлеңкелі қаба ағашың кесілмесін», «жазың жауынды, бағың жемісті болсын», «табаныңа қадалған шөгір маңдайыма қадалсын» т.б.*

Жағымсыз көзқарастан туған қарғыстың түрлеріне: *«басқан жеріңе шөп шықпасын», «өрісіңді өрт, жайлауыңды жау алғыр», «көктей үзілгір» т.б.* түрлерінің өзі табиғатпен байланысты болғанын кездестіреміз.

Қазақ тіліндегі табиғат құбылыстарына байланысты тұрақты тіркестердің түр-түске де қатыстылығы болады. Солардың бірнешеуін атап өтсек.

Ақ түсті халқымыз ежелден адалдық пен берекенің, кіршіксіз тазалықтың белгісі деп есептеген. Соған орай мынадай тұрақты тіркестер қолданылған: *аршыған жауқазындай, ақ құба, бидай өңді, ақ бидайдың қадірі т.б.*

Осы аталған тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын қарастырып, былайша бағамдасақ:

Кесте – 17 Фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің ұқсастықтары мен айырмашылықтары

Фразеологизм	**Мақал-мәтел**
1	2
Көк дүркіреді	Сәуір болса, күн күркірер, күн күркіресе, көк дүркірер
Бал құрақ	Бал құрақ– көлдің сәулеті, Батыр – елдің сәулеті.
Сасыр басы сарғайды	Сасыр басы сарғая, Ел көшеді жайлауға.
Өріс тозды	Малды іріктемесең, тұқымы тозады, Қонысты жаңаламасаң, өрісі тозады

17 – кестенің жалғасы

1	2
Мақтасыз бөз болмас	Мақтасыз бөз болмас, Ежелгі жау дос болмас
Қайыңның тозындай	Қайыңның тозын мақта, Еменнің өзін мақта.
Көк шалғын	Көбік қарда түлкі ойнар, Көк шалғында жылқы ойнар
Жел айдаған қаңбақ	Ақсақ түйенің аузына Жел айдаған қаңбақ түсер
Мүйізі қарағайдай	Бұғының мүйізі қарағайдай, Өзіне қаңбақтай

Күнделікті тілімізде қолданыста болған фразеологизм мен мақал-мәтелдердің басым көпшілігі тіршіліктің қайнар көзі – түрлі құбылыстардың, кәсіпшіліктің, шаруашылықтың нәтижесінде қалыптасқан. Мақал-мәтелдердің тамаша үлгілерімен қатар қазақ дүниетанымында жұмбақтардың да орын ерекше болған. Қазақ жұмбағында да кең қамтылған тақырыптардың бірі – аспан әлемі туралы болды. Әсіресе айдың бейнесін түрлі теңулермен берген.

Мәселен, жұмбақтардың бірінде айды *«күндіз жатып, түнде шығар айдаһардай»* деп суреттеуі әсерлі, әрі тыңдарманның көз алдына елестетумен шектелмейді, керемет образ сомдау қоса жүктеледі. Жұмбақтарда мәлімет жеткізіп қана қоймай, оны бейнелі, ғажайып суретті етіп кескіндейді [141, б. 23].

Табиғат құбылыстарын жұмбақтап беру арқылы да образды бейнелер туғызған.

Аспандағы ай мен күн, жеті қарақшы, үркер, шолпан сияқты жұлдыздардың әрқайсысын өз алдына бір жұмбақ етіп отырған. Шолпан, үркер, жетіқарақшыны, көбінесе, құс бейнесінде (жеті қарақшыны – үйрек, үркерді – балапан, шолпанды – тоты құс деп) суреттейді.

Мәселен, күн мен айды түрлі бейнелерде кестелеп берген. Мысалы:

Үй үстінде ұсақ тас,

Там басына тары шаштым,

Тақиям толған сөк, ертеңгісін дым да жоқ.

Халық аспан әлеміндегі табиғат құбылыстары кемпірқосақ, найзағайды да жұмбағына енгізген. Әрқайсысына ұқсас келетін салыстырулар табады.

Ал айды жұмбақ еткенде, көбінесе, оның жаңа туған, жартыланған, толған кездерін суреттейді. Әр мезгіліне бөлек-бөлек бейне табады.

Жұмбақтарда жан-жануарлар мен құстар әлемі де жасырылады. Жұмбақтардың бірсыпырасы жерге байланысты да айтылған. Туған жердің құдіреті, туған жердің әрбір тау-тасы ыстық екендігін айта отырып, оны бағалай білген қазақ халқының керемет көрегендік қасиеттері бүгінде бізге жеткен мол мұраларымыздың бірі – ақын-жыраулар поэзиясынан да көрініс табады.

Мысалы, Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиеттің айтулы өкілдерінің бірі – Асан Қайғы көпшілікке таныс. Асан Қайғы жайындағы аңыздардың ел ішінде бүгінге дейін айтылып келе жатқаны – оның Жерұйықты іздеуі. Асан Қайғы желмаясына мініп алып жолай кездескен жерлерге, жайлау, қыстауларға өз бағасын беріп отырған.

Ел ішіндегі қоныстармен қатар ұсақ өзендер, кішкене төбешік, сай-сала жайында да Асан Қайғы айтты деген мәнді, мағыналы сөздер бүгінге дейін құндылығын жоғалтқан емес.

Сондай-ақ ел арасында кейбір жер атауларының шығуы Асан Қайғы есімімен байланысты екендігі турасында да ойлар кездеседі [142]. Осындай мол мұраларымыздың бүгінгі ұрпақ үшін тағлымы мол болмақ. Тәрбиелік, өміртанушылық және эстетикалық маңызын күні бүгінге дейін сақтап келген асыл мұраларымыздың енді бірі – дәстүрлі халық эпосы немесе халықтың батырлық жырларында да жас ұрпақты отанын сүюге, туған жерінің тауы мен тасын қорғауға бағыттайтын құнды ойлармен қатар халықтық болжам, жорамалдар да кездесіп отырады. Мысалы, төмендегідей үзіндіде:

«Айдын көлден қу аттым,
Дертке дәрі өті де.
Жазғы балық ойнайды
Айдын көлдің шетінде [143, б. 39].

Қобыланды батыр жырынан алынған мына үзінді де Құртқаның сөздерінен де адамның табиғатпен етене жақын екені «сіздер сұңқар, біз қарға» деген жолдарынан көрініс таба отырып, «Айдын көлден қу аттым, дертке дәрі өті де» дегенде емдік қасиет туралы да айтып өтеді [143, б.149].

Үзінді жолдардан байқағанымыздай, аюдың, басқа да түрлі аңдардың майы, өті сияқтылардың емдік қасиеті мол болғандығын байқауға болады. Мұндай емдік дәрілер ретінде пайдаланылғандар бүгінде де қолданыста екендігін естіп-көріп жүрміз.

Жалпы түркі халықтары, оның ішінде қазақ халқы «Көк тәңірі» деген ұғым қалыптастырып, «көк – тіршіліктің, өмірдің бастауы» деген үлкен сенімде болған.

Ш. Уәлиханов еңбектерінде де табиғат пен адамның үйлестігі, табиғаттың құдіреттілігіне зор мән беріп, сенімнің болуын басты орынға қоюы туралы айтады. Мәселен: «Табиғат пен адам, өмір мен өлім әрқашанда ақыл жетпес құпия сыр болып келеді. Сәбилік дүниедегі адам күнге, ай мен жұлдыздарға және біздің табиғат немесе әлем деп атап жүрген шетсіз-шексіз мәңгілікке бәріне табынатын болды» деп жазды [144, б. 100].

Аспанда, жерде, найзағайда, тауда, таста, өзен мен көлде т.б. табиғат құбылыстарының барлығында дерлік тылсым күш, ерекше рух бар деп сенген. Көктүріктерде күндіз күнге, түнде айға табынған. Көне түркілер белгілі бір іске кірісер алдында ай, жұлдыздар қозғалысын бағатын болған. Табғаштар ғибадат жасаған жерлерге қайың ағаштарын еккен, кейін ол жерлерді қасиет тұтып, бағып, суарған соң киелі саналатын ормандар сілемі өсіп шыққан [145, б. 15] пайымдаған.

Ай мен Күнге, жалпы табиғат құбылыстарына табынудың белгілері мен дағдылары, қазақ ішінде күні бүгінге дейін сақталған. Мысалы, таңертең күн шыққанда маңдайын шұғыла сәулесіне тосып тұрып ізгілік тілеген. Сол сияқты жаңа Ай туғанда қолын көкке жайып, ақ ниет батасын жасайдыда, игі тілеуін айтады:

Ай көрдім,
Аман көрдім.
Қайғысыз, мұңсыз,
Баяғыдай заман көрдім.
Ескі айды есіркесең,
Жаңа айда жарылқа! [146, б. 21].

Немесе:

Күнің шуақты болсын,
Көлің суатты болсын!
Қонысың өрісті болсын,
Еккенің жемісті болсын,
Еңбегің кейісті болсын! [146, б. 123].

Жақсылық пен жамандықты айыру табиғат құбылыстарына табыну, олардан мейірім күту, жоғарыдағы бата берумен қатар сыйыну, құрбандық шалу, тасаттық сияқты қазақы рәсімдерде, бәдік өлеңдерде анық байқалады.

Табиғат апатының зардабы адамның өзіне байланысты екендігін де халық ұғымында ертеден-ақ айтып кеткен. Мұндай апаттардың алдын алудың жолдарын да іздестірген, алдын-алып та отырған. Солардың бірі ретінде бүгінге дейін қолданысқа ие қуаңшылық кезінде жасалған рәсімнің бірі – «тасаттық» болған. Тасаттықта көпшілік жиылып құрбандық шалады, құран оқиды, тілеу тілейді. Бұл рәсім соңында елде іле-шала жаңбыр жауып көптің тілеуі орындалған.

Қазақ тілінде «тасаттық» сөзі араб тілінен енген. Яғни, *тасаддуқ* сөзі – Алла разылығы үшін қайыр, садақа беру мағынасын білдіреді [147].

Бұл дәстүр турасында бүгінде жиі айтыла бермесе де әдеби шығармаларда кездеседі. Соның бірі ақын Дүкен Мәсімханұлының «Ауыл. Шілде. Тасаттық» атты өлеңінде төмендегідей жолдар бұл рәсімнің орындалуы мен нәтижесі турасында суреттейді.

Құрбандық шалып, ас беріп,
Аллалап ауыл жылады.
Қан шашып жерге, жас төгіп,
Бір тамшы жаңбыр сұрады.
Лапылда, өртен, жалында.
Жоқ екен құлдың еш емі.
Түс қия төкті ауылға,
Алланың рақым нөсері, - делінген [148, б. 82].

Қазақ халқы ауа-райы құбылыстарын сайын даланың төсін еркін жайлаған халық кең далада еркін жүріп, табиғат құбылыстарына болжам жасау арқылы оларға алдын-ала бейімделу көрініс тауып отырған. Аспан

денелерін қозғалысы бойынша болжаған. Бұл бақылауда олар сол денелердің жай-жапсарын анықтап отырған. Аспан әлемін жіті бақылап, дәл болжайтын есепшілерде болғандығы айтылады [149].

Көшпелі қазақтар аспандағы жұлдыздарға қарап түн мезгілін, ай, жыл уақытын айнытпай айтып отырған. Оны олар жылдың, айдың, түннің қай мезгілінде қандай жұлдыз пайда болады, аспандағы жұлдыздардың орны қалай өзгереді және ол қай уақытта болады, соны байқап, айтып отырған. Жылқы баққан, қой күзеткен малшылар сол жұлдыздарға қарап, кезектесіп отырған.

Қазақ халқы өз тұрмыстарында күнді орталықтағы нысана етіп алып, аспан денелерін ерекше дәріптейді. Мысалы, «Үркер», «Темірқазық» сияқты жұлдыздарды түнде жүрген жолаушылардың нысана етуіне сенімін артқан. Осы жұлдыздарға қарап уақыт өзгерісін де бағамдаған.

Үркер Айға жақындаса, сол айда боран, дауыл аз болады, Үркер жерге жақындаса – көктемнің таяғаны, суға жақындаса – жаңбыр мол жауады, құрғақ жерге жақындаса – құрғақшылық болады, боран мен сары жел аңырайды деген сықылды түрлі-түрлі болжамдар айтып, елдің осы құбылыстардың бәріне дайындалуына кеңес береді. Қазақи есеп бойынша мамырдың аяқ кезі мен маусым айының бас кезінде Үркер көрінбейді. Бұл құбылысты Үркер жерге түсті деп болжайды. Содан Үркер жерде қырық күн жатады деп есептейді. Бұл – жылдың өте ыстық айы. Осы мезгіл біткен соң, Үркер көк жүзінен қайта көрінеді де, шөп пісіп, астық дән ұстайды да қатая бастайды.

Темірқазықтың қасындағы екі жұлдызды қазақ «Ақбоз ат», «Көкбоз ат» деп атаса, аспанның қақ төрінде тұрған шоқ жұлдызды «Таразы жұлдызы» деген. Ол шілде айының аяқ кезінде көрінеді де, ыстықтың қайта бастағанының белгісі саналады. Жұлдызшылар осы жұлдызға қарап таразы туса – түн салқындайды, арпа пісіп, бидай сарғаяды» деп межелейді. Жұлдызшылар тағы бір шоқ жұлдызды «Сүмбіле» деп атайды. Сүмбіле туғанда жаз өтті деп болжайды. Халықта «Сүмбіле туса – су суиды» дейтін сөз бар. Бұл мезгілде астықтың жиын-теріні аяқталып, ел қыс қамына кіріседі.

Ерте заманда ата-бабаларымыз табиғатты, ондағы тіршілік иелерінің ортамен байланысын жақсы біліп, сауатты пайдалана білген. Олар өзін табиғаттың бір бөлшегі, табиғатпен айрылмастай байланыстамыз деп түсінген.

Сондай-ақ діни наным-сенімдерге берік халық жабайы аңдардың етін тағамға қолданғанда қатаң тыйым салған. Бірақ өз тұрмыс-тіршіліктерінде құлан етін пайдаланған деседі. Мұнда үлкен сенім мен иланым болған. Құлан етін жеген адам батыр, күшті болады деп есептеген. Құлан етінің түрлі ауруларға емдік қасиеті бар екендігін де назарда ұстаған. Қазақтың кең де ен даласындағы тіршілік, кәсіп бағытында табиғат құбылыстарымен қауышып, оның ерекшеліктерін сезіну, амал табу сияқты ой-толғамдар ауқымында ойға еріп, кеңістіктегі сан түрлі құбылыстар тізбектерін саралаған.

Қазақы дүниетанымды бойына сіңірген бейнелі сөз өрнектерінің ұлттық табиғаты халық өмірімен, салт-дәстүрмен, наным-сенімдермен, халықтық пайымдаулармен астасып жатады. Мысалы, өз басында билігі жоқ, әркімнің

жетегінде жүретін жеңілтек адамдарды қазақ Жиренше шешенге қатысты аңызда айталытын ұшарын жел, қонарын сай біледі нақылымен әсірелеп береді.

Қаңбақ өсімдігінің биологиялық сипатын пайымдай білген халқымыз тамыр осал қаңбақтың отандық сезімі, намысы осал адаммен салыстыра білгендігінен тілдік қолданысқа енген.

Дала перзенті үшін жусан қасиетті, киелі шөптердің бірі саналады. Жусанның емдік қасиеттерінен басқа оның ерекшелігі – адам бойын балқытып, қазақтың бүкіл сана-сезімін билеген иісі. Алыс сапарға аттанарда жорыққа шығарда ер-азамат жуанның бір шоғын бойынан тастамай жақсылыққа балап, ырымдап туған еліне аман оралуын тілекші болсын деп ала кеткен. Себебі жусанның иісі қазақ үшін отаны, кең даласы, бостандығының белгісі іспеттес.

3.3 Адам және табиғат үйлесімділігі

Қазақ халқы көшпелі тұрмыс кешсе де табиғаттың тылсым құбылыстарын, себептерін іздеген. Біздің білікті де байыпты ата-бабаларымыз тәжірибелік зертханасы, химиялық сараптауға құрал-жабдығы болмаса да табиғатқа деген жылдар бойғы көргендерін жинақтап, үлкен ғылыми мәні бар мол мұрасын кейінгі ұрпаққа мирас еткен. Айталық жер бетіндегі өсімдік дүниесіне тым ерте кезден бастап көңіл аударып әрбір шөпті танып, біліп қана қоймай оның пайдалы жағымен қатар зиянды екенін де ажырата білудің өмірлік мәні болғанын зерделей білген.

Жоғарыда атап өткендей, табиғатты болжайтын қасиеттері болған. Бүгінде бұл болжамдарды жоққа шығара алмаймыз. Мысалы, көшпелі қазақ табиғатты болжағанда көбінесе малдың әрекетінен, күннің батуы мен айдың тууынан т.б. бағамдап айтқан.

Қазақ даласы көбінесе шегіне көз жетпейтін теп-тегіс жазық болып келеді. Тіпті кейде көз тоқтатып, белгі қылатын жер жоқтығынан айналаны барлау қиынға соққан. Мұндайда жөн білмейтін адам адасып кетуі мүмкін. Алайда сол ұшы-қиырсыз далада қазақтар адаспай жол таба білген.

Туған жердің кереметтері ретінде қазақ тұрмысында обалар да ерекше мәнге ие болған. Жалпы оба сөзі – айтылуы бірдей болғанмен, екі мағынада жұмсалады. Бірі – ауру (жұқпалы) мағынасында қолданылған. Бұл ауру қазақ тарихында халықты жылатқан кесір болып табылды.

Екінші мағынасына қазақ әдебиетінде ойып орын алатын М. Мағауиннің «Көк мұнар» романында «балалар оба үйіп, көрісіп ойнайды» деген жолдарды нақты мысал арқылы келтірсек. Сондай-ақ жазушы Мағауин еңбектеріне үңілсек, оба үюді жаугершілік белгісі деп көрсетеді.

Басында оба тұрған тау әрі-беріден соң көзге жылы ұшырайды. Адамның басына бөрік қандай көрік берсе, таудың да сәнін басындағы обасы келтіріп тұратын сияқты. Қазақтың қара өлеңін есек түсірсек былай деп басталатын шумақ бар еді.

Тартады тау жададай обасы жоқ,
Көрінер қол жадағай қопасы жоқ.

Оба елсізде көрік беріп тұрумен қатар бірнеше міндеттерді атқарған. Мәселен, көшпелі қазақ тұрмысында ең алдымен оба – көштің бағытын белгілеуші, мал бағу кезінде меже ретінде қызмет атқарғаны, сондай-ақ обаны уақыт өлшемі ретінде де пайдаланғаны айтылады. Обаға түскен көлеңкесі қай тасқа түскені арқылы уақытта анықтаған деседі.

Астрономиялық аспап қызметін атқарған обалар тобын ғалым П. Мариковский сипаттаған. Оны сонау 70-жылдардың ортасында Алматы қаласы мен осы аттас облыстың Балқаш аудынының орталығы Бақанас ауылын арасын жалғастыратын тас жолдың 142 шақырымынан әрірек алқаптан көрген. «Малайсары асуынан батысқа қарай тас жолдан 16 шақырым тұста көзге әлсіз шалынатын көне құрылыс» деп жазылған. Осы ғылыми еңбекті белгілі фантаст жазушы Жүніс Сахиев аударған. П. Мариковский жазған Малайсары обаларының сипаттамасында тастардан сызылған шеңбердің бағдар төбешігі арқылы уақытты анықтаған. Мұнда бір күннің сағаттары емес, бір жылдың төрт тоқсанын дәл есептейтін өте күрделі құбылысты көрсетеді. Мұны біздің бабаларымыз тұрғызыпты. Ал аспан денелерінің қозғалысын Жерде тұрып дәл қайталайтын обалар тұрғызудың күрделі себебі бар екендігі байқалады.

Қазақ халқы өмір сүру ортасын бақылау арқылы айналасындағы аң-құстардың да сырын, құпиясын түсінген. Оны сәуегейлік, қырағылық, бақсы-балгерлік, болжағыштық қасиеттері арқылы көрсете білген.

Аталған қасиеттердің бірі – қырағылық немесе байқампаздық қасиеті танылатын мына бір деректі келтіре кетсек. Ол мал шаруашылығына байланысты «күйек байлау» деп аталған. Мал шаруашылығында ең маңызды істің бірі – малдың уақтылы іштеніп, дер кезінде тууын қамтамасыз ету мақсатында қошқарларға, текелерге күйек байлайды. Күйек екі-үш қабат киізден жасалатын төрт бұрышты алжапқыш. Күйек қазан айының аяғында, қарашаның басында алынады. Күйек байлау, күйек алуды мал өсімді болады деген ырыммен әйел адам атқаратын болған. Қошқардан күйекті аларда ауылдағы үлкен бәйбіше шешіп жатқанда, алжапқыштың бір шетін ағытып жібереді. Жанында тұрған әйелдің бірі «тарыдай көп болсын!» деп ауызына тары уыстап салады. Ал тарының бір ғана дәнінен бір жазда отыз-қырық мың дән өсіп шығатындығы ғылыми тұрғыдан да анықталған. Ал байқағыштық қасиеттерінде көшпенділер ауылы қашан да ықтау, ойпаңдау жерге, төбенің етегіне қоныстанған. Жолаушылар ауыл көрінбегенмен ол бірнеше шақырым жерден ошақтан шыққан түтінді байқаған.

Қазақы тұрмысы өзінің болмысымен экологиялық сипатты паш етуге негізделген. Көшпелі түркілердің баспанасы – киіз бен ағаштан жасалған орда үй.

Нақтырақ тарқатып айтар болсақ, киіз үйлердің тұрпаты оны пайдаланатын халық өмір сүретін табиғат келбетімен астасып жатқан. Бұл үйдің материалдары ағаш, жүн, тері ғана болды. Ал жалпы тұрпаты тау шоқыларына ұқсаған. Күнге, айға жолын тосып, шаңырағының асты аспан күмбезі секілденіп тұрған. Сол себепті күнді, айды, аспанды қасиетті деп білетін халық өзінің үйлерін де ерекше қастерлеген. Мәселен, ұндар көшіп-

қонып жүрген, мал жайған шексіз мал жайған жайылымдарды Алтай, Шұғай, Зинган тауларының жоталары қоршап жатқан.

Ғұндар Тауға, Көкке, Күнге, Айға және Жұлдыздарға табынып, сиынған, аспанды бейне төңкерілген тостаған секілді жерді қаптап тұрған Тәңір деп сенген. Оның құдіретіне шек келтірмеген. Сүйегін ағаштан жасап, сыртынан киіз үймен қаптаған үйлер ғұндардан бергі мал өсіруші халықтардың тұрмысына сіңіп, әсемдік тапқан, тұрақты баспанаға айналған. Түркі халықтарының теңдесі жоқ өте қолайлы баспанасы болып табылған, қазірге дейін өзінің өміршеңдігін жойған жоқ.

Киіз үй – көктем, жаз, күз мезгілдерінде мал бағушылардың қажетіне өте сай, әрі қолайлы, әрі көшіп-қонуға ыңғайлы құрама үй. Киіз негізінен туырлық және үзік деген екі бөліктен құралады. Ағашының төменгі жағы төртбұрышты тор көзді әдіспен арнайы жойылған таяқшалар айқастырылып, осы тор көзді ағаш қабырға кереге деп аталған. Кереге тор көзді және жел көзді болып бөлінеді. Жел өтіне төтеп бере алады. Кереге жиюға және керіп жаюға ыңғайлы әдіспен көктеледі. Керегенің үлкенді-кішілі бөлшегі аумақты арнаулы мөлшерде болады. Сол бөлшек қанат деп аталады. Қанаттар бір-бірімен рет-ретімен қабыстырылады. Үйдің үлкен-кішілігі осы қанаттардың атымен аталады. Қазақ үйлері төрт, сегіз, он екі қанаттан тұрады. Керегенің үстіңгі жағындағы бөлшегі шаңырақпен тұтасады. Бұл таяқшалар уық деп аталады. Керегенің әр ашасының басына бірден уық байланады. Уықтың жоғарғы ұшы қаламшаланып жонылып, шаңырақтың көзіне шаншылады. Қазақ ұғымында шаңырақтың қасиеті өте зор. Үйдің әр төбесі, әрі уық пен керегені тұтастырып төбесінен басып тұратын күмбезі. Сол күмбезде аспанның нышаны бар деп жорып ырымдалады. Керегенің сыртынан шәй қалыппен тоқылған ши мен түрлі-түсті боялған жүн орап безендіріліп тоқыған шымши тартылады. Бұл кереге көзі арқылы үйге ұры иттің, жабайы аңның, құрт-құмырсқаның кіріп кетуінен қорғайды.

Тал бойына қолөнерінің ағаштан, қайыстан бояудан жасалатын барша құдірет-құпиясын тоғыстырған, киіз үйдің ағаштан жасалатын шаңырақ, кереге, уық, есік сияқты бөліктерін қазақ сүйегі не қаңқасы деп атайды. Ел ішінде түбіміз – алаш, керегеміз – ағаш деген тіркес содан қалса керек.

Киіз үйдің өсімдіктерден жасалатын бұйымы – ши. Ши көп жылдық өсімдік болғандықтан, тамыры терең, әрі ұйысып жым болып жатады. Ши тоқу қоңыр күзде басталады. Осы кезде шидің буыны қатып, әбден піседі. Ши ешқашан да тамырымен жұлынбайды. Қазақ халқы ши арқылы тұрмысына қажетті заттар жасау технологиясын жете меңгерген. Қазақ тілінде шиге қатысты қалыптасқан тұрақты тіркестер де көптеп кездеседі. Мысалы, ши мойын, шыққан қыз шиден әрі, шиі шығу, іргеден ши жүгірту т.б.

Қазақ халқы қазба байлықтардың да сырын түсіне, ұғына білген деседі. Мәселен, егер жер астында қазына болса, сол жерге қар тоқтамайды, еріп кетеді деген болжамдар жасай білгендігі туралы да деректер кездеседі.

Тіптен бал араларының да табиғат тылсымдарына толы кереметтері бар екендігі жайында деректер кездеседі. Бал аралар бір жерге топтана қонса, ол

ағаштың бірер бұтағы басқаларына қарағанда жуандау, қуаттырақ болса, ол жерлерде болжам бойынша қазына бар деп есептелегені, оны назарға алып отырғаны туралы мәліметтер бар.

Бізге жеткен ата-бабаларымыздың пайымдауынша, мысалы, шағалалардың ұшып-қонуларына байланысты, қарлығаштардың да қозғалысынан, жазда шегірткелердің шырылынан, қыста ақбөкендер әрекетінен ауа-райының өзгерістерін болжап отырған.

Қазақ халқының осындай бірегей қасиеттерімен таныс болған поляк революционері Б. Залевский өзінің «Қазақ даласының тіршілік тынысы» очеркінде қазақ тұрмысына деген таңданысын былайша білдіріп, қазақтар дала сырын жетік білген, түн болса жұлдыздар арқылы да бағыттарын анықтаған дейді [150]. Қазақ халқы өз ұрпағына қараңғы түнде жұлдызға қарап бағыт-бағдар белгілеуге, белгі-бедеріне қарап қоныс суды дәл табуға, өсімдіктің түр-түрін ажыратып, кәдесіне жарата білген.

Табиғат байлығын ұтымды пайдалана білетін қазақ халқы кір жуатын сабынның өзін жасап алатын болған. Мұндай қолдан сабын жасауды – «сабын былғау» деп атаған. Сабын дайындау үшін алдымен сақар қайнатады. Сақарды алабота, сексеуіл, ақ тікенек, қалақай, көкпек сынды өсімдіктер күлінен жасаған. Ол үшін алдымен күзде аталған өсімдіктерді жинап алып, бір жерге үйіп кептіреді. Содан соң оны жағып, күлінен жасайды. Халықтың материалдық және рухани байлығының қайнар көзі табиғатты, табиғаттың сыйын ұтымды пайдалана отырып, мол қазынасынан тұрмысына қажетті бұйымдар жасап, оны күнделікті өмірінде тұтына білген.

Табиғаттың қыры мен сырына ерекше назар аударған, одан тағылым алған халық өсімдіктерді күнделікті тұрмысына жарата білген. Солардың бірі – өсімдіктен табиғи бояу алу. Ондай өсімдіктің қатарына қына, рауғаш, естек, ағаштың қалдықтары, еңлік т.б. жатады. Табиғи бояу беретін өсімдіктің бірі – еңлік. Еңлік тау жоталарында, қырат-қарқаларында, тастақ, тақырға өседі. Тамырын қазып алып, қабығын аршып тастағанда қызыл бояу шығады. Осындай өсімдіктерді бояу үшін пайдаланғандықтан ел ішінде «еріні шиедей», «қынадай қызыл», «естекке салғандай» деген тіркестер қолданылған. Осы арқылы адам мен табиғат байланысының тағы бір қыры танылады, күшейе түседі.

Экологиялық мәдениет – мәдени деңгейдің көрсеткіші болып табылады. Мәдени деңгей көрсеткішін ұлттық тәрбие негіздерінен де іздеу орынды. Әрі ұлттық тәрбие өміршеңдігін жоймай ұрпақтан-ұрпаққа жалғастық табады [151, б. 82].

Көшпелі тіршілік кешкен ата-бабаларымыз күндіз-түні, тіпті жыл бойына малының жағдайын ойлап көшіп жүруінің өзі табиғатты қорғаудың көшпелілік үрдісі. Өзі тұрған жерінің құсын, аңын, шөбін үнемдеп пайдаланды. Төрт түлікті бабын ойлап табиғатпен үйлесімді экожүйе ұйымдастыра білді. Қазақ халқының тұрмысындағы көктеу, жайлау, күздеу, қыстау болуының өзі табиғатты қорғаудың үлгісі.

Мал жайылымын от немесе өріс деп атаған. Ақ от – тұщы шөптердің жалпы атауы. Күздің ақ жауынына шайылған күзеудің шөбі. Жылқы малының сүйіп жейтін бидайық, бетеге, қоңырбас, ебелек, изен сияқты шабындық шөптер – боз от. Бозды жерге жылқы семірер тіркесі соның айғағы. Қара от – жусан, көкпек, баялыш, кекіре, мия т.б. ащы шөптердің жалпы атауы. Қара отқа жататын шөптер тым ащы болғандықтан оларды жаз айларында онша сүйіп жемейтін болған. Олардың қуаты күз ортасына қарай күшейеді. Бұлардың кейбіреулері қыста бастарына дән жинап, оның дәні қыс бойы сабағында сақталады, әрі малға құнарлы жем болады. Оны жеген мал тез семіреді. Қара отқа жататын мияның қой малы үшін жұғымды екенін оның емдік қасиетін миялы жерде мал азбайды деп мияның мал семіртер шөп екенін айқындай түседі. Осыған орай миялы жер май болар деп те қолданған.

Жалпы от сөзі көк шөп, мал азығы болатын өсімдік деген мағынада түркі тілдеріне ортақ қолданылатын атау, ортақ сөз. Жердің оты деген түсінікпен кең мағынада қолданылғанын көне түркі жазу нұсқаларынан көруге болады.

Қазақ халқы көшіп-қонып жүре отырып, жаз жайлауда, қыс қыстауда, күз күзекте уақытты сағатпен, көлем мен салмақты таразымен, ұзындық пен кеңістікті метрмен дағдаланбағаны белгілі.

Уақыттың ең бірінші бағдары ауа-райы болды. Көктемгі күн мен түннің теңелуімен Наурыз келді. Осыдан барып шөптің көгі уақыттың критерийі болып табылды. Жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер кезі – қыстың соңғы күндерінен соң көктемгі алғашқы көкке іліну мен қайта түлеу өзгеріс әкелді.

Көктем мезгілі былайша сипатталған:

Ерімдік көктем – ергеу айы, наурыз

Дегдемдік көктем – көктеу айы, көкек

Өнімдік көктем – мезгеу айы, мамыр

Ерімдік көктем – сызына ызғыма,

Дегдемдік көктем – сызына шалдыма,

Өнімдік көктем – сызына құзына

Ерімдік көктемде таңертең-кешкі қатқақ ызғары бар. Сәскеден бастап қайта жіпсіп, түсте аяқ басарлық жер табылмай кешке жақын қайта қатқақтап суытатын болған.

Дегдемдік көктемде – қар еріп, жер кеуіп дегдуде, көктемгі қара боран үзілмейді. Ел оны ескен деп атаған.

Өнімдік көктемде – топырақ қызып, жан-жануар жадырайды.

Осындай деректерге қарағанда қазақ халқы ауа-райын қалт жібермей бақылап, әр мерзімге сай сипаттама бере білгенін көрсетеді.

Демек уақыт ұғымының маңыздылығы – сезімдік ақиқатты, болмысты ұғымдық тұрғыдан ойлауды біріктіреді.

Тағы бір деректерде қазақ халқы мезгілдің ауысуын көктің шығуынан байқайды. Сасырдың гүлдеу мезгілі елдің жайлауға көшуіне тұтас келеді және қойды гүлдегенге дейін сасыр өскен жермен айдап өтсе малдың түрлі қотыр аурулардын жазылуына мүмкіндік туғызатын көрінеді. Жалпы сасыр улы өсімдіктің қатарына жатады, ал гүлдеген соң улылығы жойылып мал жейтін

өсімдікке айналады. Сасырдың табиғи қасиетін қалт жібермей бақылап, саралай білген халқымыз қыстан аман шыққан малды көктемгі қырқымнан кейін қазіргі кездегі «купканың» рөлін атқарған сасыр өсімдігінің арасымен айдап өтіп, жайлауға сапар шеккен. Бұл үдеріс санада қалыптасып, *сасыр басы сарғая, ел көшеді жайлауға* деген тіркесі түрінде қолданыс тапқан.

Этнографиялық зерттеулерде жаз жайлау, қыс қыстау, күз күзеу сияқты ұғымдардың табиғат бесігі даланың мал аяғынан тозып кетуін сақтау екенін түсіну қиын емес екендігі айтылады [152]**.**

Мал шаруашылығы жыл мезгілдеріне орай, әрі қоршаған ортаның мүмкіндігіне ыңғайластырылған.

Ертеректе ел жайлауға көшерде андыз деген өсімдік өскен сай-батпақты жерге сиыр мүйіздерін, мал сүйектерін көміп кетіп, ел жайлаудан қайтқанда аршып алып, әбден жұмсарып, былқылдаған сүйекті әртүрлі зат шақша, тарақ, пышақ сабы т.б. жасауға пайдаланса керек. Сонымен қатар халық андыз өскен сай-батпақты буын, сүйек ауруларын емдеуге де пайдаланған және андыз қалың біткен жердің ми батпағына мүйіз көміп, одан түрлі заттар жасаған. Мысалы, киік мүйізін беріктеп кездік сапқа, түйенің табан мүйізінен апиын, алмас, ашудас тәрізді улы дәрілерді салатын құты сауыт, сиыр мүйізінен насыбай шақша немесе шаш тарақ, жылқы тұяғынан көз қарыққанда киетін көзілдірік жасаған.

Қазақ төрт түлік малын түгел шаруасына пайдаланған, азық еткен. Мәселен, кезінде аналарымыз көрсеткен тамаша өнер түрлері мәселен, бір ғана «қимайды аудару» қарапайым ғана сойылған сиырдың етінен жасалған, әрі керемет дәмді болған. Сақтап, сүрленген қалпында пайдаланған. Сиырдың еті, терісі де кәдеге жараған. Терісінен күнделікті тұрмысқа қажетті киімдер, қамшы, ер-тоқым сияқты бұйымдар жасаған. Малдың жасына байланысты терісінің де өз аты болған.

Төрт түлікпен тірлігі тығыз байланысты болғандықтан, қазақ халқы өз рухани өмірінде де төрт түліктің пайдасын үнемі айтып отырған. Бұл жайында жыраулар поэзиясындағы Бұқар жырау толғауларында да бар.

Қазақ халқының тұрмысында төрт түліктің тезегі де кәдеге асқан, қажеттеріне жараған. Сиырдың күн мен желге кеуіп қалған жапасын тезек деп атаған. Тек сиырдікін пайдаланған, ал өзге малдың тезегі жарамсыз болған. Алайда қой мен ешкіні қыста қораға қамағанда ғана қи шығады. Сол қиды ойып алып, отын ретінде пайдаланған.

Жаздыгүні сиырдың тезегін жинап, отын ретінде пайдаланған. Ауылдың қыз-келіншектері тезек терген. Бұл тірлік турасында қыздардың ұзатылар кездегі сыңсу өлеңдерінде де айтылады. Бұл әрекетті тіпті ақындар да өз жырларына қосқан.

Көшпелі қазақтың жылу мен жарығы малдың кепкен тезегі мен құраған ағашы болған. Құраған ағашты отын ретінде пайдаланған. Мұндай суреттемелер тұрмыстық өлеңдерде кездеседі. Ауыл балаларының осылай басталатын өлеңдері болатын. Бұл да халықтың мұрасы. Сонымен мал тезегі қазақтың, басқа да көшпелі халықтардың отыны еді. Және көмір мен мұнай

сияқты түбінде таусылатын емес, айналып келе беретін отын. Өзі жылу, тіпті жарық береді. Қалған күлі химиялық қоспасы жоқ табиғи тынайтқышқа айналады.

Тезектің тағы бір пайдасын ауыл балалары біледі. Сиырдың қыста қатқан жапасын олар қыста сырғанақта шана орнына пайдаланған. Ал сол тезек қоршаған ортаға ең залалсыз энергетика көзі ретінде XXI ғасырда қайтадан мамандар назарын аударып отыр.

Төрт түліктің бірі сиыр малының қазақ үшін қасиеті ерекше. Дегенмен қазақ тіршілігіндегі сиыр малын пайдалану мен өзге елдердегі сиырды күтім мен пайдаланудың ерекшеліктері де жоқ емес.

Бұл турасында журналист Қ. Олжай өзінің экологиялық очеркінде швед фермасындағы сиырлардың далада жайылып жүретін, қораға байланып, қамалып тұратын басқа мүйіздестерінен ерекшелігін айтады. Онда алпыс сиырды жалғыз робот сауатынын таңданыспен баяндайды [69, б. 25].

Қазақ халқы көктемде аң ауламаған табиғатқа аяушылық көзбен қараған. Мұның өзі экологиялық мәдениеттің өте ертеден-ақ қалыптасып, күнделікті тұрмыс-тіршілігінің өзегіне айналғандығын байқатады.

Ұлттық ұғымда «мысық сияқты мүләйімсу» деген тұрақты тіркес бар. Жағынан бөліп көрініп, аярланып өтірік айтатындарды солай атаған.

Мысық бұрыннан бері қолға үйретілген жануар. Мысық тұқымдастарының бәрі азулы және тырнақты болып келеді. Оларды «ірі мысықтар», «кіші мысықтар» деп дене пішіндеріне қарай екіге бөліп қарайды. Арыстан, жолбарыс, қабылан, барыс ірілеріне жатады және олар шеттерінен жыртқыш. Ежелгі қазақ ұғымына аттары сіңісіп кеткен. Батырлар жырынан бастап, ақын-жыраулардың өлеңдерінде түрлі теңеулер мен тұрақты тіркестер көптеп кездеседі. Мұндай көркем суреттемелер Бұқар жырау, Ақтамберді толғауларында да кездесіп отырады.

Алайда арыстанның қазақ даласын мекендегені туралы мәліметтер кездеспейді. Қазақтардың көріп жүрген аңы болса керек, халық санасында аты сақталып келген. Олай болмаса, арыстанның сипатын білмесе «арыстан айға шауып мерт болыпты» деп бекер айтпаса керек.

Жолбарыстың қазақ халқының тіршілігіндегі көрінісін М. Мағауин «Шахан Шері» романында жан-жақты суреттейді. Мұндай суреттемелер С. Мұқановтың «Қазақ қауымы» атты еңбегінде де кездеседі. Белгілі қаламгер жазушы Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» кітабында Рысқұлдың барыспен бетпе-бет келетін сәтін кездестіреміз.

Мысықтардың қандай тұқымдас тобы болсын шеттерінен жыртқыш келеді. Олар тырнағы мен тісінің арқасында күн көреді, басты амалдары – жылдамдық. Мәліметтерге қарағанда жер бетіндегі рекордты мысық тұқымдастар иеленеді екен. Мәселен, қабыланның тіркелген жылдамдығы сағатына 128 шақырымды құраған, олар мұндай жылдамдықпен кемінде жарты шақырым жүгіре алады деседі.

Тілдік қорымызда «мысық табан» деген тұрақты тіркес бар. Оның мағынасы – белгілі бір межелі жерге басқаға байқатпай жететіндерді солай сипаттайды.

Үй жануарларының арасындағы кәдімгі үй мысығының пайда болғанына көптеген жылдар өтіпті деседі. Олар адамға алғаш ежелгі Мысырда үйір болған, қолға үйретілген. Тіпті көне мысырлықтар мысыққа табынған деседі.

Кез-келген тұтқиылдан келетін қауіп-қатерлерді мысықтар алдын-ала сезетінін көпшілік біледі. Әсіресе соғыс кезінде әуе шабуылынан қорғау дыбылы берілмей жатып үйдегі мысықтың жүні үрпиіп, орынсыз мияуласа, кешікпей жау ұшағы шабуылдайды.

1996 жылы 30 наурызда Нью-Йорктегі иесіз қалған гараждан өрт шығады. Өрт сөндірушілермен бірге жанталасып бір мысық жанып жатқан мекенге кіре берген. Әр жолы жаңа туған бір марғауын тістеп алып шыққан. Алдымен мұртын, содан соң құйрығын жалын шалған. Біртіндеп құлақтары құрысып қалған. Сосын көзі күйген. Шоқ басқан табандары тағы бар. Бәріне қарамастан мысық бес рет отқа түсіп, өзінің барлық баласын қауіпсіз жерге көшіріп шығарады. Сосын барлығын иіскеп түгендеп шыққан. Тілімен үстерін жалап, тыныштандырған. Бұл мысықтың аты – Скарлетт. Осы оқиғаның желісімен фильм түсірілген. 1996 жылы жанкешті ерлігі үшін жануарға арналған Скарлетт сыйлығы тағайындалыпты.

Әдетте мысықтың түрлі қабілеті мен қасиеттерін тексеру тоқтаған емес. Негізінен алғанда мысықтың тарихи отаны Мысыр болып табылады.

Американдық зерттеуші ғалымдар заманауи техника құралдарымен мысықтың ақылының қаншалықты екенін анықтаған. Анықтау нәтижесі бойынша мысықтың ақылы әдеттегі бір жарым жасар баланың ақылымен шамалас болып шыққан деген пікірлер кездеседі. Оларды егер баулып, үйрете берсе, одан да жоғарлатуға болады. Тіпті мысық атаулы өзінің дәретінің бетін де жасырып қояды. Мысықтың осындай әрекеттерінен соң қазақта «мысық көмбе» деген тіркес пайда болған. Мұндайда өз әрекетін басқаларға көрсетпей, жасырып істейтіндерді солай сипаттайды.

Қилы-қилы замандарда мысық адамдарды сан түрлі қатерлерден сақтаған. Көптеген елдерде мәселен, Қытайда да сұрапыл Сычуан жер сілкінуі болады. Сол кезде Фулин деген қала тұрғындарын үрейлі дауыспен мияулап мысық оятқан деседі. Соның салдарынан бірталай отбасы далаға шығып үлгеріп аман қалған.

Мысықтың алдын-ала сезушілік қабілетінің керемет екендігін байқауға болады.

Түрлі зілзала мен төтенше апаттардың болатынын мысық алдын-ала қалай сезеді? Бұл сұрақ ғалымдарды ойландырған. Зерттеу нәтижелері бойынша мысықтың геомагниттік сезімталдығында деген тұжырым жасайды.

Қазақ тұрмысында ен далада жортып жүрген аңдардың бірі – суырдың да пайдасы мол болған. Тек суырдың өзі ғана емес, суырдың тіршілік үйі–іні туралы да көптеген қызықты деректер кездеседі. Суырлар да індерін өздеріне ыңғайлы етіп қазады дейді. Борпылдаққа қазса, топырақ үстіне сусиды, қатты

жерден қазса, ит-құсқа жем болады. Бір өзі емес, тобырымен. Суырлар ұйқыға кетер алдында төсенішке шөп жинайды екен.

Көркем әдебиеттерде де суыр тіршілігін бейнелеу кездесіп отырады. Белгілі жазушы Ш. Айтматов «Жан пида» романында суырды суреттейді. Ал осы кітаптың қазақ тілді аудармасында Шерхан Мұртаза суыр дейтін мақұлық қыс бойы ұйқыға кетер болған соң, басқа хайуанаттың жыл бойы істейтін тірлігін жаздың жүзінде тындырып алуға тырбанып, кең далада құжынап жүретіндігін, шыбын жанды шүберекке түйіп, ініне тамақ таситындығын жазады.

Суыр тіршілігінде інінің өзінде екі аузы болады екен. Суырдың терісі де киім ретінде пайдаланылады. Суырдың терісінен көбінесе бас киім тігеді. Сапасы әжептәуір жақсысын төрт-бес қыс киеді.

Ғұлама ойшыл Шәкәрім Құдайбердіұлының бояулы суыр өлеңіде жанды суреттемелермен назар аудартады.

Тіптен Ресейдің Краснокаменск қаласында суырға монумент те қойылған деседі.

Америка Құрама Штаттары суырдың тарихи отаны болған деседі, мұнда тіптен суыр күні өткізіледі екен. Мысалы, Пенсильвания штатының Панксатони деген қаласында Фил деп аталатын суырдың інінен шығу сәтін бақылауға мың-мыңдаған туристер жиналған деседі. Жорамалдарға қарағанда егер Фил інінен шыққанда өзінің көлеңкесіне қарамаса, онда көктем ерте басталады, ал көлеңкесіне қарап қойса, қыс ұзақ болады деген.

Қазақ тұрмысында керісінше аңның інге жатар уақытын бақылайтын болған. Олар туралы болжамдар бар.

Ал Американдықтар суырдың іннен шығар сәтін ақша түсетін шоу ретінде де пайдаланғаны турасында айтылады. Оны тамашалайтындар суырдың суреті бар заттарды жапай сатып алады екен. Тіптен әлемнің суырды зерттеушілері конгресс те өткізіп отырады екен. Зерттеушілердің айтуынша, халықаралық кеңестер Украина, Франция, Швейцария, Монғолия, Ресей сынды бірнеше шетелдерде болған деседі.

Мәшһүр Жүсіптің көзі тірісінде салдырып қойған күмбезінің іргесінде ақ суырдың іні болады. Бірде аңшылардың құрған тұзақтарына ақ суыр түсіп, өліп қалыпты. Бұған ренжіген Мәшһүр Жүсіп әлгі елдің сөз түсінер ақсақалына хат жазып жіберіпті. Содан көп ұзамай бір ата ел «суыр жеген Қозған» атанған деседі. Ақ суырды аулаған адам ұрпақсыз өтеді немесе ұзақ өмір сүрмейді деген де пайымдаулар болған.

Белгілі журналист, этнограф, аңшы Тарбағатай өңірінің тумасы Мейрам Оралұлы «Ана тілі» газетінде мынадай естелігінде суыр аулау кезіндегі бастан кешкен оқиғасын, суырдың да киесі бар екенін, оның зардабы суырды аулаған адамдарға тиетіні туралы кеңінен баяндайды.

«Мұхтар Мағауиннің қаламынан туған «Шыңғыс хан» тарихи-танымдық романында «Кеш бата белін майыстыра тарбаған артқан тарғыл шолақ атын жетелеп Белгүтай да келеді» деген сөйлем бар. Бұл сөйлем тарихи еңбектің екінші кітабында болса, бірінші кітабынан мынадай бір тұтас абзацты оқыдық:

«Онда суыр деген аң бар. Өте көп. Бір шұңқырға (ұялы інге) жиырма-отызы қабатынан жиналып, қыстың алты айында ұйықтап жатады. Осы суырды татарлар тобымен ұстайды деген Рубрук. Түпнұсқа мәтінде «суыр» (согур) деп жазылған, түрікше атау моңғолдар «тарбаған» дейді және өзгеше бір асы. Мұсылман дінінен сырт қалған тыба мен алтай түріктері де әлі күнге жейді» [69, б. 125].

Көшпелі халық та суыр тірлігін зерттеген. Қазақтың ауыз әдебиетіндегі соңғы көрнекті өкілдерінің бірі Нарманбет ақын шығармашылығында да бейнеленеді. Аңдардың ішінде суыр туралы мәліметтер де көп кездеседі. Әсіресе олардың дене бітімдеріндегі өзгешеліктер ерекше. Олардың алдыңғы екі аяғы қолға ұқсайды, алайда сол қалпына қарамастан тік тұрып тұрып сонымен дәнді үгітіп, аузына салып отырады. Тіпті кейде суырлар қашар жері қалмаған кезде бетін басып кәдімгідей жылайтынын да аңшылар бақылап көрген.

Аңшылық кәсіпте суыр ату жеңіл-желпі әрекетке жатпайды деп есептейді. Ел арасында оны не көрінбеген атады, не ерінбеген атады деп айтады. Суыр – өте сақ, ұйымшыл аң. Тіптен жайылып жүргенде біреу міндетті түрде қарауылға тұрады екен. Ол қарауылшы суыр аспаннан бастап айналаны түгел шолады. Егер қандай да бір болмасын қауіп барын байқаса, дереу дабыл қағады. Сол мезетте барлық суырлар дереу інге тығылуға кіріседі. Және бұлардың әрқайсысы дабыл белгісін қайталайды екен. Сөйтіп тұтас тобыр суыр лезде тығылып үлгереді.

Суырлардың аяқтары қысқа, әрі семіз болып келетіндіктен алысқа жүгіре алмайды, сондықтан көбінесе іннің айналасына жайылады екен. Бірақ көздері өте қырағы болып келеді. Мәселен, қарауыл суыр іннен шыға сала айналадығы оба, тас, тобылғы, қараған, қазық т.б. сияқты тұрғанның бәрін белгілеп алады. Айнала түгендеп тұрады. Егер әлдебір өзгеріс байқаса дабыл қағады. Көзі өткір, құлағы сақ. Осындай қасиеттерін көшпелі халық жақын түседі.

Баяғыдан монғолдар тарбағанның етін жеген деседі. Оны пісірудің де бірнеше әдісі болған. Алайда бұл аңның етін қазақтар көп жемеген, ертеректе мүлде ауламаған да дейді. Халифа Алтайдың «Тарих» атты өлеңінде де қазақ аңшылық, саятшылық өнерінің өзіндік ерекшелігін бейнелейді.

Алайда бұл аңның етін қазақтар көп жемеген, ертеректе мүлде ауламаған да дейді. Көбінесе жайлаудағы балалар суырды ермек еткен. Ал мал шаруашылығында да біршама пайдасы болған деседі. Ит-құс көктем мезгілінде осы суырларды азық етіп, қолдағы малға шабуылды тоқтатқан деседі. Сол кезде қазақтардың күзет пен күзеуден қолы босайды. Есесіне суырға мүлдем тиіспейді.

Суырдың еті таза болатынын ғалымдар атап өтеді, себебі жарты жылдық ұйқыға жатар алдында ағзадағы бактерияларды тазалап тастайды. Сондай-ақ ешқашан өлексе, жәндік, қоңыз жемейді, суатқа бармайды, бойында еш микроб болмайды.

Тарбаған туралы монғол аңыздарының бірінде маңайдағы барлық аң жиналып кімнің таза екендігі жөнінде таласа келе, тарбаған өзінің ең таза аң

екенін айтқанын, өйткені, аяқ астындағы суды емес, шөптегі тұнықты ғана ішетінін, мал баспаған шөпті жейтінін, ал шөп қураганда ұйқыға кететінін айтып жеңіпті деседі.

Сонымен қатар суырдың еті аминді қышқылдарға да толы толы. Бұл жағынан балықпен теңеседі. Тіпті майымен монғолдар түрлі ауруларды да емдеген. Үсіген жерлерді де майлаған. Тіпті суықта үсіп қалмау үшін алдын ала бет-қолға жағады. Сондай-ақ жөтелгенде, суық тигенде ішеді. Суырдың майы жылқының майы сияқты қысқы аязда тоңазымай, сұйық түрде сақталады екен. Қысқы аязға тоңбау үшін жазда аңшылар тарбағанның майын жақсылап жейді деседі.

Кездесетін деректердің тағы бірінде қарт аңшының ақылымен жас аңшының өкпедегі құрт ауруын қалай емдегені туралы айтады.

Болған оқиға ізімен 1945 жылы жазда Үш аймақ көтерілісі болып, сол кезде бір жігіт жараланады. Емші не істеу керек екенін жіті баяндап, іннің аузына барып, суыр әкелген үш-төрт тал шөпті аласың дейді. Емшінің айтқанын орындап, шөпті жеткізеді. Емші жаралының жарасына таңып, бірер күнде емдеп жазыпты деседі.

Құс етін де көшпенділер талғаммен пайдаланған. Құстардың жемсауындағы өсімдіктердің жапырақтарын пайдалы деп есептеген. Оны емдік қасиеті ретінде асқазан ауруларына қолданған [153, б. 50].

Ғалымдар зерттеуі бойынша АҚШ-та қырғи деп аталатын нағыз қырғиларға кезігеді. Мұндай кептерлердің адасуын әуе толқындарындағы мүмкіндіктермен байланыстырады. Теңіздегі ұсақ шаяндар туралы да мәліметтер көп. Көне заманнан бүгінге дейінгі өлең мен жырда бұл жәндік өріп жүрмесе де анда-санда кездесетін.

Ал ақын Абай:

Құйрығы – шаян, басы – адам,

Байқамай сенбе құрбыға.

Жылмыңы сыртта, іші арам.

Кез келер қайда сорлыға - деп тамаша суреттеме жасайды.

Жалпы мал баққан қазақ үшін судағы шаяннан құрғақтағысы қауіпті болады деген.

Мағжан Жұмабаевтың жарына арнаған өлеңінде де «Ысқырған жылан, шаян оң мен солда» деп беріледі. Қазақ халқы ең алдымен әр адам «табиғаттың аса зор қамқоршысы» болу керектігін ұрпағына айта отырып, жақсы мен жаманды ажыратуға, дұрыс пен бұрыс әрекеттерді білуге бағыттап отырады.

Халық Асанқайғының айтқан сөздерін қанша уақыт өтсе де өз жадында сақтады. Асанқайғы туралы қазақ фольклорындағы сақталып қалған аңыздар – халық даналығынан туған, шынайы философиялық толғаулар ретінде бағаланады. Асанқайғы өз кезеңінде жұт-апатты, өзара қырқысқан жаугершілік, әлеуметтік теңсіздікті көріп қабырғасы қайысты. Өз кезіндегі қоғамдық өмірге наразы болды. Ол халықтың қамын ойлап, халықты ауыр азаптан құтқарып, мәңгілік бақытқа кенелту жолы – «Жерұйыққа жету».

Демек, озық тәжірибе мен ізгі қасиеттерді бүгінгі ұрпақтың бойына дарыта отырып, олардың қоршаған ортаға қарым-қатынасын, дүниетанымын қалыптастыру уақыт талабы.

Ұлт дүниетанымында ұрпақ бойына адамдық ізгі қасиеттерді сіңірте отырып, экологиялық мәдениет қалыптастыру ата-ананың парызы.

Қоғамның әрбір мүшесінің табиғатпен қарым-қатынасын реттейтін экологиялық әдебі болу керек. Экологиялық әдебі қалыптасқан адам – мәдениетті адам.

Адамдардың киім кию әдебі де өз денесін, тәнін ыстық-суықтан қорғау мақсатынан туған. Алғашқы киім-кешектің жасалуы адам қоғамының табиғатпен тығыз байланысын танытады. Адамдардың ағаштың жапырағы мен қабығы, шөп-шалаң, құстар мен аң терілерінен жасалған алғашқы киім үлгілері табиғи материалдардан болған. Адамдар табиғаттың мол қорын пайдаланған. Сөйтіп адамдардың кіиінуінің әдет-салты даму сатыларынан өткен.

Бәрімізге белгілі адамдардың жапырақ жамылған кезеңі аңшылық дәуіріне тән. Адамдар аңның етін азық етсе, терісін жамылғыш ретінде пайдаланған. Мұны аң аулау үшін пайдалы деп білген. Кейде аңды үркітпеу үшін тері жамылуды қажет деп білген. Аңшылық салтынан бұл әдет табиғи түрде киіну салтының қалыптасуына негіз болған. Аң терісін жамылып, тәнін қалқалау әдеті тотемизм сенімімен де байланысты болды.

Қазақ емшілігі берік ережелер қалыптастырып сақтай білген. Оның негізі – от, ауа, су, топырақ саналған. Ыстық пен суықты тұтқа ретінде ұстанып, ішіп-жейтін тағамдары арқылы емдеу кең қолданылған. Мәселен, ыстық пен суық өлшемі ажыратылған соң науқасқа құнарлы тамақ жасап берген.

Көшпенді тұрмыс, мал шаруашылығы халықты табиғаттың сан-салалы құбылыстарына зер салуына мәжбүр еткен. Көне замандардан бері-ақ халық өзінің айналасындағы күнделікті оқиғаларды көріп біліп, табиғи құбылыстарды оның жалпы заңдылықтарын аңғаруды үйренген. Сол заңдылықтарды тәжірибе нәтижелерін өз мүдделеріне пайдалануға тырысқан. Өсімдіктің қасиетін екшей келе даралап белгілі бір мезгілде белгілі бір ауруды дауалауға кейбір өсімдіктің күші жететіндігін жылдар бойғы тәжірибенің нәтижесінде анықтаған. Мысалы, арпа талқанын сүтпен араластырып ауырған жерге басса, мұрынынан қан аққан адамға бедені пайдалану керектігін халық емшілері ерте кезден-ақ аңғарған.

Осындай емдік қасиеті бар өсімдік атаулары арқылы қалыптасқан «жалбызды жерде жан қалады», «ерменді жерде ер өлмес», «күшаласын жеді» тіркестері босқа айтылмаса керек.

Адамға қажетті азық үш түрлі қайнардан келеді. Бірінші, малдың еті мен майынан, сүті мен өкпе бауырынан. Екінші, өсімдіктердің түр-түрінен. Бұған бидай, күріш, тары, бұршақ, жүзім, жаңғақ, жеміс және көкөністер жатады. Үшіншісі, кеннен шығатын рудалардан алады. Бұған тұз, ізбес, фосфор т.б. минералдар жатады. Адам тіршілігінің ғасырлық сипаты, қазақтың өзіндік тұрмысындағы салтқа айналған ой-толғауының сарыны. Қазақ ұғымында ойсыз өмір жоқ. Ой мұратқа бастайды. Осы ретте адамның табиғат жайында

қарапайым қарпайым ой-сезімі, түйсігі әдетте философиялық көзқараспен астасады.

Басқа түркі халықтары сияқты қазақ халқының да ежелгі ұғымында дүниедегі барлық жаратылыс Оттан, Ауадан, Судан, Топырақтан жаралған. Әрі бүкіл тіршілік иелерінің өмір сүруі жарық пен қараңғылыққа байланысты делінген. Ежелгі ұғым бойынша жарық – ыстықтың, күн сәулесінің, өмірдің, жақсылықтың, бақыттың нышаны. Ал қараңғылық, керісінше, – суықтың, түннің, өлімнің нышаны.

Сондай-ақ ежелгі ұғым бойынша, Жер – адам баласының, мал мен аңды, ағаш пен бұтаны, көк майсаны баптап өсіретін Анасы. Аспан – жарық сәуленің, қалың бұлт пен жауын-шашынның мекені. Сондықтан да болар қазақ халқы Көктегі Тәңірге, өзін асырап отырған Жер анаға сыйынған. Аспанды адам өміріне пана болған Көк күмбез деп бағалаған.

Қазақ ұғымында Жерді қастерлеу де де ерекше болған. Топырақты қастерлеу санаға сіңген қасиет болған. Мәселен, өлім жөнелтуде мәйітті жер қойнына тапсыру да топырақты қасиетті деп білген ұғыммен астас. Сондықтан қазақ халқының барша тіршілік болмысы табиғатпен тамырлас.

Жас ұрпаққа экологиялық тәрбие беруде халықтық мұралардың, халықтық өмір дағдыларының, халықтық танымның ықпалы зор екендігін байқауға болады. Қазақ халқының дүниетанымында табиғат құбылыстарына, қоршаған ортаға деген сенім, адалдық ерекше болған. Бәрімізге мәлім, алғашқы діни нанымдағы адамдар табиғат күштеріне тәуелді болған.

Ғасырлар бойы қоршаған орта мен табиғат құбылыстарының терең құпия сырларын білу арқылы қазақ халқы өздерінің тәжірибесін шыңдап отырған.

Әрбір халық өз болмысын рухани болмысы арқылы зерделейді. Ұрпақтан ұрпаққа рухани құндылықтарды жеткізу ұлттық құндылықтардың тұрақты жүйесін жасайды.

Өмір сүру үшін жасалған әрекеттердің арқасында шаруашылық істерінің етек алуы, өнімдерінің жаңалануы, өнімнің жаңа түрлерінің пайда болуы сол өнімді қолданушылардың көзқарасына, сана-сезіміне айрықша өзгерістерді де енгізді. Қоғамдағы өндірістік құбылыстардың адам санасына әсер етуі әр басқа.

Қазіргі қалыптасқан мәдени жағдайда ұлттық негізді сақтай отырып, және оны қазіргі нарық жағдайына бейімдей отырып, болашаққа бағдар жасай аламыз. Қазақтың барша тіршілігі табиғатпен байланысты болған. Жыл мезгілдеріне орай қазақ есепшілерінің ерте заманнан-ақ ауа райын болжаудың қазақи дәстүрлі болжамдары болды.

Осындай әр құбылысқа байланысты қалыптасқан ұстанымдарымызды келер ұрпаққа сіңірту жауапты мәселелердің біріне айналып отыр. Экологиялық педагогиканың ауқымы кең. Оған экологиялық этика, экологиялық психология, экологиялық құқықтық санамен қоса, экологиялық білім мен экологиялық тәрбиенің жан-жақты қамтыла отырып, синкретті түрде өзара бірлікте толыққанды жүргізілгені жөн.

Үшінші тарау бойынша тұжырымдар:

– Жеке адамның экологиялық мәдениетінің қалыптасуына табиғатқа деген ұлттық негізде қалыптасқан игі қасиеттер ықпал етеді, ол этноэкологиялық мәдениет қалыптастырудың бастапқысы болып қала береді.

– Табиғат кеңістігі адамдарды түрлі қасиеттерді бойларына дарытуға ықпал етеді. Табиғат-Ана деген тіркес бекер айтылмаса керек. Табиғат-Ана құшағы қашанда кең, әрі жайлы болған. Кең сахарада, табиғатпен сырласып, үндесіп өмір кешкен қазақ халқының болмысының өзі дара. Ол даралық кең даладан, саф таза ауадан тараған. Осындай дара, дүниеге деген танымы бөлек қазақ халқының табиғатқа деген көзқарасы айрықша екенін мақтанышпен айтуға болады.

– Көшпенді қазақ халқы табиғаттың сырын ұғу мен қастерлеуді ұрпағының санасында үнемі жаңғыртып отырды. Басқаша айтсақ, экологиялық тәрбиені күнделікті тіршіліктегі обал мен сауап, ырым мен тыйым сөздерді қолданумен насихаттап, табиғат тылсымдарына қарап сұлулыққа, ізгілікке, қарапайымдыққа, мейірімділікке, үнемділікке үйретті.

– Қазақ халқы табиғат кереметтеріне үлкен сенімділікпен илана қарады. Табиғат пен адамдай егіз құбылысты ұрпағына тек күнделікті өмірде ғана емес, рухани азық ретінде қолдана білді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен 2019 жылдың 17-маусымында Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің қайта құрылғаны мәлім. ҚР-ның Экология, геология және табиғи ресурстар министрі болып М. Мырзағалиев тағайындалды.

Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің ұлықтау салтанатында еліміздегі экология мәселесіне арнайы тоқталып, жаңа экологиялық саясат, жаңа экологиялық кодекс қажет деген болатын. Өйткені, Табиғат-Ана баршамызға ортақ!

Жаңа министр 2019 жылдың 10 шілдесінде ҚР-ның Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қабылдауында болып, экологиялық бағыттағы жоспарланып отырған шаралар жөнінде есеп берді.

Диссертациялық зерттеудің басты мақсаты да осы экологиялық мәдениет қалыптастыру мәселесін жолға қоюдағы атқарылған және жоспарланған жұмыстарды бағамдау болды.

Елдегі қоршаған орта табиғатын қорғау бағытында жоспарланып, атқарылған іс-шараларға ғылыми талдау жүргізу негізінде экомәдениет қалыптастыру мәселелерін жүйелеу жұмыстың басты мақсаты болды. Осы мақсат үрдісінен шығу барысында Қазақстан Республикасы мен алыс, жақын шетелдердегі экология тақырыбындағы зерттеулердің қорытындылары сарапталып, олардағы ортақ траекториялар мен нәтижелі жұмыс үлгілеріне баса көңіл бөлінді. Болашақта өзара бірлесіп жүзеге асырылуға тиісті шаралардың әлеуеті жайында айтылды.

Қазіргі ақпараттық қоғамда дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарымен бірге жаңа медианың халық арасында экологиялық мәдениет қалыптастырудағы маңызы зор. Әлеуметтік, экономикалық, экологиялық өзекті мәселелер бүгінгі журналистикадағы басты өзекті тақырыптар екені анық. Осы айтылған пікірді нақтылау үшін отандық және өзге де шетелдік телевизия бағдарламаларының көрілім көрсеткішіне, баспасөздегі экология мәселелерінің жазылуына, радиобағдарламалардағы экожаңалықтардың сипатына бағам жасай отырып, сандық, контент талдаулар жасалды.

Ал интернеттің қарқынды дамуы ақпаратты дербес пайдалануға, мәтінге жеке бақылау жасауға мүмкіндік берді. Сол себептен көпшілік қауым масс-медианы түйткілді мәселелерді халыққа жедел жеткізер сенімді ақпарат көзі деп есептейді.

Тек экология тақырыбына арналған кітаптар санының аздық етуі назар аударды қажет мәселе болып отырғаны байқалады.

Белгілі ғалым В.И. Вернадский ноосфераның қалыптасуының шарттарын анықтай отырып, мемлекеттер арасындағы ақпаратты, байланысты күшейту қажет екендігіне аса мән беру керектігін баса айтады [154].

Табиғи ортаның экожүйесіне өндірістік инновациялардың экологиялық тұрғыдағы әсері қазіргі журналистикадағы экологиялық ақпараттардың өзекті тақырыптарының қатарынан орын алады. Осы мәселені ақпарат алушыларға жылдам да сапалы жеткізуде ақпараттың сандық технологиясының мүмкіндігі

зор. Сол себепті де қазіргі БАҚ-тарда бұл бағыттағы жаңа жобалар жасалып, қолданысқа енгізілуде.

Соның бірі журналистика мамандығы бойынша экологиялық журналистика саласында «Медиа және ғаламдық экология мәселелері» атты жаңа пәнге арналған оқу бағдарламасының жаңа жобасын атауға болады. Өйткені журналистиканың экологиялық журналистика саласы өзінің жұмыс бағытына сай тақырыптық, мазмұндық тұрғыдағы адамзатқа ортақ күрделі экожүйе мәселелерін көтеруімен маңызды.

Экологиялық білім беруде экологиялық журналистиканы жетілдіру Қазақстанда ғана емес, өзге шетелдердің де күн тәртібінде көрініс тауып отыратындығы байқалады.

Зерттеуде журналистика мамандығының студенттеріне экология тақырыбында жарияланған мақалаларға талдау жасап, сол негізде өз пікірлерін жазуға тапсырмалар беріліп, олардың нәтижелері жұмыстың тәжірибелік сипаты ретінде ұсынылды.

Экомәдениетті қалыптастырып, қоршаған ортаға деген салауатты көзқарас қалыптастыруда экологиялық білімді осы бағыттағы жақсы тәжірибелермен ұштастыра жүргізу маңызды. Әсіресе жастардың экологиялық мәдениеттілік деңгейін қалыптастырудың мәні зор. Жастардың көзқарастары да жаңаша, заманауи болып келетіндіктен, зерттеу барысында студент жастарға арнайы сауалнамалар жүргізіліп, жастардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру бағытындағы көзқарастары бағамдалды.

Толық мәдениетті жеке тұлға ғана айқын географиялық және экологиялық сана-сезімге, сонымен қатар туған өлке, кіші Отаны отбасына, туған жер, туған ошаққа деген махаббатқа ие болуы тиіс. Мұндай сана-сезімді қалыптастыратын ілімнің бірі – «экологиялық білім» деп атап көрсеткен тамаша пікірлер де бар. Демек, табиғатқа деген сүйіспеншілік әрбір адамның отбасынан басталады.

Кез-келген елде балаға экологиялық тәрбие беру отбасынан, өз ауласынан басталады деген қағиданы негізге алсақ, экологиялық тәрбие баланы сұлулыққа, ізгілікке, адамгершілікке, қамқорлыққа, мейірімділікке, үнемділікке тәрбиелейді, бағыттайды.

Жалпы алғанда қазақ елінің халықаралық деңгейде экологиялық ынтымақтастықты нығайтуға қабілетті екені, рухани-экологиялық тәрбие беруде ерекше орын алатыны айқын көрінеді. Сонымен қатар әлем тарихында Қазақстан бірінші болып ядролық қарудан бас тартқанын атап көрсете отырып, Семей полигонының зерттелу жайы мен тың мәліметтер қорымен танысу да зерттеу барысындағы негізгі міндеттердің бірі болды.

Экология мәселесі – адамзатқа ортақ тақырып. Жер шарының тұтас экожүйесі өзара байланысты. Сондықтан Қазақстан Республикасы мен әлемдік БАҚ-тардағы экологиялық қатерлердің алдын алу мен олардың зардаптарын жою шараларына арналған материалдар жұмыс барысында өзара тақырыптық тұрғыда салыстырыла отырып, жүйелі қарастырылды. Өзара ынтымақтастықты нығайту жолындағы атқарылып жатқан, жоспарланған шаралар қатарына бағам

жасалып, бірлескен ұйымдар мен жобалар, пресс-конференциялар, акциялар т.б. сынды ортақ мүддені қамтитын жұмыстардағы өзара үндестік пен ортақтық байқалады. Мысалы, Мәскеуде арнайы Арал теңізі мен Үстіртке арналған фотокөрме ұйымдастырылған. Мұндай фотокөрмелер Республикасының Қоршаған орта министрлігі мен Қазгидромет республикалық мемлекеттік кәсіпорны болжау орталығының ұйымдастырумен де өткізіліп отырады. Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауы мен «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы болашақ Қазақстан экологиясының гүлденуі мен өркендеуі бағытына ықпал етеді.

Үлкен қалалардағы тұрмыстық-экологиялық факторлардың шешілуіне әсері бар «Ақылды қала» жобаларының жүзеге асырылуы да экология саласындағы оң бастамалар қатарынан табылды. Оңтайландыру ісіне тағы қандай жаңаша әдістер енгізу қажет деген мәселені де ортаға салып, әрбір қаланы таза ұстау бағытында әдістер енгізіп, оған эксперимент жасап көру қажеттегі жайында жас экобелсенділер де өз пікірлерін білдіруде.

Көшпенді өмір кешкен қазақ халқы табиғаттың құпияларын еркін меңгеріп, табиғаттың тылсым күштеріне үлкен сеніммен қараған. Табиғат-Ана деп жоғары бағалай білген халық табиғаттың кереметтерін адаммен үндестіріп, рухани азық ете білген.

Қазақ тіршілігінің көрінісі шаруашылығы мен мәдениетінде кеңістік пен уақыт ерекше. Себебі ол өмір сүрудің негізгі кепілі деп қарастырылды. Көшпелі қазақтар жыл мезгілдерін өз тұрмыстарына қарай бейімдеп, соған орай бағыттаған. Табиғат құбылыстарының сырын тануы олардың табиғат аясындағы көшпелі өмір салтына байланысты болды. Аспан әлемін де жіті бақылап ай мен жұлдыздарға ат қоя білген, соның негізінде өзіндік ұлттық күнтізбесін жасаған. Ауа райын болжау қасиеттері болды.

Табиғат құбылыстарын жетік меңгергендіктен халықтық экологиялық қағидаларын берік орната білді. Оны адам мен табиғат сәйкестігі керемет поэзия үлгілерінен, бүгінге дейін жеткен мол мұралар батырлар жыры, бата беру, тасаттық, бәдік сияқты т.б. халық шығармашылығының қайнар көздерінен де көре аламыз.

Қазақ халқы баласын табиғат аясында өсіріп, сұлулық, қамқорлық, ізеттілік сынды адамдық қасиеттерді бойына сіңірте білген. Тіптен табиғат құбылыстарын тамаша жұмбақтап беру арқылы баланың ой-өрісін дамытуға да ықпал еткен. Баласына ырым мен тыйымды үйретіп, жаманнан жирендірген. Обал мен сауапты ұғындырған. Табиғат құпияларын меңгерте отырып, табиғатқа аяушылықпен қарап, үнемшілдікті қағида еткен. Осындай ұлттық қасиеттер, ұлттық болмыс ерекшеліктері жұмыста жан-жақты нақты мысалдармен көрсетілді.

Адамның ең басты қасиеті – оның саналылығы, жауапкершілігі, бостандығы қадір-қасиеті, даралығы. Саналы адам сауатты адам. Сауатты адам тәрбиелі адам. Сауатты адам – қоршаған ортасына деген көзқарасын сауатты деңгейде қалыптастырады.

Бүгінгі заман талабына сай адамдардың қоршаған ортаға деген қарым-қатынасын тың басталарға бағыттап, оған бейімдеу біршама уақытты қажет етеді. Уақыт бірлігімен қатар қоғамның өзге де негізгі шарттары ескеріліп отыру заман сұранысы.

Табиғат қоры шексіз емес. Оның табиғи байлығын пайдалану қоршаған орта ресурсының қалпына келуі мен өсуіне қамқорлық жасаумен ұштасып жатыр. Бұл тарапта әрбір жеке тұлғаның іс-әрекеті табиғат алдындағы жауаптылықпен қатар, экологиялық сауаттылықты талап етеді. Сондықтан экологиялық мәдениеттілік түсінігі барлық ғылым саласында маңызды болғандықтан түрлі бағыттарда зерттеулер жүргізілуде.

«.....кейінгі зерттеулер нәтижесі бойынша экологиялық тиімділік рейтингісіне Қазақстан да кіреді. Бұл зерттеу әрбір елдің 10 категория бойынша 22 көрсеткішін сараптай отырып жасалады. Бұл көрсеткіштер экологиялық жағдай, экология саласындағы мемлекеттік саясаттың тиімділігі, халықтың денсаулығы сияқты бірқатар мәселелерді басты назарға алады. Зерттеу бойынша бірінші орында – Финляндия. Алдыңғы ондықта Исландия, Швеция, Дания, Испания, Франция сияқты елдер бар. Қазақстанға алдыңғы уақытта аталған рейтингте алдыңғы орында көрінуге мүмкіндік бар» деп көрсетілген [156].

Қазақстан әлемнің көптеген елдерімен байланыс орната орырып, олармен өзара тәжірибе алмасып отырса да, өзінің халықтық мәдениетінің ерекшелігін сақтауды ешқашан назардан тыс қалдырмай келеді, қалдырмайды да. Экологиялық мәселелерде де осындай өзіндік ұстанымы, қағидасы болуы заңды.

Сондықтан қоршаған ортаның экологиясын жақсарту үшін әлеуметтік экология, рухани экология деңгейін көтеріп, мән берілуі қажет.

Бүгінде экологиялық мәселелердің орын алуын адамның мінез-құлқының қалыптасуына бағыттай отырып, табиғатпен қарым-қатынас жасаудың тиімді, заманауи жолдарын табу қажет екендігін түсіне бастады.

Қоршаған ортаны қорғау – ең алдымен адамды қорғау. Ал адамдар үшін ортақ мәселе – экологиялық жағдай. Экологиялық қатерлердің алдын алып, табиғатты барлық елдермен бірлесе қорғау адамзаттың парызы.

Адамның өзі өмір сүріп отырған қоғаммен, өзін қоршаған табиғи ортамен үндестікте, өзара сабақтастықта ғұмыр кешуі – экологиялық мәдениеттің өзегі. Экологиялық мәдениет адамның қоршаған орта жайлы парасатты түсінігін қалыптастырып қана қоймай, оның өзін де жетілдіреді. Сондықтан өскелең ұрпақ санасына экологиялық мәдениетті сіңіруде білім мен тәрбие басты орында тұр.

Табиғаттың экологиялық жақсы жай-күйі – адамның жарқын да алаңсыз өмір сүруінің кепілі. Яғни адам өмірі қоршаған орта табиғатымен тығыз байланысты.

Қазақтың дәстүрлі мәдениеті мен халықтық педагогикасында қолданылған табиғатқа байланысты ұстанымдарды, атап айтар болсақ,

ырымдар мен наным-сенімдерді, салт-жоралғыларды ұрпақ тәрбиесіне пайдалану аса қажет.

Қандай қиын-қыстау болса да төтеп беріп, әр тауы мен тасын көзінің қарашығындай сақтап, халықтық тіршілік тынысының жібін үзбей, жалғастырып келген қазақ халқының ұлттық дінін сақтау бүгінгі ұрпақ міндеті.

Ал бүгінде табиғатқа жанашыр болу адамзат қоғамына, оның келешегіне жанашыр болу дегенмен астас.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Төкенов Ө.С. Мәдениеттану. – Алматы: Нур-Принт, 2016. – 356 б.

2 Захлебный А.Н. Содержание экологического образования в средней общеобразовательной школе. – М.: Наука, 1986. – 323 с.

3 Захаров В.М. Экологическая культура и социализация подрастающего поколения // Экологическая культура. – 2008. – № 44. – 157 с.

4 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы («Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты). http: // www.akorda.kz. 14.12.2012.

5 Майкотова Ғ.Т. БАҚ-ғы әлеуметтік-экологиялық мәселелері. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 134 б.

6 Экологиялық мониторинг және оның міндеттері, тәсілдері мен принциптері. http: // mybiblioteka.su. 13.10.2013.

7 Ғабитов Т. Мәдениеттану. – Алматы: Раритет, 2005. – 416 б.

8 Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы. http: // adilet.zan.kz. 03.12.2003.

9 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. – Алматы: Білім, 1997. – 93 б.

10 Данилов-Данильян В.И., Лосев К.С. Экологический вызов и устойчивое развитие. Учебное пособие. М.: Прогресс-Традиция, 2000. – 416 с.

11 Дубовник О.Л., Жалинский А.Э. Причины экологической приступности. – М.: Наука, 1988. – 438 с.

12 Өмірова Л.А. Экологиялық қылмыстың шығу себептерінің түрлері // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. – Алматы, 2010. – № 1. – Б. 43-47.

13 Стерлигова Е.А. Экологическая психология: учебное пособие. – Пермь, 2012. – 212 с.

14 Маслов М.А. Публичная политика крупных корпораций США в сфере экологии: автореф.... кан.п. наук: 06.03.2000. – 179 с.

15 Ильиных И.А. Экология человека. Курс лекций. – Горно-Алтайск, 2005. – 136 с.

16 Қазақстан: Ұлттық энциклопедия. – Алматы: Ғылым, 1998. Т.10, Б. 53-57.

17 Қаупенбаева С.М. Қазақстанда экологиялық мәдениеттің қалыптасуы мен дамуының үрдістері мен негізгі бағыттары. Мәдениеттану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға арналған диссертация. – Алматы, 2014. – 135 б.

18 Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексі, 181 бап. http: // adilet.zan.kz. 10.01.2007.

19 Қазақстан Республикасының міндетті экологиялық сақтандыру туралы Заңы // Заң газеті. – 2005, 13 желтоқсан.

20 Экологияның өзекті мәселелері, 1 студия. http: // www.itube.kaztrk.kz. 27.05.2018.

21 Қоршаған ортаны қорғау туралы заң. http: // adilet.zan.kz. 15.07.1997.

22 Панин Ф.С., Сечин А.И., Федосова В.Д. Экология. Учебное пособие. – Томск: Томского политехнического университета, 2014. – 327 с.

23 Габитов Т.Х., Каупенбаева С.М. Роль социальных иниститутов в формировании экологической культуры индивида // Вестник КазНУ. Серия Культурология. – 2013. – № 1 (42). – С. 55-62.

24 Каримова Б. Тұлғаның экологиялық мәдениетін қалыптастырудағы психологиялық байланыстың мүмкіндіктері // «Тұрақты даму мақсатында (ТМД) Халықаралық журналистиканы оқыту модельдері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. – Алматы, 2016. – Б. 119-121.

25 Макарова О.В., Николаева О.В. Экологическое мышление и экологическая культура в российском образовании // Царскосельские чтения. Саратов, 2010. – С. 48-53.

26 Новгородцева А.Н. Социальная экология: учебно-методическое пособие. Екатеринбург: Стан, 2015. – 76 с.

27 Арын Е., Бейсенова Ә., Абылқасымова А., Іргебаева Н., Шілдебаев Ж. Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің экологиялық білім мен тәрбие беру Тұжырымдамасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 127 б.

28 Предельский Л.В., Коробкин В.И., Приходченко О.Е. Экология: электронный учебник. – М.: Русь, 2009. – 345 с.

29 Дорожная карта для программы ЮНЕСКО «Человек и Биосфера» на 2015-2025 годы // http: // www.ru.unesco.kz. 25.10.2012.

30 Статегия программы «Человек и биосфера» (МАБ) на 2015-2025 гг. Генеральная конференция 38-я сессия. – Париж, 2017. С.336-340.

31 Дзятковская Е.Н. Психологические проблемы школьного экологического образовании // Гуманитарный вектор. – 2014. – № 1(37). – 243 с.

32 Freedman E., Poulson D. Real-Worl Learnibg of Public Affairs and Environmental Journalism // Journalism Studies. – 2012. Vol.14, № 6. – P. 213-240.

33 Калинина Н.В. Факторы экологизации отечественных средствмассовой информации: исторический аспект. – Владивосток: Издатель, 2012. – 106 с.

34 Ridei N., Rybalko Y., Kycherenko Y., Palamarchuk S. The role of ecological culture as an indicator of sustainable development of relations between society and nature. – New-York: Press, 2013. – 247 p.

35 Howarth A. Participatory politics, environmental journalism and newspaper campaigns // Journalism Studies. – 2012. – Vol.13, № 2. – 225 p.

36 Davydova A. From the Field: The State of Environmental Journalism in Germany and Russia // Forschende. – 2013. – Vol.3, № 1. – 274 p.

37 Berglez P. Inside, outside and beyond media logic: journalistic creativity in climate reporting // Media, Culture. – 2014. – Vol.6, №3. – 465 p.

38 Омашев Н. Қазақ журналистикасы. – Алматы: Таймас, 2008. – 352 б.

39 Арын Е. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Әлеуметтану және саясаттану бойынша. – Павлодар: ЭКО, 2006. – 569 б.

40 Ұзақбай Ә. Қоқыс жәшігіндегі ұлттық сана // Атамекен. – 2016, 18 шілде. – № 13.

41 Freedman E., Karimova B. What is fake news? And how do we teach students about it? // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. Хабаршы. Журналистика сериясы. – Алматы, 2018. – № 4 (50). – Б. 4-8.

42 Бижан Ж. Журналист шығармашылығындағы жаңа инновациялық технологиялар. – Астана: Фолиант, 2013. – 208 б.

43 Freedman E., Poulson D. Real-Worl Learnibg of Public Affairs and Environmental Journalism: Two Models // Mass Communication Educator. – 2015. Vol.70, № 2. – P.187-196.

44 Глебов В.В. Экологическая психология: Учебное пособие. – М.: РУДН, 2008. – 243 с.

45 Каримова Б.Ж. Формирование экологической культуры студентов // «Инновации в современном оразовании: украинский и мировой контекст». III Международной научно-практической конференция. – Умань, 2018. – С. 268-274.

46 Hansen A. Environment, Media and Communication // Media, Culture. – 2010. Vol.7, № 4. – P.171-185.

47 Hansen A. Media and the Environment London. – New-York: Press, 2010. – 275 p.

48 Lester L. Media and the Environment // Polity Press. – 2010. Vol.3, № 5. – P.276-283.

49 Allan S., Adam B., Carter C. Environmental risks and the media // Routledge. – 2000. Vol.7, № 2. – P.143-148.

50 Anderson A. Media, Culture and the Environment // USL Press. – 1997. – № 296.

51 Anderson A. Media, Environment and the Network Society // Palgrave. – 2014, October 3.

52 Blewitt J. Media, ecology and conservation: using the media to protect the world's wildlife and ecosystems. – Totnes:Green Books, 2010. – 245 p.

53 LaMay C.L., Dennis E.E. Media and the environment. – Washington: Island Press, 1991. – 284 p.

54 Sachs Jeffrey D. The Price of Civilization: Reawakening American Virtue and Prosperity // Random House Trade Paperbacks. – 2012, 21 august.

55 Sachs Jeffrey D. The End of Poverty: Economic Possibilities for Our Time. – New-York: Penguin Books, 2006. – 416 p.

56 Norman J.V., Michael E. Kraft Environmental Policy. – Washington: Press, 2012. – 385 p.

57 Фридман Ш.М., Фридман К.А. Пособие по экологической журналистике. – Таиланд: БИК, 1998. – 282 с.

58 Thomas L.J. This Incomparable Land: A Guide to American Nature Writing. – Minneapolis, 2001. – 234 p.

59 Берлова О.А., Кочинева А.Л., Колесникова В.Б. Экологическая журналистика. – М.: Наука, 2009. – 238 с.

60 Lewis M.J., West B.M., Greenburg M.R., Sachsman D.B., Rogers R.M. The Reporter's Environmental Handbook. – Brunswick: Press, 2003. – 356 p.

61 Коханова Л.А. Экологическая журналистика, PR, реклама. – М.: Юнити, 2007. – 215 с.

62 Сизова Л.В., Давыдова Н.Г. Советы начинающим журналистам: короткое пособие для молодых журналистов-экологов. – М.: Юрист, 2008. – 468 с.

63 Wiebke R., Holder W. Defining criteria forgooden vironmental journalism and testing the in applicability // Public Understanding of Science. – 2015. № 4. – P.143-152.

64 Jahnnabi D. Environmental journalism in Bangladesh // Journalism studies. – 2012. – Vol.13, № 2. – 242 p.

65 Экологиялық журналистика. Практикалық кеңестер. – Астана: Фолиант, 2017. – 54 б.

66 Ақпаратты Қазақстан – 2020 мемлекеттік бағдарламасы. http: // adilet.zan.kz. 18.02.2017.

67 Нұржанова Ш.С., Мұқанова Г.Қ. Журналист, PR-маманы және бұқаралық ақпарат құралдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 70 б.

68 Нұртазина Р. Қазақстан Республикасы: БАҚ және саясат. – Алматы: Атамұра, 2014. – 320 б.

69 Олжай Қ. Жер мен аспан арасындағы дастан. – Алматы: ҚАЗақпарат, 2014. – 206 б.

70 Раушанов Е. Құстар – біздің досымыз. – Алматы: Жазушы, 2009. – 255б.

71 Қамзин К. Пубицистика жанрларының эволюциясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 425 б.

72 Мұқанов С. Халық мұрасы: тарих-этнографиялық шолу. – Алматы: Жазушы, 2002. – 304 б.

73 Колесова Е.В. Проблема развития экологического сознания у молодежи // Экологическая культура. –2008. – № 44. – С. 124-127.

74 Смағұлова Г. Мәтін лингвистикасы: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 112 б.

75 Құрманбаева А. Қазақ баспасөзіндегі Арал және Семей экопроблемалары. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 160 б.

76 Жұртбай Н.Т. Қазақстан бұқаралық ақпарат құралдары экологиялық мәселелер туралы: аймақтық аспектілер және аймақтық баспасөз. Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация. – Алматы, 2014. – 166 б.

77 Дала уалаятының газеті / Адам, қоғам, табиғат 1888-1902 / Құрастырушы: Y. Суханбердина. – Алматы: Ғылым, 1994. – 816 б.

78 Djerf-Pierre M. University of Gothenburg, Sweden Green metacyclesof attention: Reassessing the attention cycles of environmental news reporting 1961-2010 // Public Understanding of Science. – 2011. № 22 (4).– 465 p.

79 Демина Т.А. Экология, природопользование, охрана окружающей среды. – М.:Аспект Пресс, 1998. – 323 с.

80 Әміртай А. Табиғатты қорғау адамзаттың парызы // «Жаңартылған энергия көздері туралы қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізудің концептуальдық негіздерін талқылау» атты республикалық ғылыми конференция. – Алматы: Дайк-Пресс, 2018. – Б. 57-63.

81 Каримова Б.Ж., Мухатова А.Д. Экологиялық проблемаларды жазудағы кемшіліктер // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. Хабаршы. Журналистика сериясы. – Алматы, 2018. –№ 1 (47). – Б. 151-159.

82 Джумагазиева Н.К. Экологическая тематика в периодической печати Кыргызстана // Вестник КРСУ. – 2009. – Т. 9, № 12. С. 87-96.

83 Freedman E. Environmental Journalism in Kyrgyzstan and Kazakhstan: Reporting Scarce Amid Environmental and Media Problems // Environmental journalism. – 2011. – №4. P.317-326.

84 Mercado M.T. Media representations of climate change in the Argentinean press // Journalism Studies. – 2012. – Vol.13, № 2. – P. 198-213.

85 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. http: // www.akorda.kz. 16.02.2008.

86 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлт денсаулығы» мемлекеттік бағдарламасы, 13 қараша 1998 жыл, № 4. htt: // kazakhstan.news-city.info. 16.11.1998.

87 Қазақстан Республикасының денсаулық саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы. http: //adilet.zan.kz. 28.12.2015.

88 Стожаров А.Н. Медицинская экология: учебное пособие. – Минск: Высший школа, 2007. – 385 с.

89 Николайкина Н.Е., Николайкин Н.И., Мелехова О.П. Экология. – М.: Дрофа, 2003. – 624 с.

90 Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексі, 9 қаңтар 2007 жыл, № 212, 32 бап. http: // www.adilet.zan.kz. 12.01.2007.

91 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. http: // www.akorda.kz. 05.10.2018.

92 Қазақстан Республикасының «Жасыл көпір» жасампаз мемлекеттік бағдарламасы. https: // kaz.caravan.kz.zhangalygtar.info. 28.08.2018.

93 Сұлтан Б. Жасыл көпір – берері мол бастама. https: // www.aikyn.kz. 10.11.2017.

94 Karimova B.Zh. Ecological problems in Mass Media and Human Psychology // «QAZAQTAN» Еліміздің телеэпопеясы: ұлттық арнаның даму моделі» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция. – Алматы, 2018. – Б. 161-168.

95 Bodker H., Neverla I. Introduction Environmental Journalism // Journalism Studies. – 2012. – Vol.13, № 2. – P. 165-167.

96 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы. https: // www.inform.kz. 10.01.2018.

97 Жүнісов Б. «Ақылды қала» – болашақтың жобасы // TENGEMONITOR. – 2018, 19 қаңтар.

98 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: экология және табиғатты қорғау. – Алматы: Санат, 2002. – 456 б.

99 Игнатов И., Панкова А. Қоғамдық қатысым және қоршаған ортаны қорғау // Алматының экологиялық проблемаларын шешуге арналған жоба. – Қарағанды: ЭкоМұражай, CINEST, 2017. – 72 б.

100 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазастанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауы. https: // www.inform.kz. 31.01.2017.

101 Karimova B.Zh., Zhakhyp B.O., Pamazan A.A., Tileubayeva M.S., Mukhatova A.D. Ecological development through mass media // MII-MII(-SP) - Man In India (ISSN00251569-India-Scopus), 2017, 97(6): 135-150.

102 Успанова Л.К. Басылым келбеті // Табиғат. – 2016. – № 1. – 31 б.

103 Атамекен республикалық қоғамдық-экологиялық газеті // – № 22. – 2016, 13 желтоқсан.

104 Мәскеуде Арал теңізіне арналған фотокөрме ашылды. https: // bag.kz. 25.04.2017.

105 Қадырова Н. Табиғат – тал бесік. «Егемен Қазақстан Online» http:// egemen.kz. 02.11.2013.

106 Karimova B.Zh., Mukhatova A.D., Alimbekova S.K. Ecological Problems in Mass Media in Kazakhstan // JPSR-PP - Journal of Pharmaceutical Sciences and Research (ISSN09751459-India-Scopus) 10(6), 2018.

107 Digital Kazakhstan. Экологиялық мәселелерді сандық технологиялармен шешу // youtube.com 25.07.2018.

108 Каменская Е.Н. Формирование экологической культуры студентов технического вуза // Инженерный Вестник. – 2015. – № 4. – С. 36-43.

109 Tong J. The epistemology of environmental journalists.The case of China // Media, Culture. – 2010. Vol.18, № 6. – 786 p.

110 Таукен Қ. Төтенше экологиялық жағдайларды құқықтық реттеу. – Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 226 б.

111 Каримова Б., Мамырова К.С. Америка және Қазақстандық басылымдардағы экология мәселесінің көтерілуі // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. Хабаршы. Журналистика сериясы. – Алматы, 2018. – № 1(47). – Б. 105-111.

112 Дауылбай М. Ғаламшардың экологиялық мәселелеріне арналған заманауи 10 фильм. https: // youtube.com 14.04.2015.

113 Denis K. Unraveling the secrets of the past: Contested Versions of Nuclear Testing in the Soviet Republic of Kazakhstan // Public Understanding of Science. – 2005. № 4. – P. 203-212.

114 Ғаббасов Э. Атом аждаһасының уыты // Егемен Қазақстан. – 1997, 16 қаңтар.

115 Сәрсеке М. Семей қасіреті. Деректі тарихи хикаят. – Астана: Фолиант, 2016. – 856 б.

116 Karimova B.Zh., Zhakhyp B.O. Mass Media about the consequences of a nuclear explosion in Semey // «Қолданбалы психология: ықпалдастыру және пәнаралық зерттеулер» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция. – Өскемен, 2016. – Б. 61-66.

117 Майкотова Ғ.Т. БАҚ және экология. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 200 б.

118 Building a Nuclear Safe World: The Kazakhstan Way. – Astana: Press, 2010. – 243 p.

119 Сүмесінов М. Төл табиғатқа мөлдір махаббат неге жоқ?! // Атамекен. – 2001, 21 ақпан.

120 Казначеев В.П. Космогония планеты в современной научной картине мира. – Томск: Знамия Мира, 2003. – 167 с.

121 Рипачева Е.А. Модели интеграции отечественного и зарубежного опыта формирования экологической культуры молодежи // Известия Российского государственного педогогического университета им.А.И.Герцена. – Москва: Юрист, 2008. – 235 с.

122 Свинаренко В.Г., Козырева О.А. Научное исследование по педагогике в структуре вузовского и дополнительного образования: учебное пособие для профессионального образования. – М: НИЯУ МИФИ, 2014. – 192 с.

123 Бредихи М.С., Бредихина А.В. Некоторые особенности моделирования понятий «воспитание» и «самореализация» в структуре акмеологического подхода // Роль психологии и педагогики в развитии общества: междунар. науч.практ.конф. – Уфа: Аэтерна, 2015. – С. 24-26.

124 Голдобин М.А. Теория и практика уточения катигории «воспитание» в структуре изучения. – М: Спектр, 2005. – 345 с.

125 Зубанов В.П., Кочадзе К.Д. Возможности моделирования анкет в структуре изучения теоретических основ современной педагогики и социологии спорта. – Владивосток: Издатель, 2011. – 127 с.

126 Шишкарева Т.А., Бойкова И.В., Ертышова А.Н. Возможности детерминации идей гуманизма в определении и решении задач развития личности обучающегося // Инновационная наука. – 2015. – № 7-2. – С.134-136.

127 Яценко Н.Ю. Некоторые особенности верификации качества педогогического моделирования в детерминации категории «воспитание» // Матер.междунар.науч.конф. «Роль психологии и педагогики в развитии общества». – Уфа: Омега Сайнс, 2015. – С.83-85.

128 Штофф В.А. Моделирование и философия. – М.: ЮРА, 2009. – 519 с.

129 Каропа Г.Н. Системный подход к экологическому образованию и воспитанию. – Минск: Пресс, 1994. – 135 с.

130 Абай қарасөздері. https:// www.abai.kz. 12.08.2016.

131 Адамбаев Б. Шешендік сөздер. – Алматы: Отау, 1992. – 225 б.

132 Жақсыбеков Ә.С. Экологиялық мәдениет. – Алматы: Атамұра, 2009.– 154 б.

133 Назарбаев Н. Ұлы даланың жеті қыры. https: // www.abai.kz. 12.08.2016.

134 Иманбай Д. Қазақтың ұлттық мінезі, ол қандай? https: // www.akikat.kazgazeta.kz. 05.07.2016.

135 Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. – Алматы: Ғылым, 1999. – 200 б.

136 Ісләмжанұлы К. Қазақтың отбасы фольклоры. Монография. – Алматы: Арыс, 2007. – 332 б.

137 Каримова Б.Ж. Экологиялық мәдениет қалыптастыру – ұлттық тәрбиемен сабақтас // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. Хабаршы, Журналистика сериясы. – Алматы, 2016. – № 2(40). – Б. 196-199.

138 Тұрақты теңеулер сөздігі. – Алматы: Арыс, 2007. – 480 б.

139 Қайдар Ә. Халық даналығы. – Алматы: Толғанай Т, 2004. – 560 б.

140 Құрышжанұлы Ә. Ескі түркі жазба ескерткіштері. – Алматы: Санат, 2001. – 467 б.

141 Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: Фолиант, 2010. – Т.64: Жұмбақтар. – 432 б.

142 Мағауин М. Қазақ хандығы дәуір әдебиет. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 176 б.

143 Ақсауыт. Батырлар жыры. – Алматы: Жазушы, 1977. – 365 б.

144 Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы: Ғылым, 1996. – 416 б.

145 Нұрғали А. Қазақ ілкі тектерінің дәстүрлі мәдениеті. – Алматы: Атамұра, 2000. – 165 б.

146 Беташар: Той-домалақ кітабы. – Алматы: Өнер, 1991. – 256 б.

147 Қыдырханова А. Қазақтың діни танымындағы тасаттық ұғрпы. https://www.baribar.kz. 20.07.2018.

148 Мәсімханұлы Д. Өз аспаным өзімде. – Алматы: Ғылым, 2000. – 236 б.

149 Дәлейұлы Д. Дала күнтізбесі: Қазақтардың табиғатпен етене байланысы. https: // www.bag.kz. 02.08.2016.

150 Шапшанов Қ. Қазақтың экологиялық мәдениеті. https: // www.halyk-gazeti.kz. 04.06.2015.

151 Мырзабаев А.Б., Мыңбаева А.К. Экологиялық мәдениеттің рухани формасы – экологиялық сана // Хабаршы, Қарағанды университеті, Педагогика сериясы. – Қарағанды: Омега, 2015. – 197 б.

152 Сартқожаұлы Қ. Байырғы түріктердің дүниетанымы. https: //www.gazaguni.kz. 17.05.2017.

153 Жылқыбаева А.Ш. Салт-дәстүрлердің тілдегі көрінісі (түркі тілдері негізінде). – Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ, 2004. – 84 б.

154 Яшина Ф.Т. Мировоззрение В.И. Иернадского и философский контекст учения о биосфере и ноосфере. – М.: Дрофа, 1999. – 324 с.

155 Шарманов Т. Экологиялық мәдениет // Таза ел. – 2017, 28 наурыз.

ҚОСЫМША –А

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында алынған сауалнама

1-сұрақ. Қазақстанда ең таза қала деп қай қаланы атайсыз?
1. Нұр-Сұлтан
2. Алматы
3. Өзіңіз таза деп есептейтін қаланы жазыңыз

2-сұрақ. Қазақстанда экологиялық жағынан таза қалалар қатарын көбейту үшін қандай шаралар ұйымдастырылу қажет деп санайсыз?

1. Экологиялық мәдениетті қалыптастыру
2. Түрлі насихат жұмыстарын жүргізу
3. Экологиялық білім беруді жетілдіру

3-сұрақ. Қоршаған орта экологиялық жағынан таза болу үшін мәдениетті болу қажет пе?
1. Иа, әрине
2. Білмедім
3. Міндетті емес

4-сұрақ. Экологиялық бағытта өткізілетін шараларға қатысасыз ба?
1. Иә, әрине
2. Міндетті емес
3. Ұйымдастырылса қатысар едім
4. Қатысып көрмедім

5-сұрақ. Экологиялық біліміңізді жетілдірудің қажеттілігі бар деп ойлайсыз ба?
1. Иа, әрине
2.Жоқ, міндетті емес

ҚОСЫМША – В

Зерттеу тапсырмасына «Атамекен» республикалық-қоғамдық экологиялық газетінің 2016 жылғы 18 шілде № 13 санында жарияланған Ә. Ұзақбайдың «Қоқыс жәшігіндегі ұлттық сана» атты мақаласын ұсындық.

Қысқаша мақала мазмұны төмендегідей:

Алматы қаласының әкімдігі қала тұрғындарын тұрмыстық деңгейден бастап ұлттық рухта тәрбиелеуді қолға алмақ. Қала билігі мұндай жоғары материалды мақсатқа жетуге 170 миллион теңгеден астам қаржы жұмсамақ.

Кесте В1 – «Қоқыс жәшігіндегі ұлттық сана» атты мақала медиамәтініне сыни талдау алгоритмі, студент жауабы

№	Мақала медиамәтініне сыни талдау алгоритмі
1	**Медиамәтінмен (экология тақырыбындағы мақала) мұқият танысып шығу**. Шағын мақаланы мұқият оқып шықтым. Мазмұны түсінікті.
2	**Мақала туралы ақпарат**. Мақалада берілген негізгі ақпарат – қала тазалығы. Қоқыс жәшіктері турасында.
3	**Мақаладан алынған өзіндік әсер.** Мақаланың тақырыбы бірден назар аудартады.
4	**Мәтіндік талдау.** Мәселенің қойылуы. Мәселенің қойылуы орынды. Келелі мәселе.
5	**Фактілік талдау.** Фактілік материалдар, нақты цифрлық деректер кездеседі.
6	**Мағыналық байланыс, логикалық сәйкессіздік, сәйкестік**. Мақала өзара байланысқан бірнеше ойдан құралып, мағыналық, логикалық жағынан тұтастыққа құрылған.
7	**Жалпы мақалаға беретін өзіндік бағаңыз.** Мақала маған өте ұнады.

Кесте В2 – «Қоқыс жәшігіндегі ұлттық сана» атты мақала медиамәтініне сыни талдау алгоритмі, студент жауабы

№	Мақала медиамәтініне сыни талдау алгоритмі
1-кезең	**Медиамәтінмен (экология тақырыбындағы мақала) мұқият танысып шығу**. Ұсынылған мақаланы мұқият оқып шықтым. Мақала тақырыбының өзі бірден назар аудартады.
	Мақала туралы ақпарат. Мақаланың негізгі идеясы – қала тазалығы. Қоқыс жәшіктері турасында.
	Мақаладан алынған өзіндік әсер. Мақаланың тақырыбына ұлт деген сөзді қосудың қажеті жоқ сияқты. Тақырыбына өзгертулер енгізер едім.
2-кезең	**Мәтіндік талдау.** Дегенмен мақалада мәселені орынды көтере білген.

В2 – кестенің жалғасы

	Фактілік талдау. Фактілік материалдар кездеседі.
	Мағыналық байланыс, логикалық сәйкессіздік, сәйкестік. Мақала құрылымы бірізді.
3-кезең	**Жалпы мақалаға беретін өзіндік бағаңыз.** Жалпы ұсынылған мақала ұнады. Дегенмен де әсерім керемет емес. Жақсы деңгейде жазылған деп бағалаймын.

Кесте В3 – «Қоқыс жәшігіндегі ұлттық сана» атты мақала медиамәтініне сыни талдау алгоритмі, студент жауабы

№	**Мақала медиамәтініне сыни талдау алгоритмі**
1-кезең	**Медиамәтінмен (экология тақырыбындағы мақала) мұқият танысып шығу**. Аталмыш мақаламен танысып шықтым. Ой салады.
	Мақала туралы ақпарат. Мақалада экологиялық мәселе, қала тазалығы орынды айтылған.
	Мақаладан алынған өзіндік әсер. Мақаланың тақырыбы ерекше қойылған.
2-кезең	**Мәтіндік талдау.** Келелі мәселені орынды жеткізуге тырысқан.
	Фактілік талдау. Фактілік деректермен нақтыланған.
	Мағыналық байланыс, логикалық сәйкессіздік, сәйкестік. Мақалада автор логикалық жағынан өзара байланысқан бірнеше ойды жинақтап, жеткізе білген.
3-кезең	**Жалпы мақалаға беретін өзіндік бағаңыз.** Жақсы жазылған мақала.

ҚОСЫМША – Г

Сурет – 1 «Ақылды қала» жобасындағы арнайы қоқыс жәшіктері



Сурет – 2 Ресейдегі Экологиялық диктант жинағының мұқабасы